YESSENOV UNIVERSITY

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мәңгүстау

Jastar

175

«АБАЙ МҰРАСЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ КОНТЕКСІНДЕ»

магистранттар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының МАТЕРИАЛДАРЫ

5 мамыр, 2020 жыл

Ақтау қ.

«АБАЙ МҰРАСЫ
ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ КОНТЕКСІНДЕ»

магистранттар мен студенттердің республикалық
ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

5 мамыр, 2020 жыл

Ақтау қ.

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
А13

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметовтің
жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:
Е.Т.Нұрмағанбет, Ә.Д.Қабылов, А.М.Джанисенова,
Г.Алтыбаева, Қ.Дүйсенова

А13 «Абай мұрасы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде»: Қазақтың Ұлы ақыны, ойшыл-ағартушысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған тақырыбындағы магистраттар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, – 178 б.

ISBN 978-601-308-357-5

Жинаққа қазақтың ұлы ақыны, ойшыл-ағартушысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай мұрасы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» тақырыбындағы магистранттар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары енгізілді. Жинақ мазмұнында Ұлы Абай мұраларының танымдық, тәрбиелік мәні, ақынның ойшылдық, ағартушылық көзқарастары мен әдеби шығармашылығының ұлт руханиятындағы орны жан-жақты талданады.

Жинақ ЖОО оқытушылары мен білім алушыларына және Абайтану мәселелеріне қызығушылық білдіретін ғылыми ортаға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

© Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-357-5

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ, ҒАЛАМ, АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Пангереев Абай Шамұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ «Абай және ұлттық руханият»
ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі

Биылғы жыл – қазақ халқының ұлттық руханиятына аса көңіл бөлінетін айтулы жыл. Себебі биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл, сондықтан да осы мәртебелі жыл аясында ұлтымызды, ұлттық сөз өнерімізді бүкіл әлем жұртшылығына таныта алатындай мүмкіндік бар деп айтуға болады. Абайдың шығармашылық өнері, Абайдың озық танымы, өлмейтін өшпейтін сөздері бізге сондай мүмкіншілік ашып отыр.

Абай шығармалары несімен құнды, несімен өміршең, қазір XXI ғасыр, XIX ғасырдағы Абай өлеңдері жаңа заманға қалай аяқ баспақ деген сан-салалы сұрақтар туындауы мүмкін.

Ол рас, өмір өтеді. Заман алға жылжиды. Бірақ өткен тарихты білмей өркениетке бара жол жоқ. Өткен дегеннің бәрі тәжірибе. Ал, тәжірибе деген – алға даму деген сөз.

Абай да өлеңдерін жазғанда халықтың өмір тәжірибесінен алып, өз кезеңінің, өз заманының сүреңімен салыстырып, шығыс пен батыстың идеяларымен теңестіріп ой қорытындыларын жасап отырды.

Өлеңдерінде де, қарасөздерінде де Абай адам өмірінің мәнін, адамның рухани болмысы мен адамгершілік мұраттарын басты қағидат етіп ұстанды. Бұл шығармаларында Абайдың көтерген тақырыптары сан тарау. Этикалық, моральдық, адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық т.б.

Ал бұл мәселелер қай дәуірлерде, қай замандарда да актуалды. Өмір бар жерде, өмір иесі адам бар жерде бұл проблемалар бола береді. Күн тәртібінен түспейді.

Абай осы өмірлік проблемалардың бәрін ой елегінен өткізген, терең философиялық зердесі арқылы сараптаған, басқа халықтардың тәжірибесімен салыстырған, сөйтіп әбден көзін жеткізіп, көңілін орнықтырған соң барып ұлттық уызға суғарылған өзіне ғана тән нәрлі тілмен байыпты баяндап айтқан.

Міне, Абай өлеңдерінің, қарасөздерінің қанша уақыт өтсе де, мәнін жоймайтын себебі осында.

Өмірдің барлық қалтарысы, бұлтарысы көрініс тапқан Абай туындылары қай заманда да өзекті болып, тағылымдық қуатын жоғалтпайтыны олардың адамзат үшін, адамзат қоғамы үшін жазылғандығында.

Қазіргі біздің «адами капитал» деп жүргенімізді Абай баяғыда айтып, өз шығармашылығының кредосына айналдырған, яғни Абай табиғат, ғалам және адам болмысының барлық өзекті буындары мен бір-біріне астасқан ішкі сырларын толық ашып көрсеткен.

Абай осындай кемелділікке қалай келді, ақындық жолға қалай түсті деп ойланатын болсақ, оның жауабын Абайдың 1-ші қарасөзінен табамыз. Осы қарасөзінде Абай өмірдің байлаусыздығын, тұрлаусыздығын көріп енді қалған өмірді қалай өткіземіз,... мал бағу ма, ел бағу ма, софылық қылып дін бағу, ғылым бағу ма дей келіп: «ақыры ойландым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын» деп түйеді.

Сөйтіп, өзін-өзі тану арқылы осы ақындық, хакімдік жолға бет бұрады. Бұл жағынан алғанда Абайдың таңдау жасауы, қарекеті рек ойшылы Сократқа ұқсас.

Жалпы өзін-өзі тану деген ұғым Сократтан басталады. Сократ та қандай кәсіп істеу, немен шұғылдану қажет екенін білмей, ақыры Дельфы қаласындағы Апполонның храмына барып Пифиядан сұрау керек деп шешеді. Содан қасына досы Эсхинді ертіп, Дельфы қаласына сапарға шығып, храмға келеді. Бірақ оның ішіне кірмей-ақ храмның маңдайшасында жазылған «Өзіңді өзің таны» деген сөзді оқып, жерге отыра кетеді. Сократтың философияға келу жолы осы.

Айта кету керек «Өзіңді өзің таны» деген бұл сөз әлі күнге дейін актуалды. Олай болатын себебі, дүниеде не істелінсе де оның бәрі адам үшін істеледі. Ғылым да, өнер де адам үшін қызмет етеді. Ол үшін әрине алдымен адамды тану қажет, ал адамды тану – өзіңді танудан басталатыны ақиқат. Абай ілімі осы өзін-өзі танудан басталып, одан барып адамзатты, адамзат ғұмыр кешіп отырған табиғатты, бүкіл ғаламды танумен жалғасады. Сондықтан да Абай шығармашылығы өміршең, қай заманда да актуалды.

Академик С.А.Қасқабасов Абайды ұлттық ренессанстың бастаушысы деп жазған. Осы уақытқа дейін бұл ұғым еуропацентристік тұрғыдан түсіндіріліп келгенін, дұрысында ол тек Батыс Еуропада емес, Шығыста да бар, жалпы әр елдің өз Ренессансы бар екенін айта келіп: “Күллі әлемдегі Ренессанстың ең басты заңдылығы, бұрынғы мәдениетті жаңғырту ғана емес.Мұндағы ең басты қасиет – адамға көңіл бөлу,адамды дәріптеу. Адамды барлық нәрсенің қожасы деп түсіну” [1,68], – деп жазған.

Адам қоғамның қозғаушы күші, оның құдіреті білімі мен білігінде, жүрек жылуы мен жан тазалығында деген ой Абайды алдымен Алланы тануға алып келді. Осындай таным негізінде Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл [2,247], –

деп жырлады. Адамның ішкі жан дүниесін осылайша аша білген Абай енді адамның табиғатқа қатысы қандай дәрежеде, ғаламдағы орын қандай болмақ деген ойға келген секілді.

Абайдың табиғатты суреттеуі, жылдың төрт мезгіліне түгел арнап өлең жазуы бөлек әңгіме. Көшпенді өмір салтын ұстанып. табиғат аясында кіндіктес ғұмыр кешкен халкымыз үшін бұның бәрі таныс дүниелер. Сондықтан да біздің халық жылдың әр мезгіліне жіті қарап, олардың әрқайсысын өзінің ерекшелігіне қарай атап отырған, мысалы: жаз – шығады күз – түседі, қыс – келеді, көктем – туады екен.

Абайдын адамның табиғатқа қатысы мен ғаламдағы орнын анық суреттеген өлеңі осы көктемге байланысты өлең – "Жазғытұры" деп аталады.

Жазғытұры қалмайды кыстын сызы.
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі [2,120], –

деп басталатын өлеңінде бір қарағанда жазғытұрымғы табиғат көркін суреттеуден басқа не бар деп ойлайсың. Ал, байыптап қарағанда өлеңнің алғашқы екі жолы (тармағы) табиғаттың көктем кезіндегі бейнесін ашып көрсетеді екен де, қалғанының бәрі адамның табиғатқа қатысына арналып, ғаламда алар орнын белгілеп көрсетеді екен. Өлеңнің екінші шумағында жаздың көркі табиғаттың қиқулап келген жыл құсына да, жайраң қаққан жастарға да, өңі көрден шыққандай кемпір-шалға да ортақ екені, үшінші шумағында қыстайғы қар қыспағынан шыққан қырдағы, ойдағы елдің шұрқырап көрісуі, одан кейінгі шумақтардағы малдың төлдеуі, құстың сайрауы,

бұлақтың сылдыр қағуы, саятқа шыққан жігіттің қанжығасына қыздың жабысып бір бұрандап қалуының бәрі көктемгі әсем көрініс көз алдымызға әкеледі.

Көктем келіп мәре-сәре болып жауылға бұлдарын жайып жамырап саудагерлердің келуі, диқандардың егін науқанына кірісуі де өмірлік шындық. Боямасыз шындық. Реалды тұрмыс. Ал, енді осы өлеңнің одан арғы құрылысы тіпті ерекше. Көктемнің келуі, табиғаттың жадырап өзгеше түрге енуі енді адаммен қоса ғаламның қатысы арқылы бейнеленеді.

Ғалам дегеніміз не? Ақжан Машанов «Әл-Фараби және Абай» деген еңбегінде былай дейді: «Адамның мекен-жайы – ғалам. Қонысы – жер немесе адамның үйі – аспан, төсегі – жер. Ғалам – адамға өлшенген, адам – ғаламға өлшенген, екеуінің арасында тамаша құрылымдық сәйкестік бар. Дүние үлкен ғалам болса, соның ішіндегі ғақли мүшесі адам – кіші әлем болып табылады. Жер табиғат, біздің планетамыз ғаламның бір бөлшегі болса, адам оның бөлшегі. Сондықтан да, осы ғаламды Тәңірі жаратты деп таныған Абай:

Безендірген жердің жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгіп.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіне аспан төнер [2,121], –

дейді. Осы өлең жолының өзі-ақ Абайдың дүние, жаратылыс туралы танымының тереңдігін білдіреді.

Тасқа бәдізделіп жазылған Күлтегін ескерткіштерінің бізге белгілі таным бар. Ол: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында адам баласы жаралды» деген Көне түркілік таным. Ең алдымен. Абай өлеңінен біз осы ғаламдық байланысты көреміз.

Абай Тәңірдің тұрағы көкті – «күн» деп, жерді – «қалыңдық» деп атады.

Күн-күйеу, жер қалыңдық сағынысып,
Құмары екеуінін сондай күшті, –

деп суреттеуі түркілік танымда көк-ер адам, еркек кейпінде, жер-ана кейпінде есептеледі. Сондықтан да Абай:

Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне, біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тотықұстай [2,121-122], –

деп табиғаттың осынау гармониялы сырын адамның пәк сезімдерімен егізеп ұқсастыра жырлайды. Адам көңілі мен табиғат күйін, жалпы ғаламдағы тіршіліктің жалғастығын бір шумақ өлеңге сыйғызудың қандай шеберлік екені айтпаса да түсінікті. Өлеңнің соңғы шумағы:

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
Қызыл арай сары алтын шатырына
Күннің кешке кіргенін көрді көзім [2,122], –

деп аяқталады. Бұл да өз кезегінде философиялық таным. Жер-дүниеге нұр беретін, нәр беретін күннің батуының өзі үлкен пәлсапа.

Абай өлеңдерінде адамды жырлағанда оның өмір белесіндегі әртүрлі жай күйлерін өлеңге қосады. Солардың ішіндегі айтқан бір-екі шумаққа көңіл аударайық:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса [2,240].
Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә өмір өтпек – ол білдірмек
Бір минут – бір кісінің өміріне ұқсас,

Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек [2,202].

Бұл шумақтарда айтылатын ой «күннің қызыл арай сары алтын шатырына» кіруімен тепе-тең берілген. Өмірдің өтпелілігін жырға қосу Абайдан бұрын да бар ақындық дәстүр. Мәселен, бұлтақырып жыраулар поэзиясынан да, Абаймен замандас ақындар өлендерінен де орын алған.

Ай мен күннің өлгені,
Еңкейіп барып батқаны», –
деген Бұқар жыраудың,
Құйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан зылия
Каранды үзіп барасың
Бізден де қайран дүние, –

деген Шәңгерей Бөкеевтің өлең жолдары да осыны аңғартады. Бұл өлеңдерде деадам табиғат ғалам модельдері жұптастырыла берілген.

Абай осы ұғымның бәрін «Күнді уақыт қызартып» деп бір-ақ жол өлеңге салғызған. Күннің қызарып барып батқаны адам өмірінің өткені деп білер болсақ, Абай бұл жерде де тыңнан ой бастайды. «Қызарып барып батқан күн, ертеңіне қайта шықпай ма, жарқырап». Бұл – ғаламның өзінің заңы Осыны адам өмірімен ұқсатқан Абай:

Жас-қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [2,23].
Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес [2,178], –

деді. Табиғат, ғалам, адам байланысын Абай осылайша түсіндірді.

Өмірдің өтуін өлеңге қосу басқа халықтардың ақындарында да екені белгілі. Оның классикалық үлгісін «Жолаушының түнгі әні» өлеңінде немістің ұлы ақыны Гете жазған екен. Оны орыс тіліне орыстың ұлы ақыны Лермонтов аударып, Лермонтовтан ұлы Абай қазақ тіліне аударғаны баршаға белгілі. Үш бірдей халықтың үш бірдей ұлы ақыны адам мен табиғаттың қатысын. адам мен табиғаттың бірлігін бірдей қабылдап, бірдей түсініп, бірдей жырға қосқан. Бұны ұлылар үндестігі деп айтамыз.

Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын аудармасы табиғатпен етене таныс халықтың өкілі жазған өлең екендігін танытып түр. Абайдың қараңғы түнде тау қалғып кетіп, балбырап ұйқыға кететін тауы, айнала жым-жырт боп түннің басуы, яғни осы образ адамның ахиретке сапар шегу сәтін бейнелеуі. Бұл жөніндегі өлеңнің шешімі екінші шумақта айтылады, «тыншығарсың сен дағы, сабыр қылсаң азырақ» деп ой түюі соны білдіреді. Алайда Абай адамның «мәңгілік дамылдауын» өмір өтіп кетеді деп байбаламға салу, пессимистік көңіл-күйде емес, ақиқат өмірді таныту, адамның өмірі өлшеулі екендігін айту мақсатында суреттеп көрсетеді. Осы өлшеулі ғұмырда Құдай жаратқан адам (пенде) адамша өмір сүруі керек деп ой айтады.

Бұл өлең Абай танымындағы табиғат, ғалам, адам контексіне үйлес келеді, сондықтан да ұлы ақын өлеңді ықыластана аударған деп білеміз. Бүгінде халқымыздың ұлттық брендіне айналып отырған Абай танымы осындай.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеу мақалалары. - Алматы: "Жібек жолы" БҮ 2010.-576б.

2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы.Т1.Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы:Жазушы,1986.-302б.

3. Машанов А.Әл-Фараби және Абай.-Алматы:Қазақстан,1994.-302б.

АБАЙДЫҢ «ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ» ҚАРАСӨЗІНДЕГІ «ИМАНИ ГҮЛ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Бекбосынов Марат Нұрғазыұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының
жетекші ғылыми қызметкері

Абайдың «сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады» [1,275], – деумен өткен арпалысты ғұмыры халқын, қала берді адам баласын адамдық игі қасиеттерге, білім-ғылымға, адамзатқа ортақ мораль принциптері мен гуманизмге шақырумен өтті. Сондықтан да Абай әлемдік ақыл-ой қайнарларынан және өз жанынан қорытып алған асыл құндылықтарды өзінің көркем мұралары арқылы өз заманына ғана емес, келешек ғасырларға да рухани азық болар өлмес сөз, таусылмас қазына етіп ұсына білді.

Олай болса, осынау баға жетпес асыл мұраның әр сөзін кемеңгердің өзі: «махаббаттың төлеуі – махаббат» [2, 124], – деп айтқан өсиетіне сай жүрегімізге сіңіре қабылдау парыз емес пе?!

1995 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағының 2004 жылғы қайыра басылған төртінші басылымында Абайдың рухани мұрасының жиыны 180 өлең (оның 8-ін академиялық жинақтың «Түсініктер» бөліміне Қайым Мұхамедханов енгізген), 51 аударма өлең (оның 1-і С.И.Никитиннен аударған «Өмір» атты аударма өлеңін жинақтың «Түсініктер» бөліміне Қайым Мұхамедханов енгізген), 4 поэма (оның 1-еуі «Вадим» атты М.Ю.Лермонтовтың романының поэтикалық аудармасы), 45 қара сөз және «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты тарихи мақала деп көрсетілген.

Осылардың ішіндегі күні бүгінге дейін қалың оқырманға түсініп оқуға қиындық тудырып келе жатқан еңбегі – «Отыз сегізінші сөзі». Алғаш рет М.Әуезов пен І.Жансүгіров 1933 жылғы академиялық тұңғыш жинаққа Мүрсейіт қолжазбалары негізінде тақырыбын «Отыз сегізінші сөз» деп өзгертіп енгізген. Неліктен жинақты шығарушылар еңбекті Мүрсейіт қолжазбаларындағы «Китап тасдих» деген тақырыппен бермей, рет санын қойып, қара сөздер ішіне енгізгені жайлы ғалымдар шығарманың діни тақырыпқа арналғанымен, ал Кеңес өкіметінің дінді апиынға теңеп, қатаң тиым салғанымен түсіндіреді. Ал енді «Отыз сегізінші сөздің» оқуға ауырлық келтіру себебі, ондағы араб-парсы сөздерінің, Шығыстық Ислам фалсафасының ғылыми терминдерінің мол қолданылып, стилі Абай кезіндегі қадімдік оқу жүйесі стиліне сай жазылғанынан болып отыр. Оған қоса, Кеңес дәуірінде дінді терістеуге байланысты ғалымдар еңбекті қазақтың ауызекі сөйлеу стиліне аударуға құлықты болмаса, қазіргі шаруа, мінез күнде өзгерген қым-қуыт заманда уақытпенен арпалысып, шығарманың толық мазмұнына көз жеткізбей, өз ыңғайына қарай еңбектің әр жерінен сілтеме алып, өзіндік түйін жасап жүргендер байқалады. Тіпті шығарманың тақырыбының өзін әркім әртүрлі атап жүр. Олардың бұл орайда келтірер дәлел, дәйектерімен де таныспыз, оқыдық. Алайда, түйіс пікір айтуға қақымыз жоқ болса да, бізге салса, біз Көкбайдың «Ғақлиқат тасдиқат» («Шындықты тану ілімі») деп айтқан сөзін қолдар едік. Себебі, біріншіден, Көкбай – Абай балалары мен шәкірттерінің ішінде Абаймен ең жақын шығармашылық байланыста болған адам, екіншіден, 16 жасында әкесі Жанатайдың Абай тәрбиесіне берген кезінен бастап, кемеңгердің тағылымын көріп, 1880-ші жылдардан Абаймен айрылмас дос болып, Абай өмірінің соңына дейін қасында болған адам.

Кез-келген шығарманың нақты айтар идеясы, қорытынды мазмұны болады. Шығарма бөлшектері сол басты мазмұнды толықтыруға қызмет етеді. Сондықтан,

кемеңгердің сөзін сол шығарманың негізгі мазмұнынан үзіп алып, өз мақсатына қарай пайдалануға жол жоқ. Әйтпесе, Абай «Ел тыныш болса, жақсы сол» деген деп билік өкілдері, Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген деп дін өкілдері, басқа да топтар Абайдың тұтас шығармасындағы негізгі идеясын түсінбей немесе қасақана бұрмалап, өз мүдделеріне пайдаланып жүргеніне мысалдар жетерлік.

Сондықтан Абайдың «Отыз сегізінші сөзін» шамамыз жеткенше оқырман көпшілікке түсінікті болу үшін ауызекі стилге аударып, ұсынып отырмыз. Ең алдымен, шығарманың толық мазмұнына келсек, туындыны Абай «Ей, жүрегімнің қуаты, ұрпақтарым!» – деп бастап, Алла тағаланың адамзатты махаббатпен жаратқандығын, сол махаббатпен жаратқан Алланы тану үшін Алланың ұлы есімдері мен сегіз сипатының әрқайсысынан пендесіне шектеулі шамада бар қылып берген сипаттарды Алла сипаттарына ұқсату керектігін, адам баласының бұ дүниедегі міндеті ғылым, рақым, әділет, шындық, жомарттық, ақылдылық екендігін саралап талдауға арналған. «Отыз сегізінші сөздегі» осы басты мәселенің түйінді жауабы Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі Иманигүл концепциясында тұжырымдалып берілген. Шығарманың негізгі мазмұнын ашуда дәйекке келтірген кемеңгердің өзге де ой-танымдары Абайдың басқа өлеңдерінде поэтикалық мәнде сипатталады.

Енді Абайдың «Отыз сегізінші сөзінің» мазмұнын толық ұғынып оқып шығу үшін 1995 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағын немесе сол академиялық жинақтың одан кейінгі жылдардағы қайтара басылған басылымдарының бірін және осы аударманы алдарыңызға қойып, абзац-абзац бойынша салыстырып, оқып көріңіздер. Академиялық жинақта шығарма 38 абзацтан тұрады. Аудармада да дәл солай алынды. Біз түсініктемеде әр абзацта айтылған ойды толық қайталамаймыз, себебі аударма осы мақсат үшін жасалғандықтан, тек негізгі пікірлерді ғана шолып айтамыз.

Шығарманы ұрпаққа қарата бастаған Абай бірінші абзацта Алланы, дүниені, өзін танып, пайда мен залалды ажырату үшін әуелі баланы оқыту керектігіне тоқталады.

Келесі абзацта білім, ғылымды бала ең алдымен Алланы тану үшін игеруі керек дейді. Оған дәлел ретінде Алланы тану дегеніміз, Алла салған ақиқат, растықтың жолымен жүру деген сөз. Өйткені, ғылым – Алланың бір сипаты. Адамның ғылымы – Алланың ғылымы емес, алайда Алланы тануға жетелейтін ғылымға ынтықтық. Мұның өзі де адамға өзіндік ғылым береді дейді.

Үшінші абзацта иманның ақиқаты не екенін білу керектігін, адамның өзі үшін иман келтіретінін айтып, иманнан қандай пайда алуға болады деген сауал қояды.

Келесі абзацта Алланың ұлы есімдері мен сегіз сипатын атап, Алланың пендесіне осылардың әрқайсысынан шектеулі шамада бар қылып бергенін, өйткені Алла жаратқан күллі жаратылыс, ғаламдағы бар нәрсе Алламен бірлікте екенін, сондықтан адамның өзіне берілген шектеулі кішкене сипаттарын Алланың ұлы сипаттарына ұқсатуға тырысу керектігін айта келіп, сол Алла сипаттарының төртеуі жайлы айтайын. Оның екеуі – ғылым мен құдірет. Қалған алтауы осы екеуін анықтау үшін қажет. Осы алтауының бірі – тірлік дейді.

Бесінші абзацта Абай Алланың сегіз сипатының екеуі – ғылым мен құдіретке тоқталып, Алланың ғылымының барша ғаламды әрекетке түсіріп тұрғанын, ғылым мен құдірет біздің ұғымымызда ғана екі бөлек нәрсе екенін, шындығында ол ғылымды құдірет екенін айтады. Ал Алланың адамға бар қылып берген құдіреті, ол – пенденің қуаты дейді. Одан әрі Аллада бар құдіретті ғылымның ішінде рахмет те бар екенін айтады.

Келесі екі абзацта Алланың рахметіне мысалдар келтіре отырып, осы мысалдардан Алланың адамға деген жан ашушылығы мен әділетінің көрінетінін айта келіп, біздің осы жан ашыған әділетті иманның шарттарынан үлгі алмайтынымызды айтады. Олай болғанда кімде-кім әділетті жоғары ұстамаса, оның әділеті жоқ. Оның

әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ, ал ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ. Ендеше, иман құр сеніммен емес, әділеттілікті жоғары ұстаумен болады екен. Әділет пен жаның ашып шын ниетпен игі іс істемесең, құр тәніңмен қылған құлшылықтың ешқайсысы әділет пен жақсылыққа жеткізбейді. Сондықтан құр сыртыңмен ғана намаз оқушы, ораза тұтушылардың нендей күйге ұшыраганын күнде көзің көрді, оған дәлел керек емес дейді.

Келесі екі абзацта Абай құдай тағала ғылымды, рақымды, әділетті, құдіретті дедік, сен де осы ғылым, рақым, әділет сипаттарды бойыңа сіңіруге талпынуың керек дей келіп, ізгілікке тоқталады. Бұл орайда Абай ізгілікте шындық, жомарттық, ақылдылық сипаттардың бар екенін, осы үш сипаты бар ізгіліктен шын әділет, ақ пейілді шапағат туатынын айтады. Осы айтылған шындық, жомарттық, ақылдылық үш сипаттың иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар дейді. Соның әулиелері осы үш түрлі сипаттардың о дүниедегі пайдасын, хакимдер бұ дүниедегі пайдасын айтты, алайда екеуі де бұл үш сипатты Алла тағаланың көркем бейнесіне қарап ұғыну керек деді дей келіп, бұдан ғибрат, тағылым алу керек дейді. Одан соң маған осы екі топтағылар да өздерінің бір түрлі нәпсілерін тиюшылар деген ой келеді деп, өз сынын айта келіп, хакім мен ғалымға анықтама береді.

Келесі он екінші абзацта өз заманындағы сауатсыз молдаларды ақиқаттың дұшпандары деп сынай келіп, Түркия патшалығындағы жаңа оқуды үлгі етіп ұсынады.

Келесі екі абзацта дүние ғылымын үйрену жоқшылықтан құтқарып қана қоймай, ізгілік жасау үшін мал табатын адал кәсіпке жетелейтінін, сондықтан малды сатып, ғылымды кәсіп ету керектігін, алайда сол тапқан ғылым мен өнер әділеттен шықпай, дін шарттарына сәйкес болсын дейді. Сөзіне дәлел ретінде өз заманындағы ишандардың жағымсыз іс-ірекеттерінен дәлел-дәйек келтіреді.

Келесі абзацта Алла тағаланың жолы шексіз, өлшеусіз, кім де кім сол жолға жүруді өзіне шарт қып алса, сол – таза мұсылман, толық адам дей келіп, ол жолдың басты шарты әділет, шапағат дейді. Кейбір өзінде бармен көзге ұрып, сыртын түзеп, айнаға табынғандарды сын тезіне алады.

Келесі он алтыншы – жиырма алтыншы абзацтарда достық туралы, өзін өзгелерден артық көрудің түрлері туралы, мақтан, күншілдік, надандық, білімсіздік, еріншектік, залымдық жайлы айта келіп, бұлардың емі жаратушыға махаббаты, адам баласына шапқаты болып, қайратты, тұрлаулы, әділет ісінің алды-артын білерлік құдайға бағынышты ғылым болсын, құдай тағала бұл ғаламды жаратты, келісіммен, даналықпен толымды жолға салып жасады, сондықтан сіздің ісіңіз де жақсылықты негіз, тірек еткен, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Құдай тағала әр түрлі нәрсені жаратқанда, пайда берсін деген оймен жаратты. Сондықтан сенің ісіңнен де зиян шығып кетпей, көпке пайдасы боларлық үміттен туған іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Мүмкін бұларсыз құлшылық құлшылық та емес дейді.

Келесі жиырма жетінші абзацта Абай Құдайдың ешбір нәрсені себеп, парызсыз жаратпағаны, сондықтан әрбір істе ізгілік қылып, ізгілікті мақсат етіп, сол ниетте болу керектігін, ал ниетіңіздің қазығы ішкі иман тазалығы болып, сыртқы құлшылығыңыздың иманды болуы парыз екенін айта келіп, ол сөзіне дәлел ретінде ғұламалардың: «Иман екеу емес, біреу. Ол ізгі құлшылықпен нұрланады, ізгі құлшылық жоқ болса, күңгірттенеді, мүмкін сөну қаупі де бар. Егер надандар ол табынудың ішкі сырын ескермей істесе, соны атқарып жүріп, иманы сөнер», – деген сөздерін келтірген.

Келесі жиырма сегізінші абзацтан шығарманың аяғына дейінгі абзацтарда құдайға құлшылықтың өтеуі тек сыртымен намаз оқу деп біліп, ішкі иманның тазалығын ұмытудың қаупін талдап түсіндіруге арналған. Бұл орайда Абай намаздың түп негізі иманның тазалығына байланысты екенін ишаратпен, астарлап көрсеткен.

Отыз сегізінші сөз

Ей, жүрегімнің қуаты, ұрпақтарым! Сіздерге адам баласының мінездері туралы біраз өсиет жазып қалдырайын. Махаббаттың төлеуі махаббат емес пе?! Сондықтан, ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар. Әуелі адамның адамдығы ақылы мен ғылымынан көрінеді. Ал осы ақыл мен ғылымның табылуы үшін адамның жаны мен тәні сау болуы керек. Бұлар адам жаратылысымен бірге туады. Қалған қасиеттердің бәрі жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздың әсер, тәрбиесінен болады. Талап пен ұғым махаббаттан шығады. Ал адамның ғылым-білімге ынта жігерімен махаббаттана ұмтылуына жаңағы айтқан үшеуі әсер етеді. Ғылым-білімді бала басында өзі іздемейді. Сол себепті ынта қойып, талаптанып ізденгенінше, баланы зорлықпен не алдаумен болсын ғылым-білімге үйір ету керек. Нәтижесінде бала білім, ғылымды махаббатпен көксеп, іздеп меңгеруге кіріссе, сонда ғана оны адам деуге болады. Келе-келе бала Алланы тану, дүниені тану, өзін тану, пайда мен залалды ажырату сияқты білім, ғылымды үйренсе, болашақта білімді азамат болады деп үміттенуге болады. Ал мұндай ғылым-білімді үйренбесе, оған көбінесе ата-аналары кінәлі. Өйткені жасынан балаларын дұрыс тәрбиелемей, қиянатшылыққа үйір қылып алады да кейін моллаға берген болады, я балалары өздері барып оқыған болады, бірақ одан пайдалы нәтиже шықпайды.

Сөйтіп қиянатшылыққа үйір болып тәрбиеленген балалар дінге де, ғылымға да, ұстазға да қиянатпен қарап, білуге талаптанбайды. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың бойында адамдық қасиеттердің жетілуі өте қиын. Себебі, Алла тағаланы тануға ұмтылу дегеніміз, Алла салған ақиқат, растықтың жолымен жүру болса, қиянат сол ақиқат пен растықтың қас дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде қиянат тұрғанда, ақиқат табылмайды. Адамның білім-ғылымы ақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің шығу себебін, Алланың даналығын білмекке ынтықтықпен табылады. Бұл – Алланың ғылымы емес, алайда Алланы тануға жетелейтін ғылымға ынтықтық. Мұның өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Ол үшін адам Аллаға ғашық болуы керек. Өйткені, ғылым – Алланың бір сипаты. Алла – ақиқат, оған ғашықтықтың өзі де дұрыстық пен адамдық болады. Әйтпесе мал тауып, мақтан қуып, соның арқасында атаққа, құрметке бөленемін деумен ғылым-білімнің ақиқаты табылмайды.

Мал, мақтан, атақ, абырой адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды, қайта оған көрік береді. Егер адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығын жоғалтады. Олай болса, ақиқатқа сүйеніп, шындықты білмекке құмар болсаң, адамдыққа лайық ықыласыңды қойып тыңда. Әуелі ислам дініндегі пенделер иманның ақиқаты не екенін білуі керек. Иман дегеніміз бір ғана сенім емес, сондықтан сен Алла тағаланың бір екеніне, Құранның оның сөзі екеніне және Мұхаммед пайғамбардың Алланың елшісі екеніне сенуің қажет. Алайда мұнымен іс бітпейді. Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіресің бе, әлде өзің үшін иман келтіресің бе? Сен иман келтірмесең де Алла тағалаға одан келер кемшілік жоқ. Ендеше сен өзің үшін иман келтіріп, иландың. Ол иланыуң, сенуің құр сенім болса, одан саған пайда жоқ. Бірақ ынталы жүрек, шын көңіліңмен пайда аламын десең, пайда береді, толық иман болады. Ол үшін пайданы қалай алуды білу керек.

Сіз: «Мен Аллаға, сол сияқты оның есімдері мен құдіретті сипаттарына сенемін», – дедіңіз. Яғни, Алланың ұлы есімдері мен олардың мағыналарын біліп және Алланың өзіне ғана лайық сипаттары не екенін толық үйрен. Өзіңді Алланың құлы деп біліп, өз пиғылдарыңды соған барынша ұқсатуға тырыс. Бұл сөзден: «Алла тағалаға адам қалай ұқсамақ?» – деп надандықпен жиіркенбе. Алла тағалаға ұқсау деген онымен бірдей болу деген сөз емес, оның соңында болу деген сөз. Алла тағалада оның өзіне ғана тән мынадай сипаттар бар: тіршілігі, ғылымы, құдіреті, білуі, естуі, қалауы, сөйлеуі, тудыруы. Алланың өзіне ғана тән осы сегіз сипатпен бірдей болмаса да, Алла пендесіне осылардың әрқайсысынан шектеулі шамада бар қылып берген. Біз өз

бойымыздағы Алла сипаттарымен аттас осы кішкентай сипаттарды Алланың ұлы сипаттарынан бас бұрғызып, өзге жолға салсақ, біз мұсылман боламыз ба? Жоқ. Олай болса, біз өз бойымыздағы осы сегіз сипатты Алланың ұлы сипаттарына ерту үшін не істеу керек екенін білуіміз қажет. Алла тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес, ол сипаттарға біздің ақылымыз мұқтаж. Сондықтан бізге осы сипаттарды анықтап түсініп алу керек. Егер Алланың сипаттарын анықтап түсініп алмасақ, Алланы тани алмаймыз. Біз Алла тағаланы оның өзінің білінген қасиеттері арқылы ғана білеміз, әйтпесе түгел білу мүмкін емес. Заты түгіл, даналығына ешбір данышпан ақыл ілестіре алмады. Өйткені, Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, Алла «бір» дегенде осы ұғымның ақылымызға ұғынықтылығы үшін айтамыз. Әйтпесе, «бір» деу Алла тағалаға лайық емес. Өйткені, Алла жаратқан күллі жаратылыс, ғаламдағы бар нәрсе Алламен бірлікте. Яғни Алла өзі жаратқан ғаламның ішінде, ал ғалам Алла тағаланың ішінде. Мұны Алланың дәлелді сегіз сипаттары мен тоқсан тоғыз көркем есімдері көрсетіп тұр. Бұлардың барлығы Алла тағаланың өзіне лайық тұрақты және нақты сипаттары. Мен осы сипаттардың төртеуі жайлы айтайын. Оның екеуі – ғылым мен құдірет. Қалған алтауы осы екеуін анықтау үшін қажет. Осы алтауының бірі – тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым мен құдірет сипаттарын айттық. Осы ғылым мен құдірет күшті болатын нәрселер ме? Әлбетте. Ғылым құдіреті бар болады, егер оның тірлігі мен қалауы болса. Яки, ғылым бар болса, қалау да бар. Алланың ғылымы ешнәрсеге жеке әрекет бермейді, барша ғаламды әрекетке түсіреді. Ғылымның бір сипаты сөз, ал сөз әріпсіз, дауыссыз бола ма? Алланың сөзі – әріпсіз, дауыссыз. Олай болса Алланың ғылымында сөйлегендей қылып білдіретін құдірет пен көру, есту бар. Алланың көруі, естуі адамдікіндей көзбен көріп, құлақпен есту емес, көргендей, естігендей білетін өзіндік Алла ғылымының сипаты. Алланың тағы бір сипаты – жасау, бар қылу. Егер осы бар қылдырмағы өз алдына бір сипат болса, Алланың сипаты өзіндей көне, мәңгілік және әдеби болады да, жалпы бар қылудан босамаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен немесе кіші болуы ақылға симайды. Олай болса, ғылым, құдірет сипаттары секілді еркін болмай, үнемі бар қылудан босамаса, еріксіздік туады. Бұл ықтиярсыздық Алла тағалаға лайық емес. Сондықтан Алланың бар етуі – оның құдіретіне ғана бір түсінік. Алланың ғылым, құдіретінде ешбір өлшеусіздік, ғылымында ұқыпсыздық, құдіретінде есепсіздік пен нашарлық жоқ. Мұны Алланың жақсылық іс істеушілігіне қарап білесіз. Осы көзімізге көрінген, көңілімізге сезілген ғаламды қандай даналықпен өзара жарастырып, қандай құдіретпен орналастырғанына ешбір адамның ақылы жетпейді. Бірақ Алланың пендесінде ақыл – басшы, қайрат, қуат – қызметші ғой. Сондықтан Алла тағаланың сипаты да сондай шығар деп ойлайсың. Алайда ғылым мен құдірет біздің ұғымымызда ғана екі бөлек нәрсе, ал шындығында ол бір-ақ нәрсе – ғылымды құдірет. Олай болмағанда сипаттардың бірі – ертуші, бірі – еруші болып, Алланың тең сипаттарына жараспай, Алла сипаттары арқылы оны тануға жарамай қалады ғой. Егер осы сегіз сипатты бірге алып, басқа да емес, өзі де емес қылып ұғынсақ, бұлардан өз алдына бөлек жиын шығып кетеді. Ал бұл сипаттардың әрқайсысын бөлек-бөлек қарастырсақ, құдай көп нәрседен жиылып құралған болып шығады. Бұлай деу қате. Адамда бар құдірет: ол – пенденің қуаты. Ал ғылым, ақылдан тыс тұрған, Алла тағалада болатын құдірет – ғылым мен рахмет. Алланың рахмет сипаты сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың жарылқаушы, мейірімді, кешіруші, сүюші, қорғаушы, ара тұрушы, ырыздық беруші, пайда беруші, басқарушы деген есімдеріне негізделген ұлы сипатынан танылады. Бұл сөзіме дәстүрге сүйенген ғылыммен айтар дәлелім – Алла тағаланың есімдері болса, ақылмен тапқан ғылыммен айтар дәлелім – құдайдың бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен және бір-бірінен пайда алатын етіп жаратуы. Яғни, жансыздан пайда алатын етіп жан иесі хайуандарды, олардан пайда алатын етіп адамды жаратты.

Хайуандарды асырайтын жансыздардың еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адамдар асырайтын қылып және хайуандардан о дүниеде сұрау болмайтын қылып, адам баласының жансыздар мен хайуандардан бұ дүниеде пайда алатын қылып жаратқан. Бірақ адамдардан о дүниеде сұрау алатын қылып жаратты. Осы сұрау алуда әділет пен махаббат бар. Махаббатына дәлел, адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еткізіп, аузына қолы ас бергенде не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып, ләззәттансын деп, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқасын деп екі көз беріп, ол көздерді залалды заттардан қорғап тұратын қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзіне ақпасын деп, қас беріп, оны жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келмеген істі бірігіп істу үшін, бірінің ойын бірі түсіну үшін тіліне сөз беріп жаратқаны емес пе?! Олай болса, кім саған махаббат қылса, сен де оған махаббат қылуың қарыз іс емес пе?! Ақыл көзімен қара: күн қыздырып теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше алуан өсімдіктерді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтарды ағызып, өзен етіп, өзендерді ағызып, дария етіп хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға мекен болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар икрасын; ара балын, балауызын; құрт жібегін – барлығы да адам баласының пайдасына қызмет етіп, ешбірінде бұл менікі дерлік нәрсе жоқ болып, бәрі адамның таусылмас азығы болып отыр.

Ойшылдықпен жасалған миллион машина, фабрика адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, осыны жасаушы махаббат иесінің адам баласын сүйгендігі емес пе?! Кім сені сүйсе, оны да сүю қарыз емес пе?! Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылыр артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында бірін-бірі қорғап, көмектесуге бастарын біріктіріп, қамқор қылып қоюуы – адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын деп емес, қайта олар адам баласының үзілмес ұрпағына таусылмас азық болсын дегендік. Алланың осындай даналығының бәрінен адамға деген жан ашушылығы мен әділеті анық көрініп тұр ғой. Біз осы жан ашыған әділетті иманның шарттарынан үлгі алмаймыз, ендеше мұсылман болып, Алла тағалаға беріліп, оның жолындамыз дегеніміз қайсы?! Осы екеуі-ақ ай мен күндей анық көрініп тұрған жоқ па?! Құдайдың ниет, пиғылының ешбірін жақын тұтпаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтынбаймыз, бұл қиянатшылық емес пе?! Қиянатшылыққа бір табан жақын тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман. Игілікке бастаушы ұлы Алланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәңір туралы ойлану» хадисіндегі: «Шынында да Құдай әділ адамдарды сүйеді» деген әңгімеге ешкімнің ықыласы, көңілі мен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. Құранның іші «Адамдар жақсылық пен иманшылыққа табынады, соңынан ереді, өйткені Алла да жақсыны сүйеді», «Адал жүрушілердің және жақсылық жасаушылардың орны ұжмақта және олар мәңгі өмір сүреді» деген сияқты жақсылық пен игі істерге толы аяттардан тұратынын білмейміз. «Адал жақсы іс атқаратын адамдар оларға берілген жақсылықты толық қайтарады, өйткені Құдай залымдарды сүймейді» деген аятқа қарасаң жақсылық іс залымдыққа қарсы екенін көресің. Олай болғанда кімде-кім әділетті жоғары ұстамаса, оның әділеті жоқ. Оның әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ, ал ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ. Бұған Пайғамбарымыздың Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын: «Кімде-кімнің ұяты болмаса, соның иманы да жоқ» деген хадисі дәлел. Ендеше, иман құр сеніммен емес,

әділеттілікті жоғары ұстаумен болады екен. Әділет пен жаның ашып шын ниетпен игі іс істемесең, құр тәніңмен қылған құлшылықтың ешқайсысы әділет пен жақсылыққа жеткізбейді. Сыртымен ғана намаз оқушы, ораза тұтушылардың нендей күйге ұшырағанын күнде көзің көрді, оған дәлел керек емес. Мүмкін әділет барша игіліктің анасы шығар. Өйткені, ынсап, ұят – әділеттен шығады ғой. Сол үшін де әділетті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен араласса, қарым-қатынас жасаса деп ойлап тұрып, өзім сол халықпен араласпауым дұрыс емес қой деп. Міне осының өзі-ақ әділет пен ынсап емес пе?! Бұл барлық жақсылықтың басы емес пе?! Олай болса, осындай мінез, құлығымен осы ойды ойлаған кісі жаратушыны, шүкіршілікті неге ойламасын?!

Сыйлау, құрметтеу, құлшылық етудің бәрі шүкіршіліктен туады. Сондықтан қорғаушының әділеті мен шапағатынан шықпаңдар. Егер одан кетсеңдер иман да, адамдық та бәрі кетеді. Аллаяр сопының бір адамнан жүз адам қолайсыз жағдайға түседі дегені басыңа келеді. Осы сөзіміздің басындағы түсіндіруімізде Құдай тағала ғылымды, рақымды, әділетті, құдіретті дедік. Сен де осы ғылым, рақым, әділет сипаттарды бойыңа сіңіруге талпындың, мұсылман болдың және толық адамгершілікке жеттің. Ізгілікте шындық, жомарттық, ақылдылық сипаттар бар. Осы үш сипаты бар ізгіліктен шын әділет, ақ пейілді шапағат туады. Ғылымның бір аты ақыл екені белгілі. Бұларды Алла тағала әр адамның бойына өз шамасына қарай бар қылып берген. Бірақ оны әрі қарай дамытып, гүлдендіру, толық кемеліне келтіру әр адамның ынта, жігеріне байланысты. Бұлар – өзің талаптанып таза ниетпен ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ. Осы айтылған шындық, жомарттық, ақылдылық үш сипаттың иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакимдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. Өзін құл біліп, осы үш түрлі ниеттің соңында болып, соларды ғашықтықпен тұтуды пайғамбарлар әулиелерге үйретті, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ о дүниеде ақырзаманда тиер пайдасын ғана ойлады. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиер пайдасын ұмытты. Мүмкін есепке де алмады. Хакимдер дүниеде тиетін пайдасын айтты. Тәрбиелік көзбен қарағанда, екеуі де бір-бірінен көп жырақ кетпейді. Әулиелер мен хакимдердің шындық, жомарттық, ақылдылықты түсіндіруі екі түрлі болса да, осы үш сипатты Алла тағаланың көркем бейнесіне қарап ұғыну керектігін екеуі де айтады. Ұғынудың соңы ғибрат, тағылым алу болса керек. Ақыл мен ғылым – адамның өзін зор санап, залымдықпен өзгелерді алдамақты жек көреді. Бұл әділет және ақыл да, ғылым да жақсылық іс істеуді, шапағатты болуды талап етеді, бұл рақым болса керек. Бірақ маған осы екі топтағылар да өздерінің бір түрлі нәпсілерін тиюшылар деген ой келеді. Яғни, пенделіктің толысуы әулиелікпен болса, күллі адам баласы бұл дүниеден баз кешіп, дін жолында белгілі бір діни ағымға кірсе, дүние ойран болар еді. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Арам, жиреніштi жаман істер былай тұрсын, Құдай тағаланың қуатымен, өзіннің талап ақылыңмен тауып, рахатын көруге жаратқан, Алланың берген бақытына, одан көрмек рақатқа суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кету ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?!

Құдайдың бергеніне шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпен күнәкәр болмайсың ба?! Екінші, бұл жолдағылар қор болып, дүниеден жоқ болып кету қаупі де бар, немесе кәпірлерге жем болуы, ал кейбір сабырсыздары басқалармен бір қатарда тұрмыз дегені болмаса, жолынан таюы мүмкін. Егер бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, рас дүние жарты бола ма?! Рас болса, бәріне бірдей рас болсын, алалаған рас бола ма және ол әділет пе?! Бұлай етсе ол жұрттың ғұмыры жоқ. Ал ғұмырдың өзі – ақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, сол жерде толысу жоқ. Бірақ әулиелердің бәрі бірдей дүние игілігінен бас тартқандар емес. Мәселен, туысымыз дін таратушы қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф, Сағид бин Әбудқас үшеуі де үлкен байлар болатын. Бұл дүниеден безушілер дүние ләззәтіне алданып, құдайға деген талап, жігерім шала

болып қалмасын деп, өзіне сенбегендер, яки дүниеқұмарлықтан қауымның көңілін суыту үшін сабыр сақтап, өзін құрбан етіп, дүниеқұмарлыққа қарсы «мен жаныммен күресіп жатқанымда, халық тым болмаса нәпсісімен күресіп, әуестенген орынсыз әуесқой тілектерінен суынып, әділет, рақым, махаббатқа бет бұрар ма екен» деген үмітте болса керек. Олай болғанда бұ да жұртқа жасаған махаббат болмақ. Алайда бұл жол – қиын да нәзік жол. Бұл жолда екіжүзді көзбояусыз, жеңілдіксіз тәуекелмен іздеген кісі ғана істің толысуына қол жеткізбек. Бұл заманда мұндай асыл қасиет сирек кездеседі. Бұған ғылымның зоры, шындық пен қайраттың зоры, халыққа, ғаламға деген махаббаттың зоры керек. Ал бұлардың жиылмағы – қиынның қиыны, қарсылыққа ұласуы да мүмкін.

Адамның басына, бір өзіне ерекше зор қасиет беру – адамды бұзатын іс. Сондықтан әрбір наданның бір діни ағымға кірдік деп жүргені, біз бұзылдық дегенімен бірдей. Хакім, ғалым деген о баста бір сөз, бірақ дінді тануда екі бөлек. Дүние ғылымы – шынайы ғылым. Ол ғылым адам баласына белгілі айтылғандарды жүйелеп жазатын дәстүрлі ғылымдар. Мұндай дәстүрлі ғылымға жүйріктерді ғалым деп атайды. Игі тілекке жолдаушы ұлы Құдай ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп «ұлы Алла туралы ойлану» деген хадиске негіздеп, құдайдың жақсы істеріне құмар болып, одан ғибрат алушылар көп, мұндай құдайдың жақсы іс істеуінің себебін білмекке құмарлықтан жаратушыға ғашықтық шығады. Құдайдың игілікке бастаушы затына пендесінің ақылы жетпесе, оған дәл сондай ғашықпын деу де орынсыз. Ғашық сүйгеніне мақлұқ ортасы байланыссыз, Алла тағаланың пендесін махаббат пен жаны ашып жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпен елжіреуін құдайға ғашық болды дейміз. Бұлай болғанда Құдайдың кереметінің қадірін білсем деп пендесінің өз ақылы жеткенше әрбір істің себебін іздеушілерді хакім деп атаған. Бұлар ақиқат пен жалғанды айырып, салдардың себептерін білмекке тырысып, барлығы адам баласының пайдасы үшін ойын-күлкі түгілі, дүниенің бар ләззәтінен бас тартып, бір ғана ақиқатты табу, әр нәрсенің себебін іздеуден ләззәт алады.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Адам істерінің қазығы – осы жақсы хакимдер, дүниедегі бар нәрселер бұлардың ойлап шығарулары мен халыққа таратқандарының арқасында табылған. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, дүниедегі жақсы істердің бәрі осы хакимдердің жасап, таратқан істері. Бұл дүниеде жасалған игілікті іс о дүниенің жемісі болады дегендей, ақиретке егіндік болатын дүниені осы хакімдер жасаған. Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғалымдардың дәстүрлі ғылымы мұсылманның дәстүрлі ғылымының соңына еруді кәсіп етеді. Ал хакімдердің ақылмен ойлап тапқан ғылымы нақты, шынайы ғылым болады. Мұсылман хакімдері мен өзге діннің хакімдері қанша талап қылып ізденсе де, дүниенің, адам баласының өмір сырына жеткенмен, діннің ақиқатын тануға жете алмады. Бұлардың көбі – бір Алланы танымақтан өзге иманның алты шартына кейбірі күмәнді, кейбірі қарсы болып, дәл тексере алмады. Бұлар дінде біздің ұстазымыз болмаса да, діндегі басшымыз Құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадисінде: «адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам», – дегеніндей, біз оларды құрмет тұтамыз. Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығарумен айналысты. Энергияны тауып, аспаннан жайды бұрып алып адамға қызмет еткізді. Дүниенің бір шетінен екінші шетіне бір сәтте хабар алғызды. От пен суға амалын тауып мың адам істей алмастай жұмыстарды істетті. Ең бастысы, адам баласының ақыл-ойын өсіріп, ақиқат пен жалғанды айыра білуге үйретті. Осылардың бәрі адамзат пайдасы үшін істелген өнегелі іс болғандықтан, біздің оларға борышкер екендігімізде дау жоқ.

Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, жаман ниет, ақымақтық. Олардың шәкірттері араб-парсыдан шала-шарпы тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз қиянатпен біреудің адамдығына сөз келтіруді үйренсе, соған мәз болып, өзін өзгеден ерекше көрсетемін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек

түгіл, нәтижесі залалды істер істейді, мақтанмен қауымды адастырып бітеді. Олар адал сөзді тыңдап, ғибрат алмақ түгіл, шала оқыған надандар тобын құрады. Сөйтіп, рас сөзге ор қазып, тор құрып, өзімшілдікпен адам баласын бұзатын ниетте болады. Растың бір аты – ақиқат, ақиқаттың бір аты – Алла, оған қарсы күрескенше, оны ұғып, әділетпен түсіндіру керек. Олай болмағанда, мұндай жаман ниеттерден дінді бұзу қаупі де туады. Пайғамбарымыз Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын: «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар», – дегенде, пайғамбарымызды қолдаушы сахабалары: «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар?», – деп сұрапты. Сонда Пайғамбарымыз Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын: «оның патуасын сол заманның ғалымдары білер», – деген екен. Бұған ой көзімен қарасақ заманның өзгеруімен бірге қағидалардың да өзгеретіні мәлім болады. Ал бұл күндегі медреселер ескі медреселер ғұрпында қалып, бүгінгі заманға пайдасы болмай тұр. Сондықтан Түркия патшалығында жаңадан әскери, кәмелеттік білім беру мектептері салынып, жаңа оқу-тәрбие үлгісімен жұмыс істеуде. Ал біздегі оқу ұзақ жылдарға созылып, ғылымды пайдасыз қиянатпен біреудің адамдығына сөз келтіруге жұмсап, тіршілік, дүниеден хабары жоқ надан ессіз адам боп шығып, ешбір іске ыңғайы болмаған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбіне мұндай ессіздердің насихаты да әсерсіз бос сөз болады.

Дүниенің шексіздігі бір түрлі ақылға нұр беріп тұратын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Сондықтан дүние ғылымын білмей қалу – залалды надандық, ол құранда сөгілген. Дүниеде өзін өзгеден артық етіп көрсету үшін махаббатын малға аударғандар болмаса, жақсылық жасауда қолым қысқа болмасын, өзім біреуге қол жаймайын деп, махаббатын малға емес, ізгілік жасау үшін сол малды табатын адал кәсіпке аударған кісілер дүниеқұмарлар емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Малды сатып, ғылымды кәсіп етпекпіз. Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де игі іс. Бірақ сол біз тапқан өнер әділеттен шықпасын, дін шарттарына сәйкес болсын. Адамға мүмкіндігінше жақсылық жасауға құмар болу – қарыз іс. Бірақ біреулердің жасаған жақсылықтарына сүйену дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, әсіресе бұл заманның ишандарынан сақ болыңыздар. Олар – бұзық ғалым, бұлардан тек қана залал шығады. Өздері шариғат заңдарын білмейді, көбі надан болады. Олар тіпті өздерін дін жолындағы адамдармыз деп біліп, діни талас-тартыс тудырады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың айтқандары орындалмайтын теріс істер, бұлар адамды аздырушылар және дінге залалды іс істеушілер. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбиығы мен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, ей ұрпақтарым! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей шексіз, өлшеусіз болады. Оның шексіз, өлшеусіздігіне ешкім жетпейді. Алайда сол жолға жүруді кім өзіне шарт қып алса, сол – таза мұсылман, толық адам. Дүниеде түп мақсатың өз пайдаң болса, онда ол – құдай жолы емес, өзіннің шектеулі жолың. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген не ниет? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан әділет, шапағат секілді біреуге жақсылық жасамақ мақсатың болса, ол жол – құдайдың жолы. Бұл шексіз, өлшеусіз жол, сол шексіз жолға аяғыңды берік бассаң, шексіз, өлшеусіз құдайға жақын болып, оның сүйікті құлдары қатарында болу үмітің болады, өзге жолда не үміт бар?! Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын сәндемек болады да, мұнысын өзі бір үлкен дәулет көреді. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Алла тағала адамның сыртына емес, ішкі қалыбына, боямасыз ықыласына қасиет бітірген. Айнаға табынғандардың ақылы жоқ. Ақыл түпсіз терең жақсылықты сүюмен өседі.

Құдай тағала дүниені толымды шеберлікпен жаратқан және адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды

ісінің алды – әуелі дос көбейтпек. Досты көбейту үшін, әуелі өзінің қолынан келгенше достық қарым-қатынас орнатудың жолында болмағы керек. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қастық жасамай, өзін өзгеден тілімен я қылығымен артық көрсетпек болып, өзін басқалардан жоғары санамақтан аулақ болуы керек.

Өзін өзгелерден артық көрсетудің бірнеше түрі бар. Алғашқысы, жаманшылықтың жағасында тұрып, мұндай адамды бұзатын жаманшылықтан бойын сақтау, бұл адамға нұр береді.

Екіншісі, өзін-өзі өзгешелікпен басқалардан артық көрсетпек, бұл адамдықтың нұрын бұзады.

Үшіншісі, өзін зор тұтып, өзгелерді қор қылып, кемсітпектік, бұл дұшпандық шақырады.

Осы өзін өзгелерден артық көрудің түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдікті тудырады да, күншілдік күншілдікті қоздырады. Бұлар жоқ болса, адамның көңілі тыныш табады. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Солардан аулақ болу керек. Олар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде оларсыз ешбір нәрсені біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады.

Бұлардың емі жаратушыға махаббаты, адам баласына шапқаты болып, қайратты, тұрлаулы, әділет ісінің алды-артын білерлік білім, ғылымды болу.... Ол білім, ғылымы құдайға бағынышты болсын. Ғылымның өзі әуелі ғаламдық ғылымға бағынышты болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, келісіммен, даналықпен толымды жолға салып жасады, сондықтан сіздің ісіңіз де жақсылықты негіз, тірек еткен, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Құдай тағала әр түрлі нәрсені жаратқанда, пайда берсін деген оймен жаратты. Сондықтан сенің ісіңнен де зиян шығып кетпей, көпке пайдасы боларлық үміттен туған іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Мүмкін бұларсыз құлшылық құлшылық та емес.

Құдай тағала ешбір нәрсені ойсыз жаратпады, ешбір нәрсеге ойсыз міндет артпады. Бәрінің сыры бар, бәрінің себебі бар, қарапайым көпшілік былай тұрсын, ғылымға махаббаты барлардың өзі себеп, парыздарды білуде көңілмен беріле ізденулері керек, әрбір істеріңізде ізгілік қылып, ізгілікті мақсат етіп, сол ниетте болуларыңыз керек. Ниет адамның Алла алдындағы парызы сынды, ол турасында пайғамбарымыз Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын өзінің хадисінде: «еңбек ниетке негізделеді» деген. Олай болса сіз намаз алдындағы тазару, намаз оқу, ораза тұту сияқты құлшылықтарды сырттай ғана атқарсаңыз, сол ниетсіз атқарған ісіңіздің құлшылыққа жетпеуі кемшілік емес пе? Сіздің ішкі ниетіңіздің таза болуы әуелі иман болып, сыртқы құлшылығыңыз иманды болған соң ғана парыз болған. Сіздің сырттай атқарған құлшылықтарыңыз ішіңіздегі иманның көлеңкесі және сол иманның нұрланып тұруына көрік болу үшін берілген. Сондықтан ғұламалар: «Иман екеу емес, біреу. Ол ізгі құлшылықпен нұрланады, ізгі құлшылық жоқ болса, күңгірттенеді, мүмкін сөну қаупі де бар. Егер надандар ол табынудың ішкі сырын ескермей істесе, соны атқарып жүріп, иманы сөнер», – деген.

Менің қаупім бар, олар құдайдың бізге бұйырғаны арнайы қызмет қылып, табыну болса, біз соны атқарсақ, мұсылмандығымыз толық болады екен деп ойлайды. Иман құлшылықтың күзетшісі еді. Ал күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, тек ояу тұруын ғана мақсат етсе, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе? Ей, астарлап көрсеткеннен

хабарсыздар, қараңыздар! Құдайға құлшылықтың үлкен белгісі – намаз, ол үшін бірінші намаз алдында жуынып, тазаланбақ, одан соң намазға кіріспек, осының бәрі намаз алдындағы тазалану еді. Одан соң екі аяғына киген мәсісінің үстінен сулы қолымен сүртіп бітіруші еді. Осылардың бәрі құдайға құлшылықты астарлап көрсетудің белгілері еді. Жуынып, тазалануда көтіңізді жусаңыз, сіздің көтіңізді жуғаныңыздың ешкімге керегі жоқ. Бұл әрекеттеріңізбен өзіңіздің тазалыққа толық ықыласпен кіріскеніңізді көрсетіп, ішімнің шынайы тазалығындай сыртқы тәнімнің тазалығын да халыққа көрсетем, бұл тазалықтың үстіне Аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз.

Енді намаздың аты – салауат дұға деген.

Аяқты, мойынды үстінен сулы қолмен сүрту, ол дене мүшелерін жуудың керегі жоқ, олар өздері де жуулы деген ишарат, астарлап көрсету.

Намаздан бұрын құлақ қақтыңыз – ол Алла тағала жоғарыда деп, оның мекені бар деп түсінбесең де, қолды биікке созу әдепсіз болып, күнә дәриясына шомдым, дүние әуейіне батырмай қолымнан тарт, құтылар жәрдеміңді бер деген ишарат, астарлап көрсету бар.

Онан соң намазда түрегеп тұрып қол құсыру – құлдың қожасы алдында тұрғаны тұрмақ, бұқараның патшасы алдында тұрғаннан артық Алланың құдірет күші, қадірі алдында өзінің әлсіздігін мойындаған берік сенімді көрсеткен ишара, астарлап көрсету.

Қыбылаға қарамақ – Құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, Алла баруды парыз еткен Меккеге жүзін бұрып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишарат, астарлап көрсету.

Онан соң фатиха сүресін оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады, өйткені фатиха сүресінің мағыналарында көп сыр бар.

Намаз оқығанда тізеге қол қойып еңкейіп, тізе бүгіп бас ұру – бұл да ишарат, астарлап көрсету.

Намаз оқығанда маңдайды жерге тигізу – бұл әуелде адамның қара жерден жаралғандығын, сол қара жерге қайтпағын көрсетіп, о дүниеде бас көтеріп, тіріліп сұрау беретіндігіне ишарат, астарлап көрсету.

Намаз бітерде соңғы рет отырып – дұғаның аяғында Аллаға сәлем беріп, Құдайға құлшылық етудің соңғы сөзі – куәлік беріп, Пайғамбарымызға Алла оған игі тілек тілеп, сәлемін алсын айтар соңғы сәлеміңізбен намазды аяқтайсыз, яғни Алла тағаладан тілек тілеп, дұға қыласыз. Ол дұға мазмұны күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік пен рахмет тілеумен бітеді.

Енді, ойлап көріңіз, осы сөзден қандай өнеге алуға болады?

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абай еңбектерінің биік нысанасы // Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 бет.

2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы. Т. 1 том. Өлеңдер мен аудармалар. – 2004. – 296 бет; Алматы: Жазушы. Т. 2 том. Өлеңдер мен аудармалар. – 2004. – 336 бет.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ: «АЛЛА ДЕГЕН СӨЗ ЖЕҢІЛ»

Әміренов Әділбек Дәуітбекұлы
ғылымдарының кандидаты,
Павлодар педагогикалық университетінің доценті

Абайдың күні бүгінге дейін таным-түсінікке қиын өлеңінің бірі – «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңі. Ақын бұл өлеңді 1897 жылы 52 жасында жазған. Қазіргі нұсқасында он алты тармақ, төрт шумақтан тұрады. Жеті-сегіз буынды шалыс ұйқасқа құрылған. Мүрсейіттің 1905 жылғы [1], 1907 жылғы [2] және 1910 жылғы [3] қолжазбаларында бұл өлең кездеспейді. Турағұл қолжазбасында [4] алғашқы екі шумағы ғана бар. 1909 жылы Санкт Петербургте И.Бораганский баспаханасынан араб әрпімен басылған ақын өлеңдерінің алғашқы жинағында да Турағұл қолжазбасындағы екі шумақ басылған [5]. 1922 жылы Ташкентте шыққан кітапта да [6], 1933 жылы М.Әуезұлы құрастырып латын әліпбиімен басылған толық жинақта да өлеңнің басқы екі шумағы өзгеріссіз қайталанады [7]. Тек 1939 жылғы ақын шығармаларының толық жинағында соңғы екі шумақ қосылған [8]. Ақынның бұл жинағы біраз толықтырылып, кейбір өлеңдердің текстологиясы қайта қаралып, біршама өңделген басылым. Жауапты редакторы С.Аманжолов, «Абай халық ақыны» деген кіріспесін жазған С.Мұқанов. Кім құрастырғаны мәлімсіз, басылымда көрсетілмеген. Соңғы қосылған екі шумақ қайдан алғаны да айтылмаған. Дегенмен қосылған шумақтар тақырыпқа сай өлеңнің пішіні мен мазмұнына үйлесіп тұр. Кейінгі баспа бетін көрген ақынның толық жинақтарында осы төрт шумақ өзгеріссіз жарияланып келеді.

Енді өлеңнің әр жылдары жарияланған нұсқаларын талдап көрелік. Тұрағұл қолжазбасында және 1909, 1922, 1933, 1939 жылдардағы басылымдардағы бірінші шумақ:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы көңіл, шын жүрек,
Өзгесі хаққа қол емес, – деп келсе, кейінгі жинақтарда екінші тармақ «Аллаға ауыз қол емес» болып, төртінші тармақ «Өзгесі хаққа жол емес» болып өзгертілген. Бұл жерде «жол» мен «қол» сөздерінің орны ауысқан.

Алғашқы басылымдардағы (1939 жылдарға дейінгі) бірінші сөйлемнің (алғашқы екі тармақ) беретін ой тиянақты, яғни Алланы құр ауызбен ғана айтып тану мүмкін еместігіне меңзеп тұр. Екінші сөйлемдегі жеткізетін ой нақты емес. Төртінші тармақтағы «қол» не үшін қолданылып тұрғаны түсініксіз. Хақты, шындықты, ақиқатты тануға «қолдың» қанша қажеті бар?! 1968 жылы шыққан «Абай тілі сөздігінде» өлеңнің осы шумағындағы сөзге «лайықсыз, жөн емес» деп түсіндірілген [9]. 1939 жылғы басылымда бұл жол «Өзгесі хаққа құл емес» деп келеді. Бұнда да сөйлемнің семантикасын түсіну қиын. «Өзгесі хаққа қол (құл) емес» тармағы шумақтың ғана емес бүкіл өлең мәтінінің мағынасына нұқсан келтіріп тұр. Абай шығармаларының текстологиясымен айналысқандардың ешқайсысы бұл сөзге көңіл қоймаған [10]. Бұл жердегі барлық мәселе осы «қол» немесе «құл» сөзінде тұр.

Енді осы қолданыстағы сөздердің дұрыс-бұрыстығын көз жеткізу үшін алдымен, өлеңнің тақырыбын анықтау керек. Тақырып аты – «Алла деген сөз жеңіл» – ақынның негізгі ойын тұжырымдай анықтайтын пропозиция, яғни логикада пікір, пайымдау болса, тіл білімінде сөйлем. Пропозиция семантикалық құрылым болғандықтан нақты мағынаны анықтауға жол ашады. Нақты мағынаны анықтау үшін тақырыпқа сай лексика семантикалық топқа жіктесек: Алла, хақ, тәңірі, тағриф, мәужут, ақыл, хауас, мутакәллим, мантиқин сияқты мазмұнды анықтайтын тірек сөздерді аламыз. Осы тірек сөздерден діни-танымдық микротақырып шығады. Яғни өлеңнің тақырыбы – діни

фәлсафалық өлең. Фәлсафалық тұрғыдан – معرفة الله (мағрифату Аллаh) – «Алла тану». Енді нысанға алып отырған «қол» сөзіне келсек бұл да жоғарыдағы тілдік бірліктердің қатарындағы фәлсәфа, нақты айтқанда мантиқ (логика) термині – قول (қаул) – сөз, айтылым деген мағыналарымен қатар логикада пайымдау (суждение) деген термин ретінде қолданылады.

Бұл терминді Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінен кездестіреміз. Ол өзінің «Логика ғылымы туралы» трактатында ақылмен пайымдалатын обьектілер туралы айта келе: «Осы екеуін, яғни ақылмен пайымдалатын объектілер оны білдіретін оралым – ой қорытындыларын ертедегілер نُطق (нутқ) – «сөз» және قَول (қаул) – «айтылған сөз» деп атаған. Ақылмен пайымдалатын объектілерді олар قَول (қаул) – «айтылған сөз» деп атаса, ал نُطق (нутқ) – «сөз» деп адамның ішіндегіні, жанында (жүрегінде. – Ә.Ә.Д) барды атады. Осы екеуін білдіретін – ақылдағы قَول (қаул) сөз де жүректегі نُطق (нутқ) сөз де сыртқа дыбыс арқылы шығарылады. Адам өзі үшін белгілі бір пікірді растағысы келсе, бұл іштегі, көңілдегі «айтылған сөз» (نُطق – нутқ), ал сол пікірді басқаларға растағысы келсе, ол сыртқа дауыс арқылы «айтылған сөз» (قَول – қаул). Қызметі қандай да бір пікірді растау болып табылатын «айтылған сөз» мейлі ол көңілдегі «айтылған сөз» болсын (نُطق – нутқ), мейлі дыбыспен «сыртқа шығарылған айтылған сөз» болсын (قَول – қаул) оны ертедегілер силлогизм деп атаған» [11], – деп трактатында мантиқтың (логика) үш басты негізін ашып көрсетеді:

1) Мантиқ – адамның ойлау күші. Ойлау арқылы адам ғылым мен өнерді таниды және өзге тірі мақұлықаттардан ерекшеленеді;

2) Мантиқ – жанда (жүректе) орналасқан сөз (نُطق – нутқ);

3) Мантиқ – дауыс арқылы сыртқа шығарылған, айтылған сөз (قَول – қаул).

Әл-Фараби «Логикалық трактатында» (الرسائل المنطقية – Әр-рәсәи'лу-л-мантықиа) логикалық пайымға қатысты «қаул» (قَول) сөзінің негізінде: «қаул би-л-фиғл» (قَول بالفعل) – ассерториялық пайым немесе бір нәрсенің бар екенін мойындауды не терістеуді білдіретін пікір; «қаул мисәлии» (قَول مثالي) – аналогиялық пайым немесе бір нәрсенің ұқсастық, үйлесімділігіне байланысты пікір [12,672], сонымен қатар «Китәб әл-хитаба» (كتاب الخطابة) – «Риторика» трактатында «силлогистикалық айтылым» (القول القياسي – әл-қаул әл-қиасии) [12,458]; «күмәнді айтылым» (القول المشكّل - әл-қаул әл-мушәккәл) [12,460] сияқты т.б логикалық терминдерді қолданады.

Әл-Фараби логика-гносеологиялық зерттеулерінде, өзі айтқандай, Аристотельдің алты логика кітабын қамтитын «Органон» жинағына сүйенеді. Жоғарыда келтірген дәйектемеде біз астын сызып көрсеткен ертедегілер деп нұсқап отырғаны герек ойшылдары Платон мен Аристотель. оның формалды логиканың заңы силлогизмге (араб. قياس – қиас) қатысты айтқандарын негізге алып отыр.

Міне, Абай өлеңінде осы мантиқ терминін (قَول – қаул) қолданған. Ал енді бұл терминнің қазіргі өлең мәтінінде дұрыс оқылмауының себебіне келетін болсақ, алдымен, араб таңбалы қадим жазуында араб-парсы сөздері, сөз тіркестері, метатіл сол тілдің орфографиялық ерекшеліктерін сақтап жазған. Яғни консонантты дыбыстық жазуға негізделген араб жазуында диакретикалық белгілері (харакаттар) сақталып жазылады. Әсіресе Құран аяттары мен хадис сөздерінде бұл заңдылық қатаң сақталады. Кейбір қадими қолжазбаларда араб-парсы сөздері немесе пәндік аталымдардың харакаттары (дауыссыз дыбыстың асты-үстіне қойылатын қысқа дауысты дыбыстар) қойылмауы да мүмкін. Содан кейбір сөздер дұрыс оқылмай жатады. Сөз қылып отырған араб тілді (قَول – қаул) терминін харакатсіз оқығанда қадим жазуында «қол» немесе «құл» деп оқуға болады, сөз болып отырған Абай өлеңі мәтінінде солай оқылған да. Екіншіден, «қаул» (قَول) сөзін термин ретінде қарастырмағандықтан, яғни аялық

(фондық) білімнің болмағандығынан дұрыс оқуға көңіл бөлінбеген. Ең басты олқылық Абай шығармаларындағы діни-фәлсафалық, логикалық аталымдар мен терминдерге түсінік берілмеген, мазмұнына сай текстология жасалмаған.

Қорыта айтқанда, Абай таным теориясындағы Аристотель философиясынан бастап классикалық ислам фәлсафашыларының тракттатарындағы «Алла тану», «Таухид», «Тасдиқ» іліміне қатысты тұжырымдарды мәтін коцептісі (мазмұнды барынша сығып) аясында өзінің он алты жол, төрт шумақ өлеңімен жеткізген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының қоры, КП-336/1, №87 бума.
2. Сонда. КП-336/2. № 98 бума.
3. Сонда. КП-5020, № 88 бума.
4. Сонда. КП-6714/1, № 143 бума.
5. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанабайұғының өлеңі. – Санкт Петербург: Восточная электро типография И.Бораганского,1909. – 120 б. (48-бетте).
6. Абай. Абай Құнанабай ұлының таңдамалы өлеңдері. Ташкент: Туркестанское государственное издательство, 1922. – 293 бет. (144-бетте).
7. Абай Құнанабайұлы. Толық жинақ. Алматы: Қазақстан баспасы, 1933. – 402 б.(193-194 беттер).
8. Абай (Ибраһим) Құнанабайұлы шығармалары. Өлеңдер мен поэмалар .1т. – Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы, 1939. – 284 б. (196-бетте).
9. Абай тілі сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған А.Ысқақов. – Алматы: «Ғылым», 1968. – 734 б. (391-бетте).
10. Жақыпбайұлы Б. Абай өлеңдерінің текстері. Ақынның туғанына жүз жыл толған мерекесіне арналған ғылыми еңбектер. – Алматы, 1945. – 310-338 б; Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 2005.
11. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Метафизика. Астана: ТОО»Лотос – Астана», 2007. – 336 б. (174- бетте).
12. Аль-Фараби. Логические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 672 с.

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Байтанасова Қарлығаш Медетқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры (Нұрсұлтан, Қазақстан)

Қоғамдағы интеграция мен инновациялық ізденіс, жаһандану үрдісі әр ұлттың дербес табиғатын тани түсуіне де мүмкіндік жасауда. Қазақстанның тұңғыш Президенті ұлттық идея ретінде – Мәңгілік Ел идеясын ұсынды. Мәңгілік Ел идеясының негізі – әр мемлекет жаһандану кеңістігінің аясында өздерінің ұлттық болмысын, менталитетін сақтап қалу керек әрі бұл сипатты өздерінің ішкі ұлттық әлеуетінен алуы тиіс. Ұлттық рух тұтас халықтың болмысына тән сипат болуы шарт.

Абайдың ұлылығы – заманына тым биіктен қарауы, терең ойшылдығы мен білімі. Абай – қазақ ақыны. Ғұмыры қазақ даласында өтті. Алайда, Абай шыққан биіктік адамзат өркениетіндегі биіктікпен межелес. Ендеше, Абай – әлемдік тұлға. Абайдың танымы терең әрі асқақ, ол халқының тағдыр-талайының астарынан бүткіл адамзатқа ортақ проблеманы таныды, адамзатқа ортақ мәселені қозғады.

Бүгінде жаһандық интеграция алдымен білім, ғылым және өнерде байқалып отыр. Әлем бір-бірін алдымен осы үш құндылық арқылы таниды. Абай білім, ғылым, өнерді бойына жиған адамды толық адамға санайды. Себебі, адам баласы бір-бірінен ақыл, білім сияқты ұғымдармен озады. Абай ғылым мен білімді, өнер тақырыбын қозғаған өлеңдерінде тек үгіт-насихат айтпайды. Абай бұл ұғымдардың мәнін жаңаша,

тереңнен бажайлай отырып жеткізеді. Оның себебі де бар. Абай айтқан қай сөз де қазақ сахарасы үшін жаңа болды. Сондықтан да ақын айтатын ойларын тереңнен, мән-жайды толық айта отырып жеткізді. Оған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін дәлел етуге болады. Өлеңде Абай үш түйінді ойды жеткізеді. Олар: ақын өкініші («жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім»); балаларын оқуға беруі («баламды медресеге біл деп бердім, шен алсын, шекпен кисін деп бермедім»); өзі туралы («өзім де басқа шауып, төске өрледім, қазақта қара сөзге дес бермедім»). Абайдың осы ойлары оның мақсатын айқындайды: ол – әрекет, іздену, үлгі болу. Ақын өлеңінде айтқан ойларын әр кез толықтырып, әр қырынан айқындап отырады. Осы ретте ақынның «ғылым» сөзін көбірек қайталайтынын байқаймыз.

Абайдың өлеңдерінің бір парасы жастарға арналады. Олардың ішінен «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерін атауға болады. Екі өлең арасында идеялық сабақтастық бар. Жалпы ақынның шығармаларының барлығында адамдық, әділеттік пен имандылық деген ұғымдар алға шығады. Абай жастарға білім мен ғылымның ғана пайдасын айтып отырған жоқ. Ақынның ұғымынша ілім-ғылым жастарды ең бастысы адам болуға, ізгілікті, ұнамды мінезі бар азамат болуға жетелеуі тиіс. Ендеше, білімге, оқуға ұмтылу – адам болуға ұмтылу деген сөз. Оны Абай тереңдей, жан-жақты, қоғамның әділетті-әділетсіз тұстарын айта отырып, жеткізеді. Сөйтіп, оқудың пайдасы адамға, оның ұнамды қасиеттерін жетілдіруге арналуы керек. Бұдан Абайдың «толық адам» болу тұжырымы айқындалады. Ендеше, жастар енді жетіліп келе жатқанда ортасының жағымсыз құбылыстарына бой ұрып кетпей тұрып, оқып-тоқудың пайдасын ұғынғаны жөн. Жастарға арналғаннан кейін де ақынның қайталап, ескертіп айтатын тұстары мол: «Ынсапсызға не керек, істің ақ пен қарасы? Иждиһатсыз, михнатсыз,табылмас ғылым сарасы» [1,58].

Ақын жақсы мен жаманды тең ұстай отырып, тыңдаушысының көкірек көзін ашуға ұмтылады, өзінің де бұлайша сөз арнауының себебін түсіндіріп кетеді: «Айтыңызшы, болсаңыз. Здравомыслящий, ақыл айтпай ма ағасы?». Ақын көп жайттарды анық-танық ұғындыруға тырысады. Тіпті оқуға бет бұрған күннің өзінде не жақсы, не жаман екенін тәптіштей кетеді («Пайда ойлама, ар ойла. Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта»). Одан әрі оқып, білім алғаннан кейінгі кезеңді де ұқтырады: («Военный қызмет іздеме, оқалы киім киюге. Қызмет қылма оязға»). Одан кейін үшінші ой – әрі қарай не істеу керектігін ғибраттайды: «Алыс та болса іздеп тап, кореннойға кіруге», «Адал тұрып, адал жүр», «Өз бетіңмен тәуекел, занимайся прямотой». Ақынның осы ойының жалғасы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде әрі қарай өрістейді. Енді мұнда ақын ғылым сөзінің мәнін терең ашып, нақтылайды.

Ғылым – адамның әр түрлі бағыт-бағдар алу үшін жасайтын танымдық әрекеті. Әрі ғылым динамикалы, үнемі ізденісті, бақылауды, ой, таным саралауын қажет етіп отырады. Ғылымға жету үшін, алдымен адамдықтың сатысына, кемеліне жету керек. Тағы да ақын адам мінезі, болмысы туралы ой өрбітеді. Көптің қамын ойлап, көпке пайданды тигіз дейді, не үйренсең де тереңдеп үңіл, көкірегіңе түй, ол үшін оған кесел келтіріп, бөгет жасайтын нәрселерден аулақ бол дейді. Ізгі, кішіпейіл, мейірбан болу деген ұғымдар – шығыс философиясының негізі. Ақын көп ойды тереңнен қозғап, философиялық астарына үңіледі. Өзі танып, жөн деп тапқандарын көпке, тыңдаушысына ұсынады. Абай өлеңдерінің мазмұны кең, ішкі сабақтас, желілес ойлары мол. Абайдың ойы бүгінгі руханият, мәңгілік ел құндылықтарын дәріптеумен үндес.

Абай өлеңдерді ойды қозғап, оның тереңіне бойлаған сайын басқа ой, түйін есіңізге түсіп отырады. Әдебиет теориясындағы реминисценция тәсілі – еске алу дегенді білдіретін адамның ес жүйесіне тән сипат. Адам әр қашан өзіне керекті дүниені еске алып, санасында жаңғыртып отырады. Абай өлеңдері нақты мәселені қозғай отырып, соның өзін ең қажетті, өзекті мәселелермен ұштастырады. Ғылымға талап, еңбек, терең ой ғана керек емес, сонымен бірге қанағат пен рақым да керек. Неге?

Соңғы екеуі ғылымсыз да адамның керекті қасиеті емес пе? Ақын бұл жерде ғылымды тура мағынасында қолданып, тек жалаң ғылымды айтып қана қойса, ол ортасына ұғымсыз болар еді. Сондықтан ғылым меңгерген адамның шешетін мәселелері, бетпе-бет келіп, таңдауға түсіп, керексізімен күресетін кезеңі де болатындығын ескертіп отыр. Сол себептен де ғылым айналадағы жағымды-жағымсыз құбылыстардың бәріне де тиесілі.

Ғылым сөзінің негізі – адам болу. Ендеше, бойыңа жиған, терген дүниені ақылмен, ынсаппен басқара білу шарт. Білімді болу адамдық мінезді де орнықтырады. Яғни талап, еңбек, терең оймен қоса, адамға қанағат пен рақым да керек. Бұлар адам баласының мінезін түзу арнаға бұрып, айналасына мейіріммен, жауапкершілікпен, рақымшылықпен қарауға бағыттайды. Ақынның осы ойы отыз екінші қара сөзінде жалғасатыны белгілі: «Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып аласың» [2,117]. Ұғыну, оны көкірекке берік түю – ақын шығармаларының ортақ жүйесі, түйіні. Бір ерекшелігі Абай қоғамның өзіне ұнамды жағын ғана дәріптемейді. Ақын үнемі қарама-қарсы құбылыстарды қатар алып, жеріне жеткізе байыптап, талдап береді. Бұл Абайдың ұстаздық қалпы, қазақ даласына енгізіп жақтан жаңашылдық сипаты. Не айтса да жеткізе айтып, айналасындағыларға ұғындырып отыруы Абайдың барша тақырыпты жырлаған өлеңдеріне тән. Оның бір дәлелі ретінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін алуға болады. Өлеңнің мәні терең, айтатын ойы қат-қабат. Мұнда заманның толық панорамасы бар. Бұл тек дидактика, ақыл айту емес. Мұнда мәні терең дүниелер мол.

Өлеңнің тыңдаушысы – жастар, жігіттер (бозбала). Мұнда да өзінің көптеген шығармаларында қолданатын «арзан», «талаптылық», «өнер», «мінез», «пысық», «пайда», «еңбек», «бір ауыз сөз», «нәпсі», «ақыл», «ес» сөздері кездеседі. Абай оқу-білімге арнаған өлеңдерінде бұлар белгілі бір контексте қолданса, аталмыш өлеңде аталған ұғымдардың мәнін кеңейте түскен. Бұл жалпы өмірдің мәні, азаматтық парыз, қоғамға пайдалы болу, отбасы құндылығы, құрбы-достармен қарым-қатынас, адамшылық туралы. Неге Абай өлеңді жігіттерге арнаған? Ақын өлеңнің соңғы шумағында «Қазақтың қайсысының бар санасы» дейді. Ақын адамның талабы мен санасына басымдық беріп, жақсыға жас кезінен үйір болу керектігін көп айтты. Сондықтан кемді күн, қызық дәурені енді басталған жастарға ақыл айтып, ендігі заманның беталысын айқындайтын топқа сенім білдіреді. Осы бағыттағы өлеңдерінің тағы бірі – «Интернатта оқып жүр». Мұндағы Абайдың сөз арнағаны сол тұстағы білім алып жүрген жасөспірімдер. Ақынның бұларды оқшаулап алып сөз арнауындағы мақсаты айқын, ол – қолдың саласындай көк өрім жастарға түзу жол нұсқау, оң мен солын ажыратуға күш салу. Мұнда да ақын жиі қолданғаны – «ынсапсыз», «ғылым», «ой», «сана», «ақыл», «пайда», «ар», «ерінбеу», «бос мақтанға салынбау», «адал жүріп, адал тұру». Абай – тек ақын ғана емес, терең философ. Абай танымында адам тіршілігіне қатысты мәселелер дербес ұғымдар ретінде терең ашылды.

Өркениетке бастау болатын негіз әр халықтың түп тарихында, мәдениетінде жатыр. Қоғам дамуындағы қайшылықтар адамның да санасына ықпал етеді. Ұлы тұлға дәуірінің көп талқысына дананың, терең философтың пайымымен қарайды. «Таңғалған, қайран қалған сезім-күйдің өзі философияға жетелеген» (Аристотель).

Абай қазақ даласының әлеуметтік өмірін, кәсібін, тұрмыс-салтын тұтас береді. Ақынның жаратылыс құбылыстарын бейнелеген өлеңдерінде де адам жасайтын қарекеттің бәрі адал еңбек, қайрат пен ақыл, талап пен ой арқылы жүзеге асатынын нақтылайды. Осы ұғымдардың ішінен Абай үш қасиетті бөліп алады: «Ақыл, қайрат,

жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек». Ақынның бұл ойлары он жетінші сөзінде қайрат, ақыл, жүректің өзара диалог-айтысына ұласып, олардың уәждерін ғылымға жүгіндіретіні белгілі. Ақынның ұстанымы айқын: Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Ақындағы «Үш қасиет» пен «Бес асыл іс» өзара байланысты. «Бес асыл іс» «үш қасиеттен» шығады: ақыл, қайрат, жүректен талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым туындайды. Яғни, «дене жан үшін, ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді» (әл-Фараби өсиетнамасы).

Креативтілік – қандай да бір мәселеге өзгеше көзқараспен қарап, шығармашылық қабілеттілігі арқасында бірегей шешім таба алатын адамға тән. Оның өзгелерден ерекше әлеуеті көптеген мәселелерге өзіндік тұжырыммен келе алуына ықпал етеді. Креативтілік ең алдымен, интеллект деңгейімен теңестіріледі. Көзі ашық, көкірегі ояу жастарға көп үміт артқан Абай баласы Әбдірахман көз жұмғанда осындай талапты жастың өмірден өткеніне («Тұла бойың ұят-ар едің, ескеріп істеп, ойлаған. Тәуекелге нар едің, талаппен терең бойлаған») налиды. Абай «талаптың мініп тұлпарын тас қияға өрлеген» Әбдірахманды жоқтайды. Өзінің жастарға, жасөспірімдерге үлгі еткен мінез қасиеттің баршасының Әбдірахманның бойынан табылғанын айтады («Ғылым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған. Дүниені кезіп көргенше, рахат іздеп жатпаған»).

Ақын өзінің арман-аңсары болған көкірегі сәулелі, алысқа талпынған баласының қазасына қайғырады, өкінеді. Көрген-білгені ақсақалды қартқа тең Әбдірахманның біліміне сүйсінеді, жалған сөз бен даңқ-дақпырттан аулақ болған мінезіне тәнті болады. Абайдың көпке арнаған, насихаттаған асыл ісінің бәрі Әбдірахманда бар еді. Міне, осыны айтып күйінген ақын ендігі кезде өзінің де оқшаулыққа бет бұрғанын да айтады. Бұл Абайдың жеке қайғысы ғана емес, талапты, алғыр жастың қазақтың маңдайына сыймай кеткеніне өкініші. Құйрықты жұлдыздай ерте ағып өткен баласының қайғысы жанына батқан ақын сол замандағы қазаққа жетпей жүрген қасиеттерді де тізбелейді.

Ақынның көпшілікке айтқан ақыл, насихат өлеңдеріндегі идея мұнда да жалғасын тапқан.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев: «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет. Абайдың кейбір қаракеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің белгісі», – дейді [3].

Халықтың мәдени коды – сол елдің мәдениеті мен әдебиетін сәйкестендіретін ақпараттар жүйесі. Әлемдік тарихта дәуірмен, мемлекеттің саясатымен және мәдени деңгейімен сәйкес әлеуметтік-мәдени кодтар тасымалданып отырса да, халықтың ұлттық болмысы, тұрмыс-тіршілігінің негізі сақталады. Мәдениет – халықтың өмірі, оның ақыл-ой дамуының өткені, қазіргісі және болашағы. Ұлттық код – сол ұлттың дүниетанымында, санасында жинақталған, тұрақталған белгі. Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арман-мұраты, адам рухының күші мен қасиеті.

Қандай да мәдениеттің ерекшелігі сол халықтың ұлттық болмысынан байқалады. Ұлттық рух – ұлттық бірегей қасиеттердің жинақталған кешені. Ендеше, ұлттық рух

халықтың болмысына тән сипат. Әр халық өзінің тарихи даму жолында қаншама кезеңдерден өтіп, нығаяды, ұлттық болмысын қалыптастырады. Қазақ халқы өзінің даму тарихында тілін, дәстүрін, өнерін сақтап қалды. Соның ішінде сөз өнерінің орны ерекше. Себебі, тіл, сөз алдымен адамның өзін тану құралы. Тіл - адамның рухани кемелденуінің көрсеткіші. Ендеше, сөз өнері – адамзат мәдениетінің бірегей құндылығы.

Тіл мен «ұлттық рух», ұлттық сана арасында байланыс бар. Ғаламдық кеңістікте отырған адам баласы сол биіктен өз тарихын бағдарлай алады. Сөз – адам санасы қызметінің, қарым-қатынасының жемісі. Шындықты тану мен қабылдау сөз арқылы жүзеге асады. Тіл ерекше, өзіндік болмысы бар, сыртқы дүниенің құбылысы мен адамның ішкі сезім-күйінің бірлестігі, әлем көрінісі. Абайдың ақындық қуатын әйгілейтін ерекшелігі – сөзді, өлеңді жырлауы. Әрі бұл ұғымды барша сипат-мағынасымен қозғап, қайталап толымды ете түседі. Ақын өлеңнің дербес қасиетін ашып, оны сөз атаулының биігіне, патшасына балайды. Өлеңді шығаратын ақын. Ендеше, Абай ақынға талап қояды: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бишарасы». Өлең - тым биік, көркем дүние. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, қазақтың келістірер қай баласы». Осы тұста өлең мәтінін әбден түсініп, түйсінген жөн. Ақын өлеңге қатысты тіке айтатын ойының желісін, арнасын бірте-бірте кеңейтеді. Ақын өлеңді айта отырып, қоғамды, тыңдаушыны сол биікке жетелейді. Ақынның поэзияға қоятын эстетикалық талабы тым жоғары. Абай өлеңге қатысты үш бірлікті ұсынады: өлең, ақын, тыңдаушы. Осы үшеуі келіскенде ғана өлең биігінде қалады. Ал, ақын мен тыңдаушы дұрыс болмаса, өлең – әркімнің бір ұрынып, топта сарнайтын зарына айналмақшы.

Ақын өлеңді айта отырып та қоғамдағы, ортасындағы билік, кәсіпсіздік, жат мінезді («Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап, біреуді алдап, біреуді арбап») сынға алады. Ақын көпшілікке сөздің қасиет-қуатын аңдатады: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел». Халқымыз сөз сүйектен өтеді деген. Ақынның да сөзін уытты, ащы айтудағы мақсаты – жұртты ояту. Ендеше, ақын өлең кеңістігін кеңейтіп тұр. Өлең – үлкен құрал. Сондықтан өлеңді түзеу арқылы, тыңдаушыны түзейді, тыңдаушы түзелсе қоғам да түзелмек. Ақын өлеңдеріндегі әрбір тармақтың өз салмағы бар. Оның бәрі жинақталып, ақынның өзге өлеңдеріндегі ойды қозғап, мәтіндердің ықпалдасуына әкеледі. Ақын бар болмысымен өлең сөздің қуатын дәйектеді, қоғамының қандай түйіткілін де өлең арқылы жеткізе алды.

Бүгінгі жаһандық дәуірдегі шапшаң өзгеріс адам баласының мәдени-тарихи құбылыстарға етене жақындап, ғаламдық өзгерістерге оңтайлана түсуіне жол ашты. «Кемел кісі басқарған елдің жағдайы – идеалды десе де болғандай. Кемел адам – ол дара, барлық қабілет-қасиеті жағынан елден ерекше кісі, сондықтан оны Абай «единица» деп таныған. Абай басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, көңіл-күйін, басқа адамдармен қатынасын алады. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті орасан. Адам – өмірдің өлшеуіші, қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзетуші. Міне, осы Адамды түсіну, тану міндетін алға қойып, Адамды дүниенің биік мұраты деп түсіну – Абайды Ренессанстың басы екенін айғақтайды» (академик С.Қасқабасов).

Ақын өлеңдері – Абайдың ғұмырнамасы. Абай өлеңдері күрделі көркемдік ойға жетелейді. Абай – ойы, поэзиясы көп салалы, мол арналы дүние. Абайдың өлеңдері бүгінгі жаңа ғасыр көгінде де биіктеп отыр. Себебі, Абай поэзиясы – ұзаққа созылатын, үнемі түрленіп, барша қырымен қайталай жаңарып отыратын мәңгілік құндылық. Көркем шығармашылықтағы бірегей туындылар – Адамзатпен бірге жасайды. Абай поэзиясы – бүгінгі гуманизм мұраттары дағдарысқа түсіп, жаһандық өзгерістер басымдық алған заманда бізге жол нұсқайтын рухани бағдар бола бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.

2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.

3. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. ҚР Президентінің ресми сайты. 9 қаңтар, 2020.

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «АБАЙ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ» ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНМЕН ҮНДЕСТІГІ

Алдашев Нұрдәулет Мырзалыұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы

XX ғасырдың 20 - 30 жылдарында қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаған,тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов ерекше қызмет атқарды. Профессор Құдайберген Жұбановтың зерттеулерінде қазақтың жалпы халықтық тілінің әдеби үлгісі мен оның белгілі бір жүйеге түсуі тым ерте замандардан басталғандығы айтылады.

Профессор Қ.Қ.Жұбановтың пікірінше, бұл үлгі – қазақ ауыз әдебиетінің үлгісі. Себебі, жазба әдеби секілді пайда болу сәтінде қағаз бетіне түспегенімен, халық ауыз әдебиетінің дәстүрі де өзіні тұрақталған нормаларын мейлінше сақтап, қоғамдық сана ретінде қоғам мүшелерімен бірге жасасып келеді. Соның бірі өзінің дәстүрін, тілдік нормаларын сақтап қана қоймай, Абай тілі сөз өнерінің айрықша бір саласы ретінде кейінгі жазба әдебиеттің, тіпті, бүкіл әдеби тіліміздің қалыптасуына қажетті мол азық болғаны мәлім деп тұжырымдайды.

Басқаша айтқанда, ол Абай тілі – жазу мен әдебиеттің жалғасы, даму барысындағы жаңа кезеңдері деп санайды. Осындай ғылыми тұжырымдарының,үлкен бір белесі – «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегі. Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі ең алдымен, халқымыздың көркемдікті тану процесіндегі ой-санасының тарихынан көптеген қызықты деректер берумен қатар, әдеби тілдің күні бүгінгі қалыптасу заңдылықтарын терең түсінуге де септігін тигізеді. Демек, Абай тілін зерттегенде ғалым тіліміздің өте ерте уақыттардағы лексикалық - стильдік қоры мен грамматикалық жүйесінен немесе солардың бағзы бір көріністерінен хабардар болатынымыз сөзсіз деп ой түйеді. Профессор Қ. Жұбанов Абай тілін зерттеу, оны практикалық; қажетке жарату мәселесі әр түрлі аспектіде жүзеге асуы ықтимал екенін де топшылайды.

Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі арқылы Абайдың қазақ халқының тарихынды, қазақ әдеби тіліндегі алатын орнының ерекшелігін айта келіп,қазіргі жазба әдеби тілімізді қалыптастырудағы ролі өте жоғары деңгейде екенін аса бір білімдарлықпен жазып қалдырған. Ғалым Абай шығармаларындағы ауыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларына талмай көз тігіп, оларды халықтың сөз өнерінің ең шынайы үлгілері деп бағалайды. Профессор Қ Жұбанов аталмыш еңбегінде тіл білімінің белгілі бір мәселелерін талдау үстінде Абай шығармаларынан алынған лингвистикалық деректер де мол қамтылады, сондай-ақ лексикографиялық еңбектер мен оқулықтарда да фольклор үзінділері басқа тілдік материалдармен тең дәрежеде ұсынылады. Профессор Қ.Жұбанов маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігін хакім Абайдың

шығармалары мен оның мұрасының негізгі көздері көне шығыстың әдеби мұрасы мен оған тіл ұстартқаны ерекше болғанын атап көрсетеді. Профессор Қ.Жұбановтың көрсетуінше: «Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, Мырза Фаталиден бастап ешкім де шендесе алмай шығады. Ұлт тіліне ,әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда Абай бәрінен озып шығады. Өйткені, ол кезде таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісімен шығарған ол елдерде адам болған жоқ», – деп атап көрсетеді [3,254].

Ғалым–азаматтың осы пікірінің үндестігін профессор, абайтанушы М.Мырзахметовтың зерттеуінен кездестіреміз. А.Құнанбайұлының шығармаларындағы шығыстық өрнектер туралы айта келіп, ғалым: «Шығыс классиктері мен Абайдың шығармашылық байланысы, әсіресе ,ақын жасаған дидактикалық сарындағы өлеңдерде ерекше байқалады. Шығыстан келген Абай өлеңдеріндегі ой ортақтастығы мен өлең өрнегіндегі соны үлгілер де біршама сезіледі.Ақынның жастық шағындағы табиғи таза еліктеу арқылы дүниеге келген «Иузи – раушан,көзі -гауһар» өлеңінде Абай өлең өрнегін қазақта жоқ ғаруз үлгісімен құрады» -,деп ой түйеді [4,28]. Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығының және қазіргі заманмен үндестігінің тағы бір қыры, ауыз әдебиетінің тілі, оның жазба әдеби тіл жасауға қатысы деген мәселелер күні бүгінге шейін лингвистика тұрғысынан маңызын жоймаған құнды пікір деп қараймыз.

Профессор Қ.Жұбанов Абай тілін, оның қазақ әдеби тілінің қалыптасуына сіңірген еңбегін айта келіп, «...ендігі міндет — оның шығармаларының табиғатын тілдің мәліметтері негізінде зерттей келіп, оның әдеби тілмен ара қатынасын көрсетуге тиіспіз», – деп ой тұжырымдайды [3]. Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығының қазіргі заманмен үндестігінің ерекеше бір қырын М.О. Әуезовтің 1934 жылы жарық көрген «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласынан табамыз. Осы ғылыми мәні өте жоғары,абайтану ілімінің бастау көздерінің бірі болған осы мақалада: «... Абай мұрасының рухани көздері туралы түпкілікті түрде баяндағанын аңғарамыз [12,.239]. Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігін тарихи мәнін М.О.Әуезовтің:«...қазақ филологиясының,әдебиеттану ғылымының алтын қорына қосылатын бағалы еңбек», – деп жоғары бағалауы ғалым – азаматқа Абай шығармаларының тілінің ұлттық сипаттарын терең ашып, білімпаздықпен талдағанына берген баға [12] Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігінің тағы бір көрінісі қазақ әдебитілі мен жазба тілінің негізі етіп – қазақ халқының ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан фольклор тілі деп айта аламыз.

Бұл үндестіктің тағы бір көрінісі, «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер – заманның атасы» деп жазған Ұлттың ұстазы Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлы) толғанысы хакім Абайдың зерделі ойларына сүйенгеннен шыққан шығар. Себебі, көне де ықылым замандардан бері Абай әлемі ұрпақтар сабақтастығының үзілместей алтын жібі болып жалғасып келеді. Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығының және қазіргі заманмен үндестігін осы мақала арқылы қазақ елінің шаңырағын көтеріп, уығын қадап, іргесін бекітіп, нығайту жолындағы өткен жолдарды Абай тағлымы жас ұрпаққа үлгі өнеге ретінде көрсетіп отыр.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігіне зер салсақ, қазақ халқының ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан Абайдың мұраларын әлі де болса зерделеу арқылы «...шығармаларына шын ниетімен тілеулес болғанын,осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз» деген пікірі,халықтың тарихын,рухани байлығын, оның ерекшеліктерін тану мәселесінің қажеттілігі айтылған.

Сондықтан Абай әлемі арқылы қазак халқының тарихымен байланысты қалыптасу жолын барлауға ұмтылыс жасау арқылы тереңірек түсіну керек екенін айта

келіп хакім Абайдың мына ғибратты сөзіне назар аударғанды жөн көріп отырмыз: «Әуелі – білім – ғылым табылса ондай мұндай іске жаратар едім деп дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек.Оның себебі білім – ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет деп білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат тыныштық пайда болады», – деп хакім Абай атамыз айтқан ұстанымдағы ой арқылы Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегіні – қазақ елінің жүгін арқалаған тарихи мақала деп есептейміз. Себебі, бұл мақала – қазіргі уақытта қоғамға қызмет етуді мақсат ететін, қабілетті, елдің өнері мен мәдениетін тани білетін, жалпы дүниежүзілік адамзатқа тән бағалы қасиеттерді бойына сіңірген, халқының тарихы мен салт-дәстүрін білетін жас ұрпаққа қаратып жазылған.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігінің көрінісі «...асқан ойшылдығы діни талғамынан да айқын көрінеді» ден жолдары ұлы Абайдың өзі де «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп айтуы ,Жаратушының шеберлігіне бас иген, осы шеберлікке бас ию арқылы Абай құдайға құлшылықтың мәнін түсіндірген деп қабылдай отырып, Абайдың «Әрбір ғалым адам хакім емес, әрбір хакім ғалым», «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді», «Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық пиғыл...», «Ғылым Алланың бір сипаты... Бастың аты хақ, хақтың бір аты – Алла», «Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ғақлияттарына талдау жасап, оған ғылыми тұжырымдамалар беру арқылы халқымыздың мың жылдық рухани дүниесін қайта тірілті деп айтсақ артық болмас.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі – халық әдебиетінің тарихи шындыққа көзделе тұрса да, сол тарихи болмысқа халықтың танымдық қатынасын білдіреді, сонымен бірге Абай шығармаларының тілі бслгілі бір тарихи дәуірдің ғана тілі емес, сонымен бірге қоғамдағы шындықтарға негізделеді деп есептейміз.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі – Абай тілінің ерекшелігін, стилін, көркемдеу құралдарын әрі лингвистикалық. әрі танымдық мақсаттан зерттегенін айқын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбаев А. Өлеңдер мен поэмалар, Алматы,1976.
2. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы, Алматы, 5 том.
3. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым»,1999.
4. Мырзахметұлы М. Абай және шығыс.Алматы, «Қазақстан»,1993.
5. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. Алматы, 1989 ж.
6. Абайды оқы, таңырқа... Алматы, «Ана тілі».1993.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы. Санат, 1995.
8. Өміралиев Қ. Абай афоризмі. Алматы, Қазақстан,1993.
9. Мырзахметов М. Восхождение Мухтара Ауезова к Абаю. Алматы. Санат,1994.
10. Жұбанов тағылымы. Қ.Жұбановтың 100 жылдығыеа арналған конференцияның материалдары. Ақтөбе, 2008.
11. Жұбанов тағылымы. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Ақтөбе, 2002.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ

Қобыланов Жоламан Таубайұлы
филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы КМТИУ профессоры

Қазақ елі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында феодалдық қоғамдық қатынастар дәуірінде болды. Қазақ халқы, бір жағынан жергілікті феодалдардың, екінші жағынан Ресей Патшасының зор қанауының, езгісінде болды. Еңбекші бұқараның хал-жағдайы өте нашар болды, өйткені олар әр уақытта алуан түрлі ауыр салықтар төлеп отыруға мәжбүр болды. Қанаушылар олардың құнарлы - шұрайлы жерлерін тартып алып, өздерін шөл және шөлейт жерлерге ығыстырды. Ресей патшасы байырғы ұлтты одан әрі жаныштап, езуді күшейтті. Ал,жергілікті үстем тап, қалыптасып келе жатқан буржуазия, дін басылары, патшалық ресей үкіметі халықты революциялық күрестен аулақ ұстауға тырысты, қазақ бұқара халқын орыстың жұмысшы-шаруа табынан, алдынғы қатарлы интеллегенциясынан алыс ұстауға әрекет жасады, араға іріткі салды, ұлтаралық дау-дамайды, жанжалды насихаттады.

Осылардың салдарынан Қазақстанда бұқара халықтың патшалық ресей үкіметіне, жергілікті хандарға, байларға қарсы әлденеше стихиялық ереуіл-көтерілістері болды, бірақ олардың бәрі күшпен басылып отырды. Осындай ауыр жағдайлардың нәтижесінде және орыс демократиясының, мәдениеті мен ғылымының игілікті әсерінің негізінде Қазақстанда алдыңғы қатарлы философиялық, әлеуметтік-саяси ой-пікірлер қалыптаса бастады. Қазақ халқының ұлы ақыны және ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ағартушылық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өтті. Оның философиялық-әлеуметтікөзқарастары осы кезде қалыптасты.

Ақын ғұмыр кешкен заманның жағдайын білу үшін XIX ғасырдағы Қазақстанның тарихын еске алу керектігін М.Әуезов ескертеді де: XIX ғасырдың орта кезі, екінші жартысында Абай кезінде болған жағдайларды білу үшін сол кездегі жалпы Қазақстанның тарихи халін еске алу керек [1,5].

Абай өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды әлеуметтік мәселелерді түсіндіруге қолданды.

Ақынның әлеуметтік көзқарасы, дүниетаным бағыттары – айдан анық. Халықтық, бұқарашылдық жақтан ауытқыған емес, әрдайым өз дәуірінің көкейтесті мәселелерін көтере білді. Кемеңгер шығармалардың әр жолынан дәуір үні сайрап тұрады. Сондықтан да Абайды заманының тамаша ұраншысы, оқу-өнер, білім ісінің жалынды жыршысы, жақсылық пен жарқын болашақтың жаршысы деу орынды.

Абайды өмір қайшылықтарын жай ғана суреттеп, жаманынан жиреніп, адамшылық үгіт-насихат айтып өткен өсиетші ақын деп қана тану жеткіліксіз, тіпті, мүлдем үстіртін баға. Абай өзі өмір сүрген заман шындығын ақтара зерттеп, оның бойындағы мерездерін аямай сынауға күш салған батыл сыншы, тіпті, сол заманның әділ үкімшісі де болды. Қазақ даласының сұрқай тіршілігін, үстемдер озбырлығын, екіжүзді, жемқор, алдамшы топтарын, арамза молда, арызқой пысықайларын өлтіре сынап, оларға деген ел наразылығын айқын танытты. Дәуірінің ащы да ауыр шындығы, шиеленіскен қайшылықтары, тағылық, талан-тараж, береке-беделсіз тартыс-арпалыстар, дау-жанжал, бақталас-бақастықтар, күншіл күшті-бейбастақтар – барлығы өзінің нағыз шынайы бейнесінде зәрлі тілмен мысқылданады. «Дүтбайға» деген өлеңінде ас-суын алдыңа әкелген, көз алдында бәйек қаққан байдың әлгі сый-сияпат көрсеткен адамның сыртынан, оның көзі жоқ жерде талай сұмдықты істеуге баратынын сынап, олардың бойындағы тұрлаусыздықты, жылпостықты өте шебер бейнелейді. Жылпос байдың бейнесін көз алдыңа елестетеді.

Бір көрмеге тәп-тәуір,
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп бықсып ар жағы.
Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп...
Тұрлауы жоқ құбылып [2,53], –

деп, қазақ болыстарының мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне тән құбылыстар, олардың көз бояғыш әрекеттері табиғи бейнесінде айқын да шынайы суреттеледі. Ұлықтар алдында құрдай жорғалап, өзінен зорларға қол қусырып құлшылық етіп, ал қарапайым халыққа кісімсіп, бөрідей түксиіп қалатынын әдемі мысқылдайды. Олардың бет пердесін жұлып тастап, шын тұлғасын танытады.

«Мәз болады болысың», «Бай сейілді», «Күлембайға» өлеңдеріндегі болыстар сиқы да осындай. Ел өмірінде етек алған қулық-сұмдық, өтірік-өсек, сыбыр-жыбырға, мәнсіз мақтанға әуестіктер де жеріне жеткізе («пысық кім деп сұрасаң») сыналып, қыңыр-қисықтар мен қырсыздар тобы әшкере болады. Халқына қасқырша тиіп, қан көрсе өлексеге шүйілген құзғындай тиетін басқа да жемсау құлқын құмарлар бейнесін, сәлдесі дағарадай болса да, көңілі соқыр, малқұмар надан молдалар сиқын Абайдай айқын танытқан ол тұста еш ақын болмағанын дәлелдеп жатудың өзі артық. Абайдың бұл сияқты сындары жай сипай салды сын емес және ол жеке адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекеттеріндегі кемістіктерді түзетіп қана қоюды тілейтін дәрменсіз де емес. Абай сындарының нысанасы айқын. Ол жеке адамдар емес, түгел қоғамдық топ, үстем қоғамның әлеуметтік негізіне бағытталған, тиген жерін ойып түсетіндей саяси бағыты айқын сын. Сондықтан Абай шығармаларының озық үлгілерін жай ағартушылық реализм тұрғысында танудың өзі де дәл емес. Ол нағыз сыншыл реализм үлгісіндегі шығармалар ретінде танылуға тиіс. Асылы, Абай шығармаларының сиқырлы сырының көзі оның жай шыншылдығында ғана емес, сол сыншыл реализм әдебиеті жеткен жоғары сатыға, нағыз көркемөнер сатысына қазақ поэзиясын көтере білуінде, өз шығармаларын сол биік тұрғыдан шығара білуінде болса керек. Абай шығармалары надандық пен озбырлықты сынағыштығымен ғана сыншыл реализм дәрежесінде деп отырған жоқпыз. Бұл – мәселенің бір-ақ жағы. Ал кемеңгер ақынның поэзиясындағы көркемдік нәр, нағыз әдебиетке тән суреткерлік үлгілері – түр, мазмұн жаңалықтары. Тіл ұстарту жолдары, ақындық қуат, поэзияның қоғамдық сырын аша білуі – бәрі қосылып, Абайдың сыншыл реализм әдебиетінің өкілі дәрежесіндегі ақын екенін толық танытады. Ол әдебиеттің түрі мен мазмұнын біртұтас күйінде таныды. Оны озық демократтық, ағартушылық идеяларға ұштастыра білді. Абай өз елінің патриоты, зор гуманист жазушы болды. Халқының сол кездегі хал-жайына қайғырып, оған шын жаны ашып, күйіне, күйзеле жыр шертті.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі – қан, бірі май боп екі ұртың,
Бет бергенде шырайың сондай жақсы, Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.

Көрсеқызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың. Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздеріңді түзелер дей алмаймын, Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың [2,76], – дегендегі ақын күйініші нағыз жанашыр патриотқа тән толғаныс. Елінің қайғылы халіне күйзеліп, күйініп айтқан сөзі. Нағыз патриоттың айтар сөзі. Абай өлеңдерінде

кедейдің ауыр тұрмысы, жарлы-жалшылардың сүреңсіз өмірі, еңбексіз еріншектер – құр селтеңмен өмір кешетін бай-мырзалар бейнесі ақын шығармаларындағы тағы бір ауыр шындық куәлары. Азамат ақын ашқан халық қасіретінің бір көрінісі. «Кедейдің өзі жүрер малын бағып, отыруға отын жоқ үзбей жағып» - міне, кедей тұрмысы, «сырмақ қып астына, байының тоқымын, отының басына, төренің қоқымын», - міне, болыстың атшабары Масақбайдың үй іші. Ал байлар кәсібі қандай?

Байлар жүр жиған малын қорғалатып,
Өз жүзін, онын беріп алар сатып.
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?

Данышпан Абай қазақ халқының әлеуметтік дамуын еңбекпен байланыстырады. Еңбектің терең әлеуметтік мәнін түсіндіреді. Ғұламаның шығармаларында еңбек қоғамдық прогрестің негізі, материалдық құндылықтарды шығару көзі, халықтың тұрмыс деңгейін түзетудің басты құралы ретінде баяндалады. Сол кезде жұрт арасында еңбекке қатысты қалыптасқан немқұрайлылық, еріншектік, жалқаулық сияқты келеңсіз құбылыстардың әлеуметтік мәнін ашып, олардың қоғамның алға басуына кедергі болып отырғанын, халықтың негізгі бөлігінің материалдық жағдайының төмендігін айта келіп, халықты аянбай жұмыс істеуге шақырды. Кедейліктің мотивін еңбексіздіктен іздеген Абай «Еңбек жоқ, қарекет жоқ қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей?» деп қынжыла жазды. Еңбек етуші адамға шаруашылық жүргізгенде «жинақылық керек, әрбір жинақылық түбі кеніш болады» деп, еңбекті ұтымды жүргізуге насихаттайды, өйткені ұтымды еңбек ету әлеуметтік прогреске жеткізудің жолы, кедейліктен шығудың бірден-бір басты құралы еді. Кедейлікпен күресе алмаған, одан шыға алмаған кісі кер келеді. Абай еңбектің сипаты мен мазмұнына ерекше мән берген.

Елдің реңін алып, бос кезбелікке салынып, ас аңдып жүрген арсыздарды қаңғырған бұралқы итке ұқсатады:

Мінер атын, киімін ып-ықшам ғып,
Сымбаттанып, сымпиып, тамақ аңдып...
Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.

Қазақ арасындағы бұл сияқты жұғымсыздықтарды сынап қана қоймай, ақыл-кеңес айтып, жөн сілтейді.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек,
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Абай – терең ойдың ақыны. Ол әрбір шығармасын жүрек тебіренте тереңнен толғайды. Кемеңгер ақын өлеңдерін сыдыртып оқып шығып, толық түсінік алдым деу қиын. Әрбір өлең жолдарының өзіне үңіле, ойлана оқу ғана дегенге жеткізеді. Оқыған сайын бұрын оқыған Абай сөздерінің жаңа сырын ашып отырасың.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла, –

деген жолдардың өзінен-ақ ақын көп нәрсе аңғартқандай. Оқушысын ойланта жыр шертті. Заман кесепатын көп көрген ақын кезінде қолдаушысын таппай жабығып, жалғызсырайды да. Сөйтсе де түңілмей ізденіп, жарқын өмірдің сәулесін көрсетуге күш салды.

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы – мұңға жуық [3,28].

Қазақ халқының мешеулігіне қайғырған Абай патриархалды-феодалдық әдет-ғұрыптарды, надандықты, артта қалғандықты, кертартпалықты ызамен сынады. Оларды қазақ халқының даму жолындағы басты кедергі деп санады. Қазақ елінің дамуына жол ашып, оны мешеуліктен құтқарудың негізгі құралы – орыс білімі арқылы

халықты ағарту деп білді. Абай халықты оқыту жұмысын бір орталықтан басқарып, жас буынды тәрбиелеуде үздіксіз қамқорлықтың керектігін көрсетеді. Абайдың бұл идеясы бір жағынан өз заманында іс жүзінде аспайтын қиял болғанымен, екінші жағынан, болашақта жемісін беретін өте игілікті идея болды. Абай адамдарды көркіне қарап емес, адамгершілік деңгейіне қарап бағалау керектігін ерекше атап көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. О. Абай Құнанбаев: монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
2. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы. 2008. –384б.
3. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 2008. –568 б.

АБАЙДЫҢ МҰСЫЛМАНШЫЛДЫҚ ПЕН ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ҮНДЕСТІГІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Шохаев Мустафа Табиғатұлы
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің магистранты, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Ә. Қабылов

Қазіргі қазақ қоғамының да және Асқар Сүлейменов айтпақшы: «келер қазақтың да ішетін уы мен балы – Абай». Соңынан өлмес мұра қалдырып, сан ғасыр қазақ халқының санасын ағартуға қызмет еткен Абай шығармалары, бүгінгі күні де келер ұрпақты тәрбиелеуші ұлттық концепциялардың негізіне айналды. Хәкімнің жазған туындыларының мазмұны қаншалықты ашы болса, соншалықты тәтті. Оның өзектілігі – Абай қоғамы мен бүгінгі қоғамның ұқсастығында. Бірақ бұл қуанатын емес, күйінетін жайт. Себебі, Абайдың шығармашылығы негізінен қоғамдағы келеңсіздіктерді көрсетуге, адам баласының мінез-құлқын сынап, оларды тура жолға бастауға арналған. Ол өз шығармаларында қоғамға құр өкпе-ренішін білдіріп қана қоймай, адамгершілікке, құдайшылыққа, баянды өмірге жетудің «бағдарламасын» ұсына отырып, адамзатты ақ жолға бастағысы келетін кісінің айтуы тиіс ақылын түгел жеткізе алды. Сол себепті де өзіне қазақты сендіргісі келген әрбір жан халқының асылы Абайдың еңбектеріне сілтеме жасайды. Бұндай тәжірибенің теріс те жақтарын көріп, көп жыл «жаратушы тұрғанда, жаратылғаннан не сұрайсың?» деген пікірді Абайға теліп, құдайдың ерекше назары түскен әулие-әнбиелердің тылсым күштерін жоққа шығару үшін қолданып келдік. Асылында, Абайдың мұсылманшылығы, құдай, өмір жайлы түсінігі көп жағдайда діни «шаблондар» шеңберінен шығып, ашылып тәпсірленген «тілге жеңіл», «теп-тегіс, жұмыр...» білім. Мұхтар Әуезов тұжырымдағандай: «... сыншыл ақылдың шартты діні» [1,193].

Дін мәселесі – қай заманда да өзекті әрі өте кірпияз тақырыптардың бірі. Себебі оның арғы жағында адам санасымен өлшенбейтін Құдай мен түпнұсқасы бөтен тілде жазылған қасиетті кітаптар, бергі жағында руханият сырын іздеп шөліркеген адамзат баласы бар. Адамның ең мықты әрі ең әлсіз тұсы да осы дінде. Хәкім Абай өз шығармаларында құдай, құдайшылық, дін туралы көптеген мәселелерді қозғайды. Қарасөздерінің өзінде 93 рет «құдай» сөзі қолданылса, «құдай», «алла» сөздері 31 қарасөзінде кездеседі. Өзге 14 қарасөзінде адамшылық, құдайшылықты насихаттап, құдайдың өзге сипаттарын көрсетеді. Оның үстіне, Абайдың ақын шәкірттерінің шығармаларында да бұл мәселелер көптеп көрініс тауып отырған. Ақынның сынынан (немере інісі Шаһкәрімді сынағаны секілді) өтетін бұл туындылардағы діни деректерді де біз Абайдың көзқарасын көрсетуге қолдана аламыз.

Абай дүниетанымындағы елеулі қайшылықтың бір көрінісі оның дінге көзқарасында жатыр. Абай ақылмен, сыншыл оймен түп иесін тануға ұмтылған батыл

әрекетінде ойшылдық танытады [1,195]. Сол себепті, Абайдың исламиятқа қатысты көзқарасын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген сөзімен түйіндей қоюға келмейді. Ойымызды ашып жеткізу үшін ақын шығармашылығында қолданған нақты мысалдар мен құдайшылықтың көрінісіне, діни деректерге тоқталып кеткеніміз жөн. Өйткені, қазіргі уақыттағы кейбір діни мәліметтердің мүмкін аударманың әсерінен, мүмкін білімнің аздығынан болар, әр жерде әркелкі болып, кей тұстарында логикалық байланыс болмай жатқанын көріп жүрміз. Оған қоса діни білімі бар мамандардың да арасында пікір қайшылықтары орын алып жатады. Мұндай пікір қақтығыстарының болуы заңды нәрсе. Себебі, Құран Кәрімнің Анкабут сүресінің 46-аятында «Адамдарға баян етілген бұл мысалды ғалымдар ғана түсіне алады» деген құдайдың сөзі бар. Демек, араб тіліндегі дінді тәпсірлеуде ғалымдар мен ғалым еместердің ойлары бір арнадан шықпасы анық. Осы тұрғыдан қарасақ, Абайдың «сыншыл ақылдың шартты діні» – өзі айтқандай, әулиелерден кейін тұрған Хәкімнің, ғалымның ой елегінен өткен, ақиқат жолды нұсқар бағыт.

Абай өзінің жиырмасыншы қарасөзінде «тағдырдың өзгерілмейтіні», «дүниенің бірқалыпты тұрмасы» жөнінде айтып, қазақ танымында қанша айтсаң да ескірмейтін «жазмыш» түсінігін жалғайды. Бұл ақиқат заңдылық болғанымен де, өзгермейтін тұтас бір тағдыр ма, әлде тағдырыңдағы дүниеге келуің, өмірден өтуің секілді негізгі оқиғалар ма деген сұрақ туындайды. Өмірден өтуіңді де кей жағдайда шартты түрде қарауға болады. Өйткені, құдайдың, әулиенің разылығын алып, не болмаса ата-анасының ақ батасының арқасында, халқының ақ тілегінің көмегімен аман қалған, ұзақ ғұмыр сүрген адамдар турасында аңыз-әңгімелерді көп оқыдық. Көптің батасын, тілегін алсын деп балаларын есік алдына қолға су құюы үшін тұрғызып қоятын Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.а.у.) амалында да үлкен ғибрат бар. Әйтпесе, қазақ танымындағы алғыс пен қарғыстан, бата-тілектен не қайыр, не зиян? Қазіргі көптеген діни білімі бар кісілердің Құран Кәрім аяттары мен хадис-шарифтерді тәпсірлеуі бойынша адамның басына қиындық келсе, ол – Құдайдың берген сынағы, әмірі. Шәhкәрімнің еңбегінде де иманның жеті рәкәні туралы сөз болғанда «... Барша жақсылық, жамандық істер аллатағаланың тағдырынсыз болмайтындығына нандым hәм өлген соң тіріліп сұрау беретінімізге нандым» [4,9] деген үзіндіге тоқталады. Бұл мысалды Шаhкәрімнің өзге ойларымен қатар қарастыра отырып зерттемесе, не нәрсе болса да, адамның еркінсіз, оның әсерінсіз барлығы бола береді, алдын ала пешенемізге жазылып қойған деген тұжырымға одан әрі иландыра түседі.

Осы мәселе турасында ой қорытсақ, қазіргі қоғамның әрбір мүшесі оқып, көңіліне тоқып алуы тиіс Абай қарасөздерінің бірі – жиырма сегізінші қарасөз. Мұнда адам көңіліндегі көп сұраққа жауап табылар еді. Құдайдың артық ақыл иесі әрі әділдігі ашылатын бұл жазбасындағы мына үзіндіге назар аударсақ: сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ [3,115]. Ұққанымыз, Абай бұл пікірі арқылы қоғамдағы «жазмыш», «маңдайға жазғаны» түсінігіне түзету енгізгендей. Өйткені, бұл үзіндіден біз адамға Құдай тарапынан үлкен еркіндік, кең таңдау берілгендігін көре аламыз. Бұл Құдайдың «әділ» сипатын одан әрі аша түседі. Адам баласы ауырса – өзінен, жарлы болса – өзінен деген ойы арқылы, адамның мінезі, іс-әрекеті, ниеті мен ойы, тіпті жан-жағындағы адамдардың да оған деген ықыласы оның өміріне әсер етпей қоймайды дейді. Жазушы, драматург Рақымжан Отарбаевтың күнделігіндегі жазбалардың бірінде Мысырдағы «Қайтпай» мешітінің бас имамымен болған сұхбатында да бұл түйткілді ой (барлық өмірінің алдын ала маңдайға жазылып қойылуы) діндар кісінің алдында сауал күйінде тасталады. Алайда ғұлама сұраққа жауап бере алмай, дұрыс пікір, орынды сұрақ деумен ғана шектелген екен. Бұл ойды одан әрі жалғай түсу үшін жоғарыда мысалға алынған Шәкәрім сөзін жалғастырар болсақ, өз еңбегінде ақын «бұл сөзді бек анықтап ұғу керек» деп ескерту жасайды.

Өйткені, адам баласының ақпаратты ұғу процесі берілген материалдың жеңіл-ауырына қарамайды. Сол себепті де, иманға «дәлел тауып илануға» шақырған ақын, жазмыштың мәнісін үш сұраққа жауап беру арқылы былай түсіндіреді: «Әуелі адамға түк ерік жоқ деген кісіге айтамыз: Адамда түк ерік жоқ болса, пенденің ғибадатына сауап, күнәсына қылғаны ғаділет емес болады. Себебі бәрін алланың өзі қылғызып, оған біріне сауап, біріне жаза дұрыс болмайды ғой. Аятта: «Анық алла тағала пенделеріне залым қылмайды еш нәрседен, бірақ пенделер өзіне өздері залым қылады» – деген... Енді дүниедегі іске алла тағала кіріспейді деген кісіге жауабымыз: – Егерде олай болса пайғамбар да жоқ дегенің болады. Себебі пайғамбар да әншейін өздігінен бір себеппен болған болады. Оның үшін алла тағала дүниеге кіріспеген соң, қалайша пайғамбар жібереді және сауап, кінә, тілек – бәрі бекер болады. Себебі алла тағала дүние ісіне кіріспесе тілекті де бере алмайды... Енді алла тағала біздің не қылатұғынымызды біліп қойған, оны қылмай кетуге болмайды деген сөзге жауабымыз: бұл сөзің сөз емес дейміз. Себебі алла тағаланың сен де қылатұғыныңды білгені саған зорлық қылғаны емес, ғылымның зор болғандығынан білгендігі саған әзір болмайды» [4,15-16]. Бұл тұста да Абайдың толғамы мен Шаһкәрімнің жауабы бірін-бірі толықтырып тұрады. Қасиетті кітаптарда жазылғандай сауап пен күнә түсінігі ашыла тәпсірленеді, ақиқаты айқындала түседі.

Еңбекқорлық, құдайдан тілек тілеуге қатысты жазған ой-толғамдарында Абай қамсыз жатып бала тілеген, мал тілеген жандарды қатты сынайды. Олардың бұл әрекетін ар сату мен тіленшілікке балап, құдай берген қуатты қолданбайтын, баласына ғылым үйретіп, байлығын соның жолында жұмсай алмайтын кейбіреулерді айыптайды. Абайдың топшылауынша – құдайдың берген қуаты – бақытың, байлығың, саулығың мен амандығың. Ал оны әрі қарай өзгеге және өзіңе игілікті іс үшін қолдана алмасаң, мүмкіндігіңді керегіңе жаратпасаң, Құдайға бермедің деп өкпелемеуің керек. Сонымен бірге, Абайдың осы бір ой-толғамдары айтылған оныншы қарасөзінде ғылымның адам өміріндегі маңыздылығына аса мән беріледі. Жазу жазып бастағаннан, ғұмырының соңына дейін баласына да, басқасына да ғылым-білімді насихаттайды. Абайдың түсінігінше оқып, іздену тек байлық-мұратқа емес, Құдайды тануға дейін апарады. Отыз сегізінші сөзінде ғылымды Алланың бір сипаты деп көрсетеді. Оған тағы да жеті сипатты жалғап, Құдайға ұқсап бағуға шақырады. «...Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», – деген тұжырымын да естіп, оқып білім жүрміз [3, 99]. Абайдың бұл пікірін ұлы ойшыл, адамзат баласының ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген қанатты сөзімен байланыста алып, кез келген құлшылықтың алдында адам білім іздеп, рухани толысуы керек деп топшылауымызға болады. Өйткені, адам баласы кімге, не үшін, не мақсатта құлшылық етіп, адамшылық нормаларынан не себепті аспай жүргенін ақылмен ұғынып, анық сезіне алса, оның мұсылманшылығы соншалық берік болар еді. Бұл туралы Абай жиырма сегізінші сөзінде: «Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?» [3, 115] – деп ғибадатты тазалану емес, тазаланып барып Құдай алдында оның разылығы үшін жасалатын амалың дейді. Әйтпесе, Абай «он алтыншы сөзінде» айтқандай, ғылым оқып, білім алмағаннан құдайды саудагер деп санайтын, санасатын, құлшылығын міндетсініп, оның мөлшерін көптің ісімен өлшейтін жандар аз емес: «...Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды... [3,103]. Абай танымды зорлықпен тануға қарсы. Ақылмен, біліммен, ғылымның күші мен өмірлік тәжірибемен Алланы таны дейді. Шын пейілсіз тану – антұрғандық» [2,167]. Ал егер бұлардың күшімен тануға мүмкіндігің болмаса,

құдіретің жетпесе, он екінші сөзінде көрсетіп өткен екі шартты орындай отырып, ғибадатыңды жалғастыра бер дейді: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның иғтиқатын махкамлемек керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек» [3,100].

Қазіргі уақытта діни мемлекеттер мен Еуропаны салыстыра келе, Ислам мәдениетінің кесірінен мұсылман қауымында ғылым дамымай қалған деген пікір де айтылып жүр. Статистикаға сүйенер болсақ, соңғы бір ғасырда Нобель сыйлығына үміткер болған 12 мұсылман игі жақсылары (оның ішінде тек 3-і ғана ғылым саласында) үміткерлердің бар болғаны 1,4 пайызын құрайды екен. Бұл әлемдік деңгейде жақсы нәтиже деп айта алмаймыз және ол қоғамдағы пікірдің растығына қосымша дәлел. Бұндай көңіл толмайтын жетістіктерді ғылымның қасиетті кітаптарда, ғұлама, ойшылдар еңбектеріндегідей жеткілікті деңгейде насихатталмауынан деп те айтуымызға болады. Өйткені, әлемдік өркениет тарихына үңілсек, мұсылман ғалымдарының жаратылыстану ғылымдарына қосқан үлесі зор. Оны сол кездегі дін мен ғылымның бірін-бірі мойындап, бірлікте адам иігілігі үшін қызмет еткенінен деуімізге болады. Әлемнің екінші ұстазы атанған Әл Фараби де, медицина атасы Ибн Сина да және осылар секілді өзге ғалымдар Алланы құдай деп танығандардан.

Абайдың философиясының негізі болған «табанының топырағы көзге сүртерлік» «толық адам» негізгі 3 қасиеттің бірігуінен тұрады: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Бірақ Абай өзінің 17-қарасөзінде ғылымға жүгінген үшеуден жүректі артық қойып, құдайшылықты сонда жасырады. Бұл оқиғадан алар ғибратта да үлкен салмақ бар. Себебі жүрек сөзі Құран Кәрімде 132 жерде қолданылған болса, солардың біреуінде сау жүрекпен Құдайдың құзырына келген жан ғана бақытқа бөленетінін айтып өтеді: «Ол күні (қиямет күні) мал да, бала-шаға да пайда бермейді. Тек, кімде-кім Алланың құзырына қалбун салиммен, яғни сау жүрекпен келсе, сол адам ғана пайда табады» (Шұғара сүресі, 88-89 аяттар). Абай философиясының ең маңызды ұғымдарының бірі «Иманигүл» шарттары үш сүюге негізделген болса, сүю, жақсы көру жүрекке тән әрекет. Өз еңбектерінде Аристотель жүрекке «ең маңызды орган», Авиценна «саналы орган», Андрес де Лагуна «дененің патшасы, Күні» деп баға берсе, олардың ойларының түгел тоғысатын тұсы: барлығы да жүректі ақыл, қимыл, сезім, табиғи жылулықтың орны деп санады. Олардың ойынша тіршіліктің жылуы жүректе орналасқан. Ал өкпе мен ақыл оны суытушылар. Адамның барлық ішкі-сыртқы іс-қимылдары жүрекке тән, жүректен шығады деп түсінген.

Сократ пен Аристодимнің сұхбатына құрылған «Сократ хакімнің сөзі» қарасөзінде Абай жаратушының «артық ақыл иесі» екенін көрсетіп, Ислам дініндегі Алланың субути сипаттарын аша тұссе, Сократтың «Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығыма не қылып мұқтаж болады?» деген сұрағына Аристодим «мұқтаж болмағанда да, біреу сенің қамыңды жесе, сенің оған қарыздар екендігіңе де ұстаз керек пе?» деп жауап қатады. Бұл үзіндіден жер бетіндегі мақұлықтар ішінде артық жаратылған адам баласының құлшылығын тек Құдайдан қорқып, тозақтан қашып жасаған амалы деп қабылдаудың, Абай айтқандай «қарыздың өтелуі» не болмаса адамның Алла разылығы үшін қылған әрекеті екендігіне қайшы пікір екенін көре аламыз. Алғашқысында адамның өзінің күні үшін тырмысқаны басым да, соңғысынан оның Құдай берген өмірге, жар, қорған болғанына деген шын ықыласы байқалады. Отыз бесінші қарасөзінде де адамзат баласының ниетіне зор мән берген Абай, махшарға барғанда болуы керек оқиғаны баяндайды. Ондағы басты кейіпкерлердің өмірде халқына сыйлы болғанына, ізгі іс еткеніне қарамастан Құдай алдында сұраудан өтетініне, ол сұраудан да тірісінде ниеті түзу болған қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттер ғана аман құтылады дейді. Діни деректер бойынша бұл кісілердің баратын

орны пейіш, мәңгі бақытты орын болғанымен, пиғылының терістігі үшін өмір бойы еткен ғибадаты босқа кетіп, кез келгені Барсисаның күнін кешіп кетуі мүмкін. Осы арқылы Абай «сыртың – пысық, ішің – нас» пенделерді адамгершілік жолына бұрғысы келеді. Сопылық ілімнің негізін қалаған Ахмет Яссауидің хикметтерінде де мұндай екіжүзді жандар былай сыналады:

Қасиетсіздер қасиетті боп көрінбек,
Тіліменен қол ұшын беріп, ішіменен бөлінбек.
Шайтаннан артық мекерлігін жасырар,
Таң да Махшар күні қара жүзі ашылар... [6, 221]

Абайдың қарасөздерінде қазақтың бірнеше мақал-мәтелдерінің сынға ұшырағаны белгілі. Оларды сұрыптау жүргізгенде де, Хәкім мақал-мәтелдердің құндылығын құдайшылық, адамшылық таразысына салып өлшейді: «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек [3,116]. Қазақ халқындағы ата-ана батасының бағасы қаншалықты жоғары болса, Қасиетті Құран Кәрімде де ата-ананың дәрежесі арта түседі. Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафадан (с.а.у.) қалған хадистердің бірінде де ата-анасына құрметсіздік танытқан адамның Алла тағала парызын да, нәпілін де қабыл алмайды деген ескерту айтылған. Бұл тұрғыдан қарайтын болсақ, ғибадаттың өлшемі парыздың өтелгенінде емес, шын пиғылмен жасалған әрбір амалда жатқанын көре аламыз. Абай да өз туындыларында амалдың ниетіне көп мән берген. М.Әуезовтің Абайдың исламиятқа қатысты толғамдарын зерттеудегі екінші тезисінің «Абайдың діні – адамгершілік діні» аталуы бекерден бекер емес.

Құдайшылық туралы келесі бір қарасөзінде Хәкім Абай ақиқатқа нанса да, жүрегімен сеніп мойындамаған, естіген мен оқығанын тексертіп барып көңілге тоқымайтын, дүние қайғысынан ахирет қайғысын төмен қойып, реті келсе, таңдау тұрса дүниеге керектіні алып, Құдайдың кеңшілігінен рақымшылық күтетіндерді айыптайды. «Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес» деп кесіп айтқан Абай «ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» екендігін ескертеді. Бірақ бұл арқылы Абай өмірден баз кешіп, о дүниенің ғана жайын ойла демейді. Бұл ойын өз сөзімен толықтырсақ, «Яғни, пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып hу деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Хәрами, макруhи былай тұрсын, құдай тағаланың қуатыменен, ижтиhад ақылыңменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген ниғметтеріне, онан көрмек хұзурға суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?». Мұсылманшылықтың жөні турасында ойланған Абай ахиретті уайым қылып, дүниедегі Құдай жаратқан кереметтен құр қалмауды да ескертеді. Айтпағы, Құдайдың берген қай ғұмырын болса да үлкен махаббатпен өткізіп, оның дәргейіне қайта баратыныңды, барғанда да құр бармасыңды ойла дейді.

Абай діни амалдар үрдісінің қатаң сақталуы керектігін сынамаса да, Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисін мысалға келтіру арқылы заманның ағымына қарай қағидалардың да өзгеруі мүмкін екенін, оны заманының ғалымдары білетінін айтқысы келеді: «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады» [3,139]. Ислам дінінің мазхабтарының өзінде,

мысалы ханафилер мен шахидилердің діни түсініктерінде де өзгешеліктер өте көп. Кіші жуынуды (тахарат) бұзатын себептердің бірі – ер адам мен әйел адамның біріне бірі денесі тиген жағдайда ханафилер ниетінде бұрыстық болмаса тахаратты қайта алу қажет деп тұтпайды. Ал шахидилер бұл тұрғыда қасиетті кітапта немесе Пайғамбар хадистерінде қалай жазылды, солай ұстануға тырысады. Дәл қазіргі жаһандану заманында қол алысу келісімге отыруда, амандасуда қолданылатын негізгі қатынас болса, бұл тұрғыда кейбір ережелерді адам өмірін жеңілдету үшін қайта қараған артық етпейді. Ол үшін, қандайда бір пәтуа шығару үшін (Аллах емес, Алла деп айтуды жөн деп тапқан ҚМДБ секілді) әр мемлекетте діни басқармалар қызмет етеді. Қазіргі уақыт пен Ислам діні пайда болған уақытты салыстыра қарайтын болсақ, өзгерістер мен жаңаруларды көптеп табуымызға болады. Бұл да заман талабына сай дін ғалымдары бекіткен өзгертулер.

Абайдың жазған ой-толғамдарында достық ұғымына зор мән беріледі. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» дегенінен Абайдың нағыз құдайшыл жан екенін көруімізге болады. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деп аталатын өлеңінде де бұл ойын жалғап, айналасындағы адамзат баласын мұсылман, кәпір деп бөлмей, барлығын да сүйе білуге шақырады. Құдайдың жаратылысына деген мұндай құрмет – Абайдың нағыз Алла деген жан екенінің көрінісі: «Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек» [3,142]. Өзінің осындай өмірлік ұстанымы арқылы Құдайды, оны жаратылысын сүйетін, Иманигүл шарттарын қалтқысыз орындайтын жан екенін көруімізге болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің еңбегінде «кешірілмейтін», «қалдырылмайтын күнә» туралы сөз қозғағанда, адамның Құдай бұйырған ғибадатты орындамауы кешірілуі мүмкін күнәларға жатса, адамның адамға жасаған залымдығы, бірінің бірі ақысын жеуі – кешірілмейтін ауыр күнә дейді [4,25]. Демек, адамзатты сүюдің арғы жағында ғибадаттың да бір бөлігі жатыр, адамның адам алдындағы хақының мәнісі зор. Достыққа қатысты Әл Фарабидің түсінігінде: «Досгерлік – адамшылықтағы жақсы қасиет... Достыққа кемтар болу – тәкәппарлыққа итереді» [5,132]. Алла тағаланың ең жек көретін қасиеті үмітсіз шайтандарға тән тәкәппарлық болатын болса, бұл кемтарлық – иманның да кемтарлығы. Соңында құдай сүйген емес, құдай қарғаған құлға айналуың мүмкін. Сопы Әл-Басри де достық туралы айтқанда, оларды адам баласының о дүниедегі шапағатшысына теңейді. Себебі, Пайғамбар хадистерінде Құдайдың рақымына бөленген адамның, қиын жағдайға түсіп, тозақтық болған досын азап отынан құтқарып қалуына мүмкіндігі болатын кездері де болады деп, Құдай разылығы үшін болған достықты артық бағалайды.

Абайдың дінге деген көзқарасын талдап, оны қоғамға түсіндіре отырып ұсыну қазіргі замандағы көптеген дау-таластарға нүкте қоя алар еді. Өйткені, бүгінгі көп оқырманның оқылым сауаттылығы ұсынылған ақпараттың негізгі ойын, астарлы мағынасын ұғынуға жетпей жатады. Хәкім өз шығармаларында дәлелсіз, мысалсыз сөз айтпайды. Сонысымен өте құнды. Оның ойымен сыналған діни мәліметтердің барлығы дерлік ақылға сыйымды тұжырыммен түйінделген. Діни көзқарастарды қатып қалған заң деп қабылдайтын жандар үшін, Абайдың қазақы таныммен өлшеніп, жаңғырған «сыншыл дінін» рухани қарсылықтың жемісі деп қарастыруға болады. Абайдың исламиятқа қатысты айтылған ойлары шариғат жолынан адасқан кісінің ойы емес, Пайғамбардың жеткізген сөзін ашып, анық та нақты тәпсірлеген жан-жақты білімді, ойшыл ғұламаның толғамдары. Өзінің қарасөздерінде Абай діндарлықты Құдайға деген үлкен махаббатпен өлшейді. Оның ұсынған құдайшылық жолында қазіргідегідей жеткізіп болмайтын, түсіне қоймайтын күрделі формулалар жоқ. Абай да, оның дін жөнінен хабары мол шәкірттері де, Ислами ұғым-түсініктерді, ережелерді ашып көрсетіп қана қоймайды, олардың әрбір сыни толғамдарынан Құдайдың мінсіз сипатына кір жұқтырмауға тырысқан адамның іс-әрекеті байқалады. Олардың негізгі

айтпағы, үш нәрсені сүйе отырып, үш қасиетті бойыңа жыя отырып, Алланың сипаттарына еліктеп, адамгершіліктен танбау. Шын мұсылманшылық – жүректе, пиғылда! Абай Платонның: «Сократ маған дос, бірақ одан ақиқат зор», – дегеніндей, өзі мұсылман бола тұрып, діни сана ауқымынан шығарлық ой айтқан. Себебі ол – данышпан, оның ойлау деңгейі бір дін шеңберінде шектелуі мүмкін емес [7,95].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметұлы М. Мұхтар Әуезов – абайтанушы ғұлама. – Астана: «Ғылым», 2015. – 280 б.
2. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: «Санат», 2001. – 408 б.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: «Жазушы», 2002. – 336 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: «Мерей Ақиық», 1993. – 80 б.
5. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Онтомдық. III том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.д. 1-мыңжылдық – XV ғ. соңы). – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2007. – 480 б.
6. Қалижанов У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. III том. – Алматы: «Құс жолы», 2008. – 288 б.
7. Ғарифолла Е. Хакім Абай. – Астана: «Фолиант», 2012. – 400 б.

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІС

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ТЕМІРҚАЗЫҚ

Түзелбай Абай
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-18-1 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Қабылов Ә.Д., ф.ғ.к.

Аңдатпа. Мақалада ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілін алыстан емес, өз халқымыздың ұлы тұлғаларынан, әсіресе Абай Құнанбайұлының шығармаларынан іздеу керектігі жайлы айтылған. Ақын өлеңдерінің астарына үңіліп, әр сөзінде терең мән-мағына бар екендігі тілге тиек етіледі. Ақынның адамгершілік, өнер-білім тақырыбындағы өлеңдері мен қара сөздері талданады.

Түйінді сөздер: ұлы тұлға, ұрпақ тәрбиесі, көкейтесті мәселе, сапалы білім, саналы тәрбие, адамгершілік.

Тәуелсіздіктің туын тұғырға қондырған егемен еліміздің басты мақсаты – әлем елдерімен терезе теңестіріп, білім кеңістігінен өз орнымызды алу. Абайша айтсақ: «Дүниенің кірпіші ретінде, кетігімізді тауып, қалану». Бұл бағытта әрбір жеткіншектен бастап, бүкіл халқымыздың алдындағы зор міндеттерді баршамыз жан-жүрегімізбен сезінсек, ұлы ақынның шығармашылығы темірқазық болуғы лайық.

Уақыт өткен сайын барлық сала да үздіксіз дамуды қажет етеді. Сол сияқты білім беру саласы тың арнаға түсіп, жоғары сапаға жету жолында жұмыстанып жатыр. Дегенмен білім беру ісі баланы теория теңізінде шомылдырып қана қоймай, адам ретінде санасына өмірлік азық болатын құндылықтарды сіңіруімен бағалы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың: «Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1], – дегеніндей, еліміздің болашағын қалыптастырудағы адами капиталдың маңызы артып отырғандықтан, жастар ең алдымен, білім мен жаңа технологияларға, тіл үйрену мен кәсіпке үйрену үшін де Абайдың ақыл-кеңестерін еске алып отыруы керек. Ол үшін шын ниет пен табанды талап жолашар болмақ.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді,
Ынтасыз қайтып өнер үйренеді.
Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,
Сендіре алмай, сене алмай, сенделеді [2,106], –

деп Абай сынап кеткен айла, сұмдықпен мал таппақ болған тұрлаусыздықтың, жатып ішер жалқаулық пен арсыз сұраншақтықтың күні өтіп бара жатқаны белгілі.

Жас ұрпақтың бойындағы басты құндылық – тіл, дін мен діл. Ананың ақ сүтімен бойымызға дарып, былдырлап тілі шыққан күннен баланың өз тіліне деген құрметін қалыптастыру – әр ата-ананың басты міндеті. Ал мектеп пен жоғары оқу орны баланың білім мен тәрбиесін дамытып, азаматтық өмірге икемделуіне ықпалдасып, адамзаттың ғасырлар бойы жинаған құндылықтарымен қаруландырады.

Ұрпақ тәрбиелеуге темірқазықты алыстан арбаламай, шетелдің ағартушы, ғалым, профессорларының еңбектерін парақтамастан бұрын, алдымен дана халқымыздың данышпандары атанған ұлы тұлғалардың еңбегінен таба аламыз. Ұлы деген сөзді естігенде әр қазақтың бойына алғашқы боп ұлы ақын Абай Құнанбайұлы түседі.

Демеңдер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсе қызар, күнде асық – дуаналық.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі бакқан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық [2,33], –

деген екі шумақтың өзінде қаншама ғибратты ой жатыр. Жалындап өте шығар жастық шақты қызық қуып құр бекерге өткізбей, өнер үйреніп, кәсіп тауып, жақсы жар таңдап – ертеңіннің негізін қалау керек деген қарапайым қағиданы ақын осылай әдіптейді.

Жалпы Абай Құнанбайұлының қазақ жерінде дүниеге келуі – мыңжылдықта бір болатын мән-мағынасы зор тарихи құбылыс іспетті. Рухы өр, тамыры терең бойлаған халықтың әдебиет әлемінде мақтанышпен атай алатын бірден-бір есімі – Абай. Оны тек оқып, түйсіне білуіміз, бойға қуат қылып, өмірлік қағидаға айналдыруымыз ғана керек.

Туғанына 175 жыл толып отырған қазақтың бас ақыны халқы мен болашақ ұрпақ үшін теңдессіз туындыларын қалдырды. Қай өлеңі немесе қара сөзіне үңілсең де, ұлттың жайы, қара халықтың қамы, адамдық, бірлік, білімділік тақырыптарын тереңнен қозғаған.

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң,
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек етсең, ерінбей,
Тояды қарның тіленбей!

Егіннің ебір,
Сауданың тегін,
Үйреніп, ойлап, мал ізде;
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң – қуан сол кезде;
Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең – істің бәрі бос [2,86], –

деген жолдарды ақын осыдан бір жүз отыз жылдай бұрын жазса да, бүгінгі күннің де өзекті тақырыбын көтеріп, замандастарымызға ой салып отырғаны, қазақ қоғамын түзеуге деген ұмтылысы қашан да өзінің өткірлігімен өзекті екені баршамызғы түсінікті. Соның бәрінің басында елдің бірлігі тұратынын, қазақтың досы қазақ екенін санамызға сіңіреді.

Өз кезеңінде тілге тиек еткен әрбір сөзі мен нақыл-өсиеті бүгінге дейін құны мен салмағын жоғалтқан емес. Өйткені кешегі, бүгінгі һәм болашақтағы көкейтесті мәселе – өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, ізгілік пен адамгершілікке тәрбиелеу – Абай шығармашылығында әлдеқашан орын алып, мәні мен маңыздылығы айқындалған мәселе.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің, – дейді Абай өзінің «Отыз сегізінші сөзінде», – Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің

дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады» [3,152].

Ойлап отырсақ, дүниедегі небір жаман әдеттер осы үшеуінен туындап жатады екен. Осылардан аулақ болу үшін адам жас кезінен оларды бойға жуытпай, оқу-білімге, өнерге жақын болып, еңбекқұмарлыққа баулынып, адамгершілік мінез қалыптастыра алса жарады. Демек, жастардың тәрбиесіне қатысты ақынның айтқандарының қай-қайсысы да қазіргі күн талабына жауап беретін, өскелең уақыттың сынына қарсы тұра алатындай болмыс-бітім қалыптастырудың амалдары екені таң қалдырады. Ұлы тұлғалардың уақытынан алға шығып, ұрпағының қамын алдағы күн өлшемімен көре білуінің бір мысалы осы болса керек.

«Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген нақылды ту етіп, қазақ үшін қаламынан туған қарымды жырын аманат еткен Абайды әдебиет әлемінің біртуар тұлғасы десек, артық емес.

Мектеп табалдырығын аттаған әрбір шәкірт Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа білетіні хақ. Бүлдіршін санасы өлеңнің түпкі мағынасын түсінбесе де, алғашқы жолдың өзі балаға мол тәлім-тәрбие беріп отыр. Бір ғана жолдың астарында «білім ал», «сауатты бол» деген ұлы түсінік жатқаны жасырын емес.

Аталы сөзге мән бермеген бала «Заман ақыр жастары» өлеңіндегідей ісінен ізгілік көрінбейтін, өнімсіз істің шеберіне айналуы бек мүмкін. Адамды тура жолға салып, толық адам атану соқпағында оқу мен тәрбиенің егіздігі анық аңғарылады. Білімге құштарлығы кеш оянған адам ақын айтқандай «қолын мезгілінен кеш сермейді».

Қазіргі заманда «Бала тәрбиелеудің тәсілдері», «Сананы қалыптастыру», «Адам болуды үйрету» сынды бағасы бәленбай мың тұратын шала ғалымдардың сабақтары мен семинарлары қаптап кетті. Қалтадағы қаржыдан қағылып, «астындағы атын алты ай іздейтіндер» саны көбеймесе азаймайтыны қынжылтады. «Асыл сөзді іздесең – Абайды оқы, ерінбе!» деген Сұлтанмахмұт атамыздың сөзін ұран етіп, ұлт пен ұрпақ тәрбиесінде әр ақылын кәдемізге жаратсақ бізден асқан халық болмас еді. Өйткені, іздегеніміздің бәрі Абайдан табылады.

Қарапайым қағида «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық» болуды білу адамды өмір жолында жақсылыққа ғана жеткізетінін жадымызда ұстауымыз шарт.

Қазір «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста» дегенді көп естиміз. Ал жалпының тәрбиесі жалқыдан басталатынын, «Адам түзелмей, заман түзелмейтінін» ашық айтқан Абай тобырдың ішінде тұлға жүрмесе, мәнінен де, бәрінен де айырылатынын айтып налыған.

Сондай-ақ, ұрпақ тәрбиелеудің темірқазығына теңестірілген Абай өзгенің еңбегі басқаға «мал» болмайтынын, табыс пен жеңіске адал еңбекпен жету керектігін де талай айтқан. Оны «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңінің «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген тармақтардан анық аңғаруға болады.

Абай қозғаған мәселелер оған дейін де, өзінен кейін де көп жазылып, талқыланды. Абай турасында жазылған пікір мен пайым да көп. Бірақ Абай жалғыз! Басқалардың ойы мен көңілі күнде өзгерсе де, Абай әлі сол қалпында тұр.

Бабадан балаға мирас болған құндылықтарымызды сақтап, елден ерек, басқалардан бөлек болудың формуласын ұсынған тағы да Абай. «Ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстағанда ғана тура жолдан адаспаймыз.

Бұл баяндамада Абайдың бірнеше өлеңі мен қара сөздері мысалға келтірілді. Тұтас жазу үлкен зерттеуді қажет ететіні айтпаса да түсінікті ғой. Адам үшін өз баласы, оның саналы, ақылды, тәрбиелі, білімді болуы бәрінен биік. Ол жүкті тәрбиеші мен ұстаздың мойнына артып қоймай, ата-ана да аталмыш процесске белене араласуы керек. Жұмыла көтерген жүк қашан да жеңіл болмақ.

Әлем халқы, әсіресе қазақтар қуанғанда да, қайғырғанда да, тығырыққа тіреліп, көкейдегі сұрақтың жауабын таппай аласұрғанда да Абайды оқыды. Расында адамды, ұлтты, ұрпақты тәрбиелеуде сиқырлы әмбебап әдістеме жоқ секілді. Басшылыққа Абайды алғанның өзі аз олжа емес. Бұл, әрине, тек Абаймен шектеліп қал деген сөз емес. Алдымен Абайды оқып зерделе, содан кейін жалпы адамзаттық асыл құндылықтарға иек арт деп түсінген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 9 Қаңтар, 2020 ж.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы. Жазушы, 1982.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы. Жазушы, 1982.

ӘОЖ 275.178

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕМЕСІ

Жаңабергенова Мейрамүл
Ш. Есенов ат. КМТИУ, МНКЯЛ-18-1 тобы магистранты
Ғылыми жетекші: Ақмарал Отарова, ф.ғ.к., доцент

Аңдатпа. Мақалада өскелең ұрпаққа Абай шығармашылығын оқытудың жаңашыл әдістемесі баяндалады. Қазіргі ғылым мен технология қанатын кеңге жайған заманда жас ұрпақтың бойына Абай шығармашылығын сан алуан әдіс-тәсілдер арқылы дарыту керектігі туралы кеңінен баяндалған. Сондай-ақ, ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілін алыстан емес, өз халқымыздың ұлы тұлғаларынан, әсіресе Абай Құнанбайұлының шығармаларынан іздеу керектігі жайлы айтылған.

Түйінді сөздер: ұлы тұлға, ұрпақ тәрбиесі, жаңашыл әдістеме, әдіс-тәсілдер, сапалы білім, саналы тәрбие.

Егеменді ел мүддесі тұрғысына сай жаңа адамды қалыптастыруға жалпы бастау болар тәрбиенің көзі Абайдан табылады. Абай мұрасын оқытуда өркениетке бет бұрған қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушылары осы заман талабымен жаңаша пайымдап, қайта ой сарасынан өткізуді талап етеді. Абайдың адам тұлғасын қалыптастыруға негіз боларлық ғибрат сөздері ұрпақ тәрбиесіне ат салысам дегендердің тілегімен тікелей қабысып жатыр. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауаптылардың көпіртіп айтар уағыздан арылған тұста олқылықтың орнын толтырар асыл сөз бен ақыл сөз де Абайда екені анық. Абайдың тұлға қалыптастыруға қатысты айтқан сөздері – бүгінгіге де, болашаққа да бағдарлама. Олай болса, Абай ғибратын ұрпақ бойына сіңіру, оның шығармаларындағы мазмұнды оқушы өміріне азық етерлік деңгейге көтеру – өзекті мәселе. Адамның әлеуметтік белсенділігі, оның қоғамдық қатынасы күрделеніп, оның қоғамдағы әлеуметтік мәні де өзгеруде. Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің мазмұны және әдісі жағынан да өзгеруін қалайды. Абай шығармаларын орта буын оқушыларына оқыту арқылы жаңа қоғамның жаңа адамына керекті қасиет қалыптастыру жолын, оны мектептегі сабақ жүйесінде іске асыру әдістемесі көрсетеді.

Ал оқу - тәрбие процесінде Абай шығармаларын нәтижелі өтудің бір кепілі – мұғалімнің әдебиеттану, педагогика, психология ғылымдарын терең меңгеріп, әр сабақта ұтымды әдіс – тәсілдерді аталған негіздермен бірлікте қатар өре білуі. Оқушыларды Абай шығармаларына қызықтыру жолдарын іздеу, оларға керекті практикалық жұмыстар жүргізу, тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, жүргізген оң нәтижелерді ұстаздар қауымына ұсыну уақыт күттірмейтін іс-шараның бірі болып есептеледі.

Абай шығармалары орта мектепте екі жүйеде оқып үйренілетінін айтпай кетуге болмайды. Ең алдымен әдебиеттік оқу сабақтарында яғни 5-8 сыныптардағы Абайдың әр алуан тақырыптардағы өлеңдері, ақын өмірінен берілетін мәлімет. Екіншісі – жоғарғы кластардағы әдебиет тарихы курсы бойынша үйренілетін Абайдың шығармашылығын монографиялық түрде оқыту. Әдебиет сабақтарының бұл екі жүйесі өзара тығыз байланысты дей тұрсақ та, олардың оқытылуы мен мақсаты тұрғысынан елеулі айырмашылықтары бар. Сондықтан да, бұл екі жүйенің әдістемелік жағы екі басқа, яғни екеуі екі мақсатқа қаратылған.

Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңдерінде жыл мезгілдеріне тән белгілерді суреттеп, табиғат көрінісін елестете отырып, әлеуметтік жағдайды көрсету, соны айқындау ниеті басым жатыр. Автордың қай сөзінің қатыңқы да, шытынап шығуы, қаhарлы қысқа, не суық күзге ызаланудан гөрі жыртық-тесік, кем-кетік, жұпыны өмірге, ондағы бейқамдыққа, қырсыздыққа ызалануы көбірек көрініп тұрады. Оған қоса ақынның ызалануында сол жыртық-тесік, жамау-жасқаумен жүргендер мен бүрсеңдеген балаларға жаны ашу, аяу белгісі де байқалады. Күз туралы көңілсіздеу ой мен ақын суреттеуіндегі көрініс көз алдыңа екінші бір сиықсыз көріністі алып келеді. Ол – жыртық киім, жамау-жасқаумен жүрген ауыл әйелдері, бәрінің қабағы жабырқаңқы, бүрсеңдеген бала, от жақпаған, суықтан құты қашқан үй.Бұл көрініс біріншіден, автордың оларға деген аянышы мен жан ашуын туғызып, екіншіден, одан туған көңіл-күйдің кейіске айналғаны байқалады. Берілген эмпатиялық әңгіме-сұхбат арқылы ақынның осы көңіл-күйін оқушыға сезіндіру мақсаты көзделуі керек. Олай болса, орта буын сыныптарда Абай шығармаларын оқытуда басшылыққа алар бірден-бір тиімді әдіс-тәсіл сабақты эмпатиялық диалогқа негіздей құру. Өмірде жай суретші аңғара қоймайтын сәл нәрселерді Абай аңғарып көре білген. Сондықтан оның өлеңдері – шындық бейнесі болып шығады. Абай «Күз» өлеңінде жыл мезгілінің бір кезеңі – табиғат көрінісін суреттеуде қазақ халқының бұрынғы өміріне тән адамдардың іс-әрекеті мен күнделікті тұрмысында бар болмысты екі-үш сөз тіркестерімен нақ шындықтың бетін ашып көрсетеді. Мәселен, «иін илеу», «кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң», «енесіне иіртіп шуда жібін» сияқты сөз тіркестері жай ғана сыртқы көрініс сөз еткенімен, әр қайсысында көп мағына жатыр. Өз заманының суретшісі, ақын Абай сол кездегі халық тағдырына, олардың ауыр халіне қабырғасы қайысады. Елдің жүдеу тұрмысы, әлеуметтік жағдайы ақын шығармаларында ерекше көңіл-күйімен суреттеледі.

Абай жыл мезгілдерін суреттеген өлеңдерінде объектив жағдай мен субъектив жағдайды тұтастыра айтып, ондағы құбылысты, әлеуметтік жәйт пен дүниенің, табиғат болмысының көрінісін қосып, біріктіре суреттейді. Сол арқылы өз жан дүниесінің тебіренісі мен толғанысын көрсетеді. Осындай ақын толғанысын сезіндіруде оқушы мен мұғалімнің қатар әрекет етуі – эмпатикалық диалог құруы шығарма құндылығын асыра түседі. Эмпатикалық диалог жүргізуде «Өлеңді оқып шыққанда қандай көңіл-күй пайда болды?» немесе «Абай заманға неліктен ренжиді? Ренжуі неден туып тұр?» – деген сияқты сұрақтар арқылы Абай өлеңдеріндегі шытыңқы қабақ, ақын жанына жайсыз тиіп тұрған жағымсыздықты бірден ақ көрсетіп, байқатуға болады. Олай болса, оны сыдыртып оқып шығып, оқулықтағы адам жанын жанап өтпейтін құрғақ сұрақтармен, көңілге қонымсыз тапсырмалармен («Күз болғанда» тақырыбына шығарма жазып келіңдер, Өлеңді жаттап алыңдар т. с. с) шектелу не жүрекке, не миға ықпал етпесі анық. Не нәрсенің қабылдауында болсын, сезім органдарына тікелей әсер еткенде ғана іске асатындығын қайталап айтқымыз келеді

Бүгінде әрбір жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланыстылығы артып отырған тұста мектепте жүргізілетін әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылысындағы кірігіп кеткен (интеграциялық) байланыстардың маңызы өте зор. Ол дәл бүгін ерекше мәнге ие болып отыр.

Пәнаралық байланыстың іске асырылуында белгілі бір мақсат көзделетіні анық. Мысалы гуманитарлық циклге жататын пәндерден білім беруде оқушыларға идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру бағыты көзделеді; олардың барлығының ортақ обьектісі – адам, оның іс-әрекеті мен қоғамдағы қызметі; яғни оқушылар өздері оқитын гуманитарлық пәндердің мазмұны арқылы адамдардың іс-әрекеті, қызметі мен мінез-құлқы, дүниетанымы, тілі, дінімен танысады. Мәселен, Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т. б) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т. б.) екені байқалады. Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды. Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Бүгінгі күні дамыған технологияға негізделген әр түрлі жаңа әдістер көп айтылып жүр. Соның бірі – оқытудың инновациялық әдісі. Абай шығармаларын оқытуда тиімді әдіс-тәсіл оқушы қызығушылығын арттыру, сезіміне әсер ету, қиялын ұштау, сол арқылы шығармашылыққа жол ашу, оқушыға еркіндік беру деп түсінеміз. Осы жолда жақсы нәтижеге жетектер бір жол – сабақта Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы пайдалану. Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. Сұрақ әр түрлі әдіс - тәсілдер арқылы баланың алдына мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Қазақ әдебиетінің бәйтерегі Абайдың шығармашылығы бала бақшада тәлім алып жатқан бүлдіршіндерден бастап, жоғарғы оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің де таным мен тәрбие алатын, эстетикалық талғамын өсіріп, көркемдікке жақындататын, әдебиетті түсінуге жол көрсететін жарқын жұлдыз болып табылады. Ақынның шығармаларының мәні мен маңызы, көркемдік әлемімізді байытатын жемісі жыл өткен сайын айқындала түсуде. Мұны біз күнделікті тұрмысымыздан, Абайға, оның асыл мұрасына болған халықтың ықыласынан көріп те, танып та келеміз.

Мен бұл жұмысымда ұлы ақынның шығармаларын оқытудың мәні мен маңызына және оқыту барысында қолданылатын әдістемелік мәселелерге тоқталып өттім. Әдістеме, яғни бұрынғыша айтқанда оқыту методикасы ғайыптан пайда болмайды, ол озат мұғалімдердің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогика ғылымының жетістіктерін басшылыққа ала отырып қалыптасады және өркендейді. Абай шығармаларын оқытуда кешегі кеңестік дәуірде қолданылған методикалық әдіс-тәсілдердің бірқатары қазір тиімсіз болып отыр. Ақын лирикасы кеңестік идеологияны басшылыққа ала отырып үйретілді, оларды танытуда бір ғана мәселе, таптық тұрғыдан түсіндіру, жастардың белсенділігінен гөрі дайын материалдың мазмұны мен идеясын

мұғалімнің нұсқауы бойынша қабылдату – қазіргі білімге беріліп отырған талаптарға жауап бере алмайды. Қазіргі талап – оқушы тек үйренуші ғана емес-талдаушы, аналитикалық пікірлеуші, бағалаушы және оқыған, түсінгенін тұрмыста жүзеге асырушы да болуы шарт. Олай болса, қазіргі методикада оқушыны ізденуге, ситуацияларды өзі тудырып, оны дұрыс шешуге, әрбір тақырыпқа сын көзбен қарап, өзінше баға беруге баулу, дағдыландыру қажеттігі айқын байқалуда.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын оқушыларға үйрету барысында ең қажетті әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуде шығармашылықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең басты мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүниетанымына, дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуалдық жетілуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен 2002.

2. Бітібаева Қ. О. Абай шығармаларын мектепте оқыту. Өскемен, 2005.

3. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. Алматы. 1995.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗІРГІ МАҢҒЫСТАУ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ САРЫНЫ

Байекеева Р.Б.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-19 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Н.С.Қамарова

Аңдатпа. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде Маңғыстау әдебиетіндегі Абай шығармаларының қайта жаңғыруы туралы, оның өлеңдерінің қазіргі ақындардың өлеңдерінде, қазіргі қазақ әдебиетінде жаңаша, қайта сипат алуы ізденіс – ғылыми мақаланың зерттеу мақсаты.

Қазіргі қазақ әдебиетіне өзіндік үлесін қосып жүрген Маңғыстау ақындарды көп-ақ, сол өлеңдерден Абайдың ізімен жазылған өлеңдердің көрініс табуын іздестіру, жинақтау, салыстыру, мысал келтіру әдістері зерттеу әдістерінің ең тиімдісі болып табылады. Осы ғылыми мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай шығармаларының жаңаша сипатының белең алуы дәлелденеді. Оның жаңаша сипаты, Абай шығармаларының ескірмейтіндігі дәлелденеді.

Түйінді сөздер: Абай, әдебиет, сарын, өлең, Маңғыстау.

Парасатшыл Абай өз елі өмірінде де аз өмір сүрсе де, артына өшпес мұра қалдырған өнерлілерді білген. Қыршын жасында дүние салған, бірақ өз халқына емес, бүкіл адамзат үшін рухани мол мұра қалдырған, есімі ел қадірлісі болған Пушкин, Лермонтовтардың өміріне де қанық. Абай аз өмірде адамшылықтың қарызы үшін еңбек ету керек екенін терең түсінді, сондықтан аз өмірін ұзартар жастарды армандайды. Сол арманына Абай жетті. Абайдың өз шығармаларында философиялық үлкен ой түйіндерін жасамаса, биікке көтеріле алмас еді. Абайдың құдіреттілігі өз сезімі мен қайғысын елінің арман-мүддесімен қатар қойғандығында, сондықтан да Абай шығармашылығы ренессанстық сипатын жоймақ емес. Абай өлеңдерінде оптимистік қуат мол. Өлең жолдарында, әсіресе, шынайы поэзияда қат-қабат ойлар, терең сырлар

бар. Бір оқып шыққанда, олардың сол қатпарларына тереңдей алмайсың. Тек бір емес, бірнеше қайталап оқығанда ғана ішіне бойлай ене аласың. Шынайы өлең әр оқыған сайын жаңа бір қырларынан көрінеді.

Ұлы Абайдың өлеңдерін оқыған сайын жаңа бір дүние ашқандай болатының да сонан. Суреттер, жаңа бейнелі ой кездестіресің, бұрын оқыған өлең жолдары тосын сырлар шертеді. Ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңіндегі мына жолдарға көңіл қоялық:

Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз.

Сөздерін керемет өріп, поэтикалық өрнек жасай білген. Өз ойын айту үшін талғап, таңдай білген. Абай шығармаларының өміршең болатын себебі, қарама-қарсы, кереғар ұғымдағы сөздерді шендестіре қолдану арқылы көп ұтқан. Абай поэзиясы – өміршең поэзия. Орыстың әйгілі сөз зергері, ойшылы А.Н.Островский: «Пушкинге таңдана-тамсана берген сайын, ой-парасатымыз кемелдене береді, оған бүгін де таңдана-тамсанамыз, сол таңдана-тамсанған сайын ақыл-зердеміз молыға береді. Біздің әдебиетіміз өзінің ой-парасат жағынан биіктегені үшін соған парыздар... Орыс әдебиетін бір адам тұтас жүз жылға биіктетті» - деген еді Пушкин ақындығы жайында. А.Н.Островскийдің осы сөзі Абайға арнап айтылғандай [1,269].

Жаңа заман тың ақындық лепті керексінері сөзсіз, бірақ Абай өлеңдері өз мәнін жойған емес. Мысалы, соңғы кезде Абайды тереңірек зерттеп, арнау өлеңдерін жазған Сайын Назарбекұлы «Абаймен сырласу» өлеңінде:

... «Ақ киімді...» қысыңа төзіп едім,
Күз, жаз, көктем – бір күнде кезігемін.
Төрт мезгілді бір сәтте сезіндірген.
Табиғаттың, атажан, өзі ме едің?! [2,13].

Тағы бір жерінде Абай өлеңінің мәнін жаңаша ашып, қазіргі замандастарының атынан ақынға былай деп тіл қатады:

...Қалың елің, қазағың, қайран жұртың
Көк тұқыл ғып қырғызды сақал, мұртын.
Әдеті ғой асыра сілтеп алар,
Жоғалта да жаздады сұрқын, тұрпын.
Ұлтым деп, ұлтымның болашағы деп, қайғы жеген Абайға:
...Өмір мәнін толғадың тереңірек,
«Ұлтым, – дедің, – басқадан тереңірек».
Зарлап өттің, жыладың, арман еттің,
Қашан елім кемелге келеді деп.

Сайын Назарбекұлы өлеңдерінен Абай өлеңдерінің жаңаша, қайта түлеуін, қайта жаңғыруын байқауға болады. Сайын Назарбекұлы Абай өлеңдері сияқты қылып, соның сарынымен Абайдың сұрақтарына жауап іздеп, Абайдың мұңына мұңдас болып, қазіргі замандастары атынан ішкі толғанысын хат-өлең түрінде керемет жеткізе білді. «Абай» атты толғауын, «Абай басқан Жидебай топырағы» кітабын жазды.

Журналист-ақын, жазушы Ғалым Әріптің «Рух жанартауы» атты кітабында ол: «Рухани жаңарудың жолы – ана тіліндегі әдеби-көркем кітаптар, газет-журналдар, ұлттық өнер, музей, кинотеатр емес пе? Елдіктің жөнін айтатын көсем ойлы ақсақал, қарасақалдарымыз қайда? «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!» деп ұлы Абай айтқандай, әрбір қазақ туған елінің көтеріліп жатқан зәулім ғимарат-шаңырағына бірі уық, бірі нағыз кірпіш болып қалануы ғана бағымызды ашады деп ойлаймын». Ол Абай сарынымен Ғалым Әріп былай жырлайды:

Ей, қазағым, ел болдық қой еңселі,
Тұқыртпашы төмен қарай еңсені.
Есебіне қоспаушы едім ездердің
Ер мінез деп еркін өскен мен сені.

Аш көзіңді!
Жый есіңді!
Өз халқыңды сүйер болсаң шын егер.
Жалт-жұлт етіп ақ алмастың жүзіндей
Жүрмесек біз бұ дүниеде кім елер?!

Мәңгүрт санап мал бағумен күні өткен,
Өтті уақыт, өпірімдер құл еткен.
Енді, қазақ, намысыңа қайралып,
Өртеле біл елді сүйген жүрекпен.

Шағың келді!
Шарпиды – Күн шұғыла,
Шомылып ал Көк Тәңірдің нұрына.
Туған елді, туған жерді сүйе біл,
Үміт артқан өр мінез қыз, ұлына.

Қалар болсаң қапияда жасып сен,
Кеше қоймас қайран Дала ашық, кең,
Өзгелердің бопсасында кететін
Екіжүзді, әлде, даңғой пасық па ең?!

Қайран, халқым, мен өзіңе ғашық ем,
Сен мен үшін баға жетпес асыл ең.
Өрттей лаулап өзіңе егер сүйенсем,
Көкте қыран, жарқылдаған жасын ем.

Жамандыққа қимасам да тегінде,
О, бауырым, келер ойлар көңілге.
Жарқылдап шық мынау жаңа өмірде,
Жайбарақат жүретұғын жөнің не?

Ей, қазағым, еңсе тікте, көтеріл,
Баста алға мәрт боп туған бекем ұл.
Дауыл болсақ, дуылдасақ бас қосып,
Дәулерің де айыл жияр нешебір.

Тіршіліктен не пәтуә тым-тырыс,
Сұр аспандай боп жүрмейік тоң-торыс.
Туған елдің қамын ойлап, сілкініп,
Санамызда жасалық сан төңкеріс! [3, 64-65]

Маңғыстаулық ақын, бірнеше кітаптың авторы Ерекен Қорабаевтың «Біреу болса, өмірім, өлең – жалғыз!» өлеңі «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі секілді.

Неге менің алып жүр мазамды өлең?
Беруіндей беріп жүр жазамды өлең.
Өлең деп жүр еншісі «екіестінің»,
Адам болсам, «дені сау» жазам ба өлең? [4,36] –

деп Абай ойын толықтыра түседі. Өлең жазу екіестінің немесе еріккеннің емес, естінің ісі екенін жеткізеді.

«Күз жайлы бір өлең» атты күз мезгілі туралы қалам тартқан Ерекен ақынның өлеңі:

Қара нөсер жаңбыры, тұманы бар,
Жанды жел ұйытқып соғып тынары бар.
Әлемді сары алтынға малындырған,
Күздің де өз өрнегі, жыр-әні бар.

Кеудеңде саф ауадан тұнады бал,
Күздің де жанды жылтар шуағы бар.
Шешелер ұршықтарын соза түсіп,
Күнгейде сөз дүкенін құрары бар.
Жосады құлан жортып қырдан құмға,
Ұшады қыран қалқып құздан-құзға,
Сырбаз жігіт жабады желбегейін,
Тоңбаса да тоңған боп тұрған қызға.

Дегендей Арқа беттен келіп едік,
Шаңытар сахараны желіп елік,
Аулақта жылқылар жүр шалып оттап,
Шіліңгір шілде өткен соң жері кеңіп.
Жайлана атқан шақта күзгі бір таң,
Жәй ғана көтерілер күнді ұнатам.
Әйтеуір, бораны мен аптабы жоқ,
Мен өзім таңы жайсаң күзді ұнатам! [4,37].

Екі заман ақынынан да кейіптеуді және өлеңде адамның күздегі тыныс-тіршілігінен хабардар еткендігін, күз туралы өз сезімдерін де байқауға болады. Ерекен ақын да күз туралы екі өлең жазды, екінші өлеңі «Қоңыр күзім, келдің бе, қоңырым-ай!» деп аталады.

Маңғыстауға танымал ақын Бірғали Байекеевтің «Шыдамдылық» өлеңінен Абай қарасөзіндегі айтып кеткен ойлардың жалғасы немесе жаңа сипаты деп қабылдауға болады. Мысалы:

«Керімге» жағынбай, дұшпанға бағынбай,
Жылтырақ тағынбай, мақтанға салынбай
Қырсыққа қалынбай, айғырдай шабынбай,
«Мықтыға» алынбай, жақсыға тарылмай,
Мыжыңға жарылмай, өнерден арылмай,
Шындықтан жаңылмай, наданға табылмай,
Жалқауға жалынбай, сыпсыңға қабынбай,
Түнектің шамындай, ерлерше жалындай,
Биікте дабылдай шыдаумен келемін [5,78], –

деп, Абай қарасөздерінің ренессанстық сипатын өлең түрінде жеткізеді.

Қазіргі қазақ әдебиетіне өзіндік үлес қосып жүрген тағы да басқаМаңғыстаудан шыққан ақындар өте көп. Жаңаша сипат алған Абай өлеңдерінің сарыны мен құрылымын қазіргі ақындардың өлеңдерінен байқауға болады. Соған қарағанда, Абайдың қозғаған тақырыптары неше ғасыр өтсе де ескірмек емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы: Рауан, 1998.
2. Назарбекұлы С. Өлеңдер жинағы. Бірінші кітап.Алматы: Өлке, 2000. – 365 б.
3. Әріп Ғ. Рух жанартауы. Алматы: Нұрлы әлем, 2009. 232 б.
4. ҚорабаевЕ. Маңғыстау әзілдері. Алматы Нұрлы әлем, 2016. - 235б.
5. Байекеев Б. Кісілік кілті. Алматы: Үш Қиян, 2003. – 280б.
6. Абай шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ БАҒЫТ

Өтегенова А.Ғ.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-19 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Н.С.Қамарова

Аңдатпа. Қазақ жерінде ислам дінінің таралуы Қожа Ахмет Йасауи есімімен байланысты. Оның фәлсапалық өлеңдерінде сопылық оқуға қатысты мәселелер өз халқының дүниетаным, түсінік, ой-пайымын ерекшелейтін әдеби дәстүрде бейнеленгенін көреміз. Сопылық ұғым, мотив, бейнелерді Абай қазақи тұрғыда беріп, өз дүниетанымының сұрыптауынан өткізе отырып берген.М.Мырзахметұлы өзінің ғылыми еңбектерінде М.Әуезовтың пікірлеріне негізделе отырып, Абай мен сопылық мәселесін жеке қарастыруды ұсынады.

Түйінді сөздер: сопылық, толық адам, құлшылық, рухани жетілу, Хақты тану, әділет.

Абай шығармаларының түпкі мазмұнын шығыс әлемінен, оның ішінде Қожа Ахмет Яссауидің хикметтерінен іздеу М.Әуезов бастаған бір топ ғалымдардан бастау алады. М.Әуезов «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деп һәкімнің діні ең таза, ең асыл екендігін жұмбақтап айтқан болатын. Негізінен қазақ әдебиет тарихында ең көп зерттелген де, ең көп зерттеушілері шыққан да осы Абай ғылымы десек артық айтпағанымыз болар. Тоқсаныншы жылдардың басында Абайдың шығысқа қатысы, әсіресе исламиятқа қарым-қатынасы туралы мәселе қайта көтеріліп, Абайдың исламиятқа қатысы мен мораль философиясы, адамгершілік негіздері туралы мәселелер жаңаша бағыт-бағдар ала бастады [1,51]. Ол Ахмет Риза медресесінде білім алып, шығыс әдебиетімен танысқан сәттерінен бастап, сипаты мың құбылған ислам діні, сопылық ағымды өзінше терең түсінуге күш салды. Абайдың балаң, жас кезінде шығыс ақындарына ұқсастырып өлең құрастырып, сопылық бағытта жазылғанын М.Әуезов өз зерттеулерінде біршама келтіреді.Әуезовтың осы ойын проф. М.Мырзахметұлы «Балаң ақын қаламына іліккен сопылық сарын белгілері, тіпті кемелденген ақын дүниетанымында да орын тепкенін Абайдың өмірінің соңында жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (1902 ж.) деп аталатын атақты өлеңінде көрінісі берген үш сүю немесе иманигүл мәселесі Абай шығармаларында желілі түрде таратылатыны кездейсоқ құбылыс болмаса керек-ті» [1,20] деп түйіндейді.Дін түсінген адам үшін ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. Ішкі мағынасына бойламай жасалған ғибадаттың пайдасы шамалы. Сондықтан Абай отыз сегізінші қара сөзінде діннің әуелгі(түп) мағынасы сыртқы ғибадатта емес, ішкі имандылықта екенін көрсетеді:

«Сіздің батиныңыз таза болмағы әуелі иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат – батиныңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрікүшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки, сөну қаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген. Менің хаупім бар, олар хас осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды» [2, 230].

Абай осы қара сөзінде Алланың бойындағы сегіз сипатқа қосымша ретінде әртүрлі дәлелдерге сүйене отырып «әділетті», «рақымды» деп тағы екі сипат қосады. Ал толық адам болып жетілу үшін әуелгі сегізінен(хаят, ғылым, құдірет, көру, есіту, тілек, сөз, болдыру) ақылды бөліп алған Абай оған әділет пен рақымды біріктіруді қажет деп тапқан.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шафғат кімде бар,
Сол жарасар туғанда [1,15],–

деді сосын. Мұндағы «шафғатты(рақым)» жүректің баламасы ретінде қолданған ол толық адам танымының төркіні сопылықта жатқанын аңғартып тұр.

Жоғары рухқа жету үшін адамның үш болмысына сәйкес үш ғибадат түрі бекітілген. Әуелгісі тәнге діни рәсім, кейінгісі ақыс-еске – пікір болса соңғысы жанға – зікір. Барлық ғибадаттың мақсаты – біреу, ол – барлық ақыл-ойды Оған (Аллаға) шоғырландыру. Бірақ олардың нәтижелері әртүрлі болып келеді. Мәселен, діни рәсім мен зікірдің арасы жер мен көктей. Барлық діндерге ортақ діни рәсім тән арқылы жасалады. Исламда да сәждеде тұру, қол байлау, құлшылық қылу – Аллаға жетудің төменгі сатысы. Осы сөзімізден кейін «Намаз оқудың мәні қандай?» деген жаңа сұрақтың құлағы қылтиып шығары даусыз. «Зарият» сүресінің 56-аятында «Мен адамдар мен жындарды өзіме құлшылық қылулары үшін жараттым» деген жолдар бар. Осы аятқа байланысты «Құдайдың барлығын өзіне бағынышты қылуының себебі неде?» деген сұрақ туындайды. Шеті мен шегі жоқ лабиринт сияқты біз жауап іздеген сайын жаңа тұйықтарға кездесе бердік. Соңында сыртқы тән ғибадатының денсаулыққа пайдасын медицинадан ақтарғандай болдық. Сөйтіп мынандай қорытындыға келдік: намаз оқу – шағын спорттық жаттығу. Әр күн сайын тұрақты түрде иіліп, бүгілу белгілі мөлшерде қан айналымына, бұлшық ет пен буын ауруларына көмегі бар.

Мен жасымнан көп көрдім
Мұсылманды, кәпірді.
Абыралыдай көрмедім,
Намаз білмес пақырды.
Қираәтін оқытып
Көріп едім, шатылды.
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді...

Нәпіл түгіл, намазы –
Бәрі желге кетеді.
...Осы оқумен намаздың
Қай жерінде сауап бар?
Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар [2, 39].

Абайдың «Абыралыға» деп аталатын бұл өлеңінде Құран оқып, ниет қыла алмаған адамның бес уақыт намаз өтеуінде пайда мен сауап жоқ екенін жеткізеді. Есімізге Яссауидің иманды ойлап, ораза мен намазымды қаза еттім деген хикметі оралып отыр. Тариқат жолын ұстанушылар исламның тек сыртқы нәпілін орындаушылардың қатарынан емес.

Хақты тануға апаратын екінші саты – пікір. Яғни шариғатты терең меңгеріп түсіну арқылы ақыл-ойдың көмегіне сүйеніп Жаратушымен пікірлесу. Рухани кемелденген бұл топтағы адамдар мидың көмегімен-ақ құлшылық жасап, Оның нұрына бөленеді. Алланың жіберген хикметін ақыл таразысына салып қолданбаса, шынайы имандылық жоғалады. Бұл туралы Абай:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде бұдан басқа [2,200], –

деп жырлады. Осыған қарап ислам дінінде пікірдің маңыздылығы жоғары екенін түсінеміз. Алайда оны жүрекпен байланыстыра алмаса, тағы да маңыздылығы жоғалады.

Жоғарғы ғибадат – зікір айту арқылы, Алланы ұмытпау және Онымен тығыз байланыс жасау. Рухани жетілу жылдамдығы өте жоғары және дінді хақиқат деп таниды. Осы орайда «Абай зікір салды ма?», «Пірдің қолын алды ма?» деген сынды сұрақтар туындатып алсақ болады. Алайда біздің зерттеу тақырыбымыз оның шығармашылығындағы сопылық сарындар болғаннан соң, жеке басындағы мәселеге тоқталуды жөн санамаймыз.

Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған,
Хұснинән мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған [2,192], -

Һәкімнің жоғарыдағы өлеңіне сүйенсек, дін иманнан басталады әріқарай ораза, зекет, намаз, қажылық болып жалғасады. Егерде ораза, қажылық сынды парыздар алға шығып кетсе, дін құлдырайды.

Мүмин болсаң әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол.
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағұлым ғой ол.
Алла ішіңді айтқызбай біледі ойла,
Пендесіне қастықпен күнә қойма.
Распенен таласпа мүмин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма [2,193].

Ақын іші кәпір, сырты мұсылман екіжүзділердің сөзіне иланып, соңына ермеуге шақырады. Әсіресе дүмше молдалар иманды алға шығарған сопыларға жиі тас етіп келгені тарихтан белгілі. Сопылық әдебиеттің қандай да бір өкілін зерттесек те алдымыздан иман тақырыбы «кесе көлденең» шығады. Бұл тақырып турасындағы толғаныстарды топтастыруға да болар еді, алайда әр дәуірде өмір сүрген олардың көзқарастары сол қоғамына сай әртүрлі құбылып(көркемдік ерекшеліктері) жазылған. Өлеңдердің формасы басқа болғанымен, мағынасы – біреу.

Абай философиясындағы «жан» өте күрделі ұғым. Ақын «тәннен жанның артық» болуы табиғи құбылыс деп танып, жанды тәннің иесі, тәнді жанның құлы ретінде таниды. Оны Тәңірдің берген сыйы, кейін кері оралады деп түсіндіреді:

Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүрегеннің бәрі Оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады не сенікі? [2,193].

Жанның бізді тастап кеткеннен кейін, өмір сүру функциямыз істен шығып, өлетініміз белгілі. Ақынның жиырма жетінші қара сөзінде данышпан Сократтың Аристодимге айтатын мынандай сөздері бар: «...Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан дейтін нәрсе келді, сонан соң ие болдың». Осы диологқа қарап-ақ Абайдың жанның келген төркінін іздеуге ұмтылғанын аңғарамыз. Сопылар басқа адамдардың діни көзқарастарын алаламай(мұсылман, христиан, атеист, агностик) немесе қасиеттеріне байланысты(жақсы, жаман, залым) бөлмей бәріне бірдей қарайды. Ал Абай болса:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бәрін сүй бауырым деп
Және хақ жолы осы деп әділетті [2,191], –

деп жырлады. Түсінуімізше «біз(мен) – мұсылман, олар(ол) – кәпір, адасқан» деп сыйластық танытпау, исламға жат қылық әрі Хақтың нұрын көру бақытынан

айырады. Ясауи сопылық ілімді насихаттап, тарата бастаған кездері түсінбеген надан молдалардың «қос қостауымен» қараңғы тобыр оны таспен сабап, қолдарымен соққы жасапты. Сонда Әзіреті жаны ашыған күйде «Қолдарың аурып қалмады ма? Кешіріндер...» деп зар еңіреп жылайды екен. Өйткені адамзаттың жаратылуы бірдей әрі өлімі де сондай. Алланың алдында да «құл» деген статуспен жауап береді.

Қорытындылай келе, Абайдың "мен бір жұмбақ адаммын" дегеніндей жұмбақтығына көз жеткіземіз. Ол – ислам діні жолында шынайы иман жолын уағыздаған ақын. Жалпы алғанда түркі қазақ мұсылмандығының қайнар көзі де сопылық дүниетаным бастауында жатыр. Дегенмен Абай сопылық дүниетанымдық ойлау жүйесі негізінде өз қоғамын тура жолға бағыттаужолын іздеген, халқына жөн көрсеткен дана. Оның адамдық санаға жетелейтін, Иасауидің ақ жолынан нәр алған мұрагерлер екендігін көреміз. Дегенмен, ар түзейтін ғылымды түсіндіру, талдау тәсілдерінде өзіндік ерекшелігі бар бұл тарихи тұлғалардың мұрасы бүгінгі күн тұрғысынан тереңінен зерделенуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметұлы М. – Абайтану. «Asia Book Trade Company» баспа үйі, Алматы, 2010 жыл, 152 бет

2. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қарасөздер. «Мектеп» баспасы, Алматы, 2003 жыл, 248 бет

УДК 82. 512. 122. 09

АКТУАЛЬНОСТЬ ВЗГЛЯДОВ А.КУНАНБАЕВА В СОВРЕМЕННУЮ ЭПОХУ

Мендигазиева С.
КГУТИ имени Ш.Есенова, студент группы ПИП-19-2
Научный руководитель: Таджибаева Ж.А.

Аннотация. Данная статья посвящена нравственным аспектам педагогических воззрений А.Кунанбаева. Рассмотрены нравственные, моральные аспекты воспитания и обучения. Анализированы идеи гуманизма, патриотизма, нравственности в произведениях А.Кунанбаева. Нравственные заветы Абая Кунанбаева были исключительно прогрессивны в условиях господства патриархально-родового общества. Однако и в наши дни актуальны мысли просветителя и сегодня имеют большое воспитательное значение. Единственный путь к новой жизни он видел в просвещении, в духовном раскрепощении человека.

Ключевые слова: просвещение, нравственность, воспитание, обучение, образование.

Нынешний 2020-й год знаменуется событием республиканского масштаба и значения - юбилей в честь 175-летия многогранно талантливого гения, поэта, просветителя Абая Кунанбаева. Бесценное наследие великого гуманиста, с высокими нравственным критериям, положившие основу формирования последующих поколений, актуально и в современную эпоху. В своих популярных стихах Абай постоянно призывал казахский народ к просвещению и знанию. Абай был хорошо знаком с сочинениями К.Д. Ушинского, Л.Н. Толстого и других выдающихся русских педагогов и писателейи его призывы к воспитанию человека, высказывания против физических наказаний, пропаганда применения в обучении детей гуманных педагогических принципов были совершенно новыми для казахского народа.

Абай горячо любил свой народ и работу учителя, хотя и не был по профессии

учителем. Он всегда умел заинтересовать детей и привить им любовь к знаниям и своим мягким и гуманным обращением снискал к себе любовь учащихся. Абай написал сборник рассказов для детей, получивший широкое распространение в казахских школах. Абай придавал серьезное значение напряженному умственному труду учащихся, выступал против легкого и поверхностного обучения. Одновременно с этим он ратовал за физическое развитие и эстетическое воспитание школьников. Он призывал к широкому, всестороннему образованию, осуждал и разоблачал «просветительскую миссию» царизма. Он выступал против схоластического обучении, требовал сознательного усвоения знаний, сознательной дисциплины.Абай был большим сторонником русской прогрессивной мысли. Считая необходимым изучение казахами русского языка и русской литературы, он добился того, что по его переводам вся грамотная часть населения Казахстана имела возможность читать русских классиков — А.Крылова, А.С. Пушкина, М. Лермонтова и других писателей. Подчеркивая важность изучения русской культуры, Абай Кунанбаев писал: «Для того чтобы избежать пороков и достичь добра, необходимо знать русский язык и русскую культуру».

Этические взгляды Абая являются выражением его демократических убеждений. Он осуждал эгоизм и корыстолюбие эксплуататоров, делающие их равнодушными, безразличными к судьбам ближних. Абай призывал своих современников не враждовать, а оказывать взаимопомощь, считать друг друга братьями.

«Так будь отзывчив, как друг и брат,
И поделись со всеми, чем богат.
Да будет дружба искренней и честной,—
И все дурные чувства замолчат!»

Пропагандируя идеи гуманизма среди народа, Абай подчеркивал, что каждый, кто любит и уважает себя, должен любить и уважать другого, видеть в нем такого же человека. В противном случае его эгоизм перерастает в ненависть к людям, вызывая с их стороны ответную реакцию. Более того, слепой эгоизм, по мнению просветителя, рождает самое отрицательное явление в поступках людей – подлость. Прямо в соответствии с выше описанной бездуховно меркантильной обстановкой у Абая Кунанбаева существуют слова назидания. В «Шестом Слове» осуждает нравственные пороки, тунеядство, лень:

«Лишь тунеядец и нахал
Готовой пище рад всегда
Хоть с виду ловок, мразь душой –
Ведь жить привык он без стыда.
Лучше умереть, чем влачить такое существование».

Процитировав отрывок из его безыимянного стихотворения «Пока не знаешь – молчи…», мы хотим напомнить некоторые простые и банальные истины, которые чаще всего забываем в нашей рутинной жизни:

«Что человеком ты был
И вровень с веком ты был,
Ты пятерых побори
И пятерых избери.
Злословье, ложь, хвастовство,
Безделье и мотовство –
Вот пять врагов твоих, знай.
А разум и доброта,
Упорство, скромность и труд –
Вот пять друзей, согласись.»

Если провести сравнительный анализ известных строк, то данный пример,

демонстрирующий шаблон нравственного наставления можно интерпретировать на модернизированном обществе следующим образом. Вредные привычки, безнравственность в век динамичного развития и множество других разновидностей факторов влияют в крайне негативном направлении и способствуют нравственной деградации личности. Сейчас важно и актуально формирование критического мышления у молодежи. Критически думать, осознанно выбирать деятельность и критически относится информацию, уметь различать истину и ложь, добро и зло и т.д.

Формированию и развитию критического мышления способствует обучение и воспитание. В «Словах назидания» Абай направлял детей учиться, рационально расставлять приоритеты в жизни.

Обучение детей – наш долг прямой.

Сына отдал в медресе: «Учись, родной!»

Цель не в том, чтоб достался чин большой.

Нравственные пороки общества, которые описываются в «Словах назидания» имеет место в современном обществе и великим гуманистом указаны пути решения данных проблем. Таким образом, прогрессивная деятельность Абая, направленное на просвещение, нравственное воспитание подрастающих поколений, приобщению к науке и общечеловеческим ценностям, формирование духовно-нравственного человека актуально в современную эпоху.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Антология педагогической мысли Казахстана
2. Слово об Абае. Казахская литература. Учебник-хрестоматия. Часть 1.

УДК 821.512.122.09

АБАЙ И ЕГО ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ МЫСЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Ибрагимова А.
КГУТИ имени Ш.Есенова, студент группы ПИП-19-2
Научный руководитель: Таджибаева Ж.А.

Аннотация. Данная статья посвящена педагогическим взглядам и идеям А.Кунанбаева. Рассмотрена гуманистическая концепция нравственного воспитания, обучения, становление личности. Педагогические и просветительские идеи А.Кунанбаева положили основу педагогической науки в Казахстане. В современную эпоху образование является целенаправленным процессом воспитания и обучения, а также совокупностью приобретаемых знаний, умений, навыков, ценностных установок, функций, опыта деятельности и компетенций.

Ключевые слова: А. Кунанбаев, педагогические мысли, воспитание, образование, нравственность.

Высшее образование, или высшее профессиональное образование – уровень профессионального образования, следующий после среднего общего или профессионального образования. Включает в себя совокупность систематизированных знаний и практических навыков, которые позволяют решать теоретические и практические задачи по профессиональному профилю, используя и творчески развивая современные достижения науки, техники и культуры. Большое значение образованию, воспитанию подрастающего поколения придавали просветители казахского народа А.Кунанбаев, Ш. Кудайбердиев, С. Торайгыров, А. Байтурсынов и многие другие.

Абай Кунанбаев – великий казахский поэт, мыслитель, патриот, просветитель – демократ, основоположник казахской письменной литературы. В его наследии, обширном творчестве содержатся философские и просветительские, передовые для своей эпохи педагогические мысли, непосредственно образования и воспитания казахской молодежи, мысли, созвучные с благородными идеями прогрессивной педагогики. Педагогические взгляды Абая формировались в условиях феодального-родового строя, отдаленного от нас целой исторической эпохой. Однако, они либо очень близки, либо совпадают с нашими взглядами по очень важным аспектам педагогической теорий и практики: «Взаимосвязь между трудовым нравственным, умственным, эстетическим воспитанием, признание ведущей роли воспитания в формирований личности, труд как один из главных средств воспитания и т.д.». Постижение его педагогических взглядов невозможного без изучения национальных истоков его творчества. Без понимания того, что он впитал в себя все прогрессивное, что было в жизни самого казахского народа в его народной педагогике и народной мудрости. Именно этим объясняется то обстоятельство, что в философских и педагогических воззрениях Абая актуально национальное и интернациальное. Проблемах, затрагивающих вопросы науки и религии – он без колебания занимал сторону науки, т.е. будущее казахского народа видел в овладении знаниями, развитии образования, науки, просветительства.

В соответствии со своей эпохой и требованиями жизни Абай Кунанбаев призывал казахов, которые не отдавали своих детей в школу, настойчиво советовал обучать своих детей русскому языку «Если хочешь, чтобы сын твой стал человеком, учи его, сделаешь тем благо и ему и своему народу». Он призвал молодежь к учению, к овладению русской наукой. Новыми различными ремеслами, советовал трудиться честно на благо общества. Абай Кунанбаев в своем труде «Книга Слов, Двадцать пятое Слово», посвятил раскрытию решающей роли русского образования для прогресса казахского народа. Он говорил своему народу: «Главное научиться русской науке. Наука, знание, достаток, исскуством - все это у русских» [1].

Абай не был профессиональным педагогом. Однако, ценность его высказываний именно в этом плане несомненна для нас. Откуда же Абай черпал всю эту мудрость. Он сам учился всю свою жизнь, именно поэтому сумел оценить свои познания и никогда не оставался удовлетворенный знаниями. Согластно взгядом Абая, дети тянутся к учебе , знания у них формируются постепенно, когда они осознают пользу учебы. Большое значение придавал, что и человек сам стремиться к этому, это его толкает разум, на сознание необходимости знаний. Абай вместе с тем подчеркивал значение школьного обучения казахских детей на родном языке. По мысли Абая, человек должен усвоить основы знания на родном языке и только потом нужно переходить к изучению других языков. Остро и широко ставил вопрос о всеобщем народном образований: «Надо создать школу, надо, чтобы население дало средства на эти школы, надо, чтобы учились все, даже девушки» [«Сороковое Слово», из книги «Слова назидания»].

Величайшую силу, способствующую всестороннему развитию личности, Абай видел в общественно – производительном труде и «Книге Слов», «Сороковое Слово», пишет: «Труд закрепляет в осознаний услышанное. Человек приводит значение в порядок, отбирает нужное от ненужного и становится умным. И тунеядство, лень, паразитический образ жизни неизбежно ведут, по мнению, Абая к тому, что человек перестает быть человеком. Абай верил в силу воспитания, образования и возлагал на него свои надежды. Он критиковал и высмеивал людей, которые считали дело воспитания пустым, ненужным занятием [1].

В его творчестве важное место занимают вопросы нравственного воспитания. Поэт – мыслитель призывал людей жить так, как мысль о том, что люди живут не так, как требует законы нравственности, законы самой жизни и природы. Его мысль

отражается в его стихотворениях. По мнению поэта наиболее характерными признаками гуманизма и человеколюбия являются: уважение к человеку, открытость души, искренность, правдивость, честность. В частности он говорил:

Чтоб человеком ты был,
Ты пятерых побори, и пятерых избери…
Разум и доброта, упорство, скромность и труд,
Доверься – не пропадут.

Абай выдвигает гуманистическую концепцию нравственного воспитания, цель которого сделать из ребенка труженика, патриота, разносторонне развитого человека, живущего интересами, мыслями родного народа. В вопросах нравственного воспитания Абай опережал свое время на целую эпоху. Настойчивая пропаганда трудового воспитания – один из важнейших аспектов педагогических взглядов Абая и его мировоззрения как просветителя – демократа. Абай вел активную борьбу за превращение интернатов в один из важных очагов распространения в Казахстане культуры. В стихотворений «В интернате учатся», он подверг резкой критике утилитарное направление содержание всего учебного курса. Великий поэт видел главную задачу интернатов в том, чтобы они давали казахской молодежи прочное и всестороннее образование. Абай первым среди казахских просветителей, ученых и педагогов понимал и требовал учета возрастных и психологических особенностей детей в процессе их воспитания.

Из богатого наследия поэта и просветителя для нас самыми ценными являются его прогрессивные идеи, устремленные в будущее, и исполненные решимости неустанно призывать народ к свету, знаниям. Эти идеи вылились в своеобразную программу умственного, нравственного, трудового, семейного воспитания молодого поколения. Он упорно стремился утвердить идеал нового человека – деятеля разума и просвещения, поборника труда и науки, заступника слабых и угнетенных. Призывая молодежь к знаниям, он писал в своих произведениях

« Знания человека – это мерило человечества».
«Лишь знанием жив человек ,
Лишь знанием движется век!
Лишь знание – светоч сердец!»

Абай – наставник и учитель, возглавлял самое прогрессивное движение общественной мысли своего времени. Он воплощал в себе все лучшие качества просветителя, способного вести за собой людей через все преграды, мешавшие на пути к светлому будущему. Вопросы нравственности и человечности являются основной темой его произведений («Книга Слов», Слово 45)

Начало человечности – любовь и справедливость.
Они присутствуют во всем и решают все.
Это – венец творения Всевышнего.

Педагогические вгляды Абая были самостоятельными, самобытными. Этим он обязан не только своим выдающимся способностям, а прежде всего огромной любовью к своему народу, глубокими связями с родным народом, переживанием за настоящее и будущее казахского народа… Его глубокие познания народной педагогики, народной мудрости с выразительностью воплощены в его произведениях и стихах.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Абай, Книга слов. Слова назидания. Алматы – 2020.
2. Жарикбаев К.Б., Калиев С.К. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. – Алматы: Рауан, 1995. – С. 523

ӘОЖ 37.013

БҮГІНГІ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Рзабекова Ж.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, РЯЛ-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: проф. Н.С.Қамарова

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі заман жастарына Абай шығармаларының беретін тәрбиелік қырлары, өлеңдері мен қара сөздерінің мән-маңызы туралы айтылады. Абай шығармалары қай ғасырда да өзінің маңызын жоймақ емес. Бала тәрбиесінде Абай шығармаларының алатын орны ерекше. Ұрпақ тәрбиесі – қай кезде де маңызды мәселе. Қазақ халқы қашан да бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгеннен бастап оның өсіп, дене бітімі дұрыс қалыптасып, ақыл-ойының жетілуіне дейін үлкен көңіл бөлген.

Түйінді сөздер: Абай, өлең, қара сөздер, тәрбиелік мәні.

Абай өлеңі оқығанда жанды тебірентерлік, мән-мағынасы астарлы, тілге жеңіл,жүрекке жететін, тыңдаушыға керемет әсер қалдыра білетін өшпес ізі қалған шығармалар деп айта аламын. Ақынның қай өлеңі болсада адамды ойландырмай қоймайды. Барлық жанрдағы өлеңдері тыңдаушыны өзіне тартып тұрады.

Қазіргі кездегі Абай өлеңінің маңызы қандай? Осы тақырып төңірегінде сөз қозғар болсам,шынында да Абай ақындығы, Абай дүниетанымы, Абайдың өмірбаяны, Абайдың әдеби мұрасының зерттелу тарихы тұрғысында елеулі жаңа ғылыми бағыттар айқындалып отыр. Себебі Қазақ даласын барша жұрт Абай деп танитындығын еш күмәнсіз айта аламын.

Сонымен қатар, ақын өлеңдері жастарға берілер тәрбие-білімнің қайнар көзі.Ақын өз өлеңдерінде жастарға арнап түрлі тақырыпта сыр шерткен. Адамның болашағы,өмірінің жарқын болуы біліммен тығыз байланысты. Өлеңдерінің әрбір тармағы білімсіз адамның өмірі-қара түнек екендігін айқын көрсетеді. Оның өлеңдеріндегі ақыл,білім,имандылық сөздері қазіргі кезде тәрбиелік мәні жоғары болып саналады. Себебі қоғамның бүгінгі мәселелерінің бірі жастарға тәрбие мен білімді қоса беру. «Ақыл» сөзі Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде 199 рет кездеседі екен. Ашумен, күшпен ештеңеге де жете алмайсың,барлығы да ақын айтқандай ақылға байланысты болады. Қазіргі бүлдіршіндер ұранына айналған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің де тәрбиелік мәні зор, тағылымы терең шығарма. Адам бойындағы асыл қасиеттерді бес жаман қасиеттермен салыстыра жазылған.

Бірінші сыныптың баласынан Абай ақын туралы не білесің дегенімде осы өлеңін айтқанында керемет сезімде болдым. Себебі кішкентай бала тұрмақ жастар мен үлкен кісілердің тең жартысы ақын туралы көп нәрсе білмейді. Ең болмағанда туылған жылын айтса бір ғанибет,деседе ол бала кезінде ақын шығармасы мен өмірімен дұрыс таныспағаны деп білемін.

Абай өмірі кезіндегі жастар мен қазіргі кездегі жастар туралы айтар болсам,бұл тұста ұқсастықтан көрі айырмашылық көп болары бәрімізге мәлім. Ең бірінші артықшылық ол әрине білімділік жағынан қазіргі жастар артта қалады. Тәрбиелік болмысыда қазіргі жастарды әлдеқайда төмен екені еш дәлелсіз айтуға болады.Ол кезде үлкендер алдын кесіп өтпек түгілі көшеде көргенде,қонақ болып келгенде де ең алдымен үлкен кісіден бастаған. Ал қазір жасына емес таныстығына қарап сәлемдеседі,тіпті қағып та өтіп кетіп жатады. «Заман емес қоғам өзгерді» деген сөз сол заманның қоғамы мен қазіргі заман қоғамына байланысты айтылған секілді.

Ақынның бізге берер келесі өнегесі «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде:

Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста
Сонда толық боласың елден ерек, –

деген өлеңінде үш қасиетті бойыңа дарыта білсең ғана басқалардан ерек және өміріндегі кез келген қиындыққа тайсалмай төтеп беруге болатындығы айтылған. Ақын адам бойынан табылуы тиіс жақсы қасиеттер мен құндылықтарды өз өлеңіне байланыстыра келе,білім мен тәрбиелік құндылықтың қашанда жоғары екендігін дәріптейді. Сонымен қатар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі жайлы айта кетсем,ол шығармасында әкесі оны оқып жатқан жерінен ауылына шақыртып алатындықтан,ауылдың істеріне жастайынан араласып,оқуына өз кедергісін келтірді деп ойлаймын. Бұл өлеңнің астары жастарға бар кезінде оқу-білім алып,өзгелермен білгеніңді бөлісу жайында айтылса керек. Ақынның қай өлеңі болсада оқу-білімге,ақылдылыққа жетелейді. Абай атамыз өз өмірінде ткөрген қиындықтарымен және өмірден көрген-білгенімен өзінің шығармалары арқылы жастарға үндеу жасайды,өзі жоқ болсада өлеңдері арқылы жастарға ақыл-кеңесін береді.

Келесі кезекте қара сөздері жайлы айтар болсам:

Қара сөзде айтылған ой Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесіңде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай: «... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп қайыра түсінік беріп отыр...

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани казынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы пікір Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» де қайталанады. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Соңдықтан да Абай "Он тоғызыншы сөзінде»:

«Адам ата-анадан туғаңда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деген екен. Бұл жерде әрине имандылық,адамгершілік сынды жақсы қасиеттер жайында да айтылған.

Жалпы,көне қытай ойшылдары адамның адамдық қасиетін сыртқы көрінісінен іздейді. Ұлы ойшыл Конфуцийдың пікірінше адам үш түрлі болады: Дана адам – асып таспайды, Жақсы адам – күй талғамайды, Батыл адам – қорықпайды, – дейді. Сонымен қатар қытай жұртының ғұламасы, дао ілімінің негізін қалаушы Чжан – Цзы: өзінің арғы тегінен ажырамайтын адамды «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адамды «Қасиетті адам», шындықтан бөлінбеген адамды «Кемел адамға» жатқызған екен. Тағы да осы шығыс ғұламаларының даналық өсиеттерінде:

1. Ештеңе білмейтін, бірақ, ештеңе білмейтінін түсінбеген адам – ақымақ. Оны айналып өт.

2. Ештеңе білмейтін, бірақ, өзінің білмейтінін түсінген адам – шәкірт. Оған ілім үйрет.

3. Барлығын білетін, бірақ, білгенін іске асырмайтын адам – ұйқыдағы жан. Оны оят.

4. Барлығын білетін, білгенін іске асыратын адам – данышпан. Оны ұстаз тұт , - деген кемел ойлар айтылады.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдағы толық

адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер малшашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Осы өлеңді білмейтін қазақ жоқ шығар. Абайды кім оқымады, Абай туралы кім жазбады десеңізші! Пікірлер күнде өзгереді, ал Абай сол қалпы. Өлеңге келер болсақ, өте түсінікті өлең. Жаман мен жақсының ара жігін бөліп , талдап жазған. Мүмкін дәл солай қабылдау керек шығар ? Бірақ мен өзімше бір талдау жасадым. Өлеңде бір реттілік заңы байқалады. Мысалы: Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ... Бәрі осы өсектен басталады. Әңгіме болсын деп өсек айтамыз. Ал өтірік қосылмаса өсектің дәмі келмейді. Өсек пен өтірікті қатар айтқан адам мақтанудан да құр қалмайды. Осы үшеуі негізі еріншек, жалқау адамның әрекеті. Тірлігі бар адамның өсек айтуға да уақыты болмасы сөзсіз! «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын». Тағы да Абай!!! Жұмыссыз, жалқау адам «бекер мал шашпағанда» қайтеді. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым ойлап қой... Таудай талапсыз армандарға жету екіталай. Талап бар, енді мақсатқа жету үшін еңбек, жай еңбек емес, терең оймен ұштасқан еңбек керек. Осы үшеуі болған жерде нәтиже де болуы сөзсіз. Сол нәтижеге қанағат етіп, адамдарға қол созып, рақым ойлап қоюды да ұмытпау керек. Әрине, бұл тек менің өз ойым ғана...! Адам болу туралы ой танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М. Әуезов бұл өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытпай айтқан мағыналы да программдық бір өлеңі», – деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» – бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек, - дейді.

Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Шығыс жазба деректерінде,шығыс ғұламаларының айтып кеткен теңеулеріндегі толық адам,ақылды адам,сенімді адам, адал адам деп мен осы ұлы Абай атамызды айтар едім.Оның бізге қалдырған қара сөздері үлгі-өнегеге,тәлім-тәрбиеге,білім мен шындықтың бастауына толы құнды қазына дер едім.Қазіргі өсіп келе жатқан бізге,жас ұрпақтың санасына осы қара сөздері арқылы «адам,өмір,дүние туралы біраз ақыл бере кетеді.Бойымыздағы сөнбеу керек адамдық қасиеттердің өсуіне,өмір мен адам арасындағы байланысты ұғынуға,дүниенің жаксы мен жаман қырларын тануға,кандай жағдай болмасын жақсы адам болып қалуға бірден-бір көмекші,ақылшы дер едім.Осы тағылымы биік асыл қара сөздер үшін рахмет Абай ата!

Бұл мақаланы өз өлеңіммен аяқтағым келеді:

Қара сөзі мол тәрбие, мол азық,
Өлеңдері жеткіншекке түп қазық.
Асылы дана,ақыны дара қазақтың,
Оқымай оны өте алмас ешкім тамсанып.

Сөздері оның шарлаған әлем арасын,
Абай деп таныр барша жұрт,қазақ даласын,
Абайдан жеткен мол мұра,рухани байлық емес пе?
Абайдай биік тұлғаны қайдан табарсың!

Ақын өлеңдері қашанда өзінің өзектілігі мен құндылығын және қазір де, кейін де өзінің маңызын жоғалтпайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 1995.

2. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. -Алматы, 1957.

ӘОЖ 81'373:811.512.122

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «КҮЛКІ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МОДЕЛІ

Ескалиева А.С.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, КЯЛ-17 тобының студенті.
Ғылыми жетекші: Дуйсенова К.Е.

Аңдатпа. Күлкі адам қарым-қатынасында және оны әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады. Ол адамның болмысын танытатын күрделі құбылыс саналады. Мақалада «күлкі» сөзінің мән-мағынасына қатысты мәселелер сөз болады. Күлкінің адам өмірінде алатын орны мен қарым-қатынасты жүзеге асырудағы қызметі, «күлкі» сөзінің этимологиясы, қазақ тіліндегі күлудің түрлері мен белгілері қарастырылады. Күлуге қатысты жасалған сөздер, мақал-мәтелдер және қалыптасқан тұрақты тіркестер келтіріледі. Қазақ және шетел ғалымдарының күлкіге қатысты ойлары мен тұжырымдары беріліп, «күлкі» атауына қатысты сөздер лингвистикалық тұрғыдан зерттелінеді.

Түйінді сөздер: күлкі, күлу, спецификалық дыбыстар, тұрақты тіркестер, эмоциялық сезім, этимология, биохимиялық және физиологиялық өзгерістер, бояма күлкі.

Күлкі – адамдардың әлеуметтік өміріндегі ең маңызды элемент. Күлу – адамның белгілі бір әзілден пайда болған не болмаса қытықтаудан келген жағдайлардан туындайтын реакциясы. Ол спецификалық дыбыстар мен бет әлпеттің қозғалысы және

тыныс алу аппараттары арқылы көрініс береді. Күлу әрекеті тілімізде тек жақсы, жағымды жағдайлар әсерінен ғана емес, сонымен қатар жағымсыз жағдайлардан да орын ала береді. Бұл жүйке жүйесі сыр берген және психикалық ауытқулар пайда болған адамдардың күлкісі болуы мүмкін немесе өмірде жолы болмаған, қиындыққа тап болған адамдардың күлкісі деген сияқты.

Кемеңгер Абай заман тынысын шығарма идеясы мен ондағы сөздер тылсымы арқылы танытуды көздей отырып, түрлі тәсілдер көмегіне сүйенеді. Ол үшін бірде өзгеше сөз формалары қажет болса, бірде семантикасы тың сөз көмегі керек болды. Кейде халыққа әбден түсінікті сөздерге ерекше экспрессия немесе үстеме мән қосылып барып жұмсады. Соның бір дәлеліне осы күлкі сөзінің қолданысы арқылы көз жеткізе аламыз.

«Күлкі» концептісінің когнитивтік моделі төмендегідей:

1. ...Күлкі – «адалдық» семантикасының контекстік синонимі ретінде қолданылады. Автор дос көңілін қалтқысыз түсінетін ниеті түзу, көңілі адал, достың шынайы әрекетін «шын күлерлік» деп бағалайды. «Күлу» етістігінің ішкі формасының мағыналық жылжуы нәтижесінде семалық өрісі кеңейген.

«Шын күлу» тіркесінің семасы – «боямасыз ақ көңілмен», жасанды қылық көрсетпей, адал қарым-қатынас жасауды білдіреді. Мәнмәтін қоршауындағы «арзан», «жалған» деген актуализатор сөздер бұл идеяны белсенді етіп тұр.

Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат [1,96].

Абай қолданысындағы осы уәждеме «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңнің өзегіне айналған:

Алашқа іші жау болып, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек [1,123], –

дегенде өтірік, жасанды қылық танытқан, аярлық әшкереленеді.

2. Күлкі – көңіл-күй, ішкі сезім семантикасының баламасы болып, метафоралық, метонимиялық қатар түзеді. Оны мына мәтін үзігінен айқын аңғаруға болады:

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат [1,87].

Осы мәтіндегі ойын лексемасы бос жүріс, мағынасыз тірлік мәнін білдірсе, күлкі адамның, көңіл-күйін, оның болмысын көрсететін ішкі әлемі мәнінде түр, сонда күлкі – мағыналы өмір мәнін білдіреді.

3. Күлкі – сезім ширығуының мәні, ашу – ызаның көрінісі. Ол қырық екінші қарасөзімен былайша сабақтасады: ...әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың... [2,125].

4. Күлкі – жақсылыққа қолдау көрсету. Оған дәлелді тағы да қырық екінші Сөзден табамыз: «...әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл» [2,125].

5. Күлкі – жасандылықтың бейнесін білдіреді. Қырық екінші сөзі: бір күлкі бар-ау – құдай жаратқан орнымен іштен, көкіректен келмейді, қолдан жасап, сырты менен бет аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі [2,126].

6. Елі жөнді болыстар мақтанып жүр тарқылдап,
Күлкісі жақсы қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап [1,108]

Осындағы, «Болыс болдым, мінекей» өлеңінің мәтін үзіміндегі, күлкі - оңалған шаруаның, көңіл-күйдің дұрыстығының символы. Өлең малын шашып болыс болғандардың әлеуметтік-психологиялық образын өздеріне сомдатумен де өзгеше. Елін мығымдап ұстаған болыстың ояз алдындағы көңілі орныққан бір кезеңін көрсетіп,

күлкісі яғни «шаруасы» дұрыс, «жүрегі суылдамаған», сәл саябыр тапқан сәтін сипаттайды. Сондықтан да, «Оязға кірсе, өзгеден Мерейі үстем жарқылдап» тұруының мәнісі бар екен. Нақты айтқанда, «Біреуге таяғы тиіп бартылдап», «біреуін боқтап барқылдап», «біреуі беттесе алмай шаңқылдап», әйтеуір, болыс өзінің «күлкісін» – шаруасын «жайлап алған».

7. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зеректе» Абай адамгершілік жайлы философиялық ой толғайды. Бұл өлеңде күлкі – сезімге бой алдырмаған сабырлы адамның бейнесі рөлінде тұр. Мәнмәтіндегі концептуалды бейне – кемел адам келбеті «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаудан» сомдалған. Ал ақылдың басшылығымен ашуына, күлкісіне, яғни өзіне ие бола алу – кемелдіктің бір белгісі. Өлең мәтінін тұтастай қабылдағанда бұл ой-толғауды түсіне аламыз: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, / Сонда толық боласың елден бөлек... / Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ, / Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек [1,128]. Осының бәрін (оның ішінде күлкіні де) жеңген, Жүрек, яғни Адам күлкіге бой алдырмайды.

8. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» шығармасында күлкі тыныштық ұғымымен ассоциақияланған. Өлең мәтініндегі ... Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып, / Ызамен ыржиып күле алмай жүр, [1,133] – деген жолдардан тыныштығы, яғни берекесі кеткен елден күлкі, көңіл-күйдің қашқанын аңғару қиын емес, сондықтан да Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ, / Мейір қанып, мәз болып, қуанарлық [1,133].

Бұл шығармадағы «Күлкі» концептісінің ішкі формасының мәні күлкі кеткен жерде тыныштық пен береке де тұрмайтындығын, күлкі қуаныш бар жерде ғана болатындығын имплицитті жеткізуге уәж болып тұр, олай болса, күлкі – тыныштық символы. Күлкі-тыныштық образы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» шығармасының өзегіне айналған Өзімдікі дей алмай өз малыңды / Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың [1,89], өйткені Бас-басына би болған өңкей қиқым / Бұзған жоқ па, елдің сықын. / "Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ / Сапырылды байлығың, баққан жылқың[1,89]. Олай болса, күлкі – тыныштықтың бұзылуының себебі де – осы, яғни береке жоқ, байлықтың бағы тайған.

9. «Күлкі бағудың» біреудің көңіл-күйін байқау, әліптің артын бағу деген семалық мәнін де Абайдың тілдік тұлғасы белсенді пайдаланған.

Күлкінің, яғни мінездің ситуацияға қарай құбылып отыруы Абайдың бірқатар шығармасына арқау болған. Мысалы, «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде:

Кісіні көрсе қылжаңдап,
Қалжыңшылсып ыржаңдап.
Өз үйінде қипаңдап,
Кісі үйінде күй таңдап, –

дегенде [1,81], жүз құбылған, кеселді пысықтардың мінезін, өңкей жалған мақтанмен шынның бетін бояғандарды сипаттайды. Олар күлкіні қай кезде жұмсауды, қалай (қылжаңдап, ыржаңдап) жұмсауды біле қояды. Өте сергек. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» шығармасында:

Сыяз бар десе, жүрегім,
Орныңпайды суылдап,
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап;
"Мәз болады болысың" туындысында:
Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Тақ қаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға, [1,97], –

деп болыс біткен өзінің аярлығын, күлкісін (мінезін) бас пайдасына жұмсайтындығы әшкереленеді. Бұл әрекеттердің бәрін «күлкі баққан» деуден артық бағалай алмасымыз аян.

10. Күлкі – парықсыздық, босқа далақтау мағынасында да қолданылады. Бұл образ – Абайдың бірнеше шығармасына ортақ бейне. Мысалы, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» өлеңінде «басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ, Қайран елінің далақтап, босқа шапқанына» ызалана отырып:

Күні бойы шабады бос салақтап,
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап [1,103], –

деп бос күлкіні күйттеген есерліктің синонимі етіп алады.

Күлкі – парықсыздық образы Абайдың бірқатар шығармасының негізі кейіпкеріне айналған. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» шығармасында: Өзгеге бодан болып, өз ырқынан айырылған елінің бір қайғысы – мағынасыз күлкіге малдану мен байлаусыз бәтуасыздықтан деп ашынады. Жауапсыз сұрақ қояды:

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың? [1,51]

Абайдың «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» шығармасы – әлеуметтік-психологиялық лирика жанрындағы мағынасы терең туынды. Ол арзан күлкімен, яғни «ыржаң-қылжаң ит мінезбен» өмірін өткізген үлгісіз жұртына сын айтады.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Ыржаң-қылжаң ит мінез дегендейін [1,104].

Мәнмәтіндегі ой – парықсыз бос күлкінің босқа уақыт шығындаудан басқа еш пайдасы жоқ екендігін еске салу. Күлкіге мас болу – пайдалы әрекеттен қалу, шаруа-тұрмыс жайын ойламау; ақыл мен ұяттан бірте-бірте ажырау сол «ғафилдіктен» басталады деген прагматикалық ой түйгізеді. Сондықтан күлкінің шекарасын, орнын анықтай білу, яғни оның парқын білу керек деген интенция осы төртінші сөзде әрі қарай дамытылады: Орынсыз күлкімен азайтпа қайғыны, орынды харекетпен азайт [2,38].

Абайдың өлеңі мен қарасөздерінің мазмұн-мақсаты бір, яғни сөздің тәрбиелік қуатын жете пайдалану дедік. Қырық екінші қарасөзінде «Күлкі» концептісінің мән-мазмұнын қорытындылайтын мынадай ой бар: Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса боғы шығады[2,145]. Ал келесі бір шығармасында регулятив мәнде, афоризмдік сипаттағы мынадай түйін түйеді: «Қуанбаңдар, жастыққа, елірме күлкі мастыққа».

Сөйтіп, «Күлкі» концептісінің өрісі былайша жіктеледі: 1) адалдық, 2) мағыналы өмір, 3) оңалған шаруа, 4) сабырлылық – сезім тұрақтылығы, 5) тыныштық, 6) парықсыздық, 7) біреудің көңіл-күйін байқау, 8) ашу-ыза, қайғы, 9) жасандылық, 10) жақсылыққа қолдау көрсету.

Қорыта келгенде, ақын-жазушы өмір сүрген дәуір мен шығарма мазмұны түгелдей әрбір сөзге ерекше мазмұн-мақсат беруді талап етеді. Кейде күліп тұрып жылайсың немесе керісінше, жылап тұрып күлуге де болады. Орыс тілінде мұны «Смех сквозь слезы» дейді. Тілімізде күлуге қатысты мынандай мақалмәтелдер мен қанатты сөздер бар: «Күлкі болу – өліммен тең», «Күлсең, кәріге күл», «Қыздың күлгені – өлгені, жымиғаны – күлгені», «Күлме досқа, келер басқа», «Дұшпанның табасынан, достың күлкісінен сақта», «Күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім», «Ойын – арзан, күлкі – қымбат», «Жастықта бір күлгенің – бір қаралық» т.б. Қорытындылай келгенде, күлкінің адам өмірінде алатын орны ерекше. Біріншіден, адамға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Элла Уилер Уилкокс: «Күл! Күлсең, әлем сенімен

бірге күлетін болады. Ал жыласаң, сенімен бірге ешкім де жыламайды» – дейді. Екіншіден, қарым-қатынасты оңай жүзеге асыруға септігін тигізеді. Үшіншіден, адамдардың мінез-құлқын, мәдениетін аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. -Алматы: Ғылым, 1995. -280 б.

2. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. -Алматы: Ғылым, 1995. -126 б.

ӘОЖ 811.512.1:18

«ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА» ШЫҒАРМАСЫНА ФРЕЙМДІК ТАЛДАУ

Сембаева М.С.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, КЯЛ-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Дуйсенова К.Е.

Аңдатпа. Экстралингвистикалық ұғымдар халықтың ғасырлар көшінде қалыптастырған болмысын, ұлттың тілдік санасын айғақтайды. Тілдік ортаның уақыт көшінде жинақтаған тәжірибесі негізінде туған ұғым-түсініктердің тіл мен мәдениет арақатынасын байыптауда ықпалы зор. Ежелден аңшылық пен саятшылық – көшпелілер үшін күнкөріс тіршілігінің көзі, «үйірімен үш тоғызды» байлатар молшылық белгісі, ат құлағында ойнаған ептілігін, талай жаугершілікте мұқалмаған төзімін, мергендігі мен әдісқойлығын сынайтын майдан. Фрейм-сценарийлер нақты бір лингвомәдениеттанымдық ақпаратты жүйелі түрде қабылдауға ыңғайлы болып келеді. Сондықтан осы өлеңді лингвокогнитивтік талдау барысында фреймдік жіктеме басшылыққа алынды.

Түйінді сөздер: Концепт, қансонар, фрейм, фрейм-сценарий, құсбегілік, бүркіт.

Мәдени мазмұны толымды, мол ақпарат жиған динамикалық фреймдер халықтың этникалық мәдениетінен құнды мәлімет береді. Когнитивтік құрылымдар аясы өте ауқымды. Ой бейне, схема, фреймдер – әртүрлі мәдени ақпараттардың, мәліметтердің жиынтық қоры, сонымен қатар, белгілі бір социумның уақыт пен кеңістік шеңберінде алғандағы дүниенің тілдік бейнесі, яғни лингвомәдени танымдық ақпараттар жүйесі. Концептілік құрылымның когнитивтік бірлігі болып табылатын фреймдерде реалды дүние жайлы мол ақпарат жинақталады. Когнитивтік санадан орын алған бұл ақпараттар жүйесі дүниенің тілдік бейнесінің динамикалы бір көрінісі болып таңбаланады. Фреймдер – бір-бірімен жүйелі, логикалы байланыста сабақтасқан тіл мен мәдениеттің ұлттық сипаттағы көрсеткіші немесе әлеуметтік мән иеленген іс-әрекеттердің тізбекті байланысы. Автор қандай да бір жағдаятты таныту үшін бұрыннан мәлім мәліметтерді өз таным-түсінігіне қарай сүзгіден өткізе қолдану – фреймдерге тән қасиет екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденуде.

Абай шығармаларындағы фреймдер:

1) Қазақ халқының өмір сүру салтындағы дүние бейнесін танытуға мүмкіндік береді, бұларда бүтіндей бір ұлт мәдениеті бейнеленген;

2) Ұлттың мәдени-тұрмыстық, қоғамдық когнитивтік санасынан ақпарат береді;

3) Ұжымдық санада стеоретип, этикет түрінде қалыптасқан мәдени семиотикадан хабардар етеді.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдағанға.
Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші - тау басында, қағушы - ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен үшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға...
...Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда [1,39].

Өлең мәтінінің құрылымы мынадай тезаурустар тізбегінің мағыналық байланысынан түзілген фреймдерден тұрады: Қансонарда, жақсы ат, ыңғайлы ықшам киім, тату жолдас, із шалу, бүркітші, іздің бетін түзеу, томағасын тарту, қыран құс, қанды көз, қайқаң қағу, қанат-құйрығы суылдау, құсы да, иесі де қораздану, алпыс екі айлалы түлкі алу, «үйірімен үш тоғыз», жанына байлау, көңілі жайлану, құс салу. Осы динамикалық фреймдер саятшылық, құс салу сияқты тұрмыстық салт-дәстүрден көзбен көргендей, қолмен ұстағандай етіп анық та дәл этномәдени ақпарат береді.

Фрейм-сценарий бірнеше ірі көріністерден тұрады және когнитивтік құрылымына қарай тағы да іштей ұсақ, бірақ мәнді бөліктерге ажыратылады:

1) Әуелі қансонарда бүркітшінің аңға шығуы: а) оның жақсы аты; ә) ықшам киімі; б) жақсы жолдасы болуы – аңшылықтың сәтті өтуінің бір кепілі.

2) Баптаған құсын аңға жібереді: а) бүркітші тау басында; қағушы ойда; ә) іздің бетін дұрыс бұру; б) құстың томағасын тарту; в) құсы да әккі, қайқаңдап аспанға бір-ақ көтеріледі, төмен ұшпайды.

3) Бүркіт аңға шүйілігеді: а) түлкі де шыбын жанға талас қылады; ә) қыран жарқ-жүрқ етеді, қанат, құйрығы суылдайды, алысады.

4) Алпыс екі айлалы түлкіні алғанына құсы да, иесі де қоразданады: а) тымақты сілке кию; ә) насыбайды жайлана ату; б) көңілі жайлану.

5) Ерекше эмоциялық күйге бөленеді: (құмары қанып, бір жасайды, көңілі жайланады).

6) «Аңшылық – сұм жалғандағы бір қызық іс» (алайда, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» – деген өлеңде аңшылықтың мәні басқа қырынан алынады)

Шығарманың когнитивтік мазмұны жеткілікті болу үшін сонар семасының мәнін ашуды мақсат еттік.

Сонар (дәстүр) – аңшылар үшін өте қызықты сәттердің бірі. Қыстың тынық күні ұлпа қар жерге түскенде жүрген аңның ізі тайға таңба басқандай анық көрініп жатады. Аңшылар бүл күнді осыға күтіп жүреді де, ізіне түскен аңды құтқармай соғып алады [2,456.].

Сонар сөзінің жаңа жауған ұлпа қардан кейінгі аң аулауға шығатын мезгіл деген мағынасын академик Ә.Қайдар әрі қарай тереңдетіп, нақтылай түседі, яғни алғашқы қардан кейінгі тым-тырыс уақыт деген мағынада қабылдайды. Абай шығармасында сонар, қансонар қалың қар түскендегі аңшылыққа байланысты қолданылады.

Ауылдан алысырақ жерден бірнеше күн қона жатып аң аулауды салбурын деп атайды. Салбурынға, әдетте, бірнеше адам боп бірігіп шығады. Айлап-апталап аңшылық құруды салбурын деп атайды. Онда бес қаруы сай саятшылар атағына, жасы мен біліміне қарамай түгел міндетті түрде құсбегіне бағынады. Құсбегі салбурынға қатысушыларды бірнеше топқа бөліп қояды:

1. Тұрғышылар – бүркіт ұстап биікте тұрушылар;

2. Қағушылар – аң жүретін жерді тінте сүзіп қуып шығушылар; (Абайда «бүркітші тау басында, қағушы ойда»);

3. Тосқауылшылар – қашқан аңды таулы-тастақты жерлерден қайтарып, жасқап тұру үшін жолын тосушылар; (Абайда «тастан түлкі табылар аңдағанға»).

4. Ізшілер – аңды ізіне түсіп жүріп, бойын көрушілер (Абайда - "сағадан сымпың қағып із шалғанда" деп келеді);

5. Қызылшы немесе бақыршылар – қоста қалып ас әзірлеушілер немесе аң-құсты союшылар. Бұл топтың қай-қайсысына болса да, төзімділік, іскерлік, сабырлы әрі ұйымшылдық, ауызбіршілік тән болуы керек. Абай айтқан «тату жолдас - бір ғанибет» деген осы шығар.

Фрейм-сценарий көрсеткеніндей, өлең авторы «Қансонар» концептісінің қыр-сырын жетік меңгерген, ұлттық саятшылық өнерден де танымы терең. Дәлелге жүгініп көрелік: Ол қыран құс мінезін жетік біледі. Қазақ құсбегілері бүркітті қыр құсы немесе таулы жердің құсы деп бөлген. Оған себеп бүркіт ұясын тау сілемі немесе орман алқаптарында салуына байланысты. Этнограф-ғалымдардың айтуы бойынша, қазақ арасында аңшылықтың кең тараған түрі – аңды бүркітпен аулау, бүркіт ұстап саятшы болу, салбурынға шығу. Бүркіт аңға үш түрлі түседі: бірі – шаншыла, екіншісі – сыпыра, үшіншісі – іліп түседі [2,132].

«Таудағы түлкіні бабындағы бүркіт қана алады» деген мақалдың өлең авторы ойымен үндестік тауып тұрғанын көреміз. «Саятшының сұңқары салған жерден іледі», «Құс белгісі келіссе, күйкентай құс қаз алар», «Саятшының сұңқары салса, ілмей қалмайды» сияқты мақал-мәтелдердің мәні бұл кәсіпті жанына жақын тұтқан саятшының әбден кәнігі болып, құс тәрбиесіне көңіл бөлетіндігіне ой екпінін түсіреді.

«Қиядағыны қыран ғана көреді», «Қиядағы қызыл түлкіні, қияннан соққан бүркіт алады»; «Ат бегі аттың тұяғына қарар, құсбегі құстың қияғына қарар»; «Құстың алғанынан, салғаны қызық»; «Ителгінің қызығына қызсаң, қаршығаңды қамшы етерсің»; «Қаршыға салғанның қанжығасы тоқ», – деген мақал-мәтелдер мәдени қауым өкілдерінің өмірлік тәжірибесінен туындаған қорытынды, тұжырымы, іс-әрекет барысында қаперіне алар ұстанымы деуге болады.

Осы ұстанымға сай, қорыта айтар болсам, бүркіт сыны Абай поэзиясының бір кезеңі ретінде өз бағасын алуға тиіс. Басқа мысалдар секілді Абайдың ақындық лабораториясының өзіне тән ерекшелігін танытатын мен талдаған осы өлең ақынның «Саятшылық туралы өлеңдер циклы» деп толық мойындауға лайық шығармалар. Өлеңнің тақырыбы мен ақындық әдіс-тәсіл, тіпті тұтас сюжет деуге тұрарлық құбылыстар осыған дәлел деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред.басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Закарина М.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, КЯЛ-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Дүйсенова К.Е.

Аңдатпа. Абай тілдік тұлғасындағы мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі мен өзіндік сипаты ерекше көңіл аударарлық. Мақал-мәтелдер – тілдің кумулятивтік қызметі арқылы танылатын, бүкілхалықтың рухани әлемі сіңірілген тілдік құбылыс.

Данышпан Абай Құнанбайұлының 45 қара сөзі – әр қазақтың бойтұмары іспетті. Соңынан өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы бабамыз өзінің бесінші және алтыншы қара сөздерінде қазақтың кей мақал-мәтелін сынаған, олардың тереңіне үңіліп, мән-мағынасын ашып көрсеткен.

Түйінді сөздер: тілдік тұлға, қара сөз, пракматикалық қызмет, тәрбие, сын.

Абай тілдік тұлғасындағы мақал-мәтелдердің тілдік-танымдық мәнін, прагматикалық қызметін анықтау арқылы қазақ тіл өнерінде көркем сөздің алатын орнын сараптай аламыз. Тілдік қордағы әрбір мақал-мәтел мағынасының қалыптасу және даму заңдылығы болатындығына Абай дискурсы арқылы тағы бір көз жеткізе аламыз.

Абай тілдік тұлғасының алғашқы нөлдік деңгейін анықтау барысында мақал-мәтелдердің рөліне баса назар аударды қ, өйткені тілдің паремиологиялық қоры – ұлттың таным деңгейінің көрсеткіші, ал соған сәйкес, ұлттың таным деңгейінің тереңдігін сезінген тілдік тұлға өресі де көрсетілуі тиіс. Жеті бірдей мақалды сынға алған жиырма тоғызыншы қара сөзінде: «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар [1,93], – деп бағалайды. «Атың шықпаса, жер өрте», «Қарның ашса қаралы үйге шап», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті шарық», «Берген перде бұзады», «Жарлы болсаң, арлы болма», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Ісі білмес, кісі білер», «Ісіңнен түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айлалығынан жетерсің» деген ой қорытуларды Абай сынға алған.

Көркем сөздің қуатын сезінген талғампаз ақын әр сөздің астарына үңіліп, көркемдік табиғатына көңіл бөліп қана қоймайды, әр мақалды әлеуметтік тұрғыда бағалап, оның халықтық дүниетанымммен үйлес келуіне баса мән береді. Абай бір қарағанда, мақалдың дұрыс қолданбағанын көрсеткендей болса да, ойын әрі қарай тарата отырып, оның басқа бір мәнісі болуы ықтимал деп қарайтын сияқты. Мысалы, «Жарлы болсаң, арлы болма» мақалы туралы «ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын» деп оның дұрыс айтылмағанына сын тағады. Алайда осы «арлы болма» деген сөздің (ойдың) өзге жағдайға байланысты айтылуы мүмкін екенін де жоққа шығармайды. «Егер онысы (арлы болма дегені) жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, - ол ар кететұғын іс емес» дейді... Сөйтіп, бұл сөзді Абайдың өзі ақтап алады, яғни жанын қарманып, біреуден тіленбей мал іздеуге ұялудың, арланудың керегі жоқ деген ой астарын оңай аңғаруға болады. «Абай қазақтың мақалына қарап отырып, қазақтың тарихын қарастырады, өз кезіндегі қазақтың дүниеге көзқарасын білуге мақалды кілт қылғысы келгені – бәрі халық әдебиеті мұрасын қалай пайдалану жолын түсінгенін көрсетеді. Ол ескі мұраны талғамай ала беретін адам емес...», – деген Қ.Жұбанов [2,232].

Түзету енгізген, яғни дұрыс түсінуге мегзеген келесі бір мақал – «Өнер алды – бірлік, ырыс - алды тірлік». «Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді... Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», – дей келіп, ойдың дұрыс бағытын көрсетеді. Яғни «қазақтың ойлағанындай, бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ емес», – деп қорытады. Егер бірлік мәні теріс ұғынылса, қазақта ақыл қосатын ынтымақ болмаса, олар дүние үшін ғана бірігіп, сонысын бірлік деп тапса – антұрғандықтың басы осы. «Мұның қай жерінен бірлік шықты», – деп оның мәнін дұрыс пайымдауға шақырады. Алтыншы сөзі былай басталады: «Ырыс алды – тірлік», – дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар» [2,21].

Семантикалық құрылымы, яғни лингводидактикалық мазмұны ұлттық идеяны таңбалайтын тілдік белгілер отыз тоғызыншы сөзінде мол кездеседі. Олар: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Аз араздықты қуған көп

пайдасын келтірер». Абай нұсқағандай, арлылық, намыстылық, табандылықпен келетін, бұрынғы ата-бабаларымыздан қалған бұл мінезден айрылдық. «Ендігілердің достығы -бейіл емес, алдау, дұшпандығы - кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық». Терең афористік үлгідегі бұл сөздер – сол Абай өмір сүріп отырған заманға сай жасалған тұжырым. Ұлт мүддесін ойлаған ақынның мақал арқылы бекіткен танымы, яғни дүниенің тілдік бейнесі. Мысалы, «қазақ мақалдарының ішіндегі не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны» – бесінші қара сөзіндегі «Қарның ашса, қаралы үйге шап». Осы мақал семантикасының қалыптасу уәжіне басқа бір қырынан келу керек сияқты. Бұндағы тілдік таңбаның контекстік мағынасы құрам компоненттерінің ішкі мағынасынан шығып тұрмаған сияқты. Мәнмәтіндік ауыспалы мағына «қарын ашқан – қайғы емес, қара жұтқан – қайғы, яғни қайғының үлкені – қаралы үйде, соны көр» - деген астарлы мән бар. Өйткені «қайғысыз қара суға семіреді» деп сабырлық танытқан халықтың ашыққанды қаралы үй арқылы тойындыруы ақылға сыйымсыз емес пе? Халық тілінде «Қарны ашқан қаралы үйге барсын» деген нұсқасы бар. Қазақ даласының дәстүрі бойынша қара тігілген үйге кез келген адам кіріп, дұға оқып, дәм тата алады. Қара тігіліп, алыстан көрініп тұрған үйге әрбір жолаушы ат басын бұруы мүмкін болғандықтан осы мағынада да қолданыс табуы мүмкін.

Тілдік тұлға паремиологияларға стильдік өңдеулер енгізген. Абай мақал-мәтелдерді өлең ішінде сынын бұзбай тұтас күйінде қолданады: «Арамдықтан жамандық көрмей қалмас», «мың күн сөнбес, бір күн сынар шөлмек» немесе өлең өлшеміне лайықтап, сөз үнемдеу құбылысына бағынған мынадай өзгертулер де кездеседі: Бір тойған – шала байлық деген қазақ, / Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей. Абай өзінің дүниетанымын, қоршаған ортаны тану нәтижесін көпке белгілі мынандай өзіндік идиолектілер түрінде берген: Ақырын жүріп, аның бас, енбегін кетпес далаға; Арттағыға сөзіц мен ісің қалса, өлсең де өлмегенмен боласың тең; Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; Досыңа достық – қарыз іс, дүшпаныңа әділ бол; Адасқанның алды жөн, арты-соцпақ т. б.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы: Ғылым, 1995. – 126 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 б.

ӘОЖ 821.512

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ НЕГІЗІ

Дәуренова А.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ, КЯЛ-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Дуйсенова К.Е.

Аңдатпа. Ойшылдар адамның рухани кемелдену, толысу жолдарын іздестірген. Абайда да адам жаратылысының жан сыры туралы жүйелі де кемел ой-пікірлер білдірді. Ол өзіне дейінгі Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, Қ.Яссауи және Ж.Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады. Абайдың «толық адам» туралы танымы да Сократтан басталатын Платон, Аристотельдегі «сүюді сүйеніш еткен адам», Қытайлардың дао іліміндегі «әбден жетілген адам» (совершенно мудрый человек), Шығыс ойшылдары мен суфизмдегі «пенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам», атап айтар болсақ, Әл-Фарабидегі «Кемел адам», Ж.Баласағұнның дастанында көрініс тапқан

«Жауанмәрттілік» ілімі және А.Ясауи дүниетанымындағы «дертті адам», «топырақ адам», «ғарип адам» секілді тұлғаларымен сабақтасып жатқан секілді. Қазақ руханиятының өзегі саналатын Абайдың «Толық адам» ілімі – келешек Қазақстанның адамгершілік кодексінің іргетасы.

Түйінді сөздер: толық адам, рухани кемелдену, Әбдірахман, ақыл, қайрат, жүрек, иман.

Абай – күллі адамзаттың ақылшысы, шамшырағы, алыбы. Абай «адамтанудың көркемсөздегі өрнегін салып, үлгісін қалыптастырды» деген дәлелдеуді қажет етпес тұжырымды пікірді Абайдың тілдік тұлғасы тезаурусын талдау арқылы бекітуге болады. Оның өзіндік дәлелдері бар. Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Абай адам бойында болатын күллі қасиеттерді жоғары бағалаған.

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [1,218], –

деген өзекті ойлары арқылы биік адамгершілік иесін және оның кісілік келбетін сомдайды. Осы қасиетті иеленген адам ғана Адам деген ұғымды нұсқайды. Бұлар – толық адам жөніндегі ұғымдарды құрайтын басты сипаттар, яғни толық, кемел адамға тән қасиеттер., Яғни, Абайша айтқанда, адамның «толық адам» бола білуі – басты шарт екен де, ол үшін адамға ақыл, қайрат, жүрек – үшеуі қатарынан көмекке келеді екен.

Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген. Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Ал адамды тек жаман мінезге бойлататын «бес жаман істі» барынша сынайды. Өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік пен ысырапшылдықдың – адам атаулының қас жауы екендігін жеткізеді. Абайдың бұл – «бес асылы мен бес жаманы» барша адамзатты жақсылыққа шақыратын, жамандықтан қашыратын дүниелер екенін келешек ұрпақ мықтап естеріне сақтаулары керек.

Таудай талапсыз армандарға жету екіталай. Талап бар, енді мақсатқа жету үшін еңбек, жай еңбек емес, терең оймен ұштасқан еңбек керек. Осы үшеуі болған жерде нәтиже де болуы сөзсіз. Сол нәтижеге қанағат етіп, адамдарға қол созып, рақым ойлап қоюды да ұмытпау керек. Әрине, бұл тек менің өз ойым ғана...! Адам болу туралы ой танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М.Әуезов бұл өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытпай айтқан мағыналы да программдық бір өлеңі», - деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. «Ыстық қайрат» – бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» – иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек [1,119], –

дейді. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Абай:
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз,
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз [1,72], –

дей отырып, болашақ ұрпақты жақсылық пен жамандықтың парқын түсінуге шақырады. Бұл ізгі қасиеттердің бәрін өз баласы - Әбдірахман бойынан тауып, «жасқа-жас, ойға-кәрі», «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» иесін көріп, тұшынып, өз жазғандары мен ізгі армандарының орындалғанына көңілін тоғайтады, өміріне серік етеді. Балаларын үлгі ете отырып, Абай болашақта надандыққа лағынет айтар, сәулелі ғұмыр жас ұрпаққты арман етеді. Бүгінгі таңда еліміздегі саналы балалар мен парасатты жастардың көбейгендігін көргенде, Абай арманының орындалғанына мақтанасың?! Абайдың асыл сөздерінің текке кетпегеніне разы боласың! Абай үшін қуанасың! «Абай жаққан бір сәуленің» әрі қарай алаулап жанғанына мәз боласың!

Абайдың өз замандастарының өмірге көзқарасымен келісе бермейтіні, тіпті олардың рухани құндылықтарды бағалауына сыни тұрғыда қарағаны белгілі. Себебі, Абай жүрегі – «елім, ұлтым,халқым», – деп соқты. Ойшыл Абайдың «Ішім – өлген, сыртым – сау» деген наласы салыстырмалы түрде жағымды мән иеленген. Оны екі ұдай күйге түсіріп тұрған – екі ұдай күйкешкен қоғамы, екіге жарылған мінез-құлықтың иелері. Бүгінгі дос ертең жау болғанында ет жүрегі, сана-сезімі қорланудан сескеніп қалған жүрегі нәзік ақын сол әлемге іштей қарсылық білдіріп, «іші-өлген, сырты-сау» күй кешіп, сырттай көндіккендей болады.

Белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметов ұлы ақын толық адам ұғымының қазақ ортасындағы нақтылы образын өзі үлкен үміт артқан баласы Әбдірахман бейнесі арқылы бергенін дәйектейді [2,117]. Абай толық адам идеясын қалыптастырып қана қойған жоқ, соған жетелейтін шынайы жолды көрсетіп берді

Әбдірахманның атасы азан шақырып қойған есімінің өзі үлкен мән иеленген. Рахым араб тілінде мейірім, марқабат, аяу, жаны ашу, жәрдем, қайырым мағынасын білдіреді. Бұл есім – Әбдірахманның мазмұнға толы қысқа ғұмырының айқындауышы іспетті деуге болады. Сонымен қатар, тағы бір танымдық мәні бар мәлметті еске салған жөн: Алла Тағаланың тоқсан тоғыз құрметті есімі бар. Соның бірі – ар-Рахман (Мейірімді); ар-Рахим (Рақымды) [3,24]. Тілдік тұлға дискурсында Әбдірахманға байланысты төмендегідей жеке аталым, перифразалар қолданылады. Олар: әділ, мырза, ер, айнымас жүрек, көздің нұры, өмірдің гүлі, боямасыз ақ көңіл, жасқа жас – ойға кәрі, жаңа жылдық басшысы, ағайынға бауырмал, құйрықты жүлдыз, турашыл, орынсызды айтпаған, түзу жолдан қайтпаған, Аплатон, Сократтай ақылды, ғылым іздеп жатпаған, қызыл гүл, асыл жар, Қанарман Ғали білекті, талайдың гүлі, қолдан үшқан ақ сұңқар, тұрлау(ым), Әбіш сынды асыл ер, көцілімнің күні, сүйеніш.

Адамның қоғамдағы орны («Сен де - бір кірпіш дүниеге»); өмірдегі мәні («атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын»); толысу, өсу жолдары («талап, еңбек, терең ой»); адамгершілік қасиеттері («ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек») - бәрі, Абай дискурсында өз жауабын тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбайұлы А. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008.

2.Мырзахметов М. Абай және Шыңғыс. - Алматы: Қазақстан, 1994.

3. Мұсылман күнтізбесі. Алматы: Жылнама, 2000.

ӘОЖ 327 (045)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Абила Л.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ
Ғылыми жетекші: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Қазіргі таңда көркем шығармалар мен әдеби туындыларды оқуға құлшыныс танытатын оқырмандар саны жастар арасында азайып бара жатқаны белгілі. Әйтсе де,қазақ топырағынан жаралған ұлы ғұламалар Әл-Фараби мен Абай шығармаларын ынталана оқып,идеясын дұрыс түсініп, оларды салыстыра біліп, одан жақсы әсер алып,өз өмірінде пайдаланып жүргендер де бар. Ұлы ғұламалар шығармаларына қызығып оқитын жастардың бар екеніне көз жеткізу бүгінгі күннің талабы. Соның нәтижесінде осы мақаланың мазмұны «Әл-Фараби және Абай шығармаларының сабақтастығы» жайында болып отыр.Әл-Фарабидің трактаттарын, Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін көп оқып,ізденіп. салыстыра зерттеуге тырыстық. Соның нәтижесінде олардың тәрбиелік мәні мен мағынасын ашып көрсете білдік. Ұлы ғұламалардың шығармаларын түсіне зерттеп, олардың ой-пікірлерін біліп, сол арқылы жастарға берер тағылымы мен тәрбиесін анықтадық. Ғұламалар шығармаларындағы сабақтастықты дәлелдеп, талдау үшін, еңбектеріне сараптама жасап, жастардың санасына ұялайтындай мысалдар талданды.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, Абай, қоғам, философия, сабақтастық.

Сөз жоқ, Әл-Фараби де Абай да заманының озық ойлы, оқымыстылары болған. Олар өз халқының тағдырын бірінші орынға қойып, елін, жұртын оқуға, білім – ғылымға, адамзат өркениетінің жетістіктеріне иек артуға шақырды және де осыны өз өмірлерінің ең өзекті мұратына айналдырды.

Әл – Фарабидің ғылыми – философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз.

Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы – оқымысты.

Жас ұрпақтың сана – сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

1.Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;

2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;

3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ал Абайдың пікірінше, «адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет».

Әл-Фараби де, Абай да – ең әуелі ұстаз, ағартушылар, олардың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Әл-Фараби адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтса, Абай толық кемел адам тәрбиелеп шығару мақсатын көздеген.

Абай мен Әл-Фарабидің педагогикалық жүйелерінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және олар адамзат қауымдастығымен қабыстырыла қарастырылады. Әл - Фарабидің айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізі құрал ретінде мінез-құлық, мораль және ақыл-ой, интеллектуалды тәрбие мәселелеріне шешуші мән береді. « Біз жақсы мінез – құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде, олардың арқасында бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз», – дейді ұлы ұстаз.

Ал ұлы Абай атамыз өзінің біршама өлеңдері мен отыз сегізінші сөзінде ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде жүргізуге, бала түсінігіне ұғымды, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес берген:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға...

«...Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады...»

Ия, бала тек мектепте ғана оқып қоя салмай ары қарай білім қуып, зиялылар қатарына қосылуы баланың ата-анасына тікелей қатысты іс.

Осы орайды Абай атамыздың мына сөздері еріксіз еске түседі. «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Асап - ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына да әртүрлі пәлеге,ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойнына жақсы түседі.Орысша оқу керек,хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін,оқуын,ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде ғылымның баласына үйреткен этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады.

Еріншек,бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек , терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой-
Бес асыл іс көңсеңіз..., –

деп жастарды бес нәрседен – өсектен, өтіріктен, мақтаншақтықтан, еріншектіктен, бекер мал шашпақтықтан қашық болуға, бес асыл іске – талап етуге, еңбекті сүюге, терең ойлай білуге , қанағатшыл болуға, қайырымды рақымшылық жасауға шақырды.

Әл-Фараби мен Абайдың философиялық дүниетанымы «толық адам», «кемелденген адам», «жан туралы» ішкі жан сырларының түйісуінде орын алады.

Әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздерінің түп-төркінін қарастырғанда,алдымен екі ұлы ойшылға ортақ «жан қуаты» немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі

мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой – санасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең барлап барған. Мәселен, Әл-Фараби: «Қайырымды қала тұрғындарын алатын болсақ, ата-бабаларының көзқарастарына сәйкес олардың бойында қалыптасқан рухани жағдай олардың жандарын материядан азат етеді. Ал оларға жаман әдеттен ауысқан оңбаған рухани жағдай алғашқы жағдаймен ұштаса келіп, осы алғашқы жағдайды дүрліктіреді, оған қарсы тұрады, сөйтіп соңғылардың алғашқыларға қарсылық көрсетуі салдарынан жан аса бір ауыр азапқа ұшырайды. Алғашқы қасиеттер соңғыларға қарсылық көрсетеді де, жан бұған тағы да аса ауыр азап шегеді, сөйтіп осының нәтижесінде жан бірден екі түрлі азап шегетін болып шығады. Надан қала тұрғындарының іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасқан осындай рухани жағдайлар жанның парасатты бөлігін шынында да ауыр азапқа салады; бірақ жанның парасатты бөлігі сезім жеткізген деректермен айналысатын болғандықтан бұл азапта байқамайды. Ал сезімнен босаған кезінде парасатты бөлік өзін осы жағдайға душар ететін азапты байқайды, сонда ол жанды сырттан келіп жататын сезімдер мен барлық заттан босатып, материядан азат етеді

Әдетте, әлденеге налыған адам өзіне сезім арқылы келетін нәрселермен айналысқанда өз қайғысынан қасірет шекпейді және мұны байқамайды да, ол сезімнен босанып, өз қайғысына қайта шомғанша осылай болады; әдетте ауру адам, әлденендей бір заттармен айналысқанда, өзі науқастың азабын аз шегеді, не өзін алаңдататын заттардан босанып, қайтадан қинала бастағанға дейін бұл азапты байқамайды, – сол сияқты жанның парасатты бөлігі де, өзіне сезімнен келетін нәрселермен айналысқанда, нашар халде кездесетін азапты байқамайды, сөйтіп ол сезімнен толық арылып, бұл азапты сезетін кезге дейін, оған мұның қасіреті білінгенге дейін осылай бола береді. Міне, сонда жанның осынау бөлігі мәңгі бақи ауыр азап шегумен болады. Егер бұл азапқа осы қалада белгілі сатыда тұрған адам ұшырайтын болса, тұрғындардың әрқайсысының тартатын азабы өз серігінің азабымен бірге арта түспек, ал жан біткеннің біріне – бірі ілесе жүріп, қосылып отыруы шексіз болғандықтан, бұлардың ғасырлар бойы тартатын азабы да шексіз; бақытқа қарама – қарсы бақытсыздықтың мәні міне осында», – дейді.

Абайдың айтуы бойынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді Абай. Сонымен, жетілудің негізі – жанды, жүректі жетілдіру екен. Бұл – адамның ішкі нәзік болмысын тазарту деген сөз.

Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық тұжырым:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық –
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек
Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Біреуінің күні жоқ біреуісіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», – деген өлең жолдарында ғылымның әлеуметтік орнын адамдардың жақсы қасиеттерімен байланыстыра қарады.

Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударар нәрсе ақынның Фараби түзген ғылымды классификациялау принципі мен таныс болуы. Ақынның Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жөніндеде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен, Қырық бірінші сөзінде, Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жоқ, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде қоп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма? Сонысынан дүниеде ең бір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тындап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!" – деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді.

Қорыта айтқанда, қазақ ұлтының пешенесіне еншілеген Тәңір сыйлаған екі ұлы дана – бабасы бар. Бірі әл – Фараби, екіншісі – Абай.

Әл-Фараби сынды ұлы бабамыздың ғылыми мирастарын туған ел топырағына оралтып, халық санасына жеткізуші Абай екіндігі даусыз. Ұлы Абайдың

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?, –

демекші, әл – Фараби мен Абай «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», сондай-ақ, қазақ топырағында өшпестей із қалдырған қазақтың қос мақтанышы.

Жүрегімнің түбіне терең бойлы,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма»

Ия, мыңмен жалғыз алысқан Абай өз замандастары үшін расында жұмбақ болғандай, алайда белгілі абайтанушы, ғалым Мұхтар Әуезовтің «Біз Абайды қазір қараңғы жұмбақ ретінде емес, қазақ әдебиетінің шамшырағы ретінде қабылдаймыз» деген пікірі Абайдың өр тұлғасын таныта алады.

Абай өзі сүйе білген, өзін де сүйгізе білген, табиғаты, болмысы бірегей, «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» дегенді дұғадай сан қайталаған. Біздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы 3 сәуірде Мәскеуге ресми сапармен барып, ондағы елшіліміз орналасқан Чистопрудный бульварында Абай ескерткішінің ашылыуна қатысты. Ресей Президенті В.В.Путин бұл ескерткештің ашылыун Ресей мен Қазақстан арасындағы қатынастардың айтылуы оқиғасы деп атап көрсетті. «Біз аса көрнекті әдебиетшіге, ақын мен ойшылға есткерткіш ашып отырмыз. Ол екі мәдениеттің өзара молығуы туралы айтқан қазақ және орыс халықтарының арасындағы рухани ықпалдылықтың қалыптасуына зор үлес қосқан адам», – деп Ресей Президенті

өз сөзінде атап өтті. Осындай ұлы тұлғаның бейнесі Ресейдің астанасында асқақтауы асқан құбылыс емес пе?! Екі елдің рухани ынтымақтығының қайнар күші осы арқылы нығая түседі. Біздер Абай өлендерін қайта айналып оқыған сайын, оны жаңа қырынан тани түсеміз. Асыл ойдың терең бойлап кеткендей боламыз.

Ұлы бабаларымыздың ғылым-білім, тәлім-тәрбие, әдептілік белгілері,әділ әкім, т.б. туралы еңбектері, өсиет-уағыздары күні бүгінгі дейін өзінің моральдық – этикалық, эстетикалық мән-мағынасын жойған жоқ.

Әл-Фараби мен Абайдың қыры мен сыры көп телегей теңіздей мол дүниесін,қазіргі заман тұрғысынан бай мұраларын жан-жақта зерттеп, оны бүкіл ілемге таныту бүгінгі және келешек ұрпақтардың абыройлы міндеті деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Т. 2. – Алматы, Алатау, 2005.
2. Назарбаев. Н.Ә. Абай туралысөз. – Алматы: Рауан, 1995.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттары. – Алматы: Ғылым, 1973.
4. Фарабитану. Жиырма томдық. Т. 16. – Астана: Аударма, 2006.
5. Досжан Д. Абайдың рухы. – Астана: Фолиант, 2008.

ӘОЖ 821.512

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОЛЫҚ АДАМ БЕЙНЕСІ

Дүйсен А.
Ш.Есенов атындағы ҚМТжИУ, Кадастр мамандығы 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Мақалада Ұлы ақын Абайдың шығармаларындағы толық адам бейнесі туралы талданған. Мақалада Абайдың шығармаларындағы толық адам бейнесі туралы нақты тоқталып және жалпылай қарастырып, зерттеушілердің пікірлерін талдау арқылы шығарылған қорытынды ойлары баяндалады. Міне мақаланың осы тұста маңыздылығы көрінеді.

Түйінді сөздер: Абай, ұрпақ, қарасөз, толық адам, ғылым, құныдылық.

Бүгінгі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі hәм бірегейі – адами құндылықтарды сақтау. Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікірлер білдірген. Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп қорықты. Енді солардың біршамасына шолу жасасақ төмендегідей анықтамалар шыға келеді. Қоғамдық пәлсапалық hәм діни-танымдық тұрғыдан «адам» ұғымы аса терең. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген ислам оқымыстысы Ж.Руми: «Адамның болмысы – ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас [1].

Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар. Егер ішкі жан шаhарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады» – деген екен.

Ал оқымысты Марк Орэл өзінің «Ойлар» атты кітабында: «Күнде таңертең адамдар арасына барып қосылғанда былай ойланам: бүгін мен адам бейнесіндегі кейбір жыртқыштармен кездесем, оларды ызаландырмай, өзім таланбай үйіме аман-есен оралуым керек» [1].

Ұлы ойшылдың мұрасын зерттеп-зерделеуге сүбелі үлес қосып жүрген көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының айтуынша, ұлт бойындағы мейірбандық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерді әспеттейтін хакімнің «Толық адам» ілімі өскелең ұрпақты теріс мінез-құлықтан арылтуға сеп болмақ.

Өйткені, қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың шығармаларында жатыр [2].

Абай өз шығармаларында адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымы тұрғысынан өскелең ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі.

Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам. Абайдың толық адам жайындағы танымын ғылыми тілмен оқырманға тереңінен түсіндіріп берген ғалым М.Мырзахметұлының 1982 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында алғаш Абайдың исламиятқа қатысы мен мораль философиясына қатысы зерттеліп, бір ізге түсіріледі. Ғалым сөзіне ден қойсақ: «Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген XIX ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды» [3].

«Жалпы, діни-философиялық ойдың даму тарихында «адам» ұғымының алатын орны орасан десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көш басы болған философ – Сократ. Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюші сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани мен бенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәртілікпен сабақтасып, туыстасып жатады.

Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы». Абай адамның рухани жағынан кемелденіп жетілу жолында толық адам ұғымын адамшылық сатысының ең жоғарғы басқышына қояды [3].

Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абай адам баласына осы қажетті үш нәрсе ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дегенде Абай толық адам хақында ұстанған көзқарасына сай сипаттарды атайды. Осы үш ұғымнан туындайтын әділет, рахым, мейірім, ар-ұят, талап, еңбек, өнер сияқты қасиеттерге ерекше мән береді. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде үнемі атап көрсетіп отырады. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл – таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды [3].

Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қоюлана, күрделене түсетіні бар. Гуманист атаулы ғалымдардың бәрі де бұл дүниедегі асылдың асылы, ең бағалысы

адам деп қарайды. Сол адамның бойындағы қалыптасатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрмақ деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған.

Бұған исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде бұл өзекті мәселеге Әл Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII-XIII ғасырлардағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуанмәртлік, хал ілімі, камили инсани жайындағы ой-толғаныстары танымдары өз үлестерін қосып жатты. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айрықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастырып дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін салса, XX ғасыр басында өз шәкірті Шәкәрім ар ғылым арқылы жалғастыра дамытты [4].

Адам болу туралы ой танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М.Әуезов ол өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және программдық бір өлеңі», - деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Абайдың:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз, –

деп адам бойындағы мінез-құлқындағы қарама-қарсы ұғымдардың сырын 7-қарасөзінде айтылатын «жанның тамағы» дейтін пәлсапалық мағынасы бар ұғыммен салыстыра отырып сырын ашсақ, көп мәселенің тамырын дөп басамыз. Осы өлеңде ерекше мән бере аталатын Шығыстың озық ойлы Ғұламаһи Дауанидің (XV ғ.) атақты шәкірті Жүсіп Қарабағи (XVIII ғ.) «Рисаласында» «жанның азығы» деген ұғымды еске (память) байланысты қарап талдайтыны бар. Жанның азығы» (духовная пища) деген ұғымды екіге бөліп: бірінші жанның пайдалы азығы (шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік) екіншісі - жанның зиянды азығы (күншілдік, жалған сенім) деп атайды [4].

Абай танымындағы «жанның тамағы» да жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені, Абай: «...Құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана толық адам жолына түсе алмақ, болмаса жоқ [4].

Ақынның «бес нәрседен қашық бол» деп таңбалап отырғаны адамды аздыратын жанның зиянды тамақтары болып шығады. Адам болу туралы ойлар, әсіресе, ақынның қарасөздерінде молырақ таратылған. Ондағы «адам болу, адам, жарым адам, толық адам, адамның адамдығы, адамшылық, адамшылығының кәмалаттығы, пенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмаләттығы т. б. терминдік мәні бар сөздердің бәрі де толық адам жайлы пікірлерімен сабақтасып жатады.

Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық [5].

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді [5].

«Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» -, деп Президент Қ.К. Тоқевтың сөзімен Ұлы Абайдың толық адам бейнесі сипаттауға болады[5].

ӘДЕБИЕТТЕР:
1. Қайратұлы Б., Факир Т./Адам және заман/ www.namys.kz – 06.06.2011.
2. Абайдың «Толық адам» ілімі оқу үдерісіне енгізіледі// https://www.zakon.kz/
3. Қажыбай Аян. Абайдың «толық адам» концепциясының М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында көрініс табуы// https://arka-azhary.kz/
4. Мырзахметұлы Мекемтас. Абай// https://abai.kz/
5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы// www.akorda.kz

ӘОЖ 821.512

АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Үсен Баян
Ш.Есенов атындағы ҚМТжИУ, Кадастр мамандығы 1- курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Ақын мұрасында бір жүйеге түсірілген көзқарасын тұжырымдайтын арнайы философиялық шығармасы жоқ. Дегенмен, Абайдың кептеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «...адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір келемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз». Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Міне мақалда осы тұстағы мәселелер қарастырылған.
Түйінді сөздер: адамгершілік, ұждан, мораль, зерттеу, философия.

Ақын шығармалары 19-ғасырда Қазақстанда демократиялық қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды: 1) қазақтың ауыз әдебиеті мен еткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр; 2) ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары; 3) орыстың материалистік философиясы мен демокр. мәдениеті, сол арқылы дүн.жүз. (ең алдымен Батыс Еуропаның) философиялық ойдың жетістіктері.

Әуезов бұл идеялық бағыттарды бір-бірімен табиғи ұштасып, жалғасып кететіндігін айта келіп, Абай дәуірі үшін осылардың ішінде үшінші қайнармен, орыс классиктерінің шығармаларымен таныстықтың маңызы аса зор болғанын, Қазақстандағы қоғамдық ойдың болашақта жандана түсуіне ықпал еткенін атап көрсетті. Ғалым Абайдың орыс әдебиетімен және филос. озық ойымен байланысын оның аударған шығармаларының санымен немесе оған рев. демократтар идеясы ықпап етті деген қарапайым түсініктерді еске алумен ғана дәлелдемек болған «жеңіл-желпі, қара дүрсін пікірлерге» қарсы шықты [1].

Ол Абай шығармашылығының еткен заман ойшылдарының теориялық мұраларымен байланысын анықтайтын мәселелердің тым тапшы зерттелгеніне өкініш білдірді; Абайдың орыс әдебиетіне ғана емес, сонымен қатар адамзаттың бүкіл рухани мәдениетіне қатынасын тұтастай даму үстінде: «орыс және қазақ халқының байланыстарын сол кезеңнің мазмұнын анықтайтын саяси оқиғалармен тығыз органикалық байланыста қарастыратынының» методологиялық маңызы аса зор.

Абай шығармаларын зерттеуге арналған еңбектер жеткілікті болғанымен, оның философияның негізгі мәселелеріне байланысты көзқарастары жөнінде әлі күнге дейін тиянақты пікір тұжырымдалған жоқ. Ойшыл ақынның терең ойы мен дүниетанымының ішкі мазмұны ақырына дейін ашылып, түсіндірілмей келеді. Бұған қоғамдық

болмыстың өзекті мәселелері жөніндегі оның көзқарасының күрделілігі, жүйесіздігі, тіпті, кейде қарама-қайшылықтары белгілі дәрежеде қыңдық туғызды.

Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде, 20-30 жылдарда ақынның идеялық мурасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, «Абай философиясын» діншілдігі басым әдеттегі бурж. идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды [1].

Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оған сын. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен жазушылар: М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, С. Қожанов, І.Жансүгіровты. Абайдың ақындық мұрасын арнайы – социологиялық шабуылдан қорғап, мақалалар жазды. «Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, – деп жазды Мұқанов, – Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі».

Өз заманының ғұламасы болған Абай кептеген орыс жазушылары мен философтарының, әсіресе, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыповтың, В.Г.Белинскийдің, А.И.Герценнің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.А.Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді, орыс революционер-демократтарының озық ойы оның дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ойшыл-ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель, сондай-ақ, Шытыстың ұлы ойшылы әл-Фараби мұраларымен де жақсы таныс болды; Батыс Еуропа философиясын, дәлірек айтқанда Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Спенсер, Л.Фейербах еңбектерін оқыды: «...Өзінің рационалдық философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай школалардың оқуынан етіп алып, сөйтіп, буларды езінің творчестволық өңдеуінен еткізген соң ғана жасай алды» [1].

Ол Ч.Дарвиннің даму теориясы мен анатомиялық ілім негіздерін білді. Абайдың жаратылыстану ғылымындағы білімінің кеңеюіне орыстың материалистік психологиясы, нақтырақ айтқанда И.М.Сеченов пен К.Д.Ушинский еңбектері маңызды қызмет атқарды. Ақынның дүниетанымына сол кезеңде Семейде тұрған, орыстың саяси жер аударылған адамдарымен достығы игі әсерін тигізді. Олардың арасында Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов т. б. демокр. идеяда тәрбиеленген алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері бар еді.

Абай Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталуына байланысты патриархалдық-феодалдық қатынастар ыдырап, капит. қатынастар дами бастаған, қазақ ауылдарында, таптық тартыс пен жіктелу күшейген 19 ғ-дың 2-жартысынца өмір сүрді (қ.Абай дәуірі). Орыстың озық экономикасы мен мәдениетінің ықпалымен қазақ қоғамында жүзеге асқан прогрессивті өзгерістер ақын дүниетанымының қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпап етті [1].

Абайдың кептеген өлеңдерінде терең филос. ойлары, табиғатқа, болмысқа көзқарастары, таным, ақыл, санат. б. жайлы толғаныстары көрініс тапқан: «Өлсе елер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман - алдындағы келер заман» т. б., 45 «сөзден» туратын қара сезбен жазылған «Ғақлиялары» – ақынның филос. көзқарасының мәйегі, езінің мәні мен тұжырымдарының тереңдігі жағынан ұлттық мәдениет шегінен әлдеқайда асып түсіп жатқан маңызды мура. Бұл «Сездер» қазақ халқының сан ғасырғы тәжірибесінен (мәдениет, тарих, дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік қасиеттер т. б.), адам және адамзат туралы ойларынан сусындаған. Абай шығармаларын зерттеушілер ойшылдың философияның негізгі мәселесін шешуге байланысты көз қарастарын бағалауда нақты бір тұжырымға тоқтаған жоқ.

Бірқатар зерттеушілер философияның негізгі мәселесін шешуде «Абай теист болды» деген пікір айтады. Мыс., О.А.Сегізбаев «философиялық дүниетаным саласында ол тұтасымен деизм бағытын ұстады. Барлық деистер сияқты оның шығармаларынан материалистік бағдар мейлінше анық көрінеді» деп есептейді.

Дегенмен, өзінің бұдан кейінгі зерттеулеріңде Сегізбаев: «Ыбырай Алтынсариннің, әсіресе, Абай Құнанбаевфилософиясының мәнін толық аштық деу әлі ерте... Абай философиясының мазмұнын барынша толық ашу үшін оның шығармаларының шығыс, орыс және дүниежүзілік философияның мәдениетімен байланысын мейлінше терең зерттеу қажет, ал бұл әлі жеткілікті деңгейде қолға алынбаған нәрсе», – деп мойындайды.

Революцияға дейінгі Қазақстаңцағы қоғамдық ойдың материалистік және атеистік бағдарлары. Автореферат. Ташкент, 1979, 37-38-6.). Бұл еділ тұжырымдармен келіспеуге болмайды. Абай дүниетанымының бағыттарын зерттеуге Әуезов елеулі үлес қосты.

Ол Абайдың көптеген өлеңдері мен 19 ғ-дағы көрнекті орыс ойшылдарының шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы олардың терең тамырластығын ашып берді. «Біз Абайдың бірде жекелеген өлеңдерінен, бірде қарасөзбен жазылған «ойларынан» («Ғақлияларынан»), – деп жазды М.Әуезов, – Белинскийдің ойларымен, Герценнің ойларымен, Чернышевскийдің, Добролюбовтың көз қарастарымен, олардың «Современник» беттерінде айтқан пікірлерімен жиі ұшырасамыз» (Әуезов М.) Ұзақ жылдар бойғы ізденістер нәтижесінде Әуезов Абайдың дүниетанымы мен демокр. көз қарастарына Чернышевскийдің рухани мұрасы игі ықпалын тигізді деген тұжырымды дәлелдеп шықты.

Патриархалдық-феод. қазақ қоғамында өмір сүріп, аса күрделі де қайшылыққа толы жағдайда өлең жазған Абай мұрасын зерттеу барысында еткен ғасырлардағы ойшылдар шешкен мәселелердің шынайы мазмұнын анықтау онша жеңіл жұмыс еместігін есте ұстау керек, өйткені оларға идеологиялық тұрғыдан саяси логика. құрылымнан «берік сауыт киім» кигізілетін.

Ойшыл-ақынның жеке шығармаларына ғана талдау жасамай, оның бүкіл әдеби мұрасының идеялық мазмұны мен ішкі логикасын тұтастай қарастыра қорытындылайтын болсақ, Абай рационализм мен демократизм бағытын ұстады деп толық айтуымызға болады, осының езінен орыстың материалистік философиясының, ең алдымен Чернышевскийдің ықпалы айқын көрінеді.

Рас «ақын Қазақстанның экономик. және мәдени мешеулігі жағдайында айқын да толық жетілген революциялық-демократиялық дүниетаным деңгейіне көтеріле алған жоқ, дегенмен ол ешқандай бұлталақсыз революцияшыл демократтарды жақтады».

Абай филос. рационализм мен демократизм рухындағы езінің ең басты идеялық ұстазы және тәрбиешісі болған Чернышевский көз қарастарының негізін терең түсіне білді [2].

Ойшыл-ақын оның әр түрлі филос. жүйелерге сын кезбен қарап, қорытынды жасайтын еңбектері арқылы Демокриттен бастап Фейербахқа дейінгі Батыс Еуропа философиясымен танысты. Абай табиғаттың объективті шындығын, әлемнің адамдар еркінен, қалауынан және санасынан тыс өмір сүретінін мойындайды. Ол әлемнің пайда болуы мәселесін «... дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын көркем загонға қаратылып жаратылды», - деп түсінген.

Атомистиканың кене заманнан бері материалистік дүниетанымының негізі саналғаны белгілі. Абай тұжырымдарына қарағанда оның осы іліммен, соңдай-ақ, атомизмнің дамуына зор үлес қосқан М.В.Ломоносов, А.М.Бутлеров, Д.И.Менделеев еңбектерімен таныс болғаны анық.

Ойшылдың пікірінше табиғатта бәрі де объективті түрде өмір сүреді, барлығы да белгілі бір заңдылыққа сай және соған бағынады. Сондықтан да ақын себептілік байланысты, «әрбір істің себебін» тани білу қажет деп есептейді. Табиғат құбылыстарын тұрақты қозғалыста және даму үстінде, өзара байланысты және себептес деп қарастыратындықтан, ақын әлемнің бір орнында тұрмайтынын атап көрсетеді. Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды [2].

Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтынын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсінді:

«Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел, Адуындағы толқын – ағалар :Артқы толқын – інілер, :Кезекпенен өлінер, Баяғыдай керінер...»

Абайдың философиялық көзқарастарын оларды тек өзіне ғана тән ерекшеліктерімен, өзіндік белгілерімен және сонылығымен, басқаша айтқанда, белгілі бір дәуірмен байланысты және сол дәуірді танытатын нақты-тарихи ережелер жүйесін қаз-қалпында қабылдаған күнде ғана дұрыс түсінуге болады. Абайдың дүние танымындағы айналадағы қоршаған әлемнің объективті шындығы таным барысын құдайға сенумен және жанның өлмейтіндігімен ұштастыра қарастыратын көзқарасы қарама-қайшылықта және күрделі болып келеді (қ. Психологиялық көзқарасы, Дінге көзқарасы) [3].

Солай бола тұрса да ақын құдайды табиғат-адамзаттың болмысының алғашқы себебі деп есептемейді, ол дүниені әлдеқандай күш жаратты дегенді теріске шығарады. Әуезов айтқандай «...тіпті, оның ақынның діни нанымы мен сеніміне байланысты өлеңдерінің езі ең басты мәселеде мұсылман дінінің кітаби қағидаларына қайшы келеді» (соңда, 142-6.). Абай көз қарасынан антропол. принциптерде көрініс тапқан.

Ол бүкіл табиғатта орталық тұлға етіп адамды қояды, филос. ойларының көпшілігіңде адам және адамгершілік мәселесіне баса көңіл бөледі. 17- 19 ғасырлардағы антропологизм, тіпті, Фейербахтың езі де, адамды абстрактылы гүрде, жайғанабиол.тіршілік иесі ретіңде қарастырып, оның барлық қасиеттері мен ерекшеліктерін табиғи шығу тегіменен ғана түсіндірді. Абай адамды табиғаттың бір белігі деп санап, оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептейді, ал объективті дүниенің құбылыстары адам басыңда сәулеленеді де, оның психикалық қызметінен көрініс табады.

Адам мәселесін Абай әр түрлі: филос., биол.- психол., эстетик. және әсіресе, этик. көзқарастан қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегінде айтып атын ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай Жетінші сөзінде [3].

«Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеулік... Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», – дейді ойшыл-ақын. Объективті шындықты тануға деген бұл құмарлықты ақын адамның ең жоғарғы талабы деп біледі. Абай адамның қасиеті туралы ойын өрістете келіп: «Адам баласы екі нәрсеменен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсіби – оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы - жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды.

Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, булардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсіби», – деп атап көрсетеді. Қ.Бейсембиев ақынның адам бойындағы туа бітетін «екі бастау» туралы тұжырымдарына «Абай дуализмге жол берді» деп есептеді.

Ақиқатында Абай да Чернышевский сияқты адам бойындағы заттық және рухани бастауларының бірлігін, адамның тұтастығын айқынырақ ашып көрсетуді мақсат етті.

Ақын орыс ойшылдарының еңбектері мен өз қолына түскен жаратылыстану ғылымының деректері негізінде табиғатқа материалистік монизм тұрғысынан қарап, адамның «рухани қызметін» оның дене еңбегінен бөліп алу дұрыс емес деп есептеді. Ал, бұл бір-біріне тәуелсіз материалистік және идеалистік, жеке дара екі бастауды мойындаудан келіп шығатын дуализмге түбірімен қайшы нәрсе [3].

Герцен жазғандай дуализмнің ең басты принциптері «... шын мәнісінде бөлуге болмайтын нәрсені – мысалға, дене мен рухты-жасанды қарама-қарсылықтарға бөлу болып табылады, бұл дерексізденулерді бір-біріне қастықпен қарсы қою және мызғымастай болып біріккен нәрселерді жасанды жолмен өлшеу».

Абай әлемді тануға болатындығын мойындап, болмыс пен сананың шегін ажыратуға болмайтындығын теріске шығарады, бір бүтіннің бөлшектері ретінде адам мен табиғаттың тұтастығы туралы айқын тұжырымдар жасап, саналы адамның біртұтас табиғаттың үздіксіз дамуының нәтижесі екенін дәлелдейді. Әлемнің тұтастығы туралы мәселе философия тарихындағы ең күрделі тақырыптардың бірі екені белгілі. Абай мұны сана тудырған емес, өзінше объективті өмір сүретін әлемнің материалдық тұтастығы, бірлік деп түсінді. «Бір» демеклік... алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін, – деп жазды Абай, – мүмкін аттың (болуы мүмкін нәрселер) ішінде не нәрсенің үждуі (бар болу, бар болушылық) бар болса, ол бірліктен құтылмайды» [4].

Әлемнің материалдық тұтастығы туралы тұжырымдарында Абай Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» деген еңбегінде материалистік философияның аса маңызды ережелерін негіздеп берген бағытты одан әрі жалғастырды. Абай әлемнің материалдық тұтастығын атап көрсетіп, «құдай жалғыз» деп дәлелдейтін діни қағиданы теріске шығара келіп, бұл туралы: «Біз алла тағала«бір»дейміз, «бар»дейміз, ол «бір» демеклік...-ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз», – деп жазды [5].

Ол дуалистерге көрісінше «езінің өзі жасаушысы және себепкері» болып табылатын табиғаттың ғана өмір сүретінін мойындады. «Бұл ғылым құдірет... кезге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпен жарастырып, қандай құдіретпен орналастырған... адам пендесінде ақыл-хүкімші қайрат, қуат қызмет қылушы еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Герцен А. И. Тандамапы философиялық шығармапары. - М., 1948, т. 2, 113-6.).

2. Қазақстандағы саяси-қоғамдық және философиялық ой тарихының очерктері. - А., 1976, 206- б.).

3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. 210-6.

4. Сегізбаев О. А. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі еркін ойлау дәстүрі мен атеизм. - А. , 1973, 108-6.

5. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - А. , 1969, т.15 , 141-6.).

ӘОЖ 821.512

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Құбаева Әсел Қанатқызы
Ш.Есенов атындағы ҚМТжИУ, Қазақ тілі әдебиеті мамандығы, 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Өткен ғасырдың небір қиындықтарын көрген ақын жарқын болашақтың барына сеніп кейінгі ұрпаққа асыл мұра ретінде өзінің еңбектерін қалдырды.Даланы торлаған надандық түнегіне ол шамшырықтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Міне осыған байланысты бұл мақалада ұлы Абайдың шығармаларының еңбектерінің маңызы туралы айтылған. Абай ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр.

Түйінді сөздер: Ұлы ақын, асыл мұра, қара сөз, тұлға, мирас.

Абайға деген бетбұрыс жаңа жаңғырып келе жатқан кезең халқымыз тәуелсіздік алған заманға тұспа-тұс келіп отыр. Дүние жүзі халықтары Абайды тану арқылы оның туып, өсірген халқын, елін тани бастады. Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі.

Абайға әр оралған сайын «көкірек көзің ашылады», азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласың. Қазақ халқының алдында енді қазақтың Абайын әлемге таныту, оны Адамзаттың Абайына айналдыру тұр.Абай – құбылыс, ғасырларда біртуар ғұлама.

Туысы бөлек, бесігі өлең, өсуі еркін. Оқуды өмірден алған. Оқуға зерек, ұғымға ұшқыр, талан, мектебі орта болған. Сондықтан да оның түрлі айтыстар мен даулардағы, мәжілістер мен кеңестегі айтқан пікірлері – дара өнеге, нақыл. Ойла-нып жазғандары өлең өнер болған. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Құдай берген даналық оны даралық жолына, даныш-пандық шыңына бастады.

Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ.

Нағыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты.. өзінің шығармашылығында ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз әшкерелеп, халықты өнер-білімге шақырады. Осындай ұлы тұлғаның бізге шығармаларын, өлеңін,асыл қарасөздерін оқу қаншалықты маңызды?

Біздің яғни жас ұрпақтың көзін ашатын жақсылықты тұла бойына сіңіріп, туған еліне жеріне деген махаббатын оятатын құрметпен ізеттілікті,адалдықпен ар ожданды сақтауды, сатқындықпен жауыздықтан сақтануды,еріншектік пен жалқаулық адам баласын аздыратынын бәрін дерлік Абай шығармаларынан жаныңа керектігін ұғынып алуға болады. Білімнің көкірек көздің ашықтығын қалаған ақын әркез айтудан жалықпаса біз оқуға неүшін жалығуымыз керек..!

«Адамның білімі, өнері – адамшы-лықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз…, –
деген тұжырым ұсынады.

Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба…» өлеңінде:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз… –
деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз… –
деп, кесімді, нақты жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан» — Абай айқын көрсетіп берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер, мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз… –

деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, менмендік, қулық-сұмдық, пәлеқорлық.

Ақын шығармаларының қазіргі таңда маңызы зор әсіресе қара сөздері қазіргі таңның шындығын бейнелейтін секілді. «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз-қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамасақ, өзі тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» – дейді.

Абайдың бұдан 100 жыл шамасы бұрын қазаққа айтқан ойларының тереңдігі бүгінгі егемендігін қолына алған Қазақстан Халқына, оның ішінде қазаққа айтылар ойларымен ұштасып жатқан жоқ па. Абай философиясының халық тағдырымен ұштасуының негізгі себебі халқына деген шексіз сүйіспеншілігінде, жан-тәнімен бар күш салып көмектесуінде, болашаққа жол сілтеуінде, жаны ауырып күйзелістен туындайтын философиялық ойлар, философиялық категориялар арқылы шешімін табуында.

«Қулық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді Абай.

Абай айтқан қулық сауу, көз сүзу, тілену, адам сауу (адам қанау) – өнерсіз иттің ісі. Ал мұндай теріс мінезден арылу үшін Абай қандай кеңес береді – еңбегіңді сау дейді. Ал еңбекті сауу үшін бос күлкіден, жарамсыз қылықтан, мақтан-шықтан арылғанда ғана өнерсіз иттіктен кетесің дейді. Абай өнерге үйрену мәселесі адамның өміріндегі ең бағалы да қажетті екеніне көзімізді жеткізді.

Бүгінгі өмірдің тауқыметі базар, нарық экономикасының ауыртпалығына тіреліп отырған халқы-мыздың мән-жайы, одан туындап отырған кеселдер сол Абай заманында да, бүгін де белең алып отыр. Ол Абай айтқан «Қулық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі», – дегендей қулық, көз сүзу, тілену, адам адамның еңбек ақысын жеу арқылы өзінің мал мүлкін молайту, жастарымыздың, қала берді үлкендеріміздің де ісі, бүгінгі таңның ең бір жағымсыз қылықтарының бірі екеніне бәріміз де куәгерміз.

Абай бұл ойларының түйінін бесінші сөзінде де, қазақ даласында көп таралған мақал-мәтелдердің мазмұны арқылы да дәлелдеген: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Ол тек қана мал үшін қам жейді екен. Ал мал табу жолын біле ме? Оны да білмейді. Оның бар білетіні – малдыларды алдап, арбап, мақтап, мал жинау, егер бұл іске аспаса, алдап немесе мақтап ала алмаса, онда әкесімен болса да жауласудан тайынбайды екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшік, соған ұқсаған қылықтардың қайсысын болса да қылып, мал тапса жазалы демесек керек екен. Осындай Абай айтқан әдіспен мал тауып, халықты алдап, арбап, қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен, зорлық-зом-былықпен көгеріп, көркейіп отырмын деп санайтын адамдар бүгінгі таңда баршылық екеніне бәріміз тағы да куәгерміз.

Абайды оқып оқи отыра ұғынып артқан сенімін аяқ асты қылмау біздің міндетіміз деп білемін. Адам болып келу анадан,адам болып қалу өзіңнен дей отыра осындай ұлы тұлғалардың дана сөздерін әрбір адам оқыса одан жаманшылық та

азғыншылықта шықпайды деп ойлаймын. Ұлы тұлғалармыздың біздің жанашырлармыздың еңбектерін оқып бар жақсылықты бойымызға сіңіріп жүрейік!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 1995.

2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995.

3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1984.

4. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. - Алматы, 1957.

ӘОЖ 821.512

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бимұхан Еркебұлан
Ш.Есенов атындағы ҚМТжИУ, Геолог, тау-кен ісі мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Абай ұлы ғұлама ақын, моралист-ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағды-рымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр. Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі. Абайға әр оралған сайын «көкірек көзің ашылады», азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласың. Қазақ халқының алдында енді қазақтың Абайын әлемге таныту, оны Адамзаттың Абайын айналдыру тұр.

Түйінді сөздер: Абай, Қазақстан, болашақ, жас ұрпақ, ұлттық сана.

Қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар публицистикалық шығармаларын яғни "қара сөздерін" жазып қалдырғаны белгілі. Ал енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және өзім нендей нәрсені түйгенімді жазайын!

Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу – қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді.Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: "Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын,я оқысын,керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ", – деп ойын түйіндейді [1].

Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніңдер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынай отырып оқырманға оның дұрыс бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты

жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнады.

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсы-бірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін.

Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?!Ақыл жүрек қайрат үшеуін бірге ұстап Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек келешегіміз жарқын болшағымыз баянды болары сөзсіз!

Ұлы Абай қарасөздерінің негізі: Абай қарасөздері жеке – жеке жазылған қырық алты шығарма, оның алтау-жетеуі қысқа түрде берілген. Бұған он алтыншы, он сегізінші, он тоғыз, жиырма, жиырма төрт, отызыншы сөздерін жатқызуға болады. Қарасөздерінің ішіндетәрбиелік мәні мен мазмұны жағынан тереңірек тұратын қырық алтыншы сөзі. Оны кейбір ғалымдар очерк деп те атайды. Өзге қырық бес сөзінің ішіндегі көлемі жағынан морль жөніндегі ой толғауы берілмеді. Абайдың қара сөздерін оқыған адам Абай сөйлесіп, пікірталаста отырғандай сезінеді. Өлеңіндегі бір өзгешелік отыз жетінші сөзінде мазмұн жоқ. Абайдың қарасөздерінде жиырма үштен астам афоризмдер жинағы бар.

Әрбір елде сонымен қатар қазақ халқында адамдардың бір-біріне деген іштарлығы, бір-біріне көралмаушылығы көптеп кездеседі. Абай атамыз өзінің «Үшінші сөзінде осы жайлы қозғаған» әрбір жалқау кісі қорқақ, ақылсыз, надан келеді. Әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді. Әрбір арсыз жалқаудан сұрама, өзі тойымсыз, тиымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейткенімен басқа ойының жоқтығынан өзге егін, сауда, өнер, ғылыми- сияқты нәрселерге салынса, бұлай болмас еді [1].

Әр адам малым көп болса екен, өзімдікі болса дейді осының бәрі адамның көзі тоймаушылдығы. Үлкен болыстыққа таласып бір-бірінен асып түсем дейді. Малдары көбейсе билікке таласады. Елдегі жақсы адамдарды көре алмай үстеріне арыз беретіндерде аз емес. Билікке жетем деп іші тар болған адамдар өтірік болыс, билерге, жағымсыз, олардың айтқанын істеп жүреді де, күндердің күнінде өзі болыс болып шыға келеді. Билік құру әр адамның қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» бөлмек керек.

Әлі, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпен ескеріп, жаңа заманға келіспей тұғын болса, оның орнына тартымды толық билік шығарып, төлеу соларға жарарлық кісі болса керек еді, бірақ ондай кісі аз. Бұрынғы қазақ жайлы білген адамдар айтыпты «Би екеу болса , дау төртеу болады» деп. Оның мәні-тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегеннен айтылған сөз. Сөйтіп, би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды – білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінбегендіктен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып біте берсе , яки оған оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің бүреуін алып, жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді.

Адамдар арасында бірлік болмай ешқашанда тірліктің болуы мүмкін емес деген сөз тараған.

Бүгінгі қазақ қоғамы – дана Абай айтқан дерттерден толық арылып кетті ме? Абайды шерлі еткен қоғам мерездері біздің қоғамымызда толық жойылды ма?Абай

заманындағы күрделі саяси-әлеуметтік ахуал, жаңа Қазақстанның басынан толықтай тәркі етілді ме?

Әрине, Абай заманынан бері, қазақ елі өте үлкен ғаламдық өзгерістерді басынан өткерді. Патшалық Ресей билігінен кейін, Кеңестер Одағы тұсы халқымыз үшін тәлкекті, нәубетті болса да, ауыртпалықтарды қайыспай көтере білген ел дамудың даңғыл жолына бет алған кезеңдер болды. Қазақ жері формацияларды алмастырды, индустриализацияны, ғылыми-техникалық прогрессті, ғылым мен білімді игерді, кешегі заманнан елдің тұрмыс-тіршілігі мен санасы елеулі өзгерді. Тәуелсіздігін алған қазақ елі жаһандық ықпалдасу көшінен кейін қалмай, шекарасы айқын, әлемнің барлық елдерімен терезесі тең қарым-қатынас орнатқан, өз алдына серпінді мақсаттар қойған, даму сатысынына жаңа белесіне қадам басқан мызғымас ел.

Алайда, Абай шығармашылығына өзек болған мәселелер олар – мәңгілік тақырыптар. Жан мен тәнмен жаратылған адам баласының рухани өмірінде мәңгілік болатын діңгекті мәселелер. Материалдық, техникалық тұрғыдан адамзат қоғамы қаншалықты дамып, өмір сүру тым қолайлы әрі жеңіл, ыңғайлы болғанымен, адамның жан мен тәннің қосындысы екендігі, оның санасы, ақыл-ойы, ішкі жан дүниесі, руханияты мен ділі қатпарлы болатындығы белгілі.

Абай заманынан бері, адамзат ақыл ойы, әсіресе, әлемнің дамыған, бәсекеге қабілетті елдерінде жаңа деңгейге көтерілді. Ол елдерде дамыған азаматтық қоғам мен құқықтық сана, құқықтық мәдениет адам баласының бақытты өмір сүруіне мол мүмкіндіктер беруде. Қазақ қоғамы – адами қасиеттер, менталдық, руханияттық тұрғыда қаншалықты ілгері дами алды? [2].

Абай шығармашылығына арқау болған – жалған құндылықтар, жалған намыс, надандық ұяты, қызыл сөз, өсек, өтірік, мақтаншақтық, аярлық, күншілдік, надандық қасиеттерден толық арыла алдық па? Абай сынды ұлы қаламгерлердің ойларының құдіреті әрбір жеке адамның жеке қасиеттерін қозғаумен қатар, тұтас бір ұлттың, мемлекеттің адамгершілік келбетін таразылайды, тіпті ол шеңберден де шығып, тұтас адамзат баласының адамдық қасиеттерінің сапасын анықтайды. Ақынның этикалық мөлшерлерінің адамзат баласына ортақ мәңгілік құндылықтарға негізделгендігі себебінен оның көтерген мәселелері қазақ баласы үшін ғана емес, барлық адамзат баласы үшін өте өзекті болып қала бермек.

Қазіргі жаһанданған қоғамда құндылықтар, өркениеттер, саналар қақтығысы орын алуда. Бір конфессияның екінші бір конфессиямен шиеленісі тым күшейіп отыр. Еуропа құндылықтары үшін қатардағы іс, өзге елдер үшін кешірілмес күнә, барып тұрған азғындық. Ондай әрекеттері үшін ортағасырлық жазалау әдістері дайын тұр. Діни құндылықтарды адами құндылықтан жоғары қою, асыл дінді дұрыс түсінбеу, түсіндірмеу түрлі қасіреттерге алып келуде. Кертартпа, соқыр, жалған, таптаурын сенім, намыс адамзат қоғамын жалпыадамзаттық құндылықтардан алыстатуда.

Абай отыз алтыншы сөзінде «надандықтың ұяты» деген қасиетті айтады. Ұялмайтын нәрсеге ұялатын, ұялатын нәрседен ұялмайтын тоғышар санадан, ергежейлі рухтан, таяз парасаттан, соқыр надандықтан, парықсыздықтан, ардың ластығынан туыындайтын әрекет. Абайдың «Надандықтың ұяты» ұғымы – ақын өмір сүргеннен бері екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, адамзат сана, таным, парасат тұрғысынан жаңғыра алмай отырғандығын көрсетеді. Сол сияқты қазақ қоғамына да менталдық, рухани, парасат тұрғысынан жаңаратын, ескіліктің шеңберінен шығып, жаңаға ұмтылатын, құндылықтар дүниесінде ревизия жасап, дақпырт пен даңғазаға, кертартпалық пен соқыр нанымға, таптаурынға, екіжүзділік пен аярлыққа, жалған намыс пен мақтанға толы рухани, адамгершілік келбетімізді жақсартуға, адам құқықтары мен бақытын дәріптейтін жалпыадамзаттық құндылыққа ұмтылатын кезең келді [2].

Адам құны мен құқығы кеміген, арзаңдаған, аяқ асты болған қоғамда – адам ешқашан бақытты болмайды. Адам құны мен құқығы жоғары қоғамда ғана адам өзің толық бақытты сезінеді.

Ақынның жиырма бірінші қара сөзінде айтылатын – мақтан деген қасиет бар. Қазақ халқының бойындағы мақтан сезімі туралы Абайдың айтқандары бүгінгі күні жаңа сатыға көтеріліп, мемлекетіміздің стратегиялық бет-пердесіне айналды. Жауырды жаба тоқу, кілең жылт еткен жақсыны ғана термелеу, «айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» дегендей түймедейді түйедей етіп жарияға жар салу, қоғам үшін істелуі керек қажетті дүниелерді қоғам игілігі, азаматтардың бақытты өмір сүруі үшін емес, ұпай жинау, мансап, көрініп қалу, жағыну, елді алдау үшін істейтін даңғаза деңгейіне жеткізу белең алып кеткені жасырын емес.

Елбасының көтеріп отырған дамыған 30 елдің қатарына ену, бәсекеге қабілетті мемлекеттермен теңесу сынды бастамалары нақты іс пен көрсеткіш, нәтиже емес құр сөзбұйдаға салыну, көзбояушылық болып бара жатыр. Лепірме сөз, лепірме ұрандар, ішкі мазмұн мен сапаға үңілмей дақпыртқа үйірсектеу, жалғандыққа алып келіп, мақтанудың ұлттық дертке айналғандығы көрініп тұр [3].

Әрине, Тәуелсіз еліміздің жеткен жетістіктері аз емес, оны ешкім жоққа шығармайды, жоққа шығаруға тырысу ол нағыз қиянатшылық, дегенмен әсіре мақтанға жол бермеуге тырысу қажет. Қазақстан мемлекетінің экономикалық көрсеткіштері, оның ішінде ішкі жалпы өнім пайызы еселеп арттып, отандық өнімдер молынан өндіріліп, елімізде ғана емес экспортқа шығарылғанда, ел ішінде кең қанат жайған өзін өзі өлтіру, қылмыс, түсік жасау, тастанды бала, қарттар үйі, жұмыссыздық, баспанасыздық мәселелері шешіліп, сыбайлас жемқорлық ауыздықталғанда (әлем бойынша жемқорлықты қабылдау факторы бойынша Қазақстан 126-орында), сөз бостандығы көрсеткішінен әлемдегі 166-орыннан алғашқы отыздыққа кіргенде елдің өркендеуі туралы сөз етуге болады. Мақтаннан мақтанқұмарлық, мақтансүйгіштік пайда болып, ол асқынған кезде мақтаншақтық қасиетке ұласады.

Дана Абайдың ұлылығы сол – жеке адамға қатысты өте нәзік, шетін қасиеттерді талдай отырып, ұлттық мінезден де осы қасиеттердің көрініс алатындығын аңғартады. Қырық төртінші қара сөзінде «адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды [2].

Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады» деп адам баласының әлсіз тұсының тамырын дөп басады. Осындай «бәрекелді» тілегіштік біздің елде мемлекеттік сипат алды. Мемлекеттік телеарналар мен баспасөзде тек «бәрекелді» тілегіштік сарын, «бәрекелді» тілегіштік саясат. Қазақ қоғамында мәселе, не шешілмеген түйін жоқ па деген ой тудыруы да мүмкін. Әлемнің дамыған 30 елінің ұстанымдары қалай? Адамдық сапа-қасиеттерді мейлінше сараптан өткізген бұл дамыған елдерде мақтан мен «бәрекелді» тілегіштік саясат әбден екшеуден, талқыдан, тараздан өткен сыңайлы. Ол елдер жүргізіліп отырған саясаттың жемістілігін – БАҚ-та айтылып, жазылған бойынша не Үкіметтің есебінен емес, азаматтардың тұрмыс-тіршілігінің көрсеткішінен есептейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Машанов.А «Әл-Фараби және Абай». Т.2. – Алматы, «Алатау», 2005 ж

2. Шапиян М. «Абай жолын қалай жазды?» https://adebiportal.kz/kz/news/view/19268

3. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойындағы Елбасы Н.Назарбаевтың сөйлеген сөзі /1997жыл, 9 тамыз/ Алматы қаласы//http:/www.elbasy.kz//

ӘОЖ 821.512

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Онгайбаева Мадина
Ш.Есенов атындағы ҚМТИУ, Кадастр мамандығы 1- курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Абай тағылымы арқылы жүргізілетін тәрбие қазақ халқының нағыз қазынасы. Абай атамыздың сан ғасырлық бай поэзиясы ұрпақты – ізгілікке, имандылыққа, адамдыққа, биік адамгершілікке бастайтын жол.Абай дүниетанымының басты мақсаты адамды барынша кемелдікке жеткізу, ол кемелдікті адамға лайықты түрде көрсету, пайдалану, бүкіл өміріне азық ету, басқаға да шарапатын тигізу. Оның шығармаларындағы шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты, шалағайлықты, қиянатты, сұғанақтықты жегідей жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бастамаларымыздың да басты сипатына, басты мазмұнына айналуға тиісті.

Түйінді сөздер: Абай, тәрбие, адамгершілік, тарих, дәстүр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Абай мерейтойында сөйлеген сөзінде осы жайтты нықтап-нықтап айтқан болатын. «Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгінарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді: Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір аз амат әуелі Абайды оқысын. Абайға құлақ салсын» [1].

Әр заманда момынның жоғын жоқтап, мұңын тыңдап, жағдайын жасауға тырысқан халық перзенттері ғаделет, рахым, қайрат, қажыр иелері болған. Абай сөздерінде ондай кісілерге тән қасиеттер мыналар: махаббат. шапағат, нысап, мархама, таза пиғыл, мағрифат, көкірегі-көнілі тірілік, имандылық, мұсылмандық, еңбекқорлық, адалдық, ұяттылық, бауырмалдық, мейірімділік, сезімталдық, ақылдылық. Адамшылық, адам табиғатына сай болу үш ғашықтықтан туады. Бірінші, дүниені, адамның өзін жаратқан Аллаға ғашықтық.

Ғылым алланың бір сипаты болғандықтан, ғылымға ғашықтық. Алланың жолы хақиқат болғандықтан, хақиқатқа, растыққа ғашықтық. Ал егер мал, мақтан, қадір, сый, құрмет, алланың ықрарымен, адамды өзі іздеп тапса, ол адамды бұзбайды, керісінше адамдыққа көрік береді. Сондықтан да халқымыздың ділін, яғни, менталитетін, дінін, тілін сөз қылғанда, тағылым іздегенде Абайдан алшақ кету қиын. Қазақ бүгін өз табиғатын сонау Абай арқылы түсініп отыр. Сонымен Абай философиясының өзегі адам мәселесі болып, адамның өмір сүру тәсілі, тіршілік ету ерекшеліктері, діні, ділі, білімі, мінез-құлқы, мұрат-мақсаты және де басқа тылсым сырлары сарапқа салынып жатса, мұндай дүниетанымнан өмірмәнділік сипат іздеу біздің рухани тәуелсіздігіміздің бір көрнісі дер едік.«Абайдың дүниетанымында философиялық, этикалық, эстетикалық, танымдық және әзіл-ысқақ, кеңес беру түрінде жазылған «Қара сөздер» маңызды орын алады.

Ондай ойшылдың мәні мен мақсаты, адам тіршілігінің негізі туралы түсініктері шеттей қабысқан. Мұнда философия адамдардың рухани танысуын, адамдық қасиеттер жүйесін, әлеуметтік этика мен қоғамды күйретудің жолдарын көрсетпекші болды. Таза философиялық терминдерге бой ұрмай, әр алуан әлеуметтік топтағы жетілуді түсінікті түрде ұғындырып, қоғамдық сананың дертін айқындайды да, бейнелі түрде жеткізеді. Оның сөздері қазақтың жүрегіне өтімді, өйткені ол үлттық психо логияның негізіне,

барлығын да тарихи жадында с ақтап қалған халықтың ойына бағытталған. Абай ойы қазақ арасында зор мәнге ие болып, күнделікті өмірде қолданылатын мақал- мәтел дәрежесіне көтерілді» [3].

Жалпы руханилық, адамшылдық деген түсініктер адамзат тарихымен бірге жасап келе жатқан және де дәстүрге айналып кеткен нәрселер. Әсіресе, өскелең өсу жолында жаңалықтар көп бола бермейді. Бүкіл адамзатқа ортақ ұждандық өсу талабы – жастарды адам болуға баулу, адамшылдықтың негізгі принциптеріне үйрету. Ал адам болудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүріне, салтына, тарихына, діліне, дініне, рухани болмысына байланысты. Қазақтың өмір салтында адам болу жолдарыүлкенді сыйлаумен, ата жолын, ана жолын қуумен, ар -намысты, ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Абайдың өз басында осы қасиеттердің бәрі де болды. Сондықтан да ұлт ұстазы болуға, неден қашық болып, неге асық болып, немен дос болуға шақырып жөн, көрсетуге моральдық құқығы болды.

Ұлттық тәрбие ісіне уақыт өз талаптарын, өз өзгерістерін енгізді. Абай заманында тәлім-тәрбие ісін ең қарапайым элементарлық нәрселерден бастауға тура келеді. Себебі, адамдар жас баладай аңқау, аңғал, тек біреудің жетегінде жүруге бейім болды. Жөн білетін дана азаматтар оларға ақ пен қараның, адал мен арамның, жақсы мен жаманның не екенін айтып көрсетуге борышты болды. Абай солардың асқар шыңы. «Халық ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, жаңылыстырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген. Өйткені ақыл табылмай тұрып ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз аз ам ат өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл» [2].

Абай шығармалары арқылы халықты, өскелең ұрпақты тәрбиелейді. Әр өлеңінен қазақтың болашағы жарқын болуын ойлағаны байқалады. Ақын ел ішіндегі мейірімсіздік пен зорлық-зомбылықты, қатыгездікті, жағымсыз әрекеттерді жазған. Оны “Сабырсыз, арсыз, еріншек…” өлеңінің мына жолдарынан байқаймыз.Абай өлеңдері арқылы халықты, өскелең ұрпақты тәрбиелейді. Әр өлеңінен қазақтың болашағы жарқын болуын ойлағаны байқалады. Ақын ел ішіндегі мейірімсіздік пен зорлық-зомбылықты, қатыгездікті, жағымсыз әрекеттерді жазған. Оны “Сабырсыз, арсыз, еріншек…” өлеңінің мына жолдарынан байқаймыз:

Өзін -өзі күндейді
Жақынын жалған міндейді
Ол – арсыздық белгісі.

Өз халқының аяулы ұлы ретінде өз заманында орын алған қаракетсіздікке, жалқаулыққа қарсы аянбай күресті. Абай ең алдымен бес нәрседен өсектен, өтірік айтудан, мақтаншақтықтан, еріншек, жалқаулықтан және бекерден-бекер мал шашудан қашық болуға шақырды. Әрбір жалқау адам, қаракетсіз, қорқақ та болады, оның тіршілігі де мардымсыз, сүреңсіз болады. Ал мақтаншақ адам ақ‹ысыз, надан адам. Кісі қашық болу керек бес нәрсе, әрі қарай сабақтаса көптеген келеңсіз қасиеттерге апарып тірейді. Оны Абайдың өзінен артық зерделеу қиын.

Ол былай дейді: «Бүкіл ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: Әрбір жалқау кісі қо рқақ қайратсыз тартады: Әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді: Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді: Әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді: Әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жок жандар шығады» [3].

Ғаламға белгілі данышпандар байқаған деген сөздерге назар аударған жөн. Кейбір зерттеушілер айтатындай бұл тек қазақ ұлтына тән жұғымсыз қасиеттер емес, жалпы адамның тозу әдісі. Бұлар басқа ұлттарға да тән. Бірақ Абай өз отандастарының жайын, болашағын ойлаған соң бұл сөздерді соларға арнағандай болып отыр. Бес қашатын қасиетті көрсетісімен, көпке созбай, осы жерде бес асыл қасиетке де

тоқталды. Олар тек қана адамның адамшылдығының белгісі емес, әлгіндегі айтылған кемшіліктерден арылу үшін де қажет. Абай қазақтардың кешегісі мен бүгінін, болашағын, олардың мінез-құлқын, салт-дәстүрлері мен рухани мәдениетін, оқу-білімін, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өтті.

Қысқасы, Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында онын орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес боп тиіп отыр. Өйткені, біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз.Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек біз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек киял боп қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы, мына біздерге байланысты.

Абайдын айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады», – дейтіні де тегіннен тегін емес. Сондықтан да, ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ыкпалдастық керек. Бұл – біздің бүгінгі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі.Біз де бүгін ұлтішілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мәнбереміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойындағы Елбасы Н.Назарбаевтың сөйлеген сөзі / 1997 жыл, 9 тамыз / Алматы қаласы//http:/www.elbasy.kz//

2. Абай. Энциклопедия / Алматы қаласы / Атамұра баспасы,1995.

3. Әуезов М. Абай мұрасы жайында,- Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1957, № 3, 21 б.

ӘОЖ 378.02

«ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ» ӨЛЕҢІНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Мейрамгул Мамай
Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Джакаева Г.Б.

Аңдатпа. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» – Абай Құнанбаевтың ақындық кредосы, поэзиялық және философиялық тезисі осындай. Мұнда Абай тек поэзияны ғана емес, жалпы сөз өнерін, көркем әдебиетті қамтиды. Мақалада Абайдың сөз өнеріне эстетикалық талғамы талданады. Нысана етіп Абайдың «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі алынды.

Түйінді сөздер: Өлең, сөз өнері, талғам, саралау, эстетика.

Абай ақындық өнерге эстетикалық ойдағы көзқарасымен, кемеліне жеткен ақындық бағдарламасымен келіп қосылды. Абайдың дүниеге көзқарасының ауқымы кең, саласы мол. Әсіресе, оның эстетикалық дүниетанымы негізінен поэзия тілімен берілсе де, қазақ қауымының ой-санасында тұңғыш рет теориялық тұрғыдан айтылып, жазылуымен ерекшеленеді. Осы құбылыстың сырын М.Әуезов 1922 жылы «жұртшылықтың көркемөнерге деген көзқарасын жаңа бағытта тәрбиелеуші күрескер»

деп бағалаған болатын [1]. Абай жалпы көркемөнер атаулының шығар көзін, түп-төркінін аңғартумен қатар, оның адам баласына құдіретті әсері туралы қызықты пікірге де қозғау салады. Ұлы ақынның ұғынуынша, адам баласының бойындағы өнерпаздық қасиет сырттан берілетін тәңірінің сыйы емес, керісінше ол – әлеуметтік өмір шындығынан туындайтын, соның негізінен пайда болатын табиғат сыйы.

XIX ғасырдағы орыс әдебиетін, оның халықтық негізін терең зерттеу Абайды ақындық жолда жаңа көзқарасқа алып келді. Ең алдымен, Абай сөз өнерін үлкен қоғамдық күш, әлеуметтік тартыстың құралы деп таныды.

Мысалы: "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" өлеңін талдайық: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлең – бұл тұрғыдағы ақын бағдарламасы тәрізді. Ең алдымен, бұл өлеңде Абайдың ақындық өнерінің, шығармаларының әлеуметтік тартыстың үлкен құралы екендігі көрінеді. Шығарманың идеясы: халықшыл демократ қайраткерлердің салт-санасын танытады. Ол алғашқы жолдарынан-ақ өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа норма жариялайды. Адам баласы айтып келген сөздің асылы – поэзия екенін биік бағалаумен бірге, оны төмендететін олқылықтарды да көрсетеді. Ал шын жақсы өлеңді ердің ері, данасы туғызатынын, жалпы өлеңнің өзі де даналықтың айғағы екені сөз болады. Қазақ даласының поэзиясына көңілі толмай, өзгеріс енгізуге ұмтылады және айналасындағы ақындарға да үндеу жариялайды. Айтушы да, тыңдаушы да надан болмау керектігін, поэзияның зор қасиетінің әлі де тумай, танылмай жүргенін оқымағандықтан көреді.

Ұлы ақын өлеңге қойылатын көркемдіктің жаңа шарттарын белгілейді:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бұл өлеңнің түпкі мәні қазақтың қара өлеңіне артылар жүктің салмақтылығы. Оны «бөтен сөзбен былғамау» керектігін айта отырып, көркем сөздің асылы – поэзия деп баға береді.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы –

деп Абай өлең сөздің бағасын дін деректерімен дәлелдейді. Тәңірінің өзі, пайғамбары, мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасы – бәрі де өлеңді қадірлейтінін айтып кетеді. Осыдан ары Абай эстетикалық жаңа принцип жариялайды:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

«Іші алтын, сырты күміс сөз жаксысын, Қазақтың келістірер қай баласы?» – дегенде, тура 1860 жылдарда Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбовтай революциялық-демократтар әдебиет үшін жариялаған эстетикалық негізге ден қояды.

Түрден мазмұн қымбатырақ, бағалырақ дегенді анық танытады. Осыдан кейінгі көп шумақтарда айтылатын ойларының барлығымен Абай ақындықтың, соның ішінде өз ақындығының жаңа платформасын, үлкен декларациясын жариялайды. Өткен тарих қалдырған әдебиетке тарихтық, философиялық қатты сынмен қарап, бұрынғы қазақтың «жүйрігі, шешені» деген ескі биін мақал көлеміндегі жаттанды шешендіктен аспаған арзан ойдың көзқарасын көрсеткендер деп біледі:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап, –

деп әсіресе бұрынғы ақындардың кейбір топтарына ерекше қатты соқтығады. Сатымсақ ақынды – жағымпаз, жанын жалдаған жексұрын ақын етіп, өнер ұстап жүрудің орнына қайыршылыққа кеткен сорлылықты әшкерелейді.

Абай қазақ ортасында оның қадірін кетіріп жүрген ақын-жазушыларды сынайды. Сынағанда да, өлең сөзді әлеуметтік шындықты суреттеуге емес, күн көріс қамына жұмсаушылар мен «көр-жерді өлең» қылушыларға арналады. Сол арқылы ақын қазақ арасында өлең сөздің «қадірсіз» көрінген себебін ашады. Сөйтіп, өз поэзиясында жаңа мақсат барын танытады. Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, Сендерге де келейін енді аяңдап, – дейді. Бұл шумақтың соңғы жолдары ақынның өлең сөздің мазмұнын өзгертуімен байланысты, тыңдаушыларды да тәрбиелеу қажеттігіне назар аударғанын байқатады. Оларды халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге, бағалауға үндейді.

Сонымен қатар өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді. Өсиет өлең халық дертінің, тарих қайшылықтарының бәрін емдеп, тазартатын өзгеше құрал деп біледі. Ал, Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл, тазалық жолдар болғандықтан, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең – өсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады деп иланады.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап, –

деген толғауда үлкен мән, терең сыр бар. Халықты тәрбиелейтін анық ұстаздық сөз өзіне бөлек бір алуан болсын. Онда терең оймен, ащы шындықпен аралас үлкен тәрбиелік мән, мағына болсын дейді.

Біріншіден, «Өлең – сөздің патшасы» дегенде үш ұғым бар: өлең, сөз, патша. Үшеуін тұтастырып тұрған негізгі ұғым – сөз. Себебі сөздің патшасы – өлең. Мәселе сөзде. Сөз болған соң өлең бар, оның патшалығы бар. Сөз іспен, қарекетпен байланыты. Сондықтан сөз – істің, қарекеттің көрінісі.

Екіншіден, сөз идеяға байланысты, сондықтан идея сөз арқылы анықталады. Сөзсіз идея айқындалмайды.

Үшіншіден, сөз – ойлаудың нәтижесі әрі оның процесі. Қандай сөзде болсын қорытынды бар, ойлау жүйесі, яғни ой тұтастығы бар.

Төртіншіден, сөз міндетті түрде сөйлеушіні (субъектіні) қажет етпейді, ол объективті мазмұнда өз алдынша өмір сүре береді. Сөздің мұндай абстракциялық табиғатын қазақтар «жақсыдан қалған сөз», «үлкендер айтқан сөз», т.б. мәнде білдірген.

Бесіншіден, сөздің айтушысы болады, әрі әр сөздің дара түсінігі болады. Ең алдымен сөз болған деген идея баршамызға белгілі[2].

«Өлең – сөздің патшасы» дегенде ұлы ақын өлең мен сөздің бір-бірімен байланысын «патша» деген ұғыммен білдіріп отыр. «Патша» деген – даралықты емес, жалпылықты білдіретін ұғым. Патша болу үшін оның қасиеттері жалпы патшалыққа тән болса, сонымен бірге патшалықтың қадір-қасиеті патшада болуы шарт. Міне, «өлең» деген сондай мәнге ие болып, бүкіл сөздің патшасы атанған. Сөз деген патшалық болса, өлең – оның патшасы.

«Өлең – сөздің патшасын» осылайша түсіндік десек, мәселенің ауырлығы осы өлең жолының екінші жартысында, ол – «сөз сарасы» деген ұғым.

Тілімізде «сара бағыт», «сара жол» деген түсініктер бар. Демек, «сара» дегеніміз тура, әділ деген ұғыммен мәндес болып шығады. Абай өлеңдеріне түсініктемелер беріп жүріп көңілге түйген қағидамыз – оның өлеңінің бір жолындағы ұғымдар бір-бірінен ешқашан да алшақтамай, өзімен-өзі болмай, тың ұғым туғызуға қызмет етіп тұрады. Мысалы, өлең, сөз, патша, сара – осы төрт ұғым өлеңнің бір-ақ жолында тұр. Әрқайсысы жеке-жеке дүниелер. Олардың бас-басына қатысты қаншама мәселелер қозғауға әбден болады. Бірақ мәселе олардың даралықтарында, әрқайсысының жеке мәнінде емес, солардың бәрі бірігіп тың ұғым құрауында немесе жаңа ойдың темірқазықтары сияқты болып тұруында. Осы төрт ұғым топтасып, бірігіп, өлең туралы идеяны көрсетіп тұр. Бұл идеяның екі жағы да ашылған: бірі – «өлең – сөздің патшасы», екіншісі – «өлең – сөздің сарасы». «Тіл мен жақтан сылдырап шыққандардың бәрі сөз емес» деген ұлы ақын «Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы», – деп ашып айтқан. Сөз былғанса сөз болудан қалады. Ал енді осы нағыз сөзді қауызынан аршып алу үшін оны саралау қажет. Сараланған сөз – нағыз сөз, ол – өлең. Сонда өлең әншейін сөз емес, ол –сөздің патшасы, сөздің сарасы, сондықтан Абай қиыннан қиыстырған қазақтың баласын «ер дана» деп атаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметұлы.М. Абайтану. 1-2 том. Астана: Interaktiv Kazakhstan, 2014-365 бет.
2. Абай. Таңдамалы өлеңдер. Алматы. Жазушы, 1985 - 119 бет.
3. Абайды толық танидық па? // Ана тілі газеті. №29 (1494). 18-24 шілде. 2019 ж.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ МҰРАСЫМЕН ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Бердібаева Гүлнұр
Ш. Есенов атындағы КМТжИУ, ИС-18-3 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Епенова Ж.А., аға оқытушы

Аңдатпа. Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі-қысқаша ғана “Адам бол!” деген формула,тұжырым. Абайдың өз заманында жазып қалдырған баға жетпес мұрасы бүгінгі және келесі таңымыздағы жастарға ақыл-өсиет, тәлім-тәрбие ретінде сабақ болады.

Түйінді сөздер: қара сөздер, мұра, 175 жыл, философ, жаңғыру.

Биыл ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Әлемдік деңгейдегі ақындардың бірі, мәдениет, пәлсапа, музыка, ой дүниесінің алыбы, эстет, гуманист, моралист, ағартушы-демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші-ұстаз Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлеміндегі ірі құбылыс.

Қазақтың бас ақыны Ұлы Абайдың өлген күнінен қаншама алыстасақ та, оның өнерін қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Абайдың өзі өлгенмен сөзі өлген жоқ. «Өлді деуге сыя ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп кемеңгердің өзі айтқандай, Абай артына – өлмейтұғын сөз, өнеге, өсиет қалдырған. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға асып, туған халқымен бірге жасаса беретін кемеңгер.

Сырт қарағанда Абайды білмейтін қазақ жоқ секілді. Көзімізді ашқаннан Абай есімі жадымызда, бейнесі көз алдымызда. Мектепте Абайды оқып жатырмыз, қала сайын Абай атында көше бар. Абай атында қала, аудан, ғылыми институт, университет, көптеген театрлар, колледж, мектептер бар. М.Әуезовтен бастап Абай жөнінде қалам тартпаған ақын-жазушы жоқ. Абай жөнінде кино және басқа өнер шығармалары да жеткілікті. Ақын әндері күн сайын шырқалып, кітаптары қайта басылып шығып жатыр. Абай - өткен мен өз заманын салыстыра отырып, артына ұлы өсиет қалдырған хакім. "Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым" дейді Абай. Абайдың хакімдігі оның әр сөзінен, әр өлеңінен білінеді.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Артынан Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды.

Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді.Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніңдер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынай отырып оқырманға оның дұрыс бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнады.

Абайдың айтуынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді [1].

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Демек, өзімізден озық тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар

ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жастарымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді.

“Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді”, – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады [2].

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқу, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауы тиіс. Бұл – ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады [1]. Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін:

- Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн.
- Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз.

Қорыта айтқанда, Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі

мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Әрбір қазақ азаматы Абайдың қара сөздерін оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?!

Ақыл жүрек қайрат үшеуін бірге ұстап Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек келешегіміз, жарқын болшағымыз баянды болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. https://egemen.kz/.
2. Абай және қазіргі заман. А., Ғылым, 1994, -336 бет.

ӘОЖ 821.512

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ, ТАҒЫЛЫМДЫҚ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Айтқалиқызы Аружан
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, ПМНО-18-1 тобының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Махметова С.Д.

Абайға деген бетбұрыс жаңа жаңғырып келе жатқан кезең халқымыз тәуелсіздік алған заманға тұспа-тұс келіп отыр. Дүние жүзі халықтары Абайды тану арқылы оны туып, өсірген халқын, елін тани бастады. Абай ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл, қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр. Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі.

Абайдың 80 жылдарға жақындаған кезіндегі өмірінің сыртқы пішіні қазақ халқының өміріне тән қоғамдық жайлармен іспеттес екенін көреміз. Абайдың қолына қалам алып, надандықпен алысуға бет байлап, ақиқат пен жалған пәлсапалық категориялар заңдылықтарына сүйене отырып жазған өлеңдері мен қара сөздеріндегі педагогика, мораль, эстетика, психология, философия, этика, сатира, әдебиет, өнер, ғылым саласында айтылған терең ойларына қайран қаласың, таңырқайсың.

Абай қазақ халқының мінез-құлқындағы келеңсіз, нашар қылықтардың қайдан және қалай туындайтынын саралап, ақиқат пен жалған философиялық категориялар арқылы талдап беріп отырады. «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағанын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынын, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?» – деген сұрақ қойып алып, ары қарай талдау жасап, ол талдауларды бір топ философиялық категориялар арқылы таразылайды. Мәселен, Абай бұл тұрғыда тек қана өз халқының туындыларына ғана зер салмай «hәмма ғылымға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған» – деп өзінің ой-өрісінің кеңдігін, дүние жүзіне белгілі данышпан адамдар, ғалымдар, ойшыл-философтардың еңбектерімен таныс екенін білдіре келе: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз-қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамасақ, өзі тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады», – дейді.

Абайдың осы сөзінде пайдаланылған философиялық категорияларға зер салсақ: қорқақ-ақылсыз, қорқақ-мақтаншақ, қорқақ-қайратсыз, ал қорқақ категориясы жалқаулықтан туындайтынын ашық айтып отыр. Абай айтқан қулық сауу, көз сүзу, тілену, адам сауу (адам қанау) – өнерсіз иттің ісі. Ал мұндай теріс мінезден арылу үшін Абай қандай кеңес береді – еңбегіңді сау дейді. Ал еңбекті сауу үшін бос күлкіден, жарамсыз қылықтан, мақтаншықтан арылғанда ғана өнерсіз иттіктен кетесің дейді. Абай өнерге үйрену мәселесі адамның өміріндегі ең бағалы да қажетті іс екеніне көзімізді жеткізді. Бүгінгі өмірдің тауқыметі базар, нарық экономикасының ауыртпалығына тіреліп отырған халқымыздың мән-жайы, одан туындап отырған кеселдер сол Абай заманында да, бүгін де белең алып отыр. Ол Абай айтқан «Қулық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі», – дегендей қулық, көз сүзу, тілену, адам адамның еңбек ақысын жеу арқылы өзінің мал мүлкін молайту, жастарымыздың, қала берді үлкендеріміздің де ісі, бүгінгі таңның ең бір жағымсыз қылықтарының бірі екеніне бәріміз де куәгерміз. Абай бұл ойларының түйінін бесінші сөзінде де, қазақ даласында көп таралған мақал-мәтелдердің мазмұны арқылы да дәлелдеген: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Ол тек қана мал үшін қам жейді екен. Ал мал табу жолын біле ме? Оны да білмейді. Оның бар білетіні – малдыларды алдап, арбап, мақтап, мал жинау, егер бұл іске аспаса, алдап немесе мақтап ала алмаса, онда әкесімен болса да жауласудан тайынбайды екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшік, соған ұқсаған қылықтардың қайсысын болса да қылып, мал тапса жазалы демесек керек екен. Осындай Абай айтқан әдіспен мал тауып, халықты алдап, арбап, қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен, зорлық-зомбылықпен көгеріп, көркейіп отырмын деп санайтын адамдар бүгінгі таңда баршылық екеніне бәріміз тағы да куәгерміз.

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары турасында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатын Абайдың өз басының адамгершілігі. Ақыл мен қайратты, білім мен адамгершілікті тең ұстаған ақын шығармаларына деген ілтипатымыз, құштарлығымыз бүгінгі күн санап артқандай болса, ал мынау нарықтық экономика қыспағында қысылып жүрген жағдайда ақын шығармаларына, оның терең мағыналы, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған ой-тұжырымдамаларына деген қажеттілік одан да артық. Оның кіршіксіз, таза, ақ жүрегінен тебірене туындаған жырларынан адам жанына әл қуат беретін, жанға жайлы, ыстық леп ескендей. Бар асылын, ойын замана жастарына, келер ұрпаққа да арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет пен еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді.

Абай қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдер қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де кедергі болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Ақын сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі – өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақ тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты әшкерелеп, жұршылықты олардан сақтандырмақ болды. Қазақ қауымының болашағы жастардың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру туралы даналық ой қозғайды. Адам болам десең, байлықпен озбай ақыл, әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Қазақ қоғамында жан-жақты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеуметтік өмірдегі қызметіне айрықша мән береді.

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесапаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат пен бек көп нәрсе… бұл қуаттың ішінде артық қуат бар… ол жоғалса, адам баласы хайуан

болды, адамшылықтан шықты». Ақын: «… ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» – деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады.

Ақын адамгершілік, мораль мәселесін сөз еткенде жақсылыққа: адамшылық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық,, кісілік, қанағатшылдық, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сабырлық, сертке беріктік, табандылық, татулық, тәуекелшілдік, шүкіршілік т.б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айлакерлік, парақорлық, арызқойлық, тәкаппарлық, сараңдық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлеқорлық, паңдық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, әсемпаздық, еріншектік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтаншақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т.б. жиіркеніштi мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этика, адамгершілік, түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақатынастарын түсінуге арналған.

Абайдың адамгершілік туралы, Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген, қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші пайхамбарымыз, рухани көсеміміз. Абай заттың адамы емес, рухтың адамы. Абайдың адамгершілік туралы этикалық ойлары, пікірлері өз халқының ұрпақтарына әрқашан қуат бере бермек. Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.

2. Абай Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2002.

3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 2014.

4. Тәжібаев Т. Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары. – Алматы, 2005.

ӘОЖ 821.512

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Шанбай Айдана
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, ПМНО-18-1 тобының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Махметова С.Д.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың тәртіп, құлық, достық және Отан туралы ұғымы қалыптасады, ата-аналарын, үлкен адамдарды құрметтеуді үйренеді, еңбекке сүйсініп қарайды, ізгілікті сақтайды. Әр түрлі іс-әрекеттің барысында бастауыш сынып оқушылары тәртіпке, жолдастық өзара көмек беруге, өзара түсінуге дағдыланады. Оқу және тәрбие барысында бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлық туралы адамгершілік тәрбиесінің мазмұны байиды. Оқушылар әділеттілік, борыш, ұят, адалдық, ерлік, намыс сияқты моральдік категорияларға ерекше көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым-қатынас жасауды, өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді.

Жас өспірімдік шақтағы балалардың ерекшеліктерін еске алып, олардың әр-түрлі іс-әрекеттеріндегі еріктілігіне, бастамаларына мүмкіндік беру керек.Қорытып айтқанда, әдет баланың тәртібінің, мінез құлқының тәрбиелік өлшеміне айналуы керек.

Осы орайда ұстаздардың мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жытыла бермеуі керек, ойткені тым қаталдық шәкірттің өзін ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін келтіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдылығында және жетілгенділігінде деген мағынада айтамыз.

Адамның белгілі бір мінез құлыққа ие болуына немесе жақсы жұғысудың арқасында бір мінез-құлықган басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет болады, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын. Жақсы мінез-құлықгың өзі де әдет арқылы келетін болғандықган, біз әдеттене келе біздің жақсы мінез-құлқымызды тұдыратын нәрселерді де әңгіме етуіміз керек.

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлық тәрбиесін қалыптастыруда Абай шығармаларының тәрбиелік маңызы ерекше. Абай шығармалары мен байланысы бар деген кейбір жанама деректерді ақынның дүние, дін, өнер, әсіресе этикалық пікірлеріне нақтылы салыстырулар жүргізіп барып, оның өзін ерекше сын елегінен өткізе отырып анықтасақ қана жемісін бермек. Осы тұрғыдан қарағанда, Абай оқыған және оның қара сөздерімен белгілі дәрежеде қатысы бар деректер көзінің бірі Шығыс әлеміне ертеден әйгілі «Насихаттама» (Кабуснама) кітабы деп білеміз. Орта Азия мен Қазақстан, Татарстан ағартушыларының бәрі де кітапқа назар аудармай қалған емес. Сондықтан да олар осы кітапты жергілікті халықтың тіліне аударып, танытуға күш салған.

Бұл кітапты өзбек тілінде тұңғыш рет өзбек халқының белгілі тарихшысы, әрі ақын, атақты аудармашы Мұхаммед Ерниязбекұлы аударған. Өз тұстастары ерекше назар аударған бұл кітапты Шығысты олардың бәрінен тереңірек білген Абайдың оқымауы, білмеуі мүмкін емес. Абайдың «Насихаттамаға» қатысы әсіресе оның қазақ әдебиетінің тарихында бұрын болып көрмеген жанрлық, стильдік ерекшелігімен айрықша дараланатын қара сөздерінен айқынырақ аңғарылады. Бұлай дейтін себебіміз, осы кітаппен Абайдың қара сөздсрінің сөз етер мәселелерінің көбі тақырып жағынан бір сыпыра ұқсас болып келсе де, оларды шешуі әр түрлі көзқарастың тұрғысынан болып отырады. Әрі қазақ әдебиетінің тарихында жанрлық формасы мен стильдік ерекшелігі бар Абайдың қара сөздерінің елеулі түрде ұқсастығы барлығын да ескермеуге, онымен есептеспеуге болмайды.

Аса дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Абай өлеңдері «Соқыр кісі сыбырынан танырлық» деген бағасы екі ғасырдың түйілісінде дүниеге көзін жаңа ашқан кілең дарынды жаңа буын зиялылардың ортақ ой сезімі еді.

Абай үлгілі ақын даналығы халқымыздың оқып тауыса алмай келе жатқан мектебі, білім қазынасы болып қалуда. Арғы-бергі замандарда ғұмыр кешкен барлық данышпандар сияқты, Абай да ұрпақ жаңарған сайын жаңа қырынан танылып, жаңғыра беретін «артына өлмейтұғын сөз қалдырған» ардақты жан.

Еліміздегі егеменді ел болғалы құрылысын, құлашын кең жайып өрістеген сайын, жас ұрпаққа Абай атамыз «Қазіргі замандағы жастарды тәрбиелеу, оқыту, үйрету жұмысының бәрі де оларды адамгершілік моральға баулу болып шығуы керек», – деген. Мектеп оқушыларды ұзақ жылдар бойы оқытып, білім берумен қатар, олардың ақыл ойының, сана-сезімінің, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды.

Абай мұрасының соңғы кездегі зерттеушілері Абайдың орыс әдебиеті классиктерімен творчестволық байланысы туралы мәселені негізінен ұлы ақын өмір

сүрген дәуірдің нақтылық тарихи шындығымен байланыстыра қарастырды. Абайдың орыс әдебиетінің ұлы классиктерімен творчестволық қарым-қатынасы төңкеріске дейін азды-көпті сөз болса, соңғы кездерде аса мол пікір айтылып, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нақтылы деректерге сүйенген құнды зерттеу еңбектері туа бастады. Бірақ осы соңғы дәуірдің өзінде де Абай мен Пушкин, Лермонтов пен Крылов туралы жазылған мақалалар әлі де болса мерейтой тұстарында жазылып, бұрыннан танымал пікірлер қайталанып байқалуда.

Зертеушілер пікірінше XIX ғасырдың екінші жартысында дамыған халық поэзиясындағы азаматтық лирика – Абай творчествосының негізгі реалистік бағытын айқындаушы тума құбылыс болмақ. Абай халық лирикасындағы өмір шындығын тудырып отырған қабылдаушы ғана емес, дамыта отырып жетіддіруші. Мысалы: әдетте халық лирикасы көп тақырыпты болып келсе, Абай лирикалары да солай.

Қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарының жаңа бағдарламасында Абай шығармалары калай қарастырылып отыр? Жаңа бағдарламасының осы мәселе жөніндегі ерекшеліктері қандай? Ұрпақ тәрбиесінде орны бөлек Абай мұрасының бөбектерге нені, қашан, қалай таныту болады? – деген сияқты сұрақтарға сөз қозғаймын. Қазіргі таңда қолымызда барын пайдаланып жүрген бағдарламаларында және соған сай жасалған «Ана тілі» оқулықтарында Абай шығармаларының ішінде кейбір өлеңдерінен үзінділер берілген.Әрине шығармалардағы сөздерді талдап түсіндіруден барып қалыптасады. Сондықтан көрсетілген өлендерді оқудың әдістемесі сыныбына қарай алуан түрлі болып іске асырылады. Көбінесе, Абай өлендерін – мәнерлеп оқу үлгісін мұғалім өзі көрсетеді. Осыдан кейін өлеңдегі сөздер мен тіркестерге ерекше тоқталып, олардың мән мағынасын ашуы, сөздердің, тіркестердің мағыналас қатарын, синонимдерін тапқызуы қажет. Мысалы: «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдегі «әсемпаз», «өнерпаз» сөздерінің мәнін ұғындыруда «әсемпаз» адам қандай?, «өнерпаз» адам ше?, неге Абай «арқалан» деп тұр, «Сен де бір кірпіш» дегені несі?, «кетігі» деген сөзге қалай түсінесің? Оны тағы қандай сөздермен ауыстыруға болады?, т.б. сұрауларға оқушылардың өздерінен жауап алу – оларды ойлантуға, онан әрі өз пікірі мен ойын ауызша жеткізуге жетелейді, яғни ойы мен тілін дамытады. Ал оқып отырған шығарманың тақырыбы мен идеясын сабақ барысында түсіндіруде ақынның көзқарасын, оның ой пікірімен қоса түсіндіру, өмірімен байланыстыру, баланың жас дүниесіне әсер ету сияқты мәселелерді бала түсінігіне сай жеткізу мұғалімнің әдіскерлігіне, тіл байлығына байланысты.

Сонымен бірге жоғарыдағы өлеңдердің адамгершілік-құлықтық мәселелеріне тоқталу керек. Абай өлеңдеріндегі сұлу суреттеулерге, теңеулерге оқушы көңілін аударту. Балаларға шығармаларының көркемдігін, бейнелілігін танытып тұрған көркем сөздерге тоқталу арқылы өз құлқының сұлулығына, көркемдік ерекшелігіне көңіл аудартуы керек. Мысалы: «Күз» өлеңіндегі «сұр бұлт», «дымқыл тұман» тіркестердің мәнін ашу арқылы табиғат құбылыстарын ауа райындағы өзгерістерді көз алдарына елестету, ол өзгерісті қазақ тұрмысынан байланыстыра баяндату, мұндағы суреттеу тәсіліне тоқталу арқылы оқушының табиғат арқылы өздерінің мінез-құлқына ерекше көңіл аудару.

Абай шығармаларын бастауыш сыныптарда оқытудың маңызы өте зор екені тәжірибеде дәлелденді. Олай дейтін себебіміз оқушылар Абай шығармаларын оқи отырып, одан рухани ләззат алады. Олардың табиғатқа сүйіспеншілігі оянады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ. Анарбеков, Үсен Қарасайұлы. Абайдың кейбір мінез-машықтары. Шымкент, 2004.
2. Абай оқу әліппесі. Алматы, Рауан, 2006.
3. Әдеп және жантану. Атамұра, 2010.

ӘОЖ 821.512

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ
(Абай мен Эрсой поэзиясындағы сабақтастық)

Абыл Бағытжанов
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Қабылов

Мехмет Акиф Эрсой – түріктің белгілі ақыны. Акиф Эрсой 1873 жылы Стамбул қаласында дүниеге келген. Ол – Түрік Республикасы әнұранының авторы. Түркияның "Ұлттық ақыны" деген атағына ие болған. 1911-1933 жылдары жазылған жеті поэзиялық кітабы түрік халқының әдебиетінде сақталған ең маңызды шығармалардың бірі болып табылады.

Мехмет Акиф араб, парсы және француз тілдерін еркін меңгерген. 1921 жылғы 17 ақпанда түрік халқының ұлттық әнұранын жазып, 12 наурызда мәтінін Түркия Парламенті қабылдады. Ақын кейін Ататүріктің билігіне риза болмай, Түркиядан кетіп, Мысырға көшіп келді, онда 1926 жылдан бастап мемлекеттік университетте сабақ берді. Сол кезде ол Құранның ақындық аудармасымен жұмыс істей бастады, бірақ бауыр дертіне ұшырайды. Санаулы ғұмыры қалғанын сезген ақын еліне оралады. 1936 жылы Стамбул қаласында өмірден озады.

Мехмет Акиф поэзиясы XX ғасырдың басындағы Түркияның әлеуметтік моральдық және саяси мәселелерін бейнелейді. Оның барлық шығармалары «Сафахта» жинағында жинақталған. Оның жырлары халқын азаттыққа үндейді. «Сырат-ы Мустаким», «Жас қауырсындар» атты журналдар шығарып, онда «таза поэзия», тіл, өнер, мәдениет және ұлттық құндылықтар туралы жазып, жұртшылыққа насихаттаған.

Туыстас екі халықтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақындардың шығармашылық жолын зерделеу, өлеңдерінің үндестігін анықтау арқылы қазақ және түркі халықтарының дүниетанымының жақындықтары мен қос ақынның өмірлік көзқарастары мен поэтикалық бағдарын көре аламыз. Сондықтан Абай мен Эрсой поэзиясындағы тақырыптық-идеялық тұрғыдағы кейбір үндестікке тоқталмақпын.

Тарих қойнауына үңіліп, беттерін парақтасақ, қай ұлттың болмасын, қалыптасуы, даму қарқыны, көркею үдерісі жайында тілі, діні, мәдениеті, өнері, кәсібі мол ақпарат береді. Дін ұзақ жылдар бойы, ғасырлар бойы қалыптасып таралған.

Әлемдік діндердің ішіндегі тазалықты дәріптейтіні – ислам діні. Ислам діні – адамның абыройы мен ар-ожданын жоғары қойып, әділдік пен бейбітшілікті ту етіп, он сегіз мың ғалам иелеріне қылдай қиянаттың болмауын қадағалайтын дін. Бейбіт қарым-қатынаста тіршілік етіп, тыныштықта тату-тәтті өмір сүруді уағыздайтын бұл дін адамды мейірімді іске шақырып, жүрегінің ақ ниетті болуына септігін тигізеді.

Абай Құнанбайұлының және Мехмет Акиф Эрсойдың шығармаларындағы дін тақырыбы өзара үндестік тапқан. Екі қаламгердің де имандылық тақырыбында сыр шертетін шығармалары бірқатар екендігін байқадық.

Дана Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,
Көп кітап келді Алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас [1,239], –

деп, Алладан түскен кітаптар туралы жырлайды. Кемеңгер ақын үш сүю – иманигүл жайында «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», «адамзаттың бәрін сүй – бауырым деп», «және хақ жолын әділетті деп» сыр шертеді.

Абай дүниетанымының құбылысты қалыптағы мәселесі – толық адам болса, мәндік өзегі – үш сүюден тұратын иманигүл. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай

мұрасы мен дүниетанымына қатысты мәселе біршама мол сөз болғанымен, шығыстық жағалаудан нәр алып қорланған, сөйтіп дүниетаным деңгейге жеткен ақындағы толық адам танымы сексенінші жылдарға дейін өзегі тұрғысынан танылмақ түгілі, сыртқы сарайы, қаңқасы дерлік құбылыстық қыры тұрғысынан да білгір болжанып, тиянақты қарастырылмады. Хакім Абай :

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес [1,240], –

деп адамзаттың Құдайға деген сенімі, хақ жолының мүбарактығы туралы айтса, түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:

Ey kudreti insanları lal eyleyen Allah!
Acizlere ey bahş-i mecal eyleyen Allah!
Teslim ediyor akl-ı selim hayrette her dem
Her karda izhar-ı kemal eyleyen Allah! [2,51], –

деп, Алла Тағаланы мақтайды. Оның ұлы есімдерін мадақтайды. Акиф Эрсой мұсылмандық туралы былай дейді:

Müslümanlik nerde! Bizden geçmis insanlik bile...
Adem aldatmaksa maksad, aldanan yok, nafile!
Kaç hakiki müslüman gördümse, hep makberdedir;
Müslümanlik, bilmem amma, galiba göklerdedir [2,53], –

деп, түрік ақыны бұрынғы сахабалар мен дін жолына берілген адамдарды үлгі тұтып, Исламды өз халқының жүрегіне жеткізгісі келді.

Әл-Фараби, Низами, Руми, Науаи, Абай, Мехмет Акиф Эрсой имани гүл сарыны – жүрек культін сол негіздегі адамшылық жолын көтермелеп, өз шығармаларында үнемі рақым, шапағаттың баламасы ретіндегі жүректі шешуші орынға қояды. Ал имани ақылды, яғни ақылдың культін мадақтайтын сарынды Рудаки, Фирдауси, ибн-Синадан байқаймыз. Қазақ және түрік ақындарының дін тақырыбындағы үндестік бастауы екі ақын да нәр алған шығыс поэзиясы мен дүниетанымының ықпалы екендігін аңғарамыз.

Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмір сүретін, біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл күйін, өз көзқарасын жеткізді. Ал кей қаламгерлер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрес-тартыстардан безіп, табиғатты ғана жырлады. Табиғат тақырыбы көркем әдебиеттен үлкен орын алды.

Абайдың да айрықша жырлағанының бірі табиғат болды. Ол табиғат аясында өсіп, оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерін оқығанда, табиғаттың әр түрлі құбылысы көзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, дымқыл тұманды күзін не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын жан-тәніңмен сезгендей боласың. Мәселен, «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде суреткер ақын:

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы

Құлпырған жасыл жер жүзі, [1,113], –деп, жазғы түннің әдемі суретін алдыңа тартады, жаз кезінің желсіз тымық күні, аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесі,

жазғы ауыл, оның жанындағы терең сай, гүрілдеген өзен суретшінің бояуы арқылы тұтас бір картина ретінде көз алдыңа келеді [3,57].

Ал Мехмет Акиф Эрсой:

Ağacı bir güzel dalı bir güzel
Nasıl anlatılmaz nasıl övülmez
Yağmuru bir güzel rüzgarı bir güzel
Baharda yeşile boyanır dağlar [2,18], –

деп, өзінің туған аулының табиғатын көркем жеткізеді. Осы шумақта ақын ауылының әсем ағашын, жел тұрғанда ағаш жапырақтарының сыбдырласа көркем тербелетінін оқушының көз алдына елестететіндей.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі [1,511], –

деп, Абай ақын жазғытұры мезгіліндегі күннің өзінің ата-анадай елжіреп, шуағымен баурап, жаныңды рақат сезімге бөлер тамаша кезді жеткізеді.

Ağacı bir güzel dalı bir güzel
Nasıl anlatılmaz nasıl övülmez
Yağmuru bir güzel rüzgarı bir güzel
Baharda yeşile boyanır dağlar [2,23], –

деп, Мехмет Акиф өзінің туған аулының көктем кезіндегі табиғатын көркем жеткізеді. Осы туындысының келесі шумағында түрік ақыны:

Karı eriyince sel olur çağlar
Güneşi görünce çirişi ağlar
Yaylası bir güzel çayı bir güzel
Herkesin köyü de herkese cennet [2,84], –

деп, туған аулын қоршаған биік тауларын суреттейді. Кейіптеу тәсілі арқылы тауды кіштентай бала кейпінде көрсетеді. Көктем келіп, күнді көрген кезде, одан қорқып, үстіндегі қарлардың еруін оның жылағаны деп көрсетеді. Абайдың да табиғат құбылысын адам бейнесінде жеткізуі – қос ақынның суреткерлігіндегі үндестік болып табылады. Ақын жайнаған жаздың әдемі көркін осылай суреттесе, сол сұлу сурет өзгеріп, гүл, жапырақ солып, түсі қашқан күздің суық кескінін:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай [6,59], –

деп, айналаның солып, ағаштардың сидиып, жапырағынан айрылғанын, жазда мәз-мейрам болып қуанышқы кенелген жастардың, асыр салып ойнаған балалардың енді көрінбейтіндігін, қысқасы, көңілсіз күздің бейнесін тамаша түрде елестетеді.

Қорыта айтқанда, Абай мен Эрсой поэзиясы тақырыптық-идеялық тұрғыдан сабақтастық танытып, адам баласының қуаныш-қайғысы мен күйініш-сүйініші секілді мәңгілік тақырыптарды көркем кестелеуде ілкімділік танытқанын айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1992.
2. Ersoy, Mehmet Akif, Safahat, İstanbul, 2006.
3. Әуезов М. Абайдың лирикасы. // Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Алматы, 1993.

ӘОЖ 821.512

СЫЛДЫРАП ӨҢКЕЙ КЕЛІСІМ
(Абай мен Эрсой поэзиясының идеялық-көркемдік арналары)

Абыл Бағытжанов
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Қабылов

Қазақ және түрік халықтарының ұлы ақындары Абай Құнанбайұлы мен Мехмет Акиф Эрсой шығармаларындағы үндес тақырыптардың бірі – махаббат тақырыбы. Ақын Абай шығармашылығында махаббат тақырыбы айрықша орын алады.

Махаббатсыз – дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар, –

дейді саф алтындай асыл сезімді дәріптеген ақын. Жүрегінде махаббат сезімі жоқтарды хайуанға теңеп, махабатсыз бұл өмірдің мән-мағанасы жоқ екеніне көз жеткізеді.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл, –

десе, келесі туындысында:

Ғашықтық келсе жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып, –

деп ғашықтық дертін суреттейді. Бойыңды, санаңды билеген сезімді құмарлықпен шатастырма дейтіндей:

Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Абай ғашықтықты, сүюді өз басынан өткізіп, жан-жүрегімен сезіне, тебірене толғанады [1,37]. Ал түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:

Ferdâ Kadın! Ferdâ Kadın!
Ben görmeden sevdim seni.
Sen galiba gördün beni,
Pek ihtiyar, hoşlanmadın.

деп, Ферда деген жанды көрмей ғашық болғанын, оған деген сезімін екенін жырға қосады:

Ferdâ Kadın! Ferdâ Kadın!
Ey yavrumun ilk yavrusu
Pek tatlı şeysin doğrusu
Lakin neden çirkin adın? –
Tatlı tatlı esiyorsun dünyama
Ruhum seninle huzurlu
İçim mutlu seninle
Sen olmasan sessizlik ağlar
Yüreğim sonsuz dek yanar
İyi ki doğmuşsun sevgilim
İyi ki aşkımız var! [2,42] –

деп, түрік ақыны екі ғашық арасындағы махаббатты көркем сөзбен кестелейді.

Екі ақын да ынтық жанның сезген, көрген, білгенін еш мүлтіксіз ақындық зор шабытпен ақ қағазға түсіре алған. Абай да, Мехмет Акиф те ғашық болды, сүйе білді,

сонымен бірге күйінді, сағынды, аңсады махаббаттың қиындығын тартты. Абайдың «Қырық бесінші қара сөзінде»: «Адамшылдықтың алды – махаббат, ғаділет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, керіспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі», – дейді [3,67].

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

Әр ұлттың тарихында, әр ғасырда, кем дегенде, халқының жағдайын ойлап күңіренген, олардың көзін ашуға ұмтылған қоғам қайраткері шығып отырған. Олар халқын оқу-білімге шақырған.

Хакім Абай жас ұрпақтың білім алып, ғылымды игеруіне айрықша мән бергендігі оның өлеңдері мен қара сөздерінде мейлінше байқалады. Өйткені білім мен ғылым өркениетке бастар алғышарт екендігін ұлы ойшыл жете түсінген, жан-тәнімен терең ұғынған.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» және т.б. өлеңдері ақын Абай Құнанбайұлының ағартушылық идеяларын танытады.

Түрік ақыны Мехмет Акиф Эрсой:

Bana sor sevgili kâri’ sana ben söyleyeyim
Ne hüviyyette şu karşında duran eş’ârım:
Bir yığın söz ki, samîmiyyeti ancak hüneri;
Ne tasannu’ bilirim, çünkü, ne san’atkârım.
Şi’r için “göz yaşı” derler, onu bilmem, yalnız,
Aczimin giryesidir bence bütün âsârım! –

деп, Акиф Ерсой өзінің жақсы педагог екенін айтып, оған кез келген оқушы келе алатынын жазған. Түрік ақыны осы өлеңі арқылы халқын оқу-білімге шақырған.

Ağlarım, ağlatamam; hissederim, söyleyemem;
Dili yok kalbimin, ondan ne kadar bîzârım !
Oku, şâyed sana bir hisli yürek lâzımsa;
Oku, zîrâ onu yazdım, iki söz yazdımsa [2,53], –

деп, «ақын тілі жоқ жүрегімнің мұң-жарын айтып жеткізе алдым ба» дейді. Оның мұңы – халқының көзі ашық болып, айналасындағы болып жатқан жайттарға көңіл аударуы. Көкірегіне білім нұры құйылып, жүрегі мен санасы ізгілік білімді игеруге ынтызар болса, білімін еліне қызмет жолында жұмсаса дейді.

Kimse evlâdını câhil komak ister mi ayol?
Bize lâzım iki şey var: Biri mektep, biri yol!
Felâketin başı, hiç şüphe yok, cehâletimiz;
Bu derde çare bulunmaz-ne olsa-mektepsiz [2,53], –

деп, дәулетті немесе қолында билігі бар жандардың оқушыларға мектеп ашып беруін, балалардың жасынан білім алуы қажеттігін ерекше жырға қосады. Екі ақын да білімнің пайдасын дәріптеп, жас кез оқуға талаптанар шақ екенін, білім арқылы надандықтың бұлтын кері серпіп, ақиқатты анық тануға болатынын жеткізеді.

Көркем шығармаларын Абай таза қазақ тілінде жазып, өлеңге керекті бар бейнелі сөздерді, нәрді, кестені түгелдей халық тілінде тапты. Сондықтан да ол өлеңге:

Бөтен сөзбен былғанша сөз арасы –
Ол ақынның білімсіз бишарасы [3,78], –

деген талап қояды.

Абай өлеңнің мазмұнына ғана емес, мақсатына, тіліне де шарт қойды. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», – дейді ол. Ақынның:

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [3,116] –

деген сөзінің де өлең тіліне тікелей қатынасы бар. Оның өлеңдері көркем, мағыналы, көпке түсінікті, бас-аяғы жинақы келеді.

Абай, ең алдымен, қазақтың ұлттық тілін еркін меңгерген, тілдік қоры бай ақын. Ол халықтың ғасырлар бойы жасаған сөз өнерінің бар асылын, ең шұрайлысын таңдап ала біліп, керегіне жаратты, оны дамытып, жоғары мәдениеттік сатыға көтерді.

Абай өлеңдерінде теңеу мен эпитеттің неше түрлі бай үлгісі бар. Олар өлеңнің бейнелілігін артырып, оқырманға шындықты жаңаша ашып жеткізеді:

Өз үйінде өзендей.
Күркірейді айтса дау.
...Қабағын итше өшігіп шыға келер.
...Болатша дірілдеген жалын көрген.
...Піскен алма секілді тәтті қызды.
...Құйрықты жұлдыз секілді.

Мұндағы теңеулер әр түрлі жолмен жасалған. Тың теңеулер арқылы ақынның көркем сөзді қанша түрлендіргенін, бейнелікті арттырғанын көруге болады.

Ал, эпитет Абайда тым мол, әрі жаңа мағынаны ашуға пайдаланылады.

Қан жүрек те қайғылы-ау.
...Ызалы жүрек, долы қол
...Асау жүрек аяғын шалыс басқан.

Осындағы жүрек сөзіне қосылған эпитеттер сол сөзге қаншама өзгеше мағына беріп тұрғанын көруге болады. «Қан жүрек» қайғының белгісі болса, «ызалы жүрек» кектенуді бейнелейді, ал «асау жүрек» – бұлқынған қайраттың ісі. «Адасқан күшік секілді», «Жел қорғаған желкек шал», «Өрбілген жүрек басылмай», тағы басқа тармақтарда эпитет үлгілері Абайға дейінгі поэзияда көп кездесе бермейді.

Байдың ақындық тілінде ауыстырудың (троптардың) түрлері де мол. Онда метафораның жай түрі де, ұлғайған түрі де көп кездеседі:

Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз.
Сенсің – жан ләззаты,
Сенсің – тән шәрбаты.

Сен – жаралы жолбаырс ең,
Мен – киіктің лағы ем.

Бұлардың бәрі де құбылысты, адам бейнесін көркемдікпен тануда үлкен қызмет атқарып тұр. Ақын метафораның ұлғайған түрін жиі пайдаланады. Олар, көбінесе, бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы немесе бірнеше метафораны қатар қолдану аарқылы жасалады.

Мысалы:

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.
... «Күн – күйеу, жер – қалындық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті».
...Беркелі болса ел,
Жағасы – жайлау ол бір көл.
...Жүрек теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас.
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

Абайда кейіптеу де жиі кездеседі. Табиғаттағы құбылыстарды қимылға келтіріп, жанды бейнеге түсіру үшін ол кейіптеуді қолданады.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Азалы ақ көрпесін сілке салып,
Жер күлімдер өзіне беріп шырай.

Мұнда суреттелетін ай мен жұлдыз кісімсінеді, жер ақ көрпесін сілке тастап, күлімдейді. Ал «Қыс» өлеңіндегі «басқан жері сықырлап келіп қалған» қыс та жанды бейнеде кейіптеледі. «Теректің сыйы» өзеннің асау ағысы түгелдей осы үлгіде суреттеледі.

Абай өлеңдерінен фигуралардың да неше түрі табылады. Ол адам психологиясын, күйініш-сүйінішін суреттеуде дамытуды көп қолданады. Бұларды «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сорланып» өлеңдерінен байқауға болады. Ал «Балалық өтті, білдің бе?» арнау түрінде жазылған.

Балалық өтті, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, білдің бе?
Кәрілікке көндің бе?

Мұнда айтайын дегенін сұрай арнаудың бір түрі – риторикалық сұрау арқылы айтып берген. Риторикалық сұрау арқылы оқушының өзі жауап бере алатындай түсінікті болады. «Балалық өтті, білдің бе?» дегенде «білдім» деген жауап көңілінде тұрады.

Фигураның шендестіру түрін де Абай көп қолданады. Бұл түр, әдетте, ұқсамайтын екі нәрсені қарама-қарсы суреттеп, соның арасынан үшінші бейнені таныту үшін пайдаланылады. Абай шендестірудің бұл үлгісін кеңейте түскен.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
Ол да бүлк-бүлк етпей ме сипағанда?
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.

Мұнда үш нәрсе (ақ қар, қара бүркіт, қызыл түлкі) бір-бірне қарсы қойылып, содан төртінші нәрсе – шомылып жатқан сұлу – (еті аппақ, шашы қара, беті қызыл) көзге елестейді. Сол арқылы ақ қардың үстінде қара бүркітке қызыл түлкіні алдырған аңшылық көріністің бейнесі толық ашылады.

Бұл мысалдар Абайдың ақындық күшін, тілге шеберлігін, тіл бейнелігін жақсы пайдалана алғанын көрсетеді. Мұның негізінде өмірді терең, жетік білу жатыр. Өмір құбылысын жақсы білген, байқағыш ақын шындықты да жарқын суреттей алады.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған, –

деген үзіндідегі сөздердің көркемдік мәніне көз жіберіп көрейікші. Жалын сәулесі түскен болат бірде күңгірт тартып, бірде оттай жанады. Ақын осыны білген де, өз қалпына түсірген. Немесе:

Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
Ол да талас қылады шыбын жанға.
Қырық пышақпен қыржыңдар тұрған түлкі
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз найза қолында көз аудармай,
Батыр да аял қлмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.

Бұл жанды сурет те шындыққа негізделген. Мұндай өлеңді аңшылық кәсіпті жақсы білетін, аңдардың арбасуы мен алысын дәл байқай білген адам ғана жаза алады. Абай өмірді терең білген дегенде осы сияқты оның өлеңдеріндегі шындық суреттеріне сүйенеміз.

Абайда дыбыс қайталауы да жиі ұшырасады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың қайталануы өлеңнің әуезділін арттырады:

Самородный сары алтын,
Саудасыз берсең алмайды,
Саудырған жезіне,
Саудасыз қара қамқаны,
Садаға кеткір сұрайды,
Самарқанның бөзіне [3,54].

Осы үлгіні «Оспанға» («Жайнаған туың жығылмай») деген өлеңнен де кездестіреміз. Мұнда 16 тармақтық өлең түгелдей «Ж» әрпінен басталады.

Сөйтіп, Абайдың ақындық тілі өзінің байлығымен, алуан түрлі үлгілердің молдығымен қазақтың жазба әдебиет тіліне негіз болады. Абай оған халықтың тілдік қорын мол пайдаланып, оны ұстарту арқылы, әдеби тілді қалпына келтіру арқылы жетті.

Туыстас екі халықтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ақындардың өлеңдерінің тақырыптық және көркемдік тұрғыдан үндестігі қазақ және түркі халықтарының дүниетанымының жақындықтары мен қос ақынның өмірлік көзқарастары мен поэтикалық бағдарын көрсетсе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абайдың лирикасы. // Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Алматы, 1993.
2. Ersoy, Mehmet Akif, Safahat, , İstanbul, 2006.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1992.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Эльмира Файзоллақызы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-19-1 тобының студенті.
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Ә.Қабылов

«Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» [1], – деп Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев айтқандай, Абай – ұлтымыздың үлгі тұтатын тұлғасы, рухани ақыл-ойының мәйегі секілді.

Қазіргі кездегі елімізді толғандыратын мәселелердің бірі жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Абай Құнанбайұлы ел жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу-білімге шақырған. Адамның сол кездегі жаман қасиеттірінің бәрін сынап, атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау-жанжал елдің сиқын бұзатынын айтып, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп, қатты қынжылған. Әсіресе, білімсіз, еңбексіз жастардың жайы жанын

қатты күйзелткен. Ел ішіне іріткі салатын, өтірікпен мал жиып, байыған би-болыстарды сықақ өлеңмен шенеген.

Қазақ даласында қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «адам» деген ұғымға анықтама берген. Адам ұғымы – педагогика мен психология ғылымында негізгі пәндік ұғым. Абай түсінігіндегі «адам – ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы». Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі ғана – нағыз Адам. Орыстың ұлы педагог ғалымы К. Д. Ушинский де өзінің басты еңбегін адамға арнаған. Адам тәрбие пәні қақында осы тұрғыдан Абайадың ойлары, пікірлері орыс ғалымдарымен үндес келеді.

Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді.

Жастардың мінез-құлық, адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген Абай:

Тез үйреніп, тез жайма,
Жас уақытта көңіл – гүл», –
деп жазған.

Абайдың философиялық, көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары бар. Жалпы саны қырық бес бөлек шығарма.

Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлермен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық пікірлерімен бірігіп, философиялық тұжырымдамасын құрайды. Абай қара сөздерінде көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме дүкен құрып отырғандай болады.

Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, – дейді Абай, – өзі үшін оттанған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам – ардақты адам.

Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәні өте зор. Ойшылдың отыз алтыншы қара сөзінде «шын ұят – шариғатқа теріс, ақылға теріс, абыройлы бойға теріс іс» делінген. Сол сияқты бір ұят бар – надандықтың ұяты, жас бала сөз айтуға ұялған секілді жақсы адамның алдында жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық.

Абай атамыз ұят туралы XIX ғасырда айтқан сөзі әлі күнге қоғамда өз маңызын жойған жоқ. Біз одан үлкен ғибрат аламыз. Әр сөзі терең ойға, өзіңді, ортаңды тануға, жақсы қасиеттерді бойыңа дарытуға, жаманнан аулақ болуға жетелейді.

Абай сол заманғы қазақтың басты проблемасы пәлсапалық ойлармен көп айналысты. Абай атамыздың әрбір сөзін қайта оқып, тереңірек барлай бастасақ, олардың қыр-сырлары қайта ашыла түседі. Шындығында Абай тағылымын дәріптеу, оны терең түсіне білу, меңгеру оңай емес. Абайдың шығармаларында даналық толып жатыр.

Өмірде ар-ұят пен иманды қатар ұстау керек. Сонда адам баласы артына жақсы ұрпақ қалдырады. Ұят пен иман – адам өмірінің негізгі қасиеттерінің бірі. Адам баласының бақыты оның ар-ұяты таза болуында. Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін бір заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына деп ойлаймын.

Адамгершілік қасиеттер отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар. Сондықтан адамгершіліктің іргетасы отбасында басталады да, өмір бойы ұдайы толығып, жетіліп отырады.

Тәлім-тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегенге көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», – деген Әбу Насыр Әл – Фараби бабамыздың сөзін әрдайым жадымызда сақтауымыз керек деп ойлаймын.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы шығармаларына зер салсақ, оның сол заманда айтқан ойлары қазіргі қоғамда да өз құнын жоғалтпағанын көреміз. Абай атамыз сол кездің өзінде бизнес, кәсіпкерлік жөнінде соншалықты анық әрі айқын суреттеген. Өзіне, жан-дүниесіне үңілген Абай үйлесімді дамуды, өркениетті ел болуды кәсіпкерліктен тапқандай көрінеді.

«Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде: «Бейнет көрмей дәулет жоқ» екендігін нық айтса, «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінде жұмыс істеп, мал бақпаған жігітте ешқандай қасиет болмайтынын айтады. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңінде:

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек [2,120], –

деп адал еңбек қана елді ұшпаққа жеткізетінін алға тартады.

Дамыған елдер қатарында болу үшін адам бойында Абай айтқандай бес асыл іске ұмтылып, бес дұшпаннан қашып, тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, босқа таласу, өтірік шағымдану секілді қасиеттерден аулақ болуымыз қажет. Өркені жайылған елдің бір көрнісін «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде былайша суреттейді:

Берекелі болса ел,
Жағасы жайлау, ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел, –

немесе:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек, –

деп білімді, ақылды, берекелі елдің ғана болашағы жарқын екенін көрсетеді, соған жетуді армандайды.

Еңбектің мұратқа жеткізетінін бейнелейтін өлеңдері де бүгінгі заманға сәйкес келеді. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңінде дәлме-дәл, көркем түрде берілген:

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең онан да арман.
Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Осы өлеңдегі әрбір жолдар бүгінгі заманға қарата айтылған секілді. Тіпті, күн өткен сайын бұл сөздердің салмағы ауырлап, тереңдігі ұлғая түскендей. Осы мәндес тағы бір өлеңі:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, –

деп егін егудің, жастай оқу оқып, білім алудың негізі баянды еңбек екенін айтады.

Қазақ халқы бүгінде тәуелсіз мемлекеті, айқын бағыт-бағдары, қайратты да қажырлы, білімді ұл-қыздары, әлемдік серіктестері мойындаған табыстары бар екенін дүниенің төрт бұрышына мойындатты. Бұл – ізденістердің, тынымсыз еңбектің, төгілген маңдай тердің, өнерлі азаматтарының өнімді де бірлікті тірлігінің нәтижесі. Абай атамыз үшінші қара сөзінде: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым – солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді» [3,156], – дейді.

Абай Құнанбайұлының рухани әлемі бүгінгі қазақ елінің гүлденуіне, өркендеуіне қашанда қызмет ете бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 9 Қаңтар, 2020 ж.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы. Жазушы, 1982.
3. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы. Жазушы, 1982.

UDK 821.512

ABAY KUNANBAYEV ABOUT PROBLEMS OF MORAL EDUCATION

Dauenova Ainur,
group BT-18, Yessenov University, Aktau
Superviser: Dalmukhanova F.

Annotation. This article discusses the philosophical and pedagogical views of the great humanist Abay Kunanbayev on the problem of moral education. Particular attention is paid to the fundamental universal problems of the formation of moral principles and moral values in the life of every person.

Key words: Abay Kunanbayev, moral education, principles.

Every nation has spiritual and moral support. One of such fundamental pillars in the minds of the Kazakh people is the creative heritage of the outstanding enlightener Abay Kunanbaev. In his works, the traditions of folk art and the understanding of the problems of society are reflected as much as possible. It’s not for fun that I compose a verse, I don’t fill it up with fiction, For those who are sensitive with hearing, heart and soul. For young people I give birth to a poem, so Abay himself determined the subject of his work [1].

If we turn to the pedagogical views of Abay, which was formed in the last century, then they reflect the fundamental universal problems of pedagogical theory and practice.

Here are some of them: "Only man lives by knowledge, Only age moves by knowledge, Only knowledge is the light of hearts ..." [2].

Although Abay did not write special philosophical and pedagogical works, almost all the works of the fiery youth mentor, without exception, are penetrated by moral and ethical edifications based on the interests, moral ideals and wisdom of the working people, on the work of the Kazakh national intelligent people – poets and composers, on the achievements of public thought peoples of the East and West.

Abay's thoughts on the formation of moral principles and moral values in the process of life itself, as opposed to the religious doctrine of the "divine predestination" of morality, are relevant today. According to Abay, a person is not born with some ready-made personality traits. All concepts of virtue, all rules of behavior are acquired in the process of his life and work. He urges the young:

Do not rush at everything in a hurry, Be proud of your gifts: And you, a man, a brick of the universe In the building of life itself lie down. Despite the different social status, says Abay, people are naturally equal. Abay writes about this innate biological equality of people in 34 edifications: "In this world, birth and growth, satiety and hunger, grief and death, body structure and the place where a person came from and where he should go, are all the same."

And since people are equal, then there is no reason for them to strive to impose their will, power on others, for they are no better than others. On the contrary, people, peoples should be imbued with mutual respect for each other, love each other, live in peace, not be at enmity and not envy each other.

Thus, in the center of Abay's worldview, like other thinkers, there is a man whose essence the thinker considers extremely multifaceted, from the point of view of biological, psychological, social and pedagogical. Abay is attracted to the aesthetic, ethical face of a person, his education and upbringing, the world of his feelings and intellect, his ideals and purpose of life.

Education in the interpretation of Abay was considered as a means of improving man and society. Mastering the world of culture, a person perceives certain ideas and ideals, languages and norms of behavior. For the great poet, thinker, humanist, spokesman for the innermost thoughts of the Kazakh people, Abay Kunanbaev, the main thing is humanity, the value of human existence, and finding one's place in life [2].

Turning to the advice and moral commandments of Abay can help us a lot in overcoming our own moral imperfection, and especially in educating the younger generation. Putting forth the moral principle "Become a Human!" in a series of moralistic poetic works, Abay develops for youth a whole code of ethical standards of friendship and camaraderie, love in marriage, duty and conscience, courage and beauty of human relations, etc. In this regard, such works are characteristic as: "Oh, horsemen, dear laughter, not buffoonery", "To study at a boarding school" and many others. If in some poems Abay teaches what to do in order to be a man, in others he teaches what should not be done in order to become a man. For example, "Do not flaunt things," "Exhausted, I will deceive everyone around" and others.

Abay's moderation in needs and especially in actions acts as a single moral category, a commandment. To know the measure of everything and everything is a big deal. "Do not get confused in thoughts, dressing, do not lose common sense. In food, in drink, in patterns, in dressing, in hugs, in kisses, in a passion for wealth, even careerism and cunning - there is a measure in everything. Everything beyond measure is evil " And the conscience being the moral regulator of actions and behavior should prompt a measure to a person. A conscientious person feels his moral responsibility to those around him, since conscience is a self-assessment of his actions. In order to keep himself from immoral acts in time, Abay offers constant self-reports to his conscience. Thus, Abay formulates in his poetry and prose the most general moral principles of his highest ethical ideal, "Become a Human!". Firstly, it is hard work, secondly, the desire for knowledge, reasonableness, thirdly, moderation, fourthly, conscientiousness and fifthly, self-control, self-education, self-discipline. It can be argued that the moral norms proclaimed in the last century by Abay, condemning on the one hand meanness, dishonesty, debauchery, on the other hand, exalting the love of work, the selfless

struggle for the interests of the people, honesty, truthfulness, perseverance in the study of science, its highest ethical ideal " Become a Human!" not only have not lost their significance in our time, but have acquired a new sounding power and require the most careful study and mastery of them by everyone.

We will not be mistaken, if we compare Abay Kunanbayev's poetic skill with the endless, deep ocean. Wonderful artist of the word, gentle lyrist, word master, and first of all, he is a wise poet. This opinion is related to his songs about life aspects, connects with his philosophic worldview and his wisdom words, especially his thoughts and ideas religion, religiousness. The whole description of the historic age, in which Abay lived himself, can be found in Abay's creativity. The obscenity of Abay Kunanbayev is of great educational importance. We can learn a lot from him. Each word leads to deep reflection, knowledge of oneself, one's environment, inculcation of good qualities, avoidance of evil.

Conscience and faith must go hand in hand in life. Then a man will leave behind good offspring. Shame and faith are one of the main qualities of human life. The happiness of mankind lies in his conscience.

REFERENCE:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.

2. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // Мысль. – 2007. – № 8. – 116 с.

ӘОЖ 821.512 (045)

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Элмира Артықбаева
Ш. Есенов атындағы КМТИУ студенті.
Ғылыми жетекшісі: Табылдиева О.Д.

Аңдатпа. Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Абай шығармаларындағы адам мәселесі байланыстырыла қарастырылған. Қазіргі қоғамда өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлттық болмыс, тәлім-тәрбие, адамгершілік мәселелері Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі тағылымдар, ой-пікірлер арқылы баяндалған.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, қара сөз, жаһандану, «Адам бол»

Тәуелсіз ел болдық. Абая шығармалары, Абайдың қазақ рухани дүниесіндегі орны ескірмек емес. Биыл Абайдың 175 жылдығын атап өтпекшіміз, соған қарағанда Абайға деген рухани сұраныс толастамаған сияқты. Оған қазіргі жаһандау заманында рухани күш-қуатымыздың әлсіреуіде себепші шығар.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тіл орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деп ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің негізін салушы, философ, аудармашы, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген Абай атамыз айтып өткен.

Сонау уақыттан осы күнге дейін өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлы Абайдың қара сөздерінде де, шығармаларында да, өлең шумақтарында да ұлттық болмысқа, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты тағлымдық ой-пікірлердің молдығы баршамызға мәлім. Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Елбасымыз Нұсұлтан Назарбаев: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Туған жердің тарихын білген және өзіннің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді оны мақтан еткен дұрыс. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», – деген болатын [1].

Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады.Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық түрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған. Адам бойындағы «адамгершілік» деген қасиетті сақтап тұратын ол – рухани тәрбие екенін, Абайдың тілімен айтсақ «Ары бар, ақылы бар, мейрімі бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін емес» және де «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол» [2], – деген бес қасиетін бойымызға дарытуымыз қажет.

Адам мен Заман қарым-қатынасы Абай заманында да болған, қазірде бар. Дүние, қоршаған орта, заманауи жаңашылдықтар адамның адами қасиеттерін әлсіретіп, жойылып кетуге ықпалын тигізуде. Абай ол туралы былай дейді:

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

«Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген мақал негізінде заманға сай адам бойындағы жақсы қасиеттер керісінше заман ығына жығылу, ыңғайына көнуге мәжбүрлеуде. Заман өтеді, ал «Жақсының аты өлмейді». Жақсы дегеніміз кімдер? Жақсыларды тәрбиелеп шығару Абай ілімі арқылы жүзеге асырылады. «Жетінші қарасөзде»: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Ал, «білсем» дегендер не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тіптен көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейтіндер бар. Демек, жан құмарлығына салып, білуге, көруге, үйренуге талпынатындар» [3] деген екен. Тән қалауымен өмір сүретін адамдар уралы Абай былай дейді:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат-көрсеқызар.
Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар.

Бұл өлең арқылы Абай бізге тәнін асырап, ертеңі жоқ, тек бүгінге (бұл дүниеге) құмар ададардан ар, ұят, отан сүйгіштік, адалдық, тазалық ұғымдарын талап етудің тіршілігіміздің кері кеткен тұстары бар екендігін аңғартады. Әрине айтылған әрбір сөзі есті адамға ой саларлық дүние.

Абай адамда ақылдың екі түрі болатынын айтады. Біріншісі –дүниеніің бәрін есептеп отыратын суық ақыл (рацио) немесе сезімсіз ақыл. Осындай сезімсіз адамдар

туған ата-аналарын қарттар үйіне өткізіп, зейнетақыларын алуға келетін ұпағы-осы суық ақыл иелері сияқты. Бұл сезімсіз ақыл иелері өздерінің тас жүректігімен хайуаннан да бетер қауіпті. Ал сезімді ақыл иелері әр ісін жүрегімен өлшеп, ақылдың өзін жүрекке бағындырып отырады. Абай жүрек көзін аша білген әр адамға жан жомарттығы тән дейді.

Жүректің көзі ашылса,..

Адамның хикмет кеудесі.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді,-делінген. Бұл Абай атамыздың жетінші қарасөзімен біте қайнасып жатқан ойлар.

Рухани жаңғырудың негізі – халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманның өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар демекші, мемлекеттің дамуы-ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген ұмтылысына байланысты.

Абай шығармаларының бойынан адами келбеттің сан түрлі үлгілерін табамыз. Олай дейтініміз, ақын өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Әр өлеңінде адами болмыстың сыры әр қырынан танылады. Ол адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік екенін баса жырлайды, оның дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын да алады. Абай – адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оған дәлел ретінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін келтіруге болады.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді, – деп Нұрсұлтан Әбішұлы айтып кеткен болатын. Елбасымыздың ұтымды қағидалары мен Абай аталарымыздан қалған жастарға, адам баласына, халқына деген үндеу өсиеттері деп білемін. Тек жоғарғы білімді және рухани бай халық қана сыртқы әсерді дұрыс қабылдап, оған жауап бере алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. www.akorda.kz

2. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы. 1 т. 1995. 336 б.

3. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы. 2 т. 1995. 384 б.

ӘОЖ 821.512 (045)

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ДӘУІР СИПАТЫ

Әбілхасанова Б.Б.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-19 магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Ж.Т.Қобланов

Аңдатпа. Лирика – белгілі бір уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл-күйі, жан тебіренісі. Оның бойындағы барша қасиет-қадірі нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындалмақ. Ендеше бүгінгі лирика – заманымыздың рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті суреткері екендігі даусыз. Мақалада Абайдың табиғат лирикасындағы өзіндік ерекшеліктері, ондағы заман көрінісі талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэзия, табиғат лирикасы, өлең, жанр, жаңашылдық.

Лирика жанры туралы сөз еткенде біз оның образдық жүйесіне тиянақты көңіл бөлмей келе жатқанымыз – көкейімізді тесетін мәселелердің бірі. Жанр ретінде таныған жерде оның поэтикасы түбегейлі зерттелуге тиіс. Ал бүгінгі лирика поэтикасын сөз еткенде де біз оның образ динамикасын білмесек, сабақтасатын түйіндерін ажырата алмасақ байыпты талдауға бара алмаймыз. «Кейде лирикада әсер бар, бірақ тіл айшығы жетіспей жатады, әсіресе, ғылыми дәлелдемеге материал болмай қалатын кездер жиі болады» [1,15].

Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған тағы бір үлгісі – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Оны әлемнің классик ақындарының бәрі де жырлаған. Дәуірі мен ортасына, өзінің жеке басының көңіл күйіне байланысты әр ақын оны өзінше жырлайды. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулер табиғат арқылы қоғамдық өмірді, тартысты, өз көңіл күйін суреттейді. Абай да табиғатты өзінше жырлаған. Оның жылдың төрт мезгілі жайлы өлеңдері 1886-1890 жылдар аралығында, ақынның әлем поэзиясын тереңдеп оқып, өзінше іздену, табиғаттың өз суреттерін беруде, табиғат пен адамның, ортаның байланысын тануда жаңа үлгілер туады.

Абайдың бұл тақырыптағы тұңғыш өлеңі – «Жаз» (1886). Осы өлеңнің өзінде Абай – ақындық мәдениеті іріленген, шебер өнер иесі. Мұнда жазғы табиғаттың көркем көрінісі мен неше алуан қызықты құбылыс асқан шеберлікпен суреттеледі. Көрініс, құбылыстардың бейнелері жарқын. Көкорай шалғыны мен бәйшешегі толысқан жайлау мен қонып үлгермеген ауылдың қарбалас тіршілігі қимыл-қозғалысымен түгелдей суретке түседі:

Жаздүгін шілде болғанда,
Көкорай-шалғын, бәйшешек,
Ұзарып, өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер,
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Арасында құлын, тай
Айнала шауып, бұлтылдап [2,64].

Өлеңде әзілдесіп, күлісіп, үй тігіп жатқан қыз-келіншек, ат үстінде мал аралаған ауыл иелері, шешесін жағалап, қыңқылдаған жас балалар, жылқы соңында салпылдаған жылқышылар мен су жағалап құс салған бозбалаларға дейін алынып, көшпелі қазақ ауылының реалистік тіршілігі мен табиғатын толықтырып тұр. «Өлеңнің ішінде жанды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан, – дейді Абай шығармашылығын көп зерттеген Мұхтар Әуезов, – түрі мен өлшеу ұйқастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар... Тұтас бітімді, келісті келген өлеңнің аяғына шейін орайлас ұйқастар айнымай созылып отырады. Өлең тілінде үлкен байлықпен қатар, тапқырлық, дәлшілдік мол» [3,36].

Қыс табиғатын Абай бұдан өзгешелеу стильде суреттеген («Қыс», 1888). Бұл – нағыз классикалық поэзия үлгісінен туған өлең. Мұнда да табиғат қозғалыс-әрекеттегі күйде алынады. Бірақ бұл әрекет табиғаттан гөрі, адамның – жанды тіршіліктің әрекетіне ұқсайды. Абай қысы Н. Некрасовтың «Аяз атасы» тәріздес:

Ақ киімді денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды [2,77].

Абайға дейінгі әдебиетте қысты жанды адам (шал) бейнесінде суреттеу әдеті болмаған. Бұл – Абай жаңалығы. Оның үстіне, ақын оны қазақтың бейжай, енжар жатқан даласына қорқынышты үрей әкелген қатал бейнеде алады. «Демалысы – үскірік, аяз бен қар кәрі құдаға» теңейді. Бұл жерде қазақтың байырғы ұғымы қолданылады. Мазасыз, сұрампаз, еселеп алып, тыным бермейтін кәрі құданың бейнесі арқылы қыстың да қайталап соғып, көшпелі елдің тіршілігін тарылта беретін жайын суреттейді. Өлеңде мал баққан қазақ даласының қысқы тіршілігі мен пейзажы шыншылдықпен шебер суреттеледі.

Абайдың табиғатты суреттеудегі жаңаша ізденісін, өсу-өрлеуін танытатын туындылары – бұдан кейінгі кезекте жазылған күзге арналған екі өлеңі («Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», 1889). Бұл өлеңдерде өмір мен табиғат шындығы жаңаша идеялық-көркемдік тұрғыда берілген. Алдыңғы екі өлеңде ақын назар аудармаған көшпелі елдің жүдеу тіршілігі, таптық, қоғамдық қайшылықтар соңғы өлеңдердің негізгі мазмұнын құрайды. Көшпелі елдің күзгі тіршілігі мен табиғаттың жүдеу көрінісін:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай,
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш қурай [2, 98], –

деп суреттеген ақын ізінше-ақ осындай ортадағы кедей үйдің тұрмысын көрсетуге ауысады. Күзгі суықтағы бай мен кедей үйлерінің тіршілігін бір-біріне қарсы қояды. Үлкен адамдар ғана емес, жас бала, кемпір-шалға дейін атап, осылардың өз ортасындағы күнкөрісі шындығын ашады.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп.
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

...Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы [2,99].

Бұл суреттер Абайдың қазақ аулындағы таптық жікті айқын танып, оның сыртқы көрінісін ғана емес, ішкі сырын да түсіне бастағанын байқатады. Ол еңбекші елдің мұңына ортақтасады. «Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, аңдыстырған екеуін

құдайым-ай», – деп ренжіп, байға: «Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей, бір қыс сақта, тас болма сен де о ғұрлы», – деген тілек айтады.

Абай шығармашылығын зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы да ақынның жаңашылдығы оның табиғат лирикасынан айрықша көрінетіндігін ерекше атап айтады. Бұл заңды да. Табиғат суреттері ауыз әдебиетінде немесе жекелеген ақындардың өлең-жырларында ара-тұра ұшырасып отыратын. Олар көбінесе адамның көңіл күйлеріне ойластырыла берілген психологиялық параллелизм түрінде келетін. Бірақ табиғат көріністерін арнайы тақырып етіп алған ақындар жоқтың қасы болатын. Қазақ әдебиетінде бұл жаңалықты бастаушылар – Ыбырай Алтынсарин мен Абай болды.

Олар табиғат лирикасын дербес жанр етіп қалыптастырды. Бұлардың жырлауында табиғат суреттері өздерінің бар бояуымен, ақиқат қалпында, жанр күйінде көрінеді. Бұл ақындар табиғатты адам тіршілігінен, әлеуметтік өмірдің тартыс-талқысынан даралап әкетпей, тұтас алып қарайды. Осы жанрды қалыптастыруы олардың жаңашылдығын да, даралығын да, орыстың классикалық әдебиетінен жемісті үйренгендігін де көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бақыт Кәрібаева.Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы, 1998. – 151б.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 2008. – 568 б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 282 б.

ӘОЖ 821.512 (045)

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ ӨРНЕКТЕРІ

Бөлекбаева Қ.М.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-19 магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Ж.Т.Қобланов

Аңдатпа. Абайдың рухани болмысын терең танып білу үшін, ақын сілтеп отырған «екі жаққа» яғни Батыс пен Шығыстың рухани ой қазыналарына барынша терең бойламайынша, оларды екшеп сусындаған ақын ойының соқпақтарымен жүре отырып зерттемейінше, көздеген нысанаға дәл жету қиын. Мақалада Абайдың шығармашылығындағы шығыстық сарындар мәселесі талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэзия, шығыс әдебиеті, өлең, дәстүр, жаңашылдық.

Шығыс мәдениетінің алтын дәуірінде туған өшпес жұлдыздар: Әбілхасым Фирдоуси, Низами Ганжауи, Хожа Хафиз, Омар Хайям, Әлишер Науайылар өз заманының рухани абызы, батагөйі, ақындық қайнар бұлағы болды. Шығыс әдебиетіне еліктеп бір кезде батыс классиктері де талай-талай одалар, эпиграммалар, шығармалар жазған: Шекспирдің, Гетенің, Байронның, Монтескьенің Шиллердің, Пушкиннің, Лермонтовтың күншығыс мәдениетіне, әдебиетіне арнап жазған өлең мен шығармалары аз емес.

Уильям Шекспирдің «Отеллосы», Джон Гордон Байронның «Абидостың қалыңдығы», Александр Пушкиннің «Бақша сарайындағы фонтаны», Шарль Монтескьенің философиялық романымен жазылған «Персиялық хаттар» – француз өмірімен Персия өмірін жарыстыра отырып, романның бас кейіпкері хаттары арқылы Батыстың буржуазиялық салт-санасын, деспотизмін сынауы, Марль Француа Вольтердің күншығыс тақырыбына жазылған трагедиялық драмалары «Зайра», «Мұхамед», Михаил Лермонтовтың грузин халқының өмірінен алып жазған поэмасы:

«Демон» немесе Низами Ганжауидің «Жеті ару» дастаны, Фридрих Шиллердің назарын аударған Карло Гоццидің «Турандот ханшайымының» сюжетіне кірген сияқты мысалдар келтіруге болады. Ертеде дүниежүзіне тараған Низами мен Науайының бес дастаны «Хамсасын» яғни «Ләйлі Мәжнүн», «Хұсроу мен Шырын», «Фархад-Шырын», «Ескендір-Наме», «Сырлы қазынасын», Әбдірахман Джамидің «Ескендір намесі», «Жүсіп-Злихасы», «Ләйлі-Мәжнүн», «Алтын таспиығын», «Жеті тағын», Фирдоусидің «Шах-намесін», арабтың «Мың бір түнін» білмейтін қазірде Азия мен Еуропада халық жоқ деуге болады [1,87].

Бір ғана «Ләйлі-Мәжнүн» адам сүйіспеншілігінің ұлы дастаны, ұлы романтикасы. Дүниежүзінің әдебиет қазынасы болған Шекспирдің «Ромео мен Джульетасынан», «Ләйлі-Мәжнүн» кем бе, дәлелірек айтсақ «Ромео-Джульетаның» алдында тұрған түпсіз махабаттың хикаясы туралы тамаша дастан осы ғана. Арабтың Арон Рашидтің Халифа заманында, Индияның ұлы моғолдары, Персияның Сасаниттер сельджуктер тұсында музыка, сәулет, философия дамуы өз заманының шыңына жетті, сонымен бірге үш континеттің түйісі болған Орта Азия теңізі арқылы бүкіл Еуропаның дамуына да, Шығыс әдебиеті әсер етті.

Түн дүниесіндегі тынысы ауыр медреседе болашақ ақын Абайдың оқу-тәрбиесі басталды. Айналасы – басына сәлде, үстіне ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қиып, бес уақыт намаз, ораза, тарауық иптар арасында таспиық-шаһилилмен өткен түндерін көріп, қайыр-ниязға құзғындай таласатын: кәрі қалпе, қараңғы шәкірт, соқыр хазірет болады.

Сол кезде бұл ортаға ой-сезім, қиялдарының ешқайсысы бойсына алмаған қыр баласы, жас талапкер дұғаны жаттаудың ара-арасында өз бетімен іздене бастайды. Бала қиялын мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұлғалар өзіне қарай бой ұрғызады. Жақсы жайлау, өзгеше бір қоныстың шеті тартады.

Фзули, Шамси, Сәйқали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа, Хафиз-бұ һәммаси,
Мәдәт бер я шағири фарияд! [2,60], –

деп сыйынады. Өлеңіме медет бер, ұлы ақындар! Бұл жас ақынның тұңғыш тырнақ алдысы, поэзияның есігін енді ғана ашып, ақындық табалдырығынан алғаш аттауы. Ә дегенде аршылмаған жас ақындық қуаты буғанда пір тұтып, сыйынғаны шығыс классиктері болды. Бұл өлеңді Абай 14 жасында жазған.

Сол медреседегі жылдарда ол шығыс классиктеріне бой ұрып, солардың үлгісімен ғазалдар түрінде «Әліфби», «Йузі Раушан» деген екі өлең жазады. Бұл өлеңдерге парсының аруз өлшемін қолданған. Сонымен бірге өлеңнің өлшемі де ұйқасымен ырғағы да шығыстық шағатай үлгісімен, шағатай мәдениетінің ақындарына ұқсас жазылады. Осыған айқын дәлел «Әліфби» өлеңін Абай:

А. Әліф дек ай йузіңе ғибрат еттім,
Б. Би, Бәләй дертіңа Ниспат еттім.
Т. Ти, тілімнән шығарып түрлі абият,
С. Си, салай мәдхыңа хұрмат еттім.
Ж. Жем жамалы қандай-ақ рузи маған,
Х. Хи Қалайық таппадым жаным сәнән, –

деп араб әліппесіндегі жиырма тоғыз әріптің әрқайсысының атымен бастап лирикалы ғазал жазады да сөзін:

Я, – ярым қалай болар жауап сөзің!
Мәт қасың тәштит-кірпік, сәкін көзің!

Абай белгісіз қызға арнаған осы өлеңінде араб әрпін түгел өңгеріп, леп белгілерін де қанжығасына байлап ап:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің! [2,60] –

деген әзілқой мысқылмен бітіреді. Бұл не? Оған жауап беру үшін өзбектің XV ғасырдағы ұлы ақыны Науайының:

Шахзадаға айтты ол ғылым сүй деп,
Ғылымның негізі сол «Әліфби» деп,
Әліп-алам өзінше ұқты Фархад,
Би-бала тыңдау болмас содан артық.
Қайғы оның тал бойын билеп сүйіп,
Алмақ болды әліпті талша иіп [3,103].

Осы сияқты Науайы, басқа парсы, өзбек, шағатай ақындарын, тек жеке әріптерді өлең арасында әлде қалай пайдаланған болса, Абай бүкіл әріпті түгел алып тамаша шеберлікпен бір сәтте жазып шығады, сөз тіркестері, жүйелері қабысып, бірімен бірі жымдасып, бір ойға, бір мақсатқа қызмет етеді, бұл әрине, оның ақындық шабытының пәрменді қуатынан. Абайдың осы қуатын біз кейінірек «Оспанға» жазған жоқтау өлеңінде көреміз, бұл әрине, сыртқы түрге бойсұну немесе жалаң әріпке күйіттеу емес, өйткені қанша сұлу жазылғанмен құр ғана әріпті айту да эстетикалық мәні шамалы, бұл керісінше ішкі рухтың жемісі, ой ағымның желімі, ақындықтың тамаша өрнегі төл үлгі, қолтума пішін, тың сарын, қазақ үлгісі. Дәлірек болу үшін өлеңді келтірейік:

Жайнаған туың жығылмай
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай
Жаужүрек жомарт құбылмай.
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің
Жасыл шөбің қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып су алмай,
Жайдары жүзің жабылмай
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай –
Жақсы өліпсің япырай!... [2,200].

«Ж» әріпімен басталып «ай» мен аяқталатын бұл жоқтау өлеңі, ақындық арынның еркіндігі, сөздің өзінен-өзі бұлақтап аққандай тігісін білдірмей жымпиып тұтасып кеткеніне дәлел. Жыр шапқан аттай жосылып жатыр. Осы сықылды Абайдың «Жалын мен оттан жаралып», «Самородный сары алтын» атты шеберліктің үлгісін көрсетерлік өлеңдері оқушыны тамсандырады. Дыбысқа күйттеп құрылған өлеңді «аллитерация» дейді. Осы үлгі Шығыс классиктерінен көбірек кездеседі. Батыс ақындарында да жоқ емес. Бірақ Абай «күйттеуі» сол 14-15 жасындағы «Әліфпи» мен барша әріпті бірақ тізіп өзгертіп әкетеді де тынады. Теріңірек қарағанда:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің! –

деген қазақы әзілмен айтып тұрса да, анығында еліктеу белгісі болып шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды асқақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де аруз өлеңмен жазылған.

Бұл сол кезде Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттерінің (көзі гауһар сияқты) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр. Ал «Оспанға», «Самородный сары алтын», «Жалын мен оттан жаралып» – бұл әріпті түгелдеуден көрі ақындықтан туған жеміс, «Әліфпи» сияқты жалаң еліктеу емес. Абай

тәрізді «Әліфпиді» түгел өлең ету немесе әріппен бір ойды тұтас беру үлгісін біз кездестіре алмадық, сондықтан бұл Абайдың өзіне тән ерекшелігі.

«Әліфбиден» соң Абайдың сол жылдары Шығыс классиктеріне түрін, мазмұнын, ұйқасын ұйқастырып жазған өлеңі – «Йүзі раушан».

Йүзі раушан, көзі гауһар,
Лағыдек бет үші әхмәр,
Тамағы қардан һәм биһтар,
Қашың құдірет, қолы шегә...

Бұл да сол жас кезіндегі алғашқы көрген шығыс классигінің «аруз» үлгісі. Шығыс әдебиетіндегі ғасырлар бойы адам бейнесін, қуатын, сезімін, қымбатты асыл затқа, жиһазға теңеу дәстүр болды. Сол сарынмен Абай да сұлудың көзін гауһарға, бетін «лағылдек» асыл тасқа теңейді, тамағы қардан ақ, қолы шигә дейді. Бұл өлеңді айтып тұрған ақындықтың есігін енді ғана ашқан жас Абай. Ал ержеткен, ақылы толған, кемеліне келген Абай не дейді, енді осыған келейік:

Сөз айттым әзірет Әлі, айдахарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қаз,
Кәрілікті жамандап өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
«Әсіре қызыл емес»деп жиренбеңіз.
Түбі терең сөз артық бір байқарсыз. [2,145].

Бұл 1889 жылы ақынның 44 жасында үш ақынды сынап – бірі Көкбай өзінің поэмасындағы қаһарманын ескі араб әдебиетінің қаһарманы Әзірет Әлімен теңесе, екінші ақын Әріп Тәңірбергенов өзінің «Зайда» атты поэмасындағы әйелдің көркін «алтын иек, сары ала қыз, гауһар жүзді»деп суреттейді, үшінші ақын кәрілікті жамандайды. Бұл арада Абай жалаң сөз, жылтыр теңеуді сынап, адам келбетін - затпен, табиғатпен салыстыру сияқты шығыстың ескі дәстүрінен көрі адам сұлулығын өзінен, кейіпкердің ішкі сезім дүниесінен іздегенін поэмада «әсіре қызыл» - арзан сөзден көрі, терең мағыналы сөздің ұтымды екенін айтады. Сөйтіп Абайдың реализмге мықтап ауысқанын көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 2008. – 568 б.
3. Науаи Ә. Таңдамалы шығармалары. – Алматы. 1948 (1968). – 221 б.

ӘОЖ 821.512 (045)

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

Тұралы И.Д.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-17-1тобының студенті
Ғылыми жетекші: проф. Ж.Т.Қобланов

Аңдатпа. Лирикалық қаһарман – ақын бейнесінің оның шығармаларынан жинақталған тұтас тұлға ретінде көрінуі. Лирикалық қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялдары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі.

Мақалада Абай өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер мәселесі талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэзия, лирика, өлең, дәстүр, жанр.

Бір шығармада нақтылы өмір құбылысы көзге айқын елестерліктей сурет-көрініс деп бейнеленсе, тағы бір шығарма, әсіресе лирикалық туынды әдемі қиялға негізделгендіктен күнделікті өмір-тұрмыстың нақтылы көрінісі болмай, өмірдің бір шағылған сәулесі, елең еткізетін елесі немесе құлаққа жағымды естілетін жаңғырығы секілді ғана әсер беруі де ықтимал. Абай шығармаларында көркемдік шарттылық та, көркемдік қиял да шыншылдықпен қатар келеді, өмір шындығын терең әсерлі бейнелеуге қызмет етеді. Еш жасандылығы жоқ жарасымын толық тапқан. Осыны айта отырып, Абай шығармаларының әрқайсысында өмір шындығы әр қырынан көрінетінін, алынған тақырып, айтылған ой, ақынның көңіл күйі, жан сезімі әртүрлі нақтылы көркемдік шешімін табатынын ескерту қажет. Шынайылық тұрғысынан да, идеялылығы тұрғысынан да әр поэзиялық шығармаға әр түрлі өлшеммен келіп, жанрлық, тақырыптық, композициялық өзгешелігіне сәйкес толық ден қойсақ болар еді.

Абайдың өлеңдері туралы айтқанда, лирикалық поэзияның өзгешелігін естен шығармауымыз керек. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды күш-қуат дарытатын – алғыр оймен суарылған жалынды сезім. Өмір, дүние, адам тағдыры жайлы үлкен толғаныстан тумаған, жай сезімшілдік поэзияны жандандыра алмайды.

Лирикалық поэзияға жан беретін – көркемдік ойдың қуаттылығы, сезімнің оттылығы, нәзіктігі. Лириканың басқа жанрлардың, айталық, сан алуан адамдардың қарым-қатынасын, қоғамдық тартыс-шиеленісті баяндайтын көлемді, оқиғалы шығармадан айырмасы да, өзіндік артықшылығы да, міне, осында.

Егер эпостық шығарманың ең басты ерекшелігі уақиғаның қалай баяндалып, суреттелгеніне байланысты болатын болса, лирикалық шығарманың күші, қуаттылығы алдымен адамның көңіл-күйін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасып жатады. Адамның жан сезімін, көңіл-күйін тікелей, лирикаға тән ерекше сыршылдықпен суреттеп, айтып жеткізудің ұтымдылығы өмір құбылыстарын айрықша сергектік, сезімталдықпен қабылдаудан, сезім-әсер байлығынан туады.

Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирикалық қаһарманның ой сезімі, тағдыры өз заманының арман-мүддесі, тілек-талаптарымен неғұрлым терең байланысты суреттелсе, соғұрлым ол типтік қасиеттері мол, сомдап жасалған ірі тұлғаға айналып, дәуірдің көрнекті өкілі болып шығады. Лирикалық поэзияның осы ерекшеліктері Абай өлеңдерінен мейлінше толық көрінеді.Абай лирикасынан ақынның көңіл күйін, жан дүниесін, толғанысын сезініп қана қоймаймыз, сол арқылы қазақ қоғамына, жалпы адам баласына тән сипаттарды, дәуір, заман келбетін танытатын қасиет-белгілерді молынан табамыз.

Лирикалық поэзияны өзгешелігі туралы айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың мына сөзі ойға оралады: «Толғаушы ақын әуелі көңілінің күй-мұңын мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды... ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай білуде» [1,219]. Өлеңдегі лирикалық тұлға автордың, ақынның бейнесін танытады дей отырып, ол оның поэзиядағы көркемдік көрінісі екенін ұмытпау қажет. Екеуінің түпкі негізі бір, мүлде ажыратып, бөліп алуға келе бермейді десек те, осыларды екі түрлі ұғым деп түсінген жөн. Бұл жерде басқаны былай қойып, лирикалық тұлға әсіресе сыршылдық сипаттағы және толғаныс түріндегі өлеңдерде айқын бой көрсетсе, ал ақынның, автордың бейнесі лирикалық тұлға арқылы да, сонымен бірге қандай да бір басқа адамды мінездеу, соның өзін сөйлету, ал сюжетті поэзиялық шығармада уақиғаны баяндау арқылы да танылатынын айтсақ та жеткілікті. Осындай лирикалық тұлғаны зерттеу еңбектерде лирикалық қаһарман деп те атайды. Лирикалық

қаһарманның басты ерекшелігін айқындайтын – ақынның қоғамдық, эстетикалық мұраттары, идеялары, өмір құбылыстарын, дәуірді, халық тағдырын өзінше түсініп-сезінуі. Сөйтіп, лирикалық қаһарман деген ұғым ақынның көптеген шығармларында ой-сезім дүниесінің, мақсат-мұраттардың бірлік-тұтастығын танытады. Кейбір шығармалар оның жан дүниесін бір қырынан, ой-сезімдерінің, толғаныстарының белгілі бір кезеңін көрсететіні айқындала түседі. Жекеленген шығармада лирикалық қаһарман бейнесі бір қырынан көрінетініне табиғат лирикасының кейбір үлгілері мысал бола алады. Біз бұлардан лирикалық қаһарманның табиғат сұлулығын қалай сезінетінін әсіресе айқын байқаймыз. Бұл айтылған пікірді табиғатты, немесе, махаббатты жырлайтын шығармада лирикалық қаһарман үнемі бір жақты, тар көлемде көрінеді деп түсіну дұрыс болмайды. Лирикалық шығармада көбіне-көп күрделі қоғамдық ой-пікірлер ақынның жеке адамға деген жылы сезімі, не болмаса назары түскен табиғаттың бір көрінісін сезінуі – бәрі тығыз байланысып жатады. Мәселе тек қай шығармада қай жағы басым келетінін ескеруде. Сонымен бірге лирикалық қаһарманның бейнесі мейлінше толық, жан-жақты қалпында ақынның бір ғана емес, көптеген туындылары арқылы бой көрсететінін әр уақытта есте сақтау керек.

Абай шығармаларында алдымен мейлінше мол, әр қырынан көрінетін, әрине, ақынның өз бейнесі, өз тұлғасы. Лирик-ақын қоғам өмірінің шындығын өз көңіл күйін білдіру арқылы, өз сезім толқыныстары, ой-толғамдары арқылы танытады. Ақынның өз тұлға бейнесі оны тебіренткен ой-сезімдерден, айтылып, баяндалып отырған өмірдегі алуан түрлі жағдайларға, қоғамдық мәселелерге, әр түрлі адамдардың іс-әрекеттеріне оның қатынасынан, берген бағасынан айқындала түсіп, жан-жақты толық көрінісін табады.

Абайдың лирикалық кейіпкері – айнымас та азбас жан. Ол жақсылық пен жарыққа адал, достық пен махаббатқа адал, әділет пен шындыққа адал. Оның мөлдір де тұнық сезімінде бір түйір кіршік, иненің жасуындай жалғандық жоқ. Оның бұл сезімдерін аяқ асты етіп кірлемек, қараламақ болғандар аз емес. Ақын мұны да жасырмайды:

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – кеннің бірі ,
Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас
Ит мұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан [2,54].

Бірақ ақынның лирикалық кейіпкері бар сыннан мүдірмей өтеді, жаны мен сезіміне, рухына дақ түсірмейді. Оның сыр – сезімдерінің мөлдірлігі, адалдығы мен ақтығы, пәктігі ақынның махаббат тақырыбына арналған лирикалық өлеңдерінен айрықша жарқырап көрінеді. Абайда мұндай өлең көп. Сондықтан солардың тек біреуін ғана алып қаралық:

Жарқ етпес қара көңілім нағылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да [2,78].

Мұнда лирикалық кейіпкердің махаббат сезімінің тереңдігі мен тұрақтылығына, пәктігіне таңданбасқа болмайды. Ешбір бүкпесіз, татаусыз осы өлең оның сол сезімін мадақтауға арналған гимн тәрізді. Оның сезіміне орынсыз қызғаныш түгіл, қиянаттың да зәредей белгісі жоқ. Сен үшін ең сүйікті, ең сүйкімді менмін деп кеуде қағып, өзгермейді, лапылдап күйіп те жанбайды. Бәрін де сабырлы, салқын қанды қалыппен айтады. Бірақ «сүйдім-күйдім» дегеннен әлдеқайда салмақты, әлдеқайда терең сезім, адамгершіл сезім. «Аспанда ай менен күн шағылса да», – деген жол сырттай қарағанда ауыз әдебиетіндегі әсірелеу, көтеріп айту тәсілін еске түсіретін тәрізді. Бірақ, бұлай емес. Қайта осы сурет лирикалық кейіпкердің басындағы трагедиялық халдің ауыртпалығын соншалықты күшті жеткізіп тұр. Ал осыдан кейінгі:

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да [2,78], –

деп келетін екі жол лирикалық кейіпкердің рухани тұлғасын онан әрі айқындай, ажарлай түседі. Ол – кіршіксіз махаббат сезіміне ғана ие емес, үлкен жүректі адам, әділ адам. Осы өлеңде, осы жолдарда әр сөз адам айтқысыз терең мағынаға ие. Егер ақын лирикалық кейіпкеріне «Дүниеде сендей маған жар жоқ», – деп үзілді-кесілді айтқызса, оның сөзіне шүбә, күдік тудыруға болар еді. Ал соған «сірә» деген сөз араласқан соң зәредей жалғаншылық сезілмейді. Сенбеске, иланбасқа шара жоқ. Осы арқылы ақын өлеңнің реалистік сипатын да өлшеусіз тереңдете түскен, аша түскен. Бұл өлең Абайдың әйелге, махаббатқа көзқарасындағы демократизм мен гуманизмді де айқын танытады.

Сөйтіп, Абай поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің образы – шын мәнісіндегі ұнамды образ. Өзінің ең абзал, ең жарқын қасиеттерімен ол бүкіл өткендегі әдебиетімізде жарқырап, оқшау көрінеді.

Абай поэзиясында ұнамды идеал мен ұнамды образ айрықша орын алды. Бұл заңды да еді. Өз кезіндегі орыс әдебиетін қырсау шындықты бекерлеуге, жоққа шығаруға шақыра отырып, Белинский бұл міндетті шешу үшін әдебиет жалпылама түрде болса да ұнамды бағдарлама ұстануға тиіс деп білді. Кертартпалық шындықты көре білу үшін және оның зарарлы сипаттарын аяусыз әшкерелеп, мансұқ ету үшін адамға лайық жаңа дүние жасалатындығына сену, сол сеніммен күш-қуат алу шарт. «Жоққа шығару белгілі бір идеалға бола жасалуы шарт. Ол сонда ғана әсерлі әрі жанды болмақ» [24,82].

Белинскийдің ойынша, өз шығармашылығын халықпен ажырамастай етіп туыстырған, халықтың тағдыры мен болашағын ойлаған, оның шығармашылық мүмкіндіктері мен құдірет-күшіне сенген суреткерлерде ғана нағыз ұнамды идеал болмақ. Абай дәл осындай суреткер еді. Онда дәл осындай идеал болды да.

Өз шығармашылығында ұнамды идеал көздеп, ұнамды образ жасауға ұмтылуы Абай поэзиясының реалистік, сыншылдық сипатын әлсіреткен жоқ, қайта күшейте әрі тереңдете түсті. Абай реализмі мен жаңашылдығы жайында сөз еткенде оның шығармашылығының қай жанрына да, қай тақырыбына да соқпай өтуге болмас еді. Өйткені, ол дәстүрлі жанрларда жазып, дәстүрлі тақырыптарды жырлағанның өзінде де жаңашылдық ізденістерін көрсетпей қалған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 320 бет.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 2008. – 568 б.
3. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 348 б.

ӘОЖ 327 (045)

АБАЙДЫҢ «ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ» ӨЛЕҢІНДЕГІ БЕЙНЕЛІЛІК

Сарбас А.Қ.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-18 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Ж.Т.Қобланов

Аңдатпа. Лирикада тек тіл, сөз ғана көркем емес, ой да көркем бейнелі. Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлілігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді. Мақалада ұлы ақын Абай Құнанбайұлы өлеңінің өзіндік ерекшелігі, ондағы сипаттау, суреттілік, бейнелілік талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэзия, лирика, бейнелілік, жанр, көркем образ.

Поэзия деген сөздің өлең, жыр деген мағынасынан басқа, ретіне қарай, көркемдік, әсемдік деген мағынаны да беретіні тегін емес. Поэзия терең, нәзік сезімнен туады. Ол көңілдің толқынын, жүректің лүпілін білдіреді.

Жалпы поэзияға тән қасиет – айтылып, баяндалып отырған нәрсе жайлы ұғым, түсінік беру емес, оны бейнелі түрде сипаттау, суреттілік десек, осы ерекшелік лирикалық өлеңдерден айрықша байқалады.

В.Г. Белинский «Поэзияны тегіне және түріне қарай жіктеу» деген еңбегінде лирика хақында былай дейді: «Поэзияның өзге шығармалары секілді лирикалық шығарма да ойды сөзбен жеткізеді, бірақ ол ой тікелей бой көрсетпей, адамның дүниені сезінуі арқылы аңғарылады да, ол туғызған елес-көріністі белгілі, үйреншікті ұғымдармен айқын, анық етіп айтып беру қиынға соғады. Мұның өте-мөте қиын болғандығын – таза лирикалық шығарма суреті – картина тәрізді, алайда ондағы негізгі нәрсе – картинаның өзі емес, біздің көңіліміздегі ол туғызған сезім» [1,56].

Сондықтан өлең сөз сезімге толы, мейлінше әсерлі, көркем, бейнелі болып келеді. Өмірді көркемдік жолмен қабылдап, сезіну, эстетикалық, ақындық сезім, айрықша эмоционалдық, сезімталдық – поэзия тілінің басты ерекшеліктерін, міне, осылар белгілейді. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлі көркемдігін, бейнелілігін, сұлулығын танытады.

Бейнелеп айтуға, сұлу сурет жасауға бейімділік, образдылық – өлең тіліне ең бір тән қасиет. Алайда суреттеу, баяндаудың көрнекілігі, дәлдігі, нақтылығы көркем образ жасау мақсатына сәйкес келіп, суреттеп отырған құбылыстың типтік ерекшеліктерін де айқын, анық қамтуға тиіс. Атап айтарлық тағы бір жай – жалаң дерекке әуестік, жадағай сипат – ерекшелік қуу поэзияға, оның табиғатына мүлде жат. Поэзияда не нәрсенің болсын дараланып, жекеленіп көзге түсетін ерекшеліктері өмір құбылыстарының, адамның мінез-әрекетінің елеулі сырларын, маңызды жақтарын, ішкі қасиеттерін танытатын, аңғартатын болғандықтан алынады. Өлең тілінің көп ерекшеліктері поэзияның ең негізгі, басты қасиеттерінен өрбиді, яғни олар поэзияға бірден-бір тән дүниені эстетикалық, ақындық сезіммен қабылдау өзгешелігіне сәйкес қалыптасады.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,

Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа,
Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуға аулаққа?

Таймандамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып.
Дем ала алмай дамыл ғып,
Елең қағып,бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі? [2,70].

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты осы өлеңінің тіл кестесіне тән барлық ерекшеліктер эпитет, метафора және басқа суреттеу, бейнелеу құралдары айналадағы өмірге, табиғатқа ақынша қарап, эстетикалық тұрғыдан баға беру талабына бағындырылған. Түн – желсіз, ай – жарық. Су бетінде ай сәулесі дірілдеп көрінеді. Ауылдың жанында, терең сайда өзен тасып, күрілдеп ағып жатыр. Ақын түнді желсіз, айды жарық, сайды терең деп бейнелейді, сәуленің дірілдеп көрінген қалпын, өзеннің күрілдеп естілген шуын нақтылап сипаттап береді. Бірақ бұл кімнің ауылы, жылдың қай кезі, айдың қай мөлшері, қайдағы сай, ағып жатқан қандай су – оларды анықтап жатуды мақсат етпейді. Одан әрі ауыл маңында қанша мал бар, ол кімнің малы, малшылары кім дегенді дәлдеп айтпайды. Тіпті аулақта жолыққан қыз, жігіттің кім екендігі де анық емес. Әрине, дәл осы өлеңде суреттелмегенмен, басқа бір өлеңдерде қыз бен жігіттің сипаты суреттеліп, портреті жасалуы мүмкін. Біздің айтпағымыз бұл емес, мәселе – поэзияда көркем суреттеу әдісі жайлы, қандай өмір құбылысы бейнеленсе де, тек ең қажетті, ең маңызды қасиет-ерекшеліктер талғампаздықпен сұрыпталып алынатындығына көңіл аудару.

Бұл өлеңдегі ақын жүрегін толқытып-толғантқан нәрсе – ауыл табиғатының таңғажайып сұлулығы, осы табиғат көрінісінің адам жан сезімінің сұлулығымен ұштасатыны. Сондықтан өлеңнің әр сөзі, сурет-бейнесі де осыны аңғартуы керек. Мәселе нақтылы бір ауылды атауда емес, мұндағы мақсат мал баққан қазақ аулының бейнесін жасап беру ғой. Осындай, немесе осыған ұқсас сурет-көрініс қай ауылда болсын бар емес пе? Қай жылы, қашан деп анықтап жату да шарт емес. Ал жылдың қай мөлшері екенін айтып жату қажет пе? Жаздың іші екені өлеңдегі суреттен-ақ көрініп тұр. Жаз ортасындағы ыстық күндерде жайлауда осындай бір жайлы, желсіз, қоңыр салқын, айлы түн болатыны бар ғой. Ауыл адамдарының күндізгі шаруа әбігершілігінен қолы босап, тыным тауып, тыныс алған кезі екені, малдың ауыл маңында жусап жатқаны – бәрі де өлеңдегі суреттерден айқын көрініп тұр емес пе? Ауылдағы түнгі дауыс-үндер қандай шеберлікпен бейнеленген десеңізші: анадайдан естіліп тұрған өзен суының күрілі, тау жаңғыртқан малшылардың айғайы, иттердің үргені – бәрі де тап басып, дәл көрсетілген.

Өлеңнің мазмұнын бағдарлап қарасақ, онда басы артық бір эпитет, сипаттама жоқ екеніне көзіміз жетеді. Бәрі де ауылдың көркем бейнесін жасауға тікелей қатысып тұр. Маужыраған желсіз, әсем түн, жарық ай – бұл детальдар ауыл түнінің тамаша сәтін, адамның табиғатын құшағында отырған қалпын елестетеді. «Тау жаңғырығын», малшылардың айғайы мен үрген иттердің дауысына үн қосып кетуі де – қайталанбас ғажайып сурет. Ол жанды-жансыз дүниенің – ауыл адамдары мен оларды аясына алып

тұрған табиғаттың үндесіп, бір тұтас көрінген қалпын танытады. Суда дірілдеп көрінген ай сәулесі табиғаттың көркемдік сұлулығынан алған әсерімізді және күшейте түседі. Ағаштың жапырағын «сыбырласып өзді-өзі» деп сипаттаудың өзі елдің жаңа бір жаны жай тауып, тыным алып, тыныстап отырған кезін аңғартуда зор мәні бар. Біз айлы түннің адам жанын рахатқа бөлеп тербеткен тыныштығын сезінгендей боламыз. Таңғаларлық нәрсе – айналадағы түнгі дыбыс-үндер бұл тыныштықты еш бұзбайды, қайта сол сезім-әсерімізді күшейте түседі. Өйткені аулақтағы өзеннің шуы, иттің үргені, таудың жаңғырығы – бұлардың бәрі де түн тыныштығында, әсіресе анық естілетінін әркім жақсы біледі. Терең сай деуі, өзен суының күрілдеп жатқанын айтуы ауылдың таулы жер, тасып жатқан мол сулы өзені бар өлкеге, шөбі шүйгін өңірге келіп қоныс теуіп отырғанын, шаруақор елдің адамға да, малға да жайлы, мол ырысы бар жер іздейтінін байқатады.

Ұлы ақынның қысқа өлеңмен жазда өзен жағасына көшіп келіп қонып отырған мал баққан ауылдың өмір-тұрмысын асқан суреткерлікпен бейнелеуі ғажап-ақ. Қазақтың даласы, түні, айы, тауы, өзен-суы, жапырағы жайқалған ағашы, жазғы жердің көк майса жасыл шөбі, көшпелі елдің қоныс-жайлауы, баққан малы, түн күзететін сақ малшылары, жастардың пәк, таза сүйіспеншік сезімі, жастық шағын, алғашқы махаббатын сағынып еске алған адамның осындай айлы түнде ауыл сыртында, аулақта жолығатын шағын армандауы – біз өлеңнен осыншама мол шындықты табамыз, өткен замандағы қазақ өмірінің тұтас бір картинасын көреміз. Осының бәріне қоса, әсіресе бізді тебірентетін жай – өлеңнен халықтың көркемдікті, сұлулықты сезінуінің қаншалықты терең, әсерлі екені де айқын танылады.

Даланың айлы түнінің осы бір әсем поэзиялық суретінің өзі-ақ қазақ әдебиетінде ақындық сезімнің, әдемілікті түсінудің дәуір шындығымен, өмір шындығымен қаншалықты қабысып, тамырласып жатқанына бірден-бір дәлел бола алады.

Өлең тілінің, өлеңдегі сөздің бейнелілігі, суреттілігі туралы айтқанда мына бір жайды ескеруіміз керек. «Өлең тілі, әрине, бірыңғай бейнелі, кестелі сөздерден құралмайды. Өлеңде айтарлықтай бейнелілік сипаты жоқ және ауыспалы мағына туғызбайтын, өзінің тура мағынасында ғана қолданылған сөздер де аз кездеспейді. Бірақ поэзияда қандай сөз, сөз тіркесі болсын өмір шындығын бейнелі, образды түрде көрсетуге қызмет етеді» [3,83]. Мұны естен шығаруға болмайды. Сондықтан жай қарағанда қарапайым, ешқандай көркемдік сапасы жоқ секілді сөздер де түрленіп, өзгеріп, өзгеше бір бейнелілік қасиетке ие болуы поэзиялық шығармада жиі кездесе береді. Жоғарыда келтірілген өлеңдегі желсіз түн, жарық ай, терең сай, қалың ағаш деген сөз тіркестері, олардағы желсіз, жарық, терең, қалың деген эпитеттер бұған толық мысал бола алады. Қандай сөз, қандай сөз тіркесі болсын, өлеңде көп жағдайда жеке тұрғандағы мағынасынан әлдеқайда терең, әсерлі мән-мазмұнға ие болып, өзгеше маңызды қызмет атқарады. Өлең шығармасында терең, тың серпінді ой айтылса, өткір, отты сезім берілсе, соған орай әр сөз, сөзбен мүсінделген әр сипат-бейненің де мағынасы зорайып, көтерген жүгі ауырлап, түрленіп, жарқырап тұрады. Поэзиялық шығармада жеке сөзді сөз тіркесінен, сөз тіркесін, бейнелі сөздерді тұтас суреттен, жүйелі ой желісінен бөліп алу қиынға соғатыны сондықтан. Олай болса, сипаттау сөздерді – эпитеттерді де олар анықтайтын сөздермен бірге алу керек. Эпитетке тән көркемдік, бейнелілік сол сипаттауыш сөз бен сипатталатын сөздің бірлігінен туады. Жоғарыдағы мысалдағы желсіз, жарық, терең, қалың деген сөздерді өздері сипаттап тұрған сөздерінен бөлек алып қарауға болмайды. Не нәрсенің қасиеті, белгісі екені айтылмаса, ол белгі-сипаттар құр ұғым-түсінік қана болып қалар еді. Мұны айқынырақ байқау үшін тағы бірнеше сөз тіркесін алып, қарастырып көрелік. Мысалы, сұр бұлт, қиғаш қас, қара көз дегендегі сұр, қиғаш, қара сөздерінде жеке тұрғанда нақтылы көркемдік сипат бар деп айту қиын. Өйткені түсі сұр немесе қара нәрсе өте көп, сол сияқты қиғаш нәрсе де аз емес. Мына бояудың түсі сұр немесе мынау ағаш қиғаш екен дегендегі сұр, қиғаш сөздерінің беретін мағынасы бір түрлі де, сұр бұлт, қиғаш қас

дегенде туатын мағына мүлде басқаша – мұндағы бейнелілік, суреттілік әлдеқайда күшті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оңғарсынова Ф. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-т.– Алматы, 1987. – 230 б.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 2008. – 568 б.
3. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы, 1998. – 151 б.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ МҰРАСЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ АЯСЫНДА

Руслан Сұлтанов
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, ИС-18-3 студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Ж.Т.Шахтыбаева

Аңдатпа. Абай Құнанбаев – ұлы ақын, композитор, ойшыл, ағартушы және қоғам қайраткері. Оның құрметіне көшелер, аудандар және тіпті университеттер аталады. Оның шығармалары қазақ және әлем әдебиетінің классикасына айналды.

Түйінді сөздер: Абай, қара сөздер, мұра, 175 жыл, философ, жаңғыру.

Абай Құнанбаев 1845 жылы Шыңғыс тауларында дүниеге келген, ақын Ибрагимнің нағыз есімі, бірақ ол Абай атымен танымал болды. Құнанбаевтар отбасы жергілікті ақсүйектері болған, атасы өз руын басқаған би болған. Абай Құнанбаев бала кезінен шығыс тілдерін оқып, орыс мектебіне барды. Ақын балалық шағында өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады, бірақ тек қырық жасқа дейін ол өзінің ересек өлеңдерін жасайды. Абайдың дүниетанымы Шығыс ғалымдары мен ақындарының, сондай-ақ орыс классиктерінің арқасында қалыптасты. Ол Крылов, Лермонтов, Пушкин және басқа да атақты орыс жазушыларының шығармарын аударған болатын. Ақын орыс тілі мен мәдениетін білудің маңыздылығын атап өтті.

Абай шығармашылығы туған халқының өміріне арналды. Абай Құнанбаев қазақтардың арасында орыс және еуропалық мәдениеттің таралуына ықпал етті. Ақын және жазушы 170-ке жуық өлең шығарды және 56 аударма жасады [1].

1886 жылы Абай "Ғылым таппай мақтанба , "Интернатта оқып жүр" өлеңдерін жазды. Ақынның бұл өлеңдерінің күні бүгінге дейін мәні зор. Ақын айтқан: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, орынсыз мал шашу сияқты теріс әрекеттер әлі де бар. Ал, талап, еңбек, ғылым, қанағат, рақым да біздің қазіргі тәрбиеге дәл келеді.

Абай қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді. Ол өзіне дейінгі қазақ әдебиетіндегі кемшіліктерді қайталамады. Шығыс, батыс, орыс мәдениетін өз шығармаларына үлгі етіп, сол арқылы өз өлеңдерінің сапасын жоғарылатты, ұлттық түрді сақтай отырып, оған интернационалдық нәр берді, әдебиетімізді шын өнер дәрежесіне жеткізді.

Абайдың атақты туындысы "Қара сөздер" прозалық поэма. Абай Құнанбаевтың осы еңбегі әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. "Қара сөздер" – бұл оқырманға диалог сияқты үндеу, "суық бақылаулардың ақыл-ойы мен ащы замет жүрегінің" өзіндік жемісі және халық тағдыры аясында жеке адамның өмір философиясы [2].

Қара сөздерінде тарих, педагогика және адамгершілік туралы өзекті мәселелерін ашып отырған. Ақын балалардың ғылымға деген құштарлығын өлтіретін ата-аналар мен молдалардың зорлық-зомбылыққа қарсылықтарын білдірді.Абай оқу процесі білімнің қуанышын әкелуі керек деп есептеді. Ғылымды зерттеу материалдық әлем туралы дұрыс білім алуға ықпал етуі керек, ол адамды кемелдікке жетелейді.

Ақын және ойшыл жастарды ғылымға деген шексіз қатынастан сақтады. "Орыс тілін білу – көзді әлемге ашу", – дейді Абай 25-сөзде. "Бөтен тіл мен мәдениетті білу

адамды осы халықпен тең құқылы етеді, ол өзін еркін сезінеді, егер бұл халықтың өзіне деген қамқорлығы мен күресі болса, онда ол ешқашан тыс қала алмайды".

Шетелдік мәдениетті қабылдай алатын, әлемге кең көзқараспен қарай бастайтын, өзін-өзі сынай білетін және шектеулерді жеңетін адам деген жалпы ережеге сүйене отырып, Абай тағы бір рет: «Ресей ғылымы мен мәдениеті – әлемді түсінудің кілті. Осы кілт біздің өмірімізді әлдеқайда жеңілдете алады ».

Қазір Қазақстан алдында "Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру аясында әлемнің ең үздік отыз елінің қатарына кіру мақсаты тұр, ал Абай Құнанбаев заманында қазақ халқы кемелдікке ұмтылды. Абай жаңа деңгейге шығу туралы бірінші болып айтқан болатын. Бүгін біз әлемдік аренаға шыққымыз келеді, Жаһандық әлемдегі елдің мәдениеті туралы айтамыз. Сол кезде біздің халқымыз туралы бүкіл әлемде білмеген, сондықтан Абай мәдениеттің Ресеймен бірігуінің жолын көрді. Бүгін біз әлемдік аренада бәсекеге қабілетті болуға көмектесетін сананы жаңғырту туралы айтамыз. Сондықтан ғасырлар бойы келе жатқан "қара сөздерге" дұрыстап үнілу керек. Ақын бізге бүгінгі күні өзекті кеңестер қалдырды.

Абайды қазақ композиторы деп те атауға болады, ол біздің заманымызда әйгілі болып табылатын жиырма шақты әуен шығарды, Абай Құнанбаев өзінің бірнеше өлеңдерін музыкаға аударды [3].

Ол қазақ халық өнерінің білгірі болған, қазақ әндері мен күйлерін жақсы білген, Біржан, Ақан-Сері және Жаяу Мұса әндерін құрметтеген. Абайдың музыкалық сыйы терең халықтық негізде жасалды. Абайдың әндері, басқа халық композиторларының шығармалары сияқты, бізге музыкалық нотада емес, көптеген әншілердің орындауында келді, олар сөзсіз оларға көп өзгеріс енгізді.

Абайдың әр әуені оның өлеңіне сәйкес келді. Ақынның әндері мәтіннің тепе-теңдігімен сипатталады, бұл ән жазуда шынымен жаңа құбылыс болды. Абайдың әндері қазіргі зайырлы қазақ музыкасында ең құрметті орын алады.

Абайдың айтуынша, ән адаммен өмір бойы бірге ілесіп жүреді. Адам дүниеге келген кезде қуанышты да көңілді әндер шырқалады, ал ол қайтыс болғанда қайғылы және мұнды әндер шырқалады. Абайдың Семейдегі сілтемесін өтеген орыс революционерлерімен достығы оның қоғамдық қызметте тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарды. 1885 жылдың жазында Абай "Абайдың 96 бабы" немесе "Шар жағдайы" деген атпен халыққа белгілі дала жағдайын жасауға қатысты, өйткені, абай биімен сайланған төтенше съезі Шар өзенінің жағасында Қарамола жерінде өтті. Съезге Қарқаралы, Павлодар, Семей, Өскемен уездері мен Зайсан приставынан 100-ден астам би қатысты, олар Орта жүздің барлық руларының өкілдері болды [4].

Қоғамға қайырымдылық қызметі облыста назардан тыс қалмады, оған қосылу арқылы Абай игі істерге өз үлестерін қосты. Ол қазақ қоғамының құрылымы туралы бірнеше рет сөз көтерген, қолөнер мен сауданың дамуын қолдаушы болған, оларды көшпелі мал шаруашылығынан гөрі прогрессивті еңбек түрлері деп санаған.

Қазіргі заман жағдайында Қазақстан бизнесті халықаралық аренаға шығару үшін көп жұмыс істейді, егер сауданы тек бір қала немесе бір ел шегінде дамытып қана қоймай, оның Отаны қазіргіден әлдеқайда жылдам жетілдіре алады деген Абайдың сөзін растай отырып. "Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы аясында біз кәсіпкерлерге көмек көрсету, қазақстандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру қажеттілігі туралы айтамыз. Сол кезде "бизнесмен" деген сөз ұғымы болған жоқ, бірақ егер ақынның көзқарастарын бүгінгі жағдайға аударсақ, Халықаралық бизнес пен әріптестікті дамытуда ол өз елінің дамуын көреді. Ұрпақтары ұлы қайраткерді әкелмеуге тырысады,біз сондай-ақ алға жылжып, өзімізді, өз елімізді және өз санаңызды жетілдіреміз. Сондықтан біздің заманымызда ақын, аудармашы, композитор, философ, ойшыл Абай Құнанбаев сияқты ұлы және дана адамдарды есте сақтау өте маңызды. Бұл біздің еліміздің дамуына ғана емес, жеке тұлға ретінде әрбір қазақстандықтың дамуына да ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:
1. Абай: Жинақ. – Алматы: Жазушы, 1976.
2. Абай: Таңдамалы өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985.
3. Абай лирикасы // Абай: Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Атамұра, 1995.
4. Абай: Энциклопедия / Ред. Р.Н.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995.

ӘОЖ 327 (045)

АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫН МЕН РЕАЛИСТІК СИПАТ

Бөлекбаева Қ.М.
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-19 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: проф. Қобланов Ж.Т.

Аңдатпа. Ұлы Абай өмір бойы дүниеден жиып-терген ой-нәрін туған халқына бағыттағанда үнемі әділет пен ақылдың тегеурінді тезіне салып, сыншыл ой-елегінен өткендерін ғана ұсынуды мақсат тұтқан. Мақалада Абайдың «Ескендір» поэмасындағы шығыстық сарын мәселесі талданып, ондағы реалистік сипат зерделеніп, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: поэма, шығыс әдебиеті, мотив, фольклор, сюжет.

Абай шығармашылығына көз жүгіртсек, оның өмірге деген көзқарасы қалай өзгеріп отырса, поэзияға, қазақ әдебиетіне, бүкіл шығыс мәдениетіне деген көзқарасы да солай өзгеріске ұшырап отырғанын байқауға болады. Айталық, ол жас шағында Шығыс классикасы мен қазақ халық әдебиетіне, жырау мен ақындар поэзиясына үйір болып, соларға еліктесе, есейген тұста, керісінше, «ескі билерше бос мақалдағысы» келмейді, Шығыс поэзиясынан да алшақтайды, тіпті жалпы фольклор мен орта, ғасыр әдебиетіне тән стереотиптіліктен және эпоскa хас дәріптеу мен әсірелеуден қашады. «Ол кездегі Абай арапшыламақ, фарсыламақты теріс нәрсе деп түсінген» [1,30].

Ал 80-жылдардан, яғни кемеліне келген кезден бастап Абай бұл райынан қайтады. Бұл тұста ол Шығыспен қайта табысады. Бірақ енді орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетін меңгеріп алып, үлкен білім биігінен Шығыс поэзиясына, әсіресе, фольклорына жаңаша назар салады. Бұл жолы ұлы ақын Шығысқа басқа өреде, басқа мақсатта қарайды. Сөйтіп, ол енді Шығыс пен Батысты ұштастыра, бірлікте, екеуін бүкіл адамзат өркениетінің екі тармағы деп түсінеді, бір бүтіннің екі бөлшегі деп пайымдайды. Міне, осы себептен ақын шығыс фольклорының сюжетіне үш поэма жазады («Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі»).

Ол шығыстық сюжетті бөтенсімейді, қазақтікі емес деп қорықпайды. Себебі, біріншіден, бұл сюжеттің нұсқалары қазақ еліне ежелден таныс болған, екіншіден, дәл осы сюжеттерді Абай орыс әдебиетінен де табады. Ал ол сюжеттер орыс әдебиетіне Батыстан келген еді, өйткені XVII ғасырдың аяғынан бастап Батыс Еуропада Шығыс тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, фольклорына зор көңіл бөлініп, көптеген классикалық туындылар, оның ішінде ұлы Фирдоуси, Низами туындылары мен «Мың бір түн», «Махабхарата», «Панчатантра» сияқты фольклорлық жинақтар, ондағы жеке шығармалар Еуропа тілдеріне аударыла бастаған болатын. Олар орыс тіліне де тәржімаланған еді.

Міне, Абай үш поэмасына негіз етіп алған фольклорлық сюжеттер түп негізінде Шығыстан екені осыдан да көрінеді. Олай болса, Абайдың Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне келген шығыстық сюжеттерді жатсынбай, қазаққа белгілі, тума дүниелер деп табуы

– өте заңды. Сондықтан да ол бұл сюжеттерді өз шығармашылығына, өзінің идеялық-эстетикалық, демократтық және гуманистік ойларын айтуға пайдаланған.

Мұхтар Әуезов ұлы ақын шығармашылығының үш қайнар көзі, үш қазынасы жайлы айта келіп, былай деп жазады: «Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құр ғана үйренуші, еліктеуші боп қалған жоқ. Қайдан алсын, нені алсын – баршасын да өзінің үлкен ойлы, терең толғаулы ірі ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді...

Сондайлық басқаша тың жаңалықты Абай Шығыс әдебиетінің қорына иек артқан кезде де мол тауып отырды. Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындарды: Фирдоуси, Низами, Шейх, Сағди, Хожа Хафиз, Науайы, Физули, Бабурлерді өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығармалары да болған. Кейін Низами, Науайы жырлаған Ескендір жайын, Аристотель жайын батыс әңгімелерден алып қосқан жаңа сарындармен көркейтіп, жыр, дастан етеді» [1,20].

Бұдан шығатын қорытынды – Абай Шығыс сюжетіне негізделген поэмаларын жас кезінде емес, әбден кемеліне келіп, ақындық, ойшылдық қуаты толысқан шақта жазған және өз заманының өте өзекті мәселелерімен ұштастырған. Сонымен қатар Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей, Абай бұл сюжеттерді поэма етіп жазғанда тек Шығыс емес, сондай-ақ орыс, тіпті аударма арқылы жеткен Батыс әдебиетінен, тарихи және басқа да шығармалардан оқып білген жайттарды орнымен кірістіріп отырған. Бұл жағдайды, әсіресе, «Ескендір» поэмасынан айқын аңғаруға болады.

Ескендір жайында неше түрлі аңыздар, әпсаналар, хикаяттар өте ерте заманда пайда болып, бүкіл Шығыс пен Батыс елдеріне кең жайылып кеткені аян. Солардың негізінде қадым заманда, кейін орта ғасырларда және бертінгі уақытта да сан алуан әдеби, тарихи шығармалар жазылып, атақты қолбасшы-жиһангер барынша дәріптелген болатын. Ол туралы әпсана мен хикаяттар қазақ арасына да мол тараған еді.

Қазақ арасына тараған Ескендір жайындағы шығармалардың сюжеті үш түрлі. Бірінші сюжет: Ескендір патшаның басында мүйізі бар. Мүйізі бар екенін ешкімге білдірмеу үшін ол шашын алдырған кісілердің бәрін өлтіріп отырған. Сондай шаштаразшылардың ішінен біреуі тірі қалады. Күндердің бір күнінде әлгі шаштаразшы құпиясын жасыра алмай, құдыққа барып: «Ескендірдің мүйізі бар!» — деп айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады да, желмен шайқалып, ән салады. Сөйтсе, қамыстан шыққан дыбыс: «Ескендірдің мүйізі бар!» – деген сөз болады да, елге тарап кетеді. Әрине, фольклор болғандықтан бұл сюжет әр нұсқада айтылған. Мысалы, Ескендірдің мүйізі кейде есек құлағы болып келеді, немесе оның мүйізін жария етуші қамыстан жасалған сыбызғы деп айтылады, я болмаса оның мүйізі қасиетті болған деп те баяндалады.

Екінші сюжетте, Ескендір өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, Зұлматқа өлмес суды іздеп келеді. Бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, соңынан Ескендір келіп жеткенде әлгі су ғайып болып кетеді (немесе қарғалар ішіп қояды, кейде патшаның тамағынан судың өзі жүрмей қалады) [2,32].

Абай өз шығармасына бұл сюжеттердің екеуін де алмайды. Оның қалаған сюжеті басқа: Ескендір патша әскерімен жорықта жүріп, жұмаққа тап болады, бірақ оның ішіне кіре алмайды. Жұмақтың күзетшісі оған адамның бас сүйегін сыйға тартады. Патшаның қасындағы данышпан бұл сыйлықтың мәнісін түсіндіреді [3,64].

Алғашқы сюжеттің қазақ жеріне Низамидің «Ескендір-намасынан», ал екінші сюжеттің Рабғузидің «Қиссас-ул-әнбиясынан» тараған белгілі, ал «үшінші сюжеттің түп-төркіні қайда?» деген сауалға Низамидің дастанын атап жүрдік. Алайда, олай емес. Кейінгі жылдарда табылған материал мен зерттеулерге қарағанда, бұл сюжет көне заманғы Талмудта бар болып шықты. Талмудқа бұл сюжет өте ерте уақытта Таяу және Орта шығыс жұртында тәмсіл-мысал түрінде айтылып жүрген шақта енген. Талмудтан көне дәуір мен орта ғасырлардың авторлары оны өз шығармаларында пайдаланған. Мысалы, антика дәуірінің «Александр туралы романында» [4,285], XII ғасырда өмір сүрген неміс ақыны

Лампрехтің «Александр» атты шығармасында бұл сюжет сәл өзгертілген түрінде орын алған.

Жаңа заманда, яғни XIX ғасырда, аталмыш сюжетке Батыс Европа әдебиеті қайтадан көңіл бөлген. Мысалы, неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі болған француз Альберт фон Шамиссо (1781-1830) Талмудтың осы сюжеті бойынша «Александр туралы аңыз» деген көлемді өлең жазған және бұл әңгімені Талмудтан алғанын хабарлап, өлеңге «Талмуд бойынша» деп анықтама берген. Мұнда сюжет толық сақталған, бірақ біршама кеңейтілген, әрі өлеңнің басында автор өзінің ескі мұраға, көне аңыздар мен әңгімеге құмар екенін айтады. Бұл түсінікті, өйткені Шамиссо ақындық жолды романтик ретінде бастаған. Ал, романтиктер фольклорға, ежелгі заман әдебиеті мен мәдениетіне аса қатты көңіл бөліп, оларды тәржімалаған, дәріптеген, жырлаған, сөйтіп өздерінің идеялық мақсаттарына пайдаланған.

Орыс әдебиетіндегі романтизмнің аса көрнекті өкілі В.А. Жуковский (1783-1852) Шамиссоның осы «Александр туралы аңызын» 1844 жылы еркін аударып, «Москвитиянин» журналының 1845 жылғы №1 санында жариялаған [5,440]. В.А.Жуковский Шамиссо өлеңіндегі сюжетті толық сақтаған, ал Ескендірді суреттеуде сәл ауытқыған, оның психологиялық сезімін тереңдете көрсеткен, жаулағыш патшаның тойымсыздығын аша түскен.

Сонымен, Ескендірдің жұмаққа барып, қу бас алып қайтқаны туралы Талмудтағы сюжет XIX ғасырда орыс әдебиетінде де жырланғанын көреміз. Бұл сюжетті Абай да пайдаланған. Қолда бар деректерге қарағанда, қазақтың ұлы ақыны Ескендір туралы бұл әңгімені Талмудтан да, В.Жуковскийден де оқыған сияқты. Талмудтың орыс тіліндегі толық аудармалары 1897 және 1902 жылдары жарық көргенін, ал В.Жуковский шығармаларының өткен ғасырда он шақты рет шығып, бүкіл Ресейде тарағанын еске алсақ, Абай оларды оқыған деуге толық негіз бар. Мәселен, В. Жуковский шығармаларының 1849 жылғы бесінші басылымы мен 1885 жылғы сегізінші басылымы бұрынғы Верный кітапханасында болған.

Сөйтіп, Абай «Ескендір» поэмасын жазбас бұрын В.Жуковскийдің «Две повести» деген өлеңін және Талмудты оқыған. Соған қоса ол Шығыс елдерінде айтылатын аңыз-әңгімелерді де, Фирдоуси, Низами поэмаларын да, қазақ арасындағы Зұлқарнайын туралы діни хикаяттарды да жақсы білген.

Зерттеушілердің пікірі бойынша Абай «Ескендірді» поэмасын 1900-1902 жылдары жазған. Бұл тұста қазақ тілінде көптеген фольклорлық, әдеби, діни шығармалар жарық көрген еді. Ескендір Зұлқарнайын жайында да жарыққа шыққан қисса, хикаят, аңыздар болды. Ол шығармаларда Ескендір пайғамбар ретінде, өте әділ патша бейнесінде көрсетіліп, мейлінше дәріптеле жырланған болатын.

Міне, осыларды оқыған Абай халыққа шын Ескендірдің кім екенін ашып беру ниетімен «Ескендір» поэмасын жазған тәрізді. Ел арасында айтылып жүрген хикаяттар мен жазба шығармалардағы данышпан патша, әулие, пайғамбар, алланың сүйікті адамы, Әжуд-Мәжудтерді тоқтатқан Ескендір Зұлқарнайынды әшкерелеу, оның қайда, қай уақытта өмір сүргенін айту, өмірде қандай адам болғанын көрсету, сөйтіп Ескендір есіміне байланысты қате пікірді жоққа шығару Абайдың басты мақсаты болған. Бұл ұлы ақынның өмірге демократтық-гуманистік көзқарасынан, әдебиетке реалистік тұрғыдағы ұстанымынан туған мұрат еді.

Абай бұл ойын жүзеге асыру үшін алдымен өзіне белгілі сюжетті қара сөз түрінде «Дала уалаяты» газетінің бетінде жариялайды. Олай дейтін себебіміз – газетте басылған мәтін мен «Ескендір» поэмасын салыстырғанда, сюжеттік қана емес, сондай-ақ Ескендір патшаға бұрын еш уақытта берілмеген мінездеме, сөздер мен сөз тіркестері, кейіпкерлердің сөздері бірдей екендігі көзге түседі. Айталық, бұрын ешқандай авторда немесе фольклорлық шығармада айтылмайтын Ескендірдің отаны Македония екенін хабарлау және кейіпкерге мінездеме беру газет мәтінінде де, Абай «Ескендірінде» де бірдей.

Мысалы, газетте: «Бұрынғы заманда Македонияда Ескендір патша болыпты. Мәртебені бұл жақсы көреді екен, һәм қызғаншақ екен... Соғыс болып, қандар судай ақты... хандардың ханы, патшалардың патшасы... Ескендір қисабсыз көп әскер жинап алып... Ескендір ашуланып, қызметкерін ұрып өлтіруге ойланған еді... жетіп барса, жіңішке таспадай болып... Патша қақпаны қағып «аш» деп айғай салады... Тым болмаса, менің мұнда келгенімнің белгісі үшін белгі қылып бір нәрсе бер, – дейді... лақтырып жібереді...» сияқты көптеген сөздер мен тіркестер, сөйлемдер кейде сол күйінде, кейде сәл өзгерген түрде Абайдың поэмасында кездеседі.

Дәлел үшін Абай мәтінінен бір-екі мысал келтірейік: «Македония шаһары... қызғаншақ адам екен... Дарияның суындай қандар ақты... Ханның ханы, патшаның патшасы деп... Есепсіз әскер ертіп... Қызметкердің бәрін де өлтірмекші... таспадай бейне... Қақпаңды аш деп барынша айғай салды... Ең болмаса... белгі болар бір нәрсе бер... лақтырып жіберді...».

Бұл мысалдардың екі мәтіні бірдей болуы және екі шығармадағы сюжет желісі, оқиға дамуы, кейіпкерлер диалогы, оларға берілген мінездеме, детальдар мен жағдаяттардың біркелкілігі газеттегі әңгіме мен «Ескендір» поэмасы бір адамның қаламынан шыққандығын көрсетеді. Ендеше атын айтпай, қолын қоймай Абай өзі кітаптан оқыған Ескендір жайлы әңгімені тарихи фактілермен толықтырып, өзінше баяндап, «Дала уалаяты» газетінің бетінде жариялаған деп айтуға толық негіз бар. Газетке шыққаннан кейін көп ұзамай Абай бұл әңгімені поэмаға айналдырған. Оның басты себебі, Ескендірдің кім болғаны жайындағы шындықты халыққа айту мақсаты болған. Өйткені, жоғарыда айтқандай, Ескендір туралы сол кездегі ел арасындағы хикаяттар мен қиссалар оны мадақтап, пір тұтып, идеал етіп көрсеткен. Сондықтан да Абай поэмасын Ескендірді таныстырудан бастап, бірден оған баға береді:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филипп өлді, Ескендір патша болды.
Жасы әрең жиырма бірге толды [3,65].

Міне, көне Талмудта да, В.Жуковский өлеңінде де жоқ жайттарды Абай өз оқырмандары үшін енгізіп, тарихи Александр Македонский туралы нақты мәлімет береді. Әрине, ұлы ақын «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» дегенде, қазақтар оны мүлде білмейді деп отырған жоқ. Халық Ескендірді әділ патша, пайғамбар, хазірет Зұлқарнайын деп білетінін, ал шын Ескендірдің кім екендігінен хабары жоқтығын жақсы түсінген Абай: «Ескендірдің туған жері – Македония шаһары, әкесі – Филипп патша, ол өлген соң Ескендір таққа отырды», – деп тарихи мағлұмат береді де, Ескендірдің өзін «ер көңілді, мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам» деп мінездейді. Содан кейін оны толық сипаттау үшін Ескендірдің жиырма бір жасқа келгенде жасаған бір ісі ретінде көне сюжетте айтылатын оқиғаны пайдаланады.

Сөйтіп, Ескендірдің жорықта жүріп, жұмаққа тап болғаны, оның ішіне кіре алмай, қу бас алып қайтқаны туралы ежелгі тәмсіл XIX ғасырда орыс әдебиеті мен Талмуд арқылы Абай шығармашылығында орын алған. Рас, Талмудта бұл тәмсіл сюжеті Александр Македонскийдің өміріндегі бір ғана оқиға ретінде айтылып, патшаның бұл оқиғадан қандай қорытынды шығарғаны жайлы сөз болмайды. Ал Жуковскийдің мәтіні бойынша, Александр Македонский ештеңеге тоймайтын көз сүйегі хақында ақылгөйдің сөздерін естіген соң да бөтен елдерді жаулауын тоқтатпай, керісінше, «өмір қысқа, бәріне үлгеру керек» деп, дереу Үндістанға аттанады. Елдерді қырып, қандарын судай ағызып, жеңіске жеткен сайын өршелене түседі. Ең соңында: «Тойымсыз шапқыншыны бір уыс топырақ қана тоқтатты», – деп аяқтайды В. Жуковский өз шығармасын.

Абайда, керісінше, Ескендір «қолын алып, жұртына қайта көшеді». Оқиға яғни сюжет осымен аяқталады. Одан әрі қарай Абай нақыл, ғибрат айтады. Мұның өзі – 16

жол. Ақынның бұл сөздері оның ғақлияларымен, демократтық және гуманистік идеяларымен ұштасып жатыр.

Ілгеріде айтқан тарихи деректерден басқа Абай бұл сюжетке тағы да өзгеріс енгізген. Ол – Аристотельдің бейнесі. Бұрын Талмудтағы тәмсілде оның орнында патшаның ақылгөйлері жүрсе, Жуковскийде бір данышпан болып көрінеді.

Сонымен, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал-әңгіме больш шықты. Талмудтағы тәмсілдің сюжеті Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға жеткен. Абай Жуковскийдің өлеңін, Талмудтағы тәмсілді, сондай-ақ Македония мен Александрдың өзіне қатысты тарихи еңбектерді өз тұрғысынан қарап, қазақ қауымының қажетіне сәйкес пайдаланған.

Абайдың поэмасында нақтылық және реалистік сипат басым, сюжет шираған, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздері барынша дараланған. Соның нәтижесінде ежелгі сюжет көне заманғы мифологиялық, діни сарындардан арылған, бұрын құдайға құлшылық ұрғызу үшін пайдаланылған жұмақ мотиві «Ескендір» поэмасында кейіпкердің бүкіл болмысын ашуға және автордың гуманистік ойларын айтуға қызмет етіп тұр.

Сөйтіп, Абай Құнанбаев Шығыста – Фирдоуси, Низами, Жәми, Науайы; Батыста – Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо; Ресейде – Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін жаңа деңгейде, жаңа сипатта көрсетіп, оның тойымсыздығын, шапқыншылықта өткізген өмірін сынайды. Ескендірдің ешқандай пайғамбар, идеал патша болмағанын әшкерелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов. М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, – 1959. – 556 б.
2. Алтынсарин Ы. Өлеңдер жинағы. – Алматы: ҚКӘБ. – 1935. – 49 б.
3. (http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=1542872)
4. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер.–Алматы. 2005.– 488 б.
5. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы: 1-кітап. – Алматы: Бастау. 2015. – 349 б.
6. Жуковский В.А. Собрание сочинений в 4 т. (Т.2). – М.; Л.: ГИХЛ, 1959.–484 с.

ӘОЖ 327 (045)

А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Амангүл Қайнарбай
Ш.Есенов атындағы КМТИУ студенті
Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада А.Құнанбаетың психологиялық көзқарастары, психологиядағы тән мен жанның арақатынасы, Абай өлеңдеріндегі психологиялық ой-пікірлерлерді саралайды. Сонымен қатар, Абай шығармаларындағы сан алуан адамдардың (бай, болыс, атқамінер, т.б.) психологиялық бейнелеріне де сипаттама берген.

Адамның жан-дүниесіне қатысты түрлі ұғымдар мен түсініктердің мәнін әсерлі етіп, жеткізіп, Абайдың өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының психологиялық білімнің молаюына ықпал еткендігін баяндайды.

Түйінді сөздер: ақын, психология, жан, тән, қара сөз, міне-құлық.

Ақын шығармашылығанда психологияның негізгі мәселесі – мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық ұлттық психологияның жекелеген

мәселелері де (адамның жеке басына және жас деңгейіне баланысты ерекшеліктер, әдет, үлгі өнеге,өзін-өзі тәрбиелеу жайлы оқу мен үйретудің психологиялық негіздері, ұлттық мінез-құлық, т.б.) көрініс тапқан. Ол бұларды талдап-талқылағанда адамның психологиялық өмірінің қыры мен сырына жаратылыстық-ғылыми тұрғыда түсініктеме бере қоймайды. Алайда, Абай тұжырымдарының ауқымы мен терңдігі – оның әлем психологтарының еңбектерімен таныс болғандығын айқын дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ оның, психологиялық көзқарастары Аристотель, әл-Фараби көзқарастарымен астарласып жатады. Оның таным процесінде байланысты материялистік түсініктері аллаға сену мен жанның мәңгілігі туралы ұғымдарымен араласып отыады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Күн тұман – алдындағы келер заман», т.б. өлеңдерінде ойшыл ақын адамның тәні ғана өледі, ал жаны ешқашан да өлмейді деп тұжырымдайды [1].

Абай қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып ақыл мен сана еңбек барысында қалыпьасатындығы туралы: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсіби», – дейді. – «Ғылым сол үшеуінің жөнін бермек», – деп, Абай адамның ішкі жан-дүниесінің ақыл, сезім және қайрат секілді қуаттарын біртұтас етіп алады. «Он жетінші сөзінде» (қайрат, ақыл, жүректің сөз таластыруы) тек бірлесіп, ынтымақтасқан жақдайда ғана күш алатын үш түрлі жан құбылысын әдеби-публиситикалық тұрғыдан көрсетпек болды. Ойшыл ақын негізгі үш бастау – ақыл, сезім жіне қайрат арасындағы тартыс арқылы адам мінезінің қарама-қайшылықтарын дұрыс түсіндіреді. Осы сұхбаттың логикалық үйлесімді, дәлелдері, терминдік сөздердің байлығы (мақсат, кішіпейілділік, әділдік, қайырымдылы, елкезектік, қатыгездік, реніш, абырой, қайрат, жауыздық, қулық т.б.) оқырманды қайран қалдырады.

Абай адамның танымдық қасиеттерінің табиғатын ғылыми түрғыдан түсіндіреді. Сезіну және түйсіну мәселелерін де дәл осы бағытта талдайды. Ақын сыртқыдүниенің адмның сезім мүшелеріне әр түрлі сипатта әсер ететінің айта келіп: «Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгірғ дауыс, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмінің қайсысынан ләззат ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтың қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүиеде не тәтті, не дәмінің қасысынан ләззат алар едік?», – деп көрсетеді. Алайда сезім мүшелерінің (көз, құлақ, мұрын, т.б.) мимен байланысты детін ғылыми түсінкке ол ба қоймайды. Бірақ түсіну, қабылдаудың басқа да танымдық құбылыстармен, дәлірек айтқанда, ойлау елестету, ұғым сияқты түсініктермен байланысты екенін ашып айтады. Осыған байланысты Абай: «Ол хабарлардың бір ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретменен көңілге түседі», – деп жазады [2]. Ақын:

Сыртын танып іс бітпес, сырын көмей,
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өткен соң мұндай сөзді бұрын көмей,
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей, –

деген жолдарда «түйсік» деген ұғымды арнайы айтпағанмен психологиялық құбылыстың мәніне көңіл аударады. Ол түйсік пен қабылдау адамның жиған тергенін тәжірибесіне байланысты, сөзді дұрыс қабылдап, меңгеріп алмай келесі сөзді түсәну қиын деп дұрыс тұжырымдайды.

Ақынның ес туралы пікірлері де қызғылықты. Абай естің мәнін ашу үшін ерекше «ұмытпастық себептер» деген психолгиялық атау енгізген. Ол ұсынған орай «Отыз бірінші сөзінде»: «Естіген нәрсесіне ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байқаулы бер болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде ия көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек; үшінші – сол нәрсені іштен бінеше уақыт ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселде нәрселерден

қашық болу керек. Егер кез болып қалса салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттқ, ойыншы-күлкішілді, иә бір қайғыға салыну, иә бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақын мен ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – деп жазды. Бір нәрсені есте сақтау, ренішті, қуаншты көңіл күйлерінтану барысындағы естің маңызы жайлы айтып келіп, адам «...сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырлап, салғырттанып естісе, не есіткен жерде қайта қайрып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расында көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпын кетсе, естіп-есітпей не керек», – деп түйіндеді.

Ақын шығармаларынан тек адамға ғана тән жан қуаттарының негіздері – сөз бен қиял халқындағы пікірлерін жиі кездестіруге болады. Абай:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек, –

деп терең ойлай білетін, қиялы ұшқыр, кең, ақылды адамдарды жоғары бағалайды. Ақын: «...Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар. Оның бірі – мұлахаза (ойласу, пікір алысу), екіншісі – берік мұхтаза (сақтау, қорғау)... Бұлар зораймай, ғылым зораймайды», – деп жазды. Абай жан ққаттарын адамдардың бір-бірімен жәй түсінісуі ғана емес, сонымен қатар олардың көңіл-күйіне, бүкіл психологиясына әсер ететін күшті ұғрал ретінде түсінеді. Адамның сан алуан қызыққа толы, сезім әлемі ақын шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі. Адамның ішкі жан-дүниесін оның үш қырымен (ақыл, сезім, қайрат) тұтастыра қарастыратын Абай адам өмірінде, таным мен күнделікті тіршілікте, сезімнің аса маңызды қызмет атқаратынын көресете келіп, кіснің рухани дамуы үшін ең алдымен жан-дүниесі бай, сезімтіл болуы қажет дейді. Ақын адамның адамгершілік, имандылық, моральдық, эстетикалық сезімдеріне айрақша мән береді. Осындай сезімдері бойға дарытуда адам жаман мінездерден арылып, өзін-өзі тәрбиелеуі керек деп есептейді. «...Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез бұзылмасын! Көрсе қызығарлықпен, жеңілдіпен, ия біреудің орынсыз сөзіне, ия бір кез келген қызққа шайқалып қала берсең, мінездің бреіктігі бұзылады», – деп ескертеді [3].

Ақын қағидаларында қоршаған әлемді тану үшін адамға алдымен – «не көрдің, естідің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып...» алу; екінші – «...бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді, қазір соған ұқсағандарды тексерерсің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексері, бімегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарласып білмей, тыншытпайды», – деп көресетді. Абай сезім мүшелерінің шындықты танудағы қызметін юылайша түсіндіреді. «Адамның қуатты, өмірі бірқалыпта тұрмайды. Әрбір мақұлыққа құдай тағала бірқалыпта тұрмақты берген жоқ», – деп, табиғат қана емес, адам да үнемі өзгеріп отыратындығына ерекше көңіл аударады. Абай адам мен жан-жануарларды салыстырып келіп: «қай өгір шаһар жасап, құрал жаса, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық, шеберліктің үндесінен шығар қисыны бар?» – адамның хайуанаттан басты айырмашылығы қоғамға қызмет етуіне деп түсіндірді. Ол жастарды білім-ғылымға шақыра отыры, тек қажырлықтың, құштарлықтың арқасында ғана ғылымға қол жеткізуге болатынын айтады. Абайдың түмінігінде құмарлық ғылым жолында табысқа жеткізетін ең күшті сезім: «... білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білместіктің өзіне дәулет білсең және әр білмегенді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил (тыныштық, рахатшылық) болады», – дейді. Білімге ынтық сияқты құмарлықтың да адамның жсампаздық қызметін арттыра түсері сөзсіз. Ақын, сондай-ақ, біржолата құмарлық билеген адам тап сол сәтте қай нәрсенің аса маңызды екенін аңғармай, тек жеке басын күйттеп кетуі де мүмкін дейді. Егер құмарлық ақыл таразызысын басып кетсе, ол жемісті еңбек етуге кедергі келтіреді, кейде құбылысты теріс бағалауға әкеп соқтырады: «Әрбір ққұмарлық өзіне бір дерт болады екен, әр түрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен» – деп суреттейді. Абайдың

ойынша құмарлық жаңадан білім алуға, көмектессе ғана адамның рухани өсуінің қуатты күшіне айнала алады.

Адамның көңіл көтеріп, бойына құат беретін сезімдердің бірі қуаныш. Ар-ожданы таза адам ғана бір шынайы көңілімен күледі. «Әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлесің, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибадат көріп күл», – дей отырып, қуаныштың ғана шын көңілден күлкі шығаратынын меңзейді. Ақын сонымен қатар: «...қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін әндеп, әдемілік үшін күлетін бояма күлкнің» қажетсіздігін еске салады. Күлкі, қуаныш туралы ой жалғыстыра келе, Абай:

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,

Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме», –

деп жастарды басына іс түскенде сары уаымға беріліп жүнжіп кетпей, өмірге құштарлығын жоғалтпауға шақырады. «әрбір орынды характер өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!», – дейді Абай [4].

Өзінің қадір-қасиетін, өмірдегі орнан білетін саналы адамның қай-қайсысында да мақтаныш сезімі болады. Абай мақтанышты адамынң өркөкіректік, мақтаншақтық, менмендік сияқты мінездің жағымсыз сипаттарын иқарсы қояды. Мақтанышты үлкендітің, кісіліктің баламасы деп түсінген ақын: «Үлкендік – адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Мысалы, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз атанбастығын, байлаусыз, пайдасыз, сұраншақ, өсекші, өтірікші алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінезді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардын зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың мінезі», - деп тұжырымдайды.

Ашу – Абай түсінігінде негізінен жағымсыз сезім. Ол ашуды екі тұрғыдан қарастырады: біреуі – оқыс қимылдар мен ащы сөздер арқылы сырттай айқын көрінгенімен, дүмпуі әлсіз, кісінің көңілінде дақ қалдырмай тез тарқап кетеді де, екіншісі – сыртқа шықпай, жасырын қуатын ішке бүгеді. Ашу туралы ойларын ақын: «Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт, мақтаншақ, ия қорқақ», – деген қанатты сөздермен түйіндейді. Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі – ар-ұят адамның іс-әрекетімен тығыз байланысты. «Отыз алтыншы сөзінде» адамның осы секілді қастерлі сезімін ол былайша сипаттайды: «Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар надандықтың ұяты...ұялмас нәрседен...ұялу – ақымақтық, жамандық. Шын ұят сондай нәрсе, шариғатқа теріс, ия ақылға теріс, иә абиұрлы бойға теріс бір себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің...Біреуі сондай ұят, шариғатқа теріс,иә ақылға,иә абиұлы бойға тері, адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыннан шыққандығынан болады». Абайдың пікірінше, өзіне-өзі сын көзімен қара, өзін тізгендей білген адам келеңсіз қылықтардан аулақ жүріп, әр қадамын ұят таразысына сала алады. Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылы-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі ерік-жігер, қажы-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әртүрлі кесапаттардан қорғайды. Абай: «Жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе...Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар...ол жоғалса, адам баласы хайуан болады, адамшылықтан шығады...ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын», – деп адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайраытның ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады...

Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың,

Не түсер қу күлкіден жыртың-жыртың», –

деп тиянақтылық пен ұстанымдылықты адам мінезінің жақсы қасиеттеріне жатқызады да, елі, халқы үшін уаым жеу ер азаматтың жақсы қасиетінің бірі, сондай-ақ

жігіт адам кеңпейіл, шамасы келсе, мырз, дархан келеді, босқа еріліп, елпектеп жүру – жақсы адамның іс емес дейді:

Уайым – ер қорғаны, есі барлық,
Қиыны бұл дүниенің – қол тарлық.
Ehe-ehere» елірме, бозбалалар,
Бұл-бес күндік бір майдан ер сынарлық, –

дейді [5]. Ол нағыз уайымның өзін ұстамдылыққа бастайтын, кісіні орынсыз жекөкпеліктен сақтандыратын жақсы қасиетке балайды. Осындай қасиет қазіргі кезде егемендігімен тәуелсіздігін алған қазақ азаматтарына қатысты сипат болса құба-құп. Табанды адам ешқандай кедергіге қарамастан көздеген мақсатына жетеді, бұл одан рухани қуаттылықты, төзімділікті және қажырлылықты талап етеді. Осындай кісі ғана өз дегеніне тұрып, «көштің соңынан итше ере бермей, ...әділетті, ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындауға...» бара алады. Абай бала мінезінің қалыптасуы жөргектен басталатынын айта келі, бұл жөнінде «Жетінші сөзінде» былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі – білсем екен демелілік... Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» тұжырымнан жақсы байқалады. Абай бала психологиясының басты ерекшелігі – білуге құштарлы деп есептейді. Өсе, ержете келе, тәрбие құралдары арқылы бала жанына жақсылық ұрықтарын егіп, игі сезімдерге, адамгершілікке тәрбиелекге болады. Ақын бала мінезін қалыптастыруда ата-анасының, ұстаздарының, құрдастары мен достарының үлгі-өнегелі мен тәрбиесінің маңызы зор деп дұрыс түйіндейді. Осы айтылғандар және жеке басының ерекшеліктері жайлы айтқан психологиялық пайымдаулары өзінің ғылыми тереңдігі мен ерекше бағалы.

Абайдың психологиялық көзқарастары жалпы және педагогикалық психология мәселелерімен ғана шектелмейді. Ақын туған халқының әлеуметтік жағдайымен, оның әр түрлі топтарының мінез-құлықтарына да ерекше зейін қояды. Ол өз жұртының мінез-құлқын, көңіл-күйін, іс-әрекеттерін, күйініш-сүйініш, талап-талғамын, салт-санасын жақсы білді. Оның шығармаларынан мінез-құлықтары сан алуан адамдардың (бай, болыс, атқамінер, т.б.) психологиялық бейнесі тамаша көрініс тапқан. Ақын осынау әлеуметтік топтардың барлығына толыққанды, көркем бейнелі сипаттама беріпқана қоймай, сонымен қатар олардың әлеуметтік-психологиялық мәнін де ашып көрсетеді. Ол көшпелі халықтың өмірінің мәнін ашып көрсетеді. Ол көшпелі халықтың өмірінің ұсақ-түйектеріне дейін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпының өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, қазақтың рухани мәдениетіне қатысты деректерді жан-жақты пайдаланды. Абай жасаған қазақ қаумының түрлі топтырының өкілдері жайлы психологиялық сипаттаманы шын мәнісіндегі өміршең де әділ тұжырым деп бағалауымыз абзал [5].

Абай адамның жан-дүниесіне қатысты түрлі ұғымдар мен түсініктердің мәнін айшықты тілмен әсерлі етіп жеткізіп, өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының қалық бұқарасы арасына психологиялық білімнің таралуына қолайлы жағдай жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бердібаева С.Қ. Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы. – Алматы, 2016, 262б.

2. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. –Алматы: 2006 – 160 б.

3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы, – Алматы, «Санат» 1995 – 352 б.

4. Орынбеков М.С. Философские воззрение Абая. Алматы, 2016, 320 б.

5. Орынбеков М.С. История философской и общественной мысли Казахстана (с древних времен по XII в.) Алматы, 2003., 186 б.

ӘОЖ 378.02

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Назира Джумагалиева,
Ш.Есенов атындағы КМТИУ студенті
Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада А.Құнанбаетың педагогикалық көзқарастары, қара сөздерінің тәрбиелі мәні туралы баяндаған. Абайдың өнер-білімге шақырған өлеңдерін талдап, тәрбиелік мәнін ашып, көрсеткен. Мақалада Абайдың еңбекке деген педагогико Назира психологиялық көз-қарасын төмендегіше айқындаған пікірлерін саралаған. Атап айтсақ, 1. Ұлы ағартушы жастарда еңбекке баулу тәрбиесіне материалистік тұрғыда педагогикалық көзқарасын; 2. Көшпелі қазақ халқының өмірінде еңбек тәрбиесін қалыптастыруда баға жетпес үлес қосқандығын, 3. Ойшылдар арасында алғашқы болып еңбек тәрбиесіне баға бергендігін баяндаған.

Түйінді сөздер: ақын, педагогика тәрбие, ақыл, қайрат, қара сөз.

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, жазба әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшыл педагогы. Оның поэтикалық шығармалары мен “ғақлия” сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Ұлы ойшыл адамдар жаратылысында бірдей емес дейтін нәсілдік көзқарасқа қарсы шыға отырып (отыз төртінші қара сөз), “адамның туысы, дене бітімі, шыққан жері, бармақ жері бәрі бірдей… Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу – жан құмарлығы”… (жетінші, қырық үшінші сөз) деп ой түйіндей келе, “адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым… ол талаптылықпен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі…” деген қорытынды жасайды.

Абайдың дүниені тану жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстары бір-бірімен өзара байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болады, адам қоршаған ортаны – табиғаттың ішкі сырын білім-ғылым арқылы танып біледі –деп қарады. Ол қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени жағынан артта қалушылығы – оның феодалдық-патриархалдық қатынасынан, рулық талас-тартыс етек алған көшпелі тұрмысынан деп қарайды. “Күнде ұрлық, күнде төбелеспен күн кешкен” алты бақан алауыз елінің “жақсыларына” налыған Абай “малыңды жауға, басыңды дауға” салып, өміріңді қор қылмай татулас, бірлесіп ел боп “егіннің ебін, сауданың тегін” үйрен, “жан аямай кәсіп қыл” деп өсиет айтты. Ол қазақ ауылындағы тап тартысын көре білді, сол таптық қанаудан құтылудың жалғыз жолы оқу, ағарту мәселесі деп қарады.

Ол оқудағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты. Жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды. Сол кездегі кейбір оқыған жастардың білімді шен алу, шекпен кию үшін пайдаланып, парақорлықпен, алдап-арбаудың құралы етуге тырысқанына ызаланған Абай:

Ойында жоқ олардың
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой, –

деп сөкті. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,

Өнердің бұдан өзге бәрі жалған, –

дейді.

Ел болу үшін қала салып отырықшы болу керек, егіншілікті кәсіп ету, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салады. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін терең түсінген ол: "Барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет… өнер де, ғылым да орыста тұр. Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі…" – деп озық мәдениетті орыс халқын өнеге етті. Абай бас қатыратын жаттамалы діни оқуға қарсы болды.

"Ақыл – ардың сақтаушысы" деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап…

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, –

деп кейбір жастардың іс-әрекетіне кейістік білдіреді.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеңіз, –

деп, ел қамын ойлаған жастардың бойында қандай қасиеттердің болуы керектігін тізбектейді. Ақылды азамат болу үшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы үш нәрсеге байланысты екендігін айтады:

…Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, –

деп адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, жалқаулық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді еске сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдылардан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңгізу, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қастерлейді.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қарасөзінде "Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді", – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай "сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді" дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған әлеуметтік орта әсерінен өзгеріске енеді, ол іс-әрекет арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, мақтаншақтықты, қулықты, жауыздықты т.б. жаман мінез деп есептейді. "Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал" – дейді. Яғни адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: "Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық", – дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсетеді. "Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват", – дейді. Нәсілдік көзқарасқа қарсы Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдей келіп, өзінің отыз жетінші сөзінде: "Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім", – деді.

Абай жастардың белгілі бір мамандықты игеруін қуаттайды. Өзінің отыз үшінші қарасөзінде “Егер мал керек болса, қолөнерін үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды” деп, жастардың сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі азамат болуын, белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын, адал еңбекпен мал табуын уағыздаған ұлы ақын оларға:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болса, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан, –

деп өмірден өз орныңды таба біл, қоғамның пайдалы азаматы бол деп өсиет айтады.

Абай махаббат мәселесіне де ерекше көңіл бөліп, жастарды жұбайлық өмірге үлкен жауапкершілік сезімімен қарауға шақырады. Өзінің “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” (1891) деген өлеңінде отбасы өмірінің этикасын, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен сыйласымды өмір сүруін ескерте келіп, күнделікті тіршілікте кездесетін қиындық атаулыны қол ұстаса отырып жеңе білуге жастардың әзір болуын талап етеді.

Абайдың педагогикалық көзқарас-тары жастарды оқу, өнер-білімді меңгеруге үндеген өлеңдерінде айқын танылады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, –

деп, өзінің ілім-білімді игеруге кеш, қырық жастан асқан соң ден қойғанына өкіне отырып:

Дүние де-өзі, мал да-өзі;
Ғылымға көңіл бөлсеңіз, –

деген берік тоқтамға келеді. Білім – алынбас қамал емес, ғалым болу – қол жетпес арман емес, керегі – «осындай болсам», «боламын» деген талпыныс. Міне, осыны Абай өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ашып айтады. Ұлы ақынның қара сөздерінің өзі – тұнып тұрған педагогика, философия. Абайдың айтуынша, «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірек байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, үшінші – ішінен бірнеше қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші-ой кеселдерінен аулақ болу керек. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер». Бүгінгі күні кез-келген ұстаз ақынның осы бір дана сөзін үнемі қайталап, бала жадына жеткізіп, есіне сақтата білу тиіс. Адам баласының ілім-білімді игеруде өз мақсаты болуы тиіс. Бақастыққа, есепке немесе ата-ананың абыройына, атақ-мансапқа, жеке бастың қызығына негізделген білім – білім емес. Сол себептен де алған білімің, оқығаның, тоқығаның ел қамына, көпке арналу керек деген ойын ұлы ағартушы өзінің отыз екінші қара сөзінде ашып айтады. Жастық шақ – адамның жақсылықты да, жаман-дықты да жылдам қабылдайтын албырт кезеңі. Сол себепті ілім-білімді жас кезің-нен қолға түсіріп, меңгеру-өте тиімді. Жақсы киім мен әдемі әлпетің – әдемілік, сұлулық емес. Адамды көріктендіретін бұлармен қоса ілім-білім деген дана көзқарасын білдіреді. Абайша айтқанда, ақыл мен сұлулық – синонимдес ұғым. Өзгеден сұрап, біліп алған білім аздық етеді, ал ең сенімді, ең ақылды, ешкімге жалтақтамайтын білім көзі, ғылым көзі – кітап деген дана ұғымы бар ақынның. Сол себептен де Абай «ғылымсыз бұл дүниеде де, о дүниеде де жақсылық жоқ» деген пікір айтады. Абайдың педагогикалық көзқарастарын айқындайтын бүгінгі оқу жүйесімен үндес төмендегідей дидактикалық пікірлерін атауға болады:

1. Оқытудың жеңілден ауырға қарай бағытталуы. Күшпен, ерекше талап қойып оқыту нәтиже бермейді. Баланың қабылдануына, қызығушылығына, білгенінен білмегеніне негізделіп оқыту қажеттілігін айтады.

2. Абай ұлы ойшылдар Пифагор мен Аристотельдің пікірлерін толығымен қолдап, баланы күш көрсетіп, ұрып-соғу арқылы оқытуға қарсы болады. Оқытудың мұндай антипедагогикалық түрі, бірінші-ден, баланың ілім-білім игеруге деген талабын, қызығушылығын жойып, екін-шіден, жалған сөйлеуге, қорыққанынан сыйлауға мәжбүр болатынын айтады.

3. Оқытудың көрнекілігіне ерекше мән береді. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деген тән құмары, екіншісі- не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткенге қызығып, аузына салып, дәмін татып, бетіне басып қарап, «ол немене?», «бұл немене?», «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көріп, құлағы естігеннің бәрін сұрап, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары» делінген жетінші қара сөзінде. Олай болса, жас жеткіншектің осындай тән, жан ерек-шелігін ескеру –- ұстаздардың қолында.

4. Балалардың жас және психо-логиялық ерекшелігін ескеру керектігін айтады. Балаға берілетен тапсырма деңгейі балаға түсінікті, қабілетіне сай, қабыл-дауына сәйкес болуы керек.

Кемеңгер ақын, ұлы данышпан Абай өз педагогикалық көзқарасында жастарды ақыл-ой тәрбиесіне, ілім-білімге үндей отырып, болашақтың тұтқасына ие бола-тын жастар білімді, зерек, көкірегі ояу бол-маса, ешқандай нәтиже болмайтынын баса айтады. Ақынның бұл педагогикалық ғұла-ма ойының оптимистік сипаты бар екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Ал отыз сегізінші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық», – дейді. Адам бойындағы ең бір жағымсыз әдет- екіжүзділік.

Бір көрмеге жап-жақсы
Қазаны мен қалбаңы
Дөң айналмай ант атты
Бықсып-бүксіп ар жағы, –

дейді ақын. Мұндай әдет – сол заманнан күні бүгінге дейін қанымызға сіңіп кеткен жаман әдет.

Абайдың педагогикалық пайымдауы-нша, адамгершілік қасиеттің ең басты тірегі – бірлік, достық, ынтымақ. Аталған қасиеттер болмаған жерде адами қасиет те сезілмейді.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі, –

деп, нағыз достыққа ерекше баға бере білді. Абай достық пен жолдастықтың аражігін ажырата айтады. Дос-ол жалғыз, жолдас- көп. Досыңмен ғана қуанышыңды да, қайғыңды да бөлісіп, ішкі сырыңды айта аласың. Достық жақсы жолдастықтан ғана туады.

Аямай жанын дос ертер,
Жолдастықты ақтаса
– дейді ақын.

«Жаман дос, – дейді Абай, – көлеңке. Басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың» деген пікірінің де тәрбиелік мәні ерекше. Адамгершіктің бір сипаты- ар-ұят. Абайдың педагогикалық көзқарасы ар-ұят бар жерде ғана шындық бар дейді. Ар-ұят пен шындық бірінен бірі туындайды, бұл тамаша ұғымдар- адамдық-тың белгісі. «Анық ұяла білген адам өзін-өзі меңгере алмай, көзінен аққан жас пен мұрнынан кеткен суды сүртуге шамасы келмей, құлағы естімей, көзі көрмей, меңіреу болып қалады. Ондай күйде тұрған адамды одан әрі ұялту- иттік» дейді Абай. Ақын ұяла білген адамның психологиясын, жан күйзелісін шеберлікпен осылайша бейнелейді.

Шыншылдық, әділдік – Абай ұстанатын игі адамгершілік қасиеттердің бірі. Абайдың өзі осы шыншыл, әділ қасиетінің арқасында «мыңмен жалғыз алысып өткен». Өз заманында өзі де әділ болып, маңайы-нан да соны талап етті. Абайдың баласы Тұрағұл Құнанбаев «Әкем Абай туралы» деген естелік кітабында былай дейді: «Жалпы ұрылар айтады: «Абайдың алдына өтірікпен бара алмаймыз, жанымыз қалса, шын сөзіміздің арқасынада қалады». Осының өзінен Абайдың шындықты ту етіп ұстағанын байқаймыз. Ар-ұят пен шындық екеуін үнемі байланыстыра қарап отырады.

Ойшыл ақын өз педагогикалық көз-қарасында еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қазақ ұлтының еңбекке көзқарасын басқа ұлт өкілдерімен салыстыра сипаттайды. «... Әуелі құдайға сиынып, екінші, өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды», – дейді Абай өзінің төртінші қара сөзінде. Ақын өз заманындағы қазақ жастарының еңбекке деген құлшынысын сынай біледі. Оған себепкер болған тағы бір жай – Семейге жер айдалып келген Долгополовтың Абай балаларына айтқан сыны. «Ғылымға ет ауыртып, еңбек қыл-маса, қолға түспейді. Балаларың сенің аулыңнан төбесі көрінбестей алысқа кетсе, сонда адам болады», – депті Абайдың досы. Абайдың еңбекке деген оң көзқарасы әке тәрбиесінен басталады. Себебі әкесі Құнан-бай болашағынан зор үміт күткен баласын ерте уақыттан-ақ ел басқару ісіне ара-ластыра бастайды. Абай өз шығармасында:

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас
Қардың суы секілді тез суалар, –

деп, еңбектің адалынан келеріне ерекше мән береді. Немесе:

Тамағы тоқтық, киімі көктік
Аздырар адам баласын, –

деген жолдарында да оптимистік, педагогикалық ойы білінеді. Абайдың көреген ойы бүгінгі заманымыздағы жастар арасындағы жұ-мыссыздық, соның салдарынан болатын келеңсіздікті айтып тұрғандай. Жұмыстың ешқандай арлығы жоқ. Маңдай теріңмен еткен еңбектің бәрі де таза. Абай өзінің шығармаларында жастарды еңбекке тек үндеп, шақырып қана қоймайды, ойшыл педагог ретінде өзіндік педагогикалық такт пен шеберлік таныта біледі. Еңбекке үндеуде әр адамның психологиялық ерек-шелігіне де көңіл аудару қажеттігін айтады. Ақын өзінің әр шығармасында еңбекке тәрбиелеудің әрбір компонентін ар мен ұят түсініктерімен байланыстырып отырады. Сол себептен де:

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

ейді. Сонымен, Абайдың еңбекке деген педагогико – психологиялық көз-қарасын төмендегіше айқындауға болады:

1. Ұлы ағартушы жастарда еңбекке баулу тәрбиесіне материалистік тұрғыда педагогикалық көзқарас таныта біледі.

2. Көшпелі қазақ халқының өмірінде еңбек тәрбиесін қалыптастыруда баға жетпес үлес қосты.

3. Ойшылдар арасында алғашқы болып еңбек тәрбиесін жан-жақты тәрбие деп бағалады. Себебі еңбек тәрбиесі арқылы ғана адам бойындағы басқа да адамгершілік қасиеттер қалыптасада деген педагогикалық пікір айтады.

4. Еңбектің әлеуметтік сипатына ерекше көңіл аударып, мән бере білді.

5. Абай алдыңғы қатарлы ойшыл-педагог ретінде еңбек басқа халықтардың экономикалық және мәдени өмірімен байланыста болудың басты шарты екенін педагогикалық тұрғыдан дәлелдеп берді.

Сонымен қатар, Абай әйелдің бас бостандығын, жастардың сүйгеніне қосылып махаббатты өмір сүруін қорғаушы болды. Ұлы ақын Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысана “Атаның баласы болма, адамның баласы бол… жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін” деген гуманистік ой-пікірді қуаттауы еді. Оның жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары дүниежүзілік педагогика

классиктері Ж.Руссо, Д.Дидро, И.Кант т.б., орыстың ойшыл ұлы педагогтары: Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің ағартушылық ой-пікірлерімен терең қабысып жатыр. Абай ұрығын сепкен оқу, өнер-білім, адамгершілік, әдеп, мораль мәселелері бүгінде қазақ халқының рухани азығына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай (2 томдық өлеңдер жинағы). – Алматы: «Ғылым», 1997.
2. Абай қара сөздері. – Алматы, 1982.
3. Жиреншин А. Абай және оның орыс достары. – Алматы: «Ғылым», 1959.
4. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. – Ана-тілі, 1993.
5. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі жөнінде. – Алматы: Білім, 1995.
6. Ерсәлімов Б. Құнанбайдың қуғын көрген ұрпақтары. – Семей: Ғалам-шар, 2005.
7. Өміралиев Қ. Абай афоризімі. – Алматы: Кітап, 1993., 127.
8. Ысқақова М. Ұлы Абайға адалдық. – Семей: Ғалам-шар, 2005.

ӘОЖ 327 (045)

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ, ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Гүлжанат Арыстанбай
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Алтыбаева Г.Қ.

Аңдатпа. Қарасөздер – қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Абай қара сөздеріндегі ой бір бүтін дүниенің көрінісі: ақынның жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы болып кіріге бірігіп, егіз өрімдей ұласқан. Қара сөздердің формасы – стильдік көп қырлы болумен ерекшеленеді. Қара сөздер – көп стильдердің қабаттаса, араласуымен келсе де, тұтаса байланысқан, жүйелі ой-толғаммен сабақтасқан, лингвотанымдық мәні мен мазмұн тереңдігімен өлшенетін рухани құндылық.

Түйінді сөздер: Қара сөздер, тілдік тұлға, лингвотанымдық мәні, стиль.

Абай дана өзінің кемел пайымымен әлемдік диалогқа қосыла алады. Өз халқының данылығын жете меңгерген, дала данагөйі әлемдік ақыл-ой шыңына көтеріле алғанын өлеңдері мен Қарасөздері өзегінен таба аламыз. Абай шығармаларының өміршең болуының бір уәжі – даналық дүниетанымында екені ақиқат. Абай философиясы – оның ойлау биігінің, пайым-парасатынын өлшемі, ал философиялық ілімнің өзі адамзаттың ой құдыретінің биік көрінісі екендігі шүбәсіз. Абай ақыл-ойының жүлгесі дала философиясындағы "көне көздердің" терең ой иірімдеріне жетелейді. Осы мәселеге орай, ұлы Абайдың әлемдік ой алыптары мен ой таластырған, сөз жарыстырған дүниетанымын олардың шығармаларын салыстыра отырып, көз жеткізе аламыз. Абай Қара сөздері – ұлттық рухтың бірегей көрінісі, рухани биіктіктің өлшемі. Ұлы Абай қазақтың тілі мен ойының мәйегі, пайым-парасатының деңгейіне айналған шығармаларды ұрпаққа мұра етті. Абайдың бізге қалдырған рухани мұрасында әлемдік философиялық ой қазынасына қосылар құнды пікір-пайымдаулар мол және ол жайлы үнемі айтылып келеді. Философиялық сырын тарқатқан зерттеулер де бар. Ойы терең, мәні құнды еңбектердің қатарында Қарасөздер қомақты орын алады. Қарасөздер де М.Монтеннің "Тәжірибелерімен", М.Достоевскийдің

"Күнделіктеріндегідей" және Абайдың өзі бірінші Қара сөзінде анықтағанындай уәжді басшылыққа алады:

..."Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым".

Абай Қара сөздері этникалық сана мен оның тілдік бейнесі ретінде. Оны ой мазмұны сипатында зерделегенде ғана еңбектің сапалық қасиеті айқын көрінеді: Ол – жай ғана көркем туынды, әдеби жанр қатарындағы шығармашылық емес, көркемдік сипат иеленген қоғам өмірінің көрінісі. Ол – hакім Абайдың әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы халықтың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпалы зор болған еңбек. Қара сөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихи шындықты бүлжытпай толық танытып бергендігінде, ол сонысымен де өміршең әрі құнды.Абай Қарасөздері өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи-мәдени және коммуникативті контексі аясында қарастырылады. Абайдың тілдік тұлғасына қатысты алғандағы зерттеу нысанының бірі – қара сөздерінің табиғатымен байланысты. Зерттеу пәні – Абайдың тілдік тұлғасы құрылымын автордың танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде зерделеу болғандықтан, ол негізгі мәселенің бірі саналады. Қара сөздер табиғаты толық саралану үшін мына мәселелерді анықтап алу міндеті жүктеледі:

1) Абай қара сөздерінің категориялдық сипатын анықтау;

2) Қара сөздердің жанрлық мәртебесін нақтылау, оның өзіндік ерекшелігін айқындайтын детальдарын көрсету;

3) Абай Қарасөздерінің Батыс, Шығыс ойшылдарымен үндестігін анықтау;

4) Абай дүниетанымын, тілдік тұлғасын пайымдаудағы "Қара сөздердің" орнын анықтай отырып, талдау жасауға ниет етеміз.

Қара сөздердің идеялық-композициялық мазмұны лексикалық бірліктерді олардың семантикасын өзіне бағындырып, тілдік тұлғаның тезаурус деңгейін анықтауға бағдар жасайды. Қара сөздердің семантикалық құрылымы мен эмотивті-экспрессивті реңкі антропоцентристік негізден бастау алып, тілдік тұлғаның лингвокогнитивті таным әрекетінің көрсеткіші болып табылады. Көркем шығармашылық мәнмәтінге автор тұлғасының дүниетанымдық ықпалы зор болғандығы анық. Автордың өзі өмір сүріп отырған қоғамға, заң мен заманға деген көзқарасы мәтін мазмұнын анықтап отырған тілдік бірліктердің вербалдануынан байқалады. Тілдік тұлға шығармашылығындағы өлеңдер мен Қара сөздердің философиялық, танымдық мәнін анықтау барысында мына мәселелерді ерекше бөліп алуды жөн көрдік. Абай туындыларының прагматикалық мақсаты: 1) адресатты, қоғамды моральдік тұрғыда жетілдіру; 2) қоғамдағы адамгершілік принциптерді талап етуі оның өзінің рухани болмысымен үйлесім тапқан, сондықтан өмірдегі мәртебесінің көрінісі ретінде қабылданады және өмірлік қағидаттармен мәндес. Абай Қара сөздері – заман шындығы болып табылады. Қара сөздер – қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Немесе көркем шығармаға қойылар шарттылықты елемегенде, Абай сөзі мен шығарма мәтініндегі ой бір бүтін дүниенің көрінісі: ақынның жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы болып кіріге бірігіп, егіз өрімдей ұласқан. Мысалы, Тоғжанға арнаған "Жарқ етпес қара көңілім не қылса да", Күлембай болысты сипаттаған "Болыс болдым, мінеки" өлеңдері сияқты өмірлік шындықтан алынған. Қарасөздердің формасы - стильдік көп қырлы болумен ерекшеленеді. Қара сөздер – көп стильдердің қабаттаса, араласуымен келсе де, тұтаса байланысқан, жүйелі ой-толғаммен сабақтасқан, мазмұн тереңдігімен өлшенетін рухани құндылық. Белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметов ұлы Абайдың дүниеге көзқарасы, негізінен, осы Қара сөздерінде толық әрі молырақ көрініс бергеніне нұсқай отырып, ақын мұрасы туралы пікір айту мен ішінара зерттеу сипатындағы еңбектер төңкеріске дейін-ақ жүргізіле бастағанымен, Қара сөздер жайындағы пікірлердің

түңғыш рет 40-ж ылдар шамасында ғана көрініс бергенін дәйектейді, әрі табиғаты терең ашылып, арнайы зерттеуді күтіп тұрған өзектілліне бағыт сілтейді.

Абай сөздеріндегі қоғамдық-саяси, моральдық-философиялық пікір-байламдар – адамгершілік биікке, рухани өркениетке шақырады. Абайдың ақындық мұрасына қосылған "бағалы қазынадан" өзінің жан-дүниесін толтыруға, рухани жұтаңдығын байытуға асығатыны да рас.Шексіз мұраның бір бөлігі осы бағалы қазынаны, ой жауһарын -ғылым тілінде қалай атасақ оның табиғатына үйлеседі. Пікірлер әртүрлі:

Қара сөздер жанрын анықтауға талпыныс І.Жансүгіров тарапынан да жасалған. Әдебиетші ақын, сонау отызыншы жылдары жазылған "Абайдың сөз өрнегі" атты мақаласында ("Әдебиет майданы", 1934, № 11-12) былай дейді: "Әйтсе де Абайдың қарасөздерін, әлеумет пікірінің ортаға түсетін қарасөзінің (публицистика) алғашқысы деп ұғынуымыз керек. Өйткені Абайдан бұрын қазақтың таза тілімен мақала, нақыл, үгіттер жазған адам, сірә, бола қойды ма екен?" деген сараптама жасайды және бұндай ерекше сөз өрнегінің публицистика стиліндегі сипатын иеленгенін дәл анықтайды.

Ұлы Абай "билердің білігін, шешендердің сөзін", көсемдердің үлгілі істерін көп білгендігін айта отырып, рухани кемелдігі жайлы мынадай ой түйеді: ..."Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдында білімін салғанда, басқалар малын салған"... Абай білімі ел билеу үстінде танылған білігі мен түйінді сөздерінен ғана байқалмайды, оның өлеңі мен Қара сөздеріндегі ой қуатынан, сөздер сырынан да ұғынылады. Оның тілдік тұлғасының қалыптасу уәжін айқындайды. Түйіндей келгенде, Ақын, философ-ойшылдың шығармашылық мәнмәтіні – Қара сөздері лингвотанымдық мәні тұрғысынан тілдік ерекшелігі, жанрлық мәртебесі, когнитивтік мәні, әр қырынан қаралады. Тілдік тұлғаның тезаурустық, танымдық құндылығы антропоцентристік ұстаным бағытында жаңаша байыпталады. Ғылыми жаңалық ретінде қарастырылып отырған жанр айқындау, когнитивтік семантика мәселелері зерттеу мақсатына сәйкес антропоцентристік бағдарда саралануда. Абайдың тілдік тұлғасын Қара сөздері негізінде тіл біліміндегі жаңа бағыт арнасында лингвистикалық талдауға түсірудің теориялық маңызын ескере отырып, тілдік тұлға, категориясының өзге де қырларын ашуға, аксиологиялық мәнін танытуға үлес қосатын құбылыстарды айқындап алу қажеттігі және бар. Тілдік құралдар арқылы мәні ашылатын тілдік тұлға мен автордың дүниетанымы арқылы болмысы айқындалатын өз тұлғасы көркем шығармашылық үстінде бір бүтінге, тұтас әлемге айналып кеткенін саралай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ. мақалалар және әдеби зерттеулер. – Алматы. Жалын, 1994. – 464 б.

2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. – 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985 – 496 б.

3. Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы: Ғылым, 1995. – 126.

ӘОЖ 801.732

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ-ПАРСЫ СӨЗДЕРІ

Жансая Урынбасарова
Ш.Есенов атындағы КМТИУ КЯЛ-18 тобының студенті.
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Алтыбаева Г.Қ.

Аңдатпа. Абай шығармаларында қазақ тіліне еніп, әбден сіңісіп, етене болып кеткен сөздерден басқа, негізгі сөздік қордан орын тебе алмаған, тек арабша, парсыша оқып түсіне алатын адамдардың лексикондарында ғана ұшырасатын араб, парсы сөздері кездеседі. Ақынның тілдік тұлғасының вербалъды-семантикалық деңгейін құрайтын әр шығармасы көңіл аударарлық деп есептейміз. Ұлы ақынның ерекшелігін мақаламызда кеңінен толықтырамыз.

Түйінді сөздер: Әлифбит, тілдік тұлға, қара сөз, араб, парсы, ғаруз.

Халықтың тарихи-әлеуметтік, экономикалық, мәдени байланысы нәтижесінде, тіл аралық қарым-қатынас барысында бір тілден екіншісіне сөздердің ауысуы – әр кезеңде бола беретін объективті заңдылық. Ғалымдар осы мәдени процестің уәж себебін орта ғасырдағы түркі әдеби тілінің әсері; кейінгі кезеңдегі діни оқумен; ескіше оқығандардың сөйлеуінде қолданғанымен байланыстырады, сондай-ақ кірме сөздер бірде о бастағы «мағынасында ғана жұмсалса, енді бірде жаңа мағыналық реңкте қолданғанына тілдік сараптама жасап, объективті түйіндерін келтіреді. Тілге ықпал еткен түрлі экстралингвистикалық факторлар этностың тілдік санасынан көрініс тауып, ұжымның лингвокогинтивтік деңгейін айқындауға белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Өзге тілден енген кірме сөздердің өзіндік табиғаты айқындалып түруы да, бастапқы болмысы мүлде өзгеріп, қазақ тілінің заңдылығына бейімделіп, төл сөзіндей кірігіп кетуі де ықтимал. Абай шығармалары тілінде шет сөздердің қолданылуының бірнеше уәжі бар. Араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдердегі өнер туындыларын терең білген Абай ол сөздерді тілін шұбарлау үшін емес, түрлі стильдік мақсатпен саналы түрде қолданғаны мәлім. Ақын шығармалары тілін зерттеушілер өзге тілдік сөздер саны шамамен 578, олардың 402-сі араб, 50-і парсы, бесеуі латын, 25-і татар, ноғай, 62-сі орыс, 27-сі шағатай, төртеуі түрік, бір-бірден грек, поляк, қытай сөздері деп көрсетеді. Тілдік тұлғаның қарапайым деңгейін анықтауда оның тілді меңгеру дәрежесі, әр сөздің бітім-болмысын байыптай алу қабілеті тексеріліп, ол кейінгі деңгейлерді дұрыс сараптауға басшылық етеді, негіз қалайды.

Сөйтіп, Абай шығармаларында қазақ тіліне еніп, әбден сіңісіп, етене болып кеткен сөздерден басқа, "негізгі сөздік қордан орын тебе алмаған, тек арабша, парсыша оқып түсіне алатын адамдардың лексикондарында ғана ұшырасатын араб, парсы сөздері кездеседі:эманту, эзәли, эһмәр, эһли, биһтар, дәйри, жаһли, иғтиқад, рәғид, тақын, фәрияд" т.б. Мұндай "түсініксіз" сөздер, негізінен, қара сөздерінде жиі ұшырасады, әсіресе, Отыз сегізінші т.б.

Ақынның тілдік тұлғасының вербалъды-семантикалық деңгейін құрайтын әр шығармасы көңіл аударарлық деп есептейміз. Ұлы ақынның еленбей келе жатқан ерекшелігі еленуге тиіс. Оған айтар уәж, себептің бірін біз өз мақаламызда былайша байланыстырамыз: Абай тілдік тұлғасының когнитивтік және уәждік деңгейін саралау үшін алдымен тілді жасаушының тіл көркемдігін игерген бірінші деңгейімен үйлесетін нөлдік деңгейін және ондағы тілдік норманың күй-қалпына барлау жасаған да ғана таным-зерттеуіміз толымды болары сөзсіз. Оның бір саласы – ақынның өз шығармашылығын жетілдіру жолындағы шығыстық мәдени-рухани арна екені даусыз шындық.

Абайдың тілдік тұлғасының деңгейін анықтау барысында шәкірт-ақын Абайдың алғашқы шығармаларының алатын орны мен мәнінің маңызын жоққа шығара алмаймыз. М.Әуезов еңбектеріне жүгінсек, "бұл шығармаларына бойлай қарап, танып, біліп талдамай", кейінгі өскелең үлкен шығармалар беретін классик Абайды ірі шығармалары арқылы ғана танысақ, танымымыз жарым жолдан басталғандай жартыкеш әрі үстірт болары сөзсіз және "жартылай тексеру, шалағай тану болар еді".

Жас ақын Абайдың шығыстық үлгідегі балаң жырларына ерекше тоқталуымыздың бірнеше себебі бар: 1) Сол кездегі әдебиет тілі саналған, яғни түркі жазба әдеби тілі – шағатай тілі әсерімен жазылған, сыртқы құрылымы мен ішкі мазмұны өзгеше өлеңдері де ақынның өзіндік дүниетанымы мен көркемдік әлемінен хабардар етер құндылық деп бағалануы тиіс, 2) сонымен қатар, Абайдың "ақындық эволюциясын, жазушылық жолын біртіндеп, кезегімен тексеруді" межелеп келген М.Әуезов мақсаты да ескерілді. 3) Бұларға қоса тағы бір мәнді де, маңызды белгі шығыс ақындарының үлгісінде жазылғандығы ғана емес, Абайдың сол өлеңдері арқылы жазба әдебиет дәстүрі кіре бастағандығы және ақынның жазба әдебиеттің негізін қалаушылардың қатарынан екенін дәлелдейтінімен байланысты. М.Әуезов тілімен айтсақ, "бұл өлеңдер жатқа, ауызша шығарылған шығармалар емес. Бұнда Абай анық жазушы ақын". Әдебиет зерттеуші ғұламаның нұсқағанындай, Махамбет, Мұрат сияқты ақындардың ауызша немесе жазбаша шығарылған шығармаларын дөп басып айқындау, стильдік өзгешелігін айыру оңай емес, "қайсы ауызша жырланған, қай өлеңі жазылған" дегенге деректі жауап бере алмасақ, "Абайдың мына кітапшылап, араб, фарсы, ескі өзбек ("шағатай", "түркі") тілдерден көп сөздер кіргізіп тудырған өлеңдері, тек қана жазумен туатын шығармалар екенінде дау жоқ". Сонымен қатар, Абай тұсындағы қазақ өмірінде кітаби тілдің формальдық та, материалдық та күш ала бастағаны жайлы ғылыми еңбектерде мол мәліметтер келтіріледі. Абай шығыс ақындары, шағатай үлгісіндегі өзінің үш өлеңін ("Иузи-рәушан", "Фзули, Шәмси", "Сәйхали", "Әлифби") 13 жас пен 18-19 жас арасында жазғаны белгілі. 1858 жылы жазылған "Иузи -рәушан" - сыртқы құрылымы жағынан қазаққа жат, араб-парсы өлең үлгісі. Өлең ырғағы - арабтан иран, шағатай тіліне жайылған "ғаруз" үлгісі. Төрт тармақты, үш шумақтан аааэ-аааэ-бббэ түрінде түзілген, қазақ өлең өрнегіне үйлеспейтін "ғаруз" өлшеміндегі бұл шығарма шағатай әдеби тілінің стиліне иек артады. Әдебиет зерттеушілерінің көрсеткеніндей, Абай "ғарузбен" жазғанда өлең өлшемі, заңдық қағидалары толық сақталған. М.Әуезов түсіндіруін еске алсақ, ғаруз өлшемі – "араб өлеңінің ырғағына сай мәтпен созылатын үзақ үнді дыбыс пен қысқа үнді дыбыстардың алма-кезектесіп отыруынан құралатын өлшеу". Әрі қарай талдау үшін "Шығыс ақындарынша" деген топтамен енген сол өлеңді толық қабылдап көрелік:

Иузи – рәушан, көзі – гәуһар
Лағилдек бет үші эхмәр,
Тамағи қардан әм биһтар
Қашың құдрәт қоли шигә.
Өзәң гузәлләра раһбар,
Сәңә ғишық болып кәмтар,
Сүләйман, Ямшид, Искандәр
Ала алмас барша мүлкигә.
Мүбада олса ол бір кәз,
Тамаша қылса йузма-йуз
Кетіп қуат, йұмылып көз,
Бойың сал-сал бола нигә?

Осылайша, Абай өзіне дейінгі өлең-дәстүрін еркін меңгергені әдебиет зерттеушілерінің де назарын аударады. Шығармашылық осы жолда Абай терең сезімге беріліп, мазмұн-мұратын шығыс ақындарымен табыстырмаса да, өлең құру үрдісінен, түр жаңалығынан біршама сонылыққа бой ұрады.

Ақындық үлгісін іздеп жүрген жас өзінің алдындағы ұлы мектеп, қазақ әдебиетін танып, меңгеріп қалса да, "бұрын қазақ құлағы сирек естіген өзгеше өлең үлгісіне қызығып, қиын тыңды баурағысы келеді", – деген М.Әуезов пікірі бұл еліктеудің бір сырын ашып береді. Көркемдік тәсілді қолдануда да жас Абай анық еліктеуші ақын екенін көрсетеді: "Қыздың көзі – гәуһәр, бетінің ұшы лағыл тастай қып-қызыл, тамағы қардан бетер..., дүние жүзіндегі сұлулардың раһбары – көсемі, басшысы, ...патша Сүлеймен, патша Ямшид, патша Искәндәр – бәрі ынтық болар еді". Сөйтіп Абай шығыс ақындарының бар үлгісін түгел меңгерген. "Теңеулері шектен асқан әсірелеуді көрсетеді, өмірге, шындыққа жанаспайтын образдар беру де – шығыс поэзиясының көп ғасырлық тәсілі болатын". Абайға әсер-ықпалы мол болған кезең туралы ғылыми талдаулар ертеректе-ақ басталғаны мәлім. Әдебиет тарихын діндар дәуірі және ділмар дәуірі деп екі кезеңге бөле отырып, бұлар басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Мұндай бір жұрт екінші жұрттан әдебиет жүзінде үлгі алу жалғыз бізде ғана болған іс емес, барша жұрттың басында болған іс" екенін дұрыс бағалайды. Міне, сол діндар дәуірі әдебиеті араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болғанына шәкірт-ақын Абай өлеңдері дәлел болса керек."Әлифби" - қазақтың қара өлеңінің үлгісімен құрылған, ұйқасы 4-3-4 буынды болып келетін "қазақи" дүние, яғни ақын Абайдың шығыс әдебиетімен түр жағынан өнер таластырған бір кезеңінің көрсеткіші іспетті. Шығыс поэзиясында күрделі көркемдік тәсіл болып табылатын - әр тармағы араб әліпбиінің ретіне сәйкес белгілі бір тәртіппен жүйеленген өлең формасы бар екені белгілі. Көркемдік тәсілдің бір түрі ретінде мувашшах тәсілі алынады, яғни бәйіт өлеңіндегі әр жолды бастайтын тармақтың өзінің түзілу "ережесі" болады: әр тармақтың бірінші әріптерін тігінен тізіп оқығанда не адам есімі немесе әліпбидің берілу реті шығады. Абай жаңа түр іздеу жолында осы екінші жолды таңдап, өлең жолдарын, "Әлифби" ретіне негіздей түзгенін көреміз.

Абайдың шығысшылап жазған өлеңінің ең үлкені – осы "Әлифби". Араб-парсыша сөз қолдану мәнері сақталғанмен, ырғағы мен ұйқасы өзгеше сомдалған. Шығыс әдебиетін жетік меңгерудің дәлеліндей, мазмұнды беретін өрнектердің өзіндік жөні бөлек. Абайдың бұл өлеңді шығарудағы үлкен адымы және тек құрылысы мен ұйқасында ғана емес, сонымен қатар, сол кездегі шағатай әдебиетіне енді жалаң еліктеп қоймай, олардың өздерімен тайталасып жарысқа түсуі, түр, кестелерін сол ақындардың өзінен де асырам деген мақсатты межесіне байланысты. Осы өлең мәтініне талдау жүргізбес бұрын тұтастықта қабылдап көрелік:

Әлиф деп ай йүзіне ғибрат еттім,
Би – Бала й дәртіңа нисбәт еттім.
Ти – Тілімнән шығарып түрлі әбиәт,
Си – Сәнаи мәдхіңа хүрмәт еттім.
Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған
Ха – Халаллық таппадым, жаным, сәнан.
Хи – Халайық мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл – Дариға ғишық оты бермес аман.
Зәл – Зәлиллік көрген соң сайрай бер, тіл,
Ре – Риза қылмағыңды яр өзің біл.
Зи – Зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты,
Сын – Сәләмат қалмағым болды мүшкіл.
Шын – Шикәр лэп есіме түскен сайын,
Сат – Сабырым қалмады мен не әйләйін.

Абайдың тілдік тұлғасындағы шығыс сөздерінің ең мол шұғырланған тұсы осы өлеңде. Талдауымыздың нөлдік деңгейінің мақсатына байланысты оның концептуалды мазмұнына қысқаша сипаттама беруді жөн санаймыз.

"Әлифби" өлеңі шығыстық ерекшеліктердің барлығын өз бойына толық жинақтаған деуге болады. Шығыс поэзиясында орын алған сан алуан теңеу, балама сөздер бұл мувашшах өлеңде де молынан әрі еркін пайдаланылған. "Тал бойы ұйып" жырлаған, шығыстық шер сөздердің (жамалың кандай, бәрі ынтизар, сабырым қалмады, сәләмат калмағым мүшкіл т.б.) семантикасы тіл тұтынушының бәріне бірдей түсінікті болмауы мүмкін. Мәтінде қолдану өрісі тар, шекарасы шектеулі тілдік модельдер жиі кездеседі. (нисбәт – мөлшер, шама; зәлиллік – қорлық; мәдхі – мақтау т.б.). Арабша хат танып, мүсылманша сауаттанған тіл тұтынушыға жақсы таныс болып, тілдік құрамға әбден орныққан ғибрат – үлгі, жамал – көрік, зәнәр – у, зайыг – зая, бос, камил – толық, файда – пайда, олжа сияқты "таныс" бірліктердің семантикалық уәжін түсіну қиындық тудырмасы ақиқат.

Бұл бірліктердің қалыптасу уәжі автордың ("ғашық жанның") ішкі сезім-күйінен, "ғашық-мағшуқ" жайынан хабардар етеді. Махаббат сезімін жырлауда пайдаланады. Шығыс ғазелдерінде ынтығып жырлаған жырлардан ол сұлудың аты, тегі, мекен-тұрағы қайда екенін біле алмайсыз. "Бұл жер басқан адамзат па, әлде дерексіз ғажайып жаралған перизат па? Оны айыру қиын"

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. (Бас ред. Р.Н.Нұрғалиев), – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. – 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
3. Мүсірепов Ғ. Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеу дәрстері.
4. Ғабдуллин Н. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
5. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б

ӘОЖ 821.512

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЭССЕ ЖАНРЫ САБАҚТАСТЫҒЫ

Назым Қайырхан
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Г.Қ.Алтыбаева

Аңдатпа. Абай Қара сөздері – заман шындығы болып табылады. Қара сөздер – қоршаған ортаның, Абай айналасының рухани-әлеуметтік, психологиялық жағдайының метафорасы. Даналық өлшеміне айналған ойшыл Абайдың Қара сөздері біздің негізгі идеялық, ұлттық қаруымызға айналып, қазіргі заманғы сын таразысынан өтіп, бүгінгінің биігінен түспей, ертең де еңселі болуы үшін әлі де зерттеп-зерделей, танып-таразылай береріміз заңдылық, айнымас ақиқат.

Түйінді сөздер: қара сөздер, эссе, эссе жанры, стиль, мазмұн.

Даланың данагөйі ұлы Абай қазақтың көз-құлағы көп жаттықпаған сөз айтудың өзгеше түрін тапты, сондықтан Абайдың тілдік тұлғасын саралау барысында Қара сөздердің жанрлық мәртебесін нақтылау – ең басты мәселе болып табылады, өйткені өнердің өмірдегі көркем шындығын дәл таныту мен дұрыс ұғындыру және өзге шындық ішінен дәл соны таңдау себебі белгілі бір жанр табиғатымен үйлеседі. Қарасөзді әдеби туынды ретінде жанрлық тұрғыда анықтау және соған сәйкес терминдік бірізділік мәселесі нақтыланып, тұрақтылық таба қойған жоқ. Біздіңше, оның екі себебі бар: 1) Қара сөздің семантикалық құрылымы (мазмұны) мен стильдік баяндау тәсілінде бірнеше жанрлар тоғысуы; 2) Абай шығармашылығындағы бұрынғы жаңалықтарының үстіне қосылған бір жаңалық – әдеби процеске жанр жағынан

жаңалық әкелуі яғни Қара сөз жанрын қалыптастыруы. Ол "жаңа жанрды" қалай атау мәселесі де көкейкесті.

"Жалпы алғанда, Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар - Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, моралъ мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді [1,1]. Бұл анықтамада абайтанушы ғалым М.Әуезов эссе жанрына тән үш белгіні дәл тауып, дөп басқан: 1) көркем проза жанрына жататындығы; 2) "өзіне бөлек, өзі тапқаны" дегенде стиль ерекшелігі, баяндау мәнерінің (стилінің) өзгешелігі; 3) сюжеті болмайтындығы.

Жалпы, Абай Қарасөздерінің ғылыми арналары мен тақырыптары жайлы М.Әуезов алғаш пікір білдіргені белгілі: "Жиыны барлық қара сөз, біздің аңғаруымызша, он-он бір тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар ой жағынан бір алуандас болады" [1,2] – деп жалпы топтама жасаумен шектелмейді, әр сөздің мазмұн-астарына, стильдік сипатына, бітім-болмысына ден қойып, танымдық бағдар жасайды.

Абай Қара сөздерінің эссе жанрымен ара қатынасы мәселесін анықтауды мақаламыздың бір мақсаты етіп белгіледік. Ол үшін алдымен "эссе" термині мен эссе жанрына қатысты кейбір мәселелерді қарастырғанды жөн көрдік:

Эссе жанрының күрделі табиғатын, ғылыми теориялық мәселелерін анықтауға байланысты зерттеулер әлі де тереңдетуді қажет етеді. Бүл саланың әдебиеттану ғылымында өзіндік орны анықталуы, жан-жақты қарастырылуы оның маңызы мен құнын арттырары сөзсіз.

Ерекше әдеби жанр ретіндегі эссе мәселесі күрделі әрі шешімін таба қойған жоқ. Терминдік біріздiлік болмауы бұл жанрдың тым күрделілігіне байланысты болуы керек десек те, нақты бір ұстаным, функционалды айырмашылығы ажыратыла көрсетілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда қолжазба мақалалардан бастап, әдеби манифестке дейінгі аралықтағы шығармалар эссе деп атала беретіні жиі кездеседі. Эссе сөзінің шығу тегі, мағынасы "тәжірибе" дегенді білдіргендіктен, "алғашқы ұмтылыс, ниет", "алғашқы қалам тербеу" сипатындағы әдеби туындылар да, мазмұны әр тарапты қамтитын, еркін баяндалған шығармалар да эссе жанры қатарында қарыстырыла беретін тұстар кездесіп қалады.

Эссе жанрының не себепті ашылмағанын, кейбір даулы тұстарын көрсетіп, шешу жолдарын белгілеу керек. Эссе – "жанрдан тыс", "жанрдан жоғары" жанр. Оны мазмұнына қарай алғанда энциклопедиялық шығарма деуге әбден лайық. Эссенің табиғатынан, өз алдына жеке-жеке, дербес функционалды жанрға айналған барлық стильдің реңкі табылады.Қазақ әдебиеті топырағында мүлдем сөз етілмеді деуге болады. Теориялық зерттеудің мардымсыз болуымен қатар, жанр ретінде поэзия мен прозаның басқа салаларындай өрісті өркендеу жолына түсе алмады, сөйтіп, эссе жанрындағы шығармалар белсенді позиция иеленген жоқ.

Жанрлық бітімі бөлек болуымен бірге айтар ауқымы да кең, философиялық, тарихи, өмірбаяндық, діни, публицистикалық, сыни, әдеби, моральдық, ғылыми-көпшілік мазмұндағы жанр – эссе деп анықталғанымен, теориялық түйіндеуде қолмен қойып, «көзбен көргендегідей» біріздiлік байқала бермейді. Абай да өз еңбегін мақсатты түрде бір жүйеге түсірген жоқ. Ол өзінің ой арпалысын, сезім ширығуын қаз-қалпында көрсету үшін қолдан ырықтандырмай-ақ, "табиғи" күйінде сездіргісі келетіні жайлы Қарасөзінде ескертеді. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеукенов Абай Сөздері Батыс пен Шығыс мәдениетінің мәйегін сіңірген құнарлы дүние екеніне нұсқайды. Абайдың "Қарасөздері" –қазақтар үшін тағылым оқулығының орнына жүргенін белілі ғалым Т.Жұртбай да тап басып, тани білген [2,3].

Оқыған сайын сен де өзіңді сол әңгімеге тартылғандай сезінесің, өйткені, баршаны толғандыратын, кейде тіпті өзіңді ойға қалдыратындай, ұялтатындай әңгіме

айтылып, мәселе қозғалып жатады. Салихалы сұхбат ел мен халық туралы, оның болашағы туралы өрбиді. Дана Абай кемел ой айта алатын, өзіндік ұстанымы мен ой-пікірі бар азамат тәрбиелегісі келді.

Эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дагдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Әдебиеттегі эссе соны пікірлерге көбірек мән беріп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, рухани әлеміне азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдауымен ерекшеленетін көркем туынды. Эссе сипатында туған туындыларға батыл-болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын ойлар, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән.

Қазақ әдебиеті мен тіл білімі бойынша эссеге қатысты өзге теориялық тұжырымдарды кездестіре алмадық. Қазақ әдебиеті мен тіл білімі бойынша эссеге қатысты өзге теориялық тұжырымдарды кездестіре алмадық.

Эссеге қатысты осы ой-пікірлерді қорытындылай келе, оның жанрлық ерекшелігін анықтау үшін әуелі мазмұндық-құрылымдық сипатын айқындағанды және өз ұстанымымызды білдіргенді жөн көрдік. Эссенің мазмұндық-құрылымдық сипаты арқылы қарасөз табиғатымен іргелестігін анықтауды мақсат еттік. Эссе жанрын айқындайтын сипат-белгілерге Қара сөздің болмыс-бітімі қаншалықты сәйкеседі? Нақтырақ айтқанда, Абай Қарасөзінің табиғатына эссе жанрының мазмұн-сипаты үйлесе ме? Біздіңше, үйлес-үндесім бар. Біріншіден, "дағдыдан", "әдеттен" бөлек, өзінше толғау бар. Екіншіден, эссе философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің түйіндеуге құрылған жанры десек, бұл мазмұнның бәрі де Қара сөздердің табиғатынан табылады. Үшіншіден, ой-сезімге әсер етіп, өткір қабылданады; экспрессия қуаты мықты, "тіл өрнегі айрықша" әсерлі, эстетикалық бояуы айқын; Төртіншіден, Сөз иесінің интеллектуалдық деңгейі жоғары, танымы терең, ойы биік. Бесіншіден, пікір жарыстыру мен талас тудыруға бағыттайды. Алтыншыдан, терең түйіндеулер ұтымды ұштасқан. Біздің пікірімізше, эссе жанрының мазмұн бірлігі мен Абай Қара сөздерінің ішкі табиғаты осылайша үндестік тауып, сабақтасатын сияқты. Осы аталған сипат-белгілерді айқындау арқылы Қара сөздің эссе жанрына қатыстылығын айқындап, қаншалықты дәрежеде сабақтастығы бар екенін нақтылаймыз.

Эссе жанрының күрделі табиғатына сәйкес оның айырым белгілерін ажырату да аса күрделі. Әр құрамдас бөліктері автономды әрекет етпей, өзара сабақтаса байланысады, бір-бірімен тығыз байланысты сипаттар бірлігінен тұрады да, бірі екіншісінің логикалық кисынды жалғасындай қабылданады. Эссенің теориясы мен стильдік сипаты жайлы ғылыми топшылауларды жинақтай келе, былайша жіктеме жасадық:

1. Әдетте, бірінші жақтан жазылады. Эссе – жазушының жеке өзіндік және шығармашылық келбеті, ойы, күмән-күдігі, арман-қиялы. Эсседегі жеке тұлға қоғамдық ой иесі ретінде де қабылдануы әбден мүмкін. Эссе – автордың өзі, оның ой-сезімі, қоғамға қадалған жанары, әлемге тастаған назары. Алдыңғы орынға автор тұлғасы өзіндік үнімен, өз толғанысымен шығады. Ол өз сөзімен елең еткізеді, ой тастайды, соған назар аудартады, яғни бірінші жақтан сөз алады.

2. Эсседе автордың өзін толғандырған мәселе туралы ой-толғауы ең басты рөл атқарады. Ал автордың ой толғамы және ондағы ой қазығы (мысль) эссенің құндылығы болып табылады. Онымен тығыз байланысты басты ерекшелігінің бірі – индивидуалдық немесе дара тұлғаның өзіндік пікірі. Абай өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш деп түсінеді... "Абайдың үгіттейтіні зор адамгершілік пен халықшыл тазалық жолдар, өз заманындағы барлық мінді, сорақылықты сол тура жолдағы жақсы өлең-өсиетпен түгел жойып, жоғалтуға болады деп иланады" [3,1].

Біздіңше, ұлы Әуезов нұсқаған осы бағдар Абай эссесінің негізгі мазмұнын құрайды, сондықтан Абайдың ой-толғамын эссе көздейтін құндылыққа балап, өзіндік сипатын айқындаушы факторлар қатарына нық сеніммен қоса аламыз.

3. Эсссенің композициялық байланысы еркін болады. "Қатаң заңға", тәртіпке бағынбайтындықтан да эсседегі ой тасқыны белгілі бір жүйеде келе бермейді. Ондағы ой динамикалы. Логикалық жүйесі, яғни ой қисыны сол ойдың келуіне орай, сонымен қатар автордың ой толқынының құбылуына қарай алуан мәнерде, түрлене береді. Ал ойдың берілу (реті) жүйесі толқымалы: сол төңіректе бір ой қылаң беріп, екіншісі тереңдеп барып, басқа арнаға ауысып, ол өз кезегінде тағы бір ой тізбегін тудыруы ықтимал. Ендеше, эссе – сол ойдың көрінісі, толқып-шалқып, кейде түңғиығына тартып, қайта арнасынан асып жататын ой арпалысы болуы әбден мүмкін. Осы аталған ерекшелік эссенің сюжетсіз шығарма болғандығына тікелей байланысы деп санауға болады. "Бұлар сюжетті шығармалар емес" – деген кесімді пікірді кезінде М.Әуезов берген болатын.

4. Бұл айтылғандармен сабақтасатын тағы бір тұсы – эссенің "ұжымдылығы", "икемділігі", үйлесімге, іштей өзара сенімге құрылып, бірлесе ой бөлісуге шақыруы. Біздің ой семантикасына екпін түсіре айту себебіміз: эссенің сипаты – ой толғақ, мақсаты – ойласу, міндеті – ойландыру. Автордың тікелей өзін толғандыратын мәселелер ой қазығына айналады. Бүл жанр арқылы қаламгер бірқатар мәселелерге байланысты ой толғамын білдіреді, ол көкейкесті болмауы да мүмкін, ең бастысы, өзін толғандыратын мәселелер болуы керек. Алайда эссе көтерген мәселе "көкейкесті болмауы мүмкін", "өзін ғана толғандыруы мүмкін" деген мінездемелер салыстырмалы, шартты түрде алынғаны есте болғаны абзал. Әр өнер туындысы (оның ішінде әдебиет) адам мен қоғам рухының тамыршысы екені белгілі. Сол турасында автор оқырманмен, тыңдаушысымен ой бөліседі, ақылдасады. Абай дана да өз пікірлестерін сөзге тартып, өз сырын ашып, бірде мұңын шағып, олардың да таза-наласын тыңдауға әзір екендігін білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абайтану мәселелері. 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Жұртбай Т.Қ. Күйесің жүрек, ... сүйесің. -Алматы: Санат, 2001. –408 6.
3. Нұргожина Ш.И. Вербальный интеракт: теоретические основы 1999. – 476.

ӘОЖ 811.512.1:18

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АФОРИЗМДЕР СИПАТЫ

Ардақ Абдуллаева
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Г.Қ.Алтыбаева

Аңдатпа. Афоризмдер тақырыбы адамның қоғамдағы алатын орнынан бастап, дүниені сезінуінің нәзік қалтарысына дейінгі аралықты қамтиды. Ол – дүниенің тілдік бейнесінің Абай шығармашылығындағы көрінісі ұлттық менталитет пен ұлт дүниетанымының тілде вербалдануы.

Түйінді сөздер: Афоризмдер, тілдік тұлға, коннотативтік семантика, кірме афоризмдер, оңашаланған афоризмдер.

Қазіргі таңда қазақ тіліне әлеуметтік сұраныстың жоғарылауы сөйлеу тіліне тән ұлттық ерекшеліктерді айқындауды қажет етіп отыр. Сөйлеу актілерінің типтік жалпыланған түрлерінің болуы ойлаудың адамзатқа тән ортақ логикалық

құрылымымен байланысты. "Сөйлеу әрекетінде жалпылылықпен қатар әр ұлттың дүниетаным ерекшелігінің тілдік бейнесі беріледі. Ұлттық ерекшеліктің белгісі, ең бірінші, сөйлеу актісінің берілуінен көрінеді. Сөйлеу актілерінің тілдік көрінісі ұлттық ерекшелікке бай". Ұлттық ерекшелікке толы сондай құндылықтар қатарына біз афористік ойлау үлгілерінде енгізе аламыз. Қазіргі жоғары қарқынмен дамыған, ақпараттар ағыны тасқындаған, техникасы қарыштаған заманда, уақыты шектеулі тіл тұтынушыға нағыз қысқа әдеби жанр – афоризмдер өте ыңғайлы, яғни ойына ой қосу, пікір түю, ойын өзгеге жеткізу сияқты прагматикалық функция атқару үшін афоризм көмегі керек-ақ. Оның ішінде, әсіресе қазақ ұлтының менталитетіне өте жақын келеді.

Сонда: 1) сөзге үйыған (сөзге тоқтаған), 2) таңнан таңға көз ілмей жыр тыңдаған (сөзге мән берген), 3) түйдек-түйдек ойларға ден қойған, 4) шешендік өнерге елтіген, 5) "қызыл тілді өнер алды" деп бағалаған ұлттың бүгінгі өрендері үшін қысқа қайырылған афоризмдер бүгінгі күні де аса өзекті болып отыр дей аламыз.

Абайдың тілдік тұлғасындағы афоризмдердің 1) пайда болу уәжін анықтау; 2) тақырыптық, мағыналық топтарын нақтылау; 3) коннотативтік семантикасын, құрылымын талдау; 4) ұлттық мәдени ерекшелігін саралау және 5) лингвокогнитивті деңгейден алатын орнын айқындау нақты тілдік деректер негізінде репрезентацияланады.

Көркем әрі кемел ойға суарылған афоризмдердің ақынның жалпы шығармашылығында және Қарасөздерінде жиі кездесуі – Абайдың қуатты ойын, кемел білімінің өрісін танытып, халық тілі қайнарынан нәр алғандығының айғағы бола алады. Абай афоризмдері оның ой куаты мен, көркемдік шеберлігін бір арнаға тоғыстырған дүниетаным тереңдігінен туғандығы дәлелдеуді қажет етпейді. Афоризмдері ақынның жеке шығармашылығы аясымен түйықталып қалған жоқ, әдеби тіл қорынан лайықты орнын алды. Тіпті халық тілінің төл туындысына айналды, әдеби тілді байытуға үлес қосты. Афоризмдер тақырыбы адамның қоғамдағы алатын орнынан бастап, дүниені сезінуінің нәзік қалтарысына дейінгі аралықты қамтиды. Ол – дүниенің тілдік бейнесінің Абай шығармашылығындағы көрінісі ұлттық менталитет пен ұлт дүниетанымының тілде вербалдануы.

Абай афоризмдер ұлттық психологияның жағымды-жағымсыз тұсына түйін жасап қана қоймайды, ең озығын одан әрі бекіте түседі. Афоризмдер – Абай тілдік тұлғасының негізгі стильдік ерекшелігі, басты көрсеткіші болып табылады.

Абайдың тілдік тұлғасы философиялық түйіндемесімен ерекшеленеді. Тілдік тұлға қоғамдық-әлеуметтік тартысты, рухани өрені, мінез-құлық қырларын және өзге де құбылыстарды бейнелеуде, сонымен қатар, көркемдік шешім шығарғанда афоризмдік мәнді нұсқалар арқылы түйіндейді: Дәуір келбетін, уақыт табын, қоғам шындығын дәл беру үшін афористік қысқа түйін түйеді. Абай афоризмдерінің прагматикалық әлеуетін осылай таразылаймыз.Ұлы ақынның тілдік тұлғасы дидактикалық, тәрбиелік мәндегі Қарасөздерінде барынша ашыла түседі, өйткені Қарасөздерінің жазылу мақсатының өзі тілдік тұлға болмысынан келіп шығады.

Абай поэзиясындағы дәстүр жалғастығы, Батыс, Шығыс әдебиеті классиктерімен ой үндестігі, рухани сабақтастық мәселесі Қ.Жұмалиев еңбектерінің орталық өзегіне айналды. Ғалым барды бағалап қана қойған жоқ, болашақ зерттеулерге де жөн сілтеді. Соның бірі дидактикалық сөздер (ақыл сөздер) мен афоризмдердің (нақыл сөздердің) ара жігін ажыратып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетуге байланысты мәселе. Ғалым бұл екі сабақтас құбылыстың нәзік қырларын көре білуге, айырмашылығын тани білуге бағыттайды. "Нақыл сөз мағына жағынан алғанда ақыл сөз тәрізді мынаны істе, жақсы; ананы істеме – жаман демейді: өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды", Ардақ дейді Қ.Жұмалиев.

Зерттеуші "өмір-тіршілікке жетекші басшылық ететін ақыл сөз де, үлкен ой, терең пікірге құрылған даналық ой түйіні" нақыл сөзде де Абай шығармашылығында даналықтың сәулесіндей із қалдырғанын нақты мысалдар арқылы көрсетеді.

Абайдың өз шығармашылығындағы пікір-түйіндер мен ұлағатты ойлардың сығындысы, түйін-тұжырымы – афоризмдердің ықпал-әсері, қуат-күшіне ғұлама ұстаз М.Әуезов үнемі көңіл бөліп келген. ұлы жазушының абайтану бойынша 60-жылдары оқыған лекциясында Абай афоризміне қатысты мол мағұлмат беріледі. Ол туралы М.Әуезовтің тікелей шәкірті, аспиранты, халық жазушысы Сәкен Жүнісов ұстазының өз аузынан шыққан лекциясынан мынадай үзінділер ұсынады: Біз мақсатты түрде ұстаз дәрісін тыңдаған шәкірттің жазбасынан үзақтау үзінді келтіріп отырмыз. Оның уәжі – Абай афоризмінің мәнділігін парасаттай білген тұлғалардың танымдық деңгейін таныту әрі афоризм мазмұнын дәлірек аша түсу.

М.Әуезов: Афоризм – құрылысы жағынан мақал сияқты, бірақ тың жайды айтатын күшті сөз. Абайдың аудармаларының ішінде де афоризмдер бар. Олар мақал болуға даяр тұрған сөздер. Мысалы: "Крыловтың "Үлкен ұры құтылып, кіші ұры тұтылды" дегенін Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл – деп басқа жаққа, өз ойына бұрады.

"Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады" – бұл тіпті, мақалдың төресі. 3 7 афоризмі. Адамды заман өсіреді, егер замандасы жаман болса виноват дейді. Мұндағы алып отырғаны адам мен ортаның байланысы."Биік мақсатқа (жартас) екпіндеп ұшып қыран да шығады. Бауырымен жер сызып жылан да шығады" дегені өте күшті. Мансап дегені биік жар – карьера, қызмет, дәреже – соған біреу бас иіп жалынып, алдап жүріп жыланша жетеді, енді біреу қыранша сермеп адал ұшып жетеді дейді. "Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық" дегені тіпті патриархалдық рушылдықтың тамырына балта шабу. ("У нас есть одна молитва, это – труд" – дейді Герцен). Бұл өресі зор, өнімі мол сөз. "Қарекетсіз сопы монтаны" дегендегісі, монтаны - сырты мүләйім, іші зәлім. Міне, діннің бас адамының суреті. Сопы болып жүріп лицемер, адамды адам ететін қарекеттілік дейді. "Жаман дос көлеңке, басыңды күн шалса кашып құтыла алмайсың, басыңа күн туса іздеп таба алмайсың".

21-афоризмде – "Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас, қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол"; "Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым тұл"; "Қайратсыз ашу болмау керек, айныған ғашықтың емес, баяны болу керек" дейді... Бұл да екінің бірі айта бермейтін сөз; "Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді" ... т.б.

Абай шығармаларындағы афоризмдер қазақ дүниетанымының айнасындай болып, қазақ ойын жаңғыртады, сөйтіп, қанатты ойлары мен ажарлы афоризмдері бүкіл шығармашылық мұрасының негізгі өзегін құрайды.

Афоризмдер қызмет етер ортасына қарай кірме және оңашаланған афоризмдер болып бөлінеді. Жеке мәтін болып оңашаланбаған, көркем әдебиет, философиялық т.б. мәнмәтіндер аясынан орын алып, мәтін құрамына енген ой қорытындысы – кірме афоризмдер деп аталады. Жеке мәтіндік құрылымда келіп, бірыңғай афоризмдерден түзілген, өз алдына біртұтас ой-толғамдар кешені оңашаланған афоризмдер деп анықталады.

Біз Абай шығармашылығында афоризмдердің осы екі түрі де қатар қолданылғанын байқадық. Отыз жетінші Қара сөзі тұтастай афоризмдік сипат иеленген. Басқа сөздердің мазмұнында ықшамдалған ой-түйіндер жымдаса кірігіп, жүйелі, тұтас ойдың бір сілеміндей болып, автор идеясы мен мәтін композициясын бекітетін қызмет атқарады. Мәтінінің семантикалық құрылымында кездесетін қысқа, тұжырымды, мазмұны терең афоризмдер – Абайдың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін көрсетеді. Автор қабылдауындағы дүние бейнесінің мазмұны когнитивтік тілдік жүйеде афоризмдер арқылы көрініс тауып, тілде бұрын қолданылмаған сөйлеу бірлігі пайда болады.

Біздіңше, афоризмнің бірнеше айқындауыштық ерекшеліктері бар: 1) шындықты межелейтін ең басты қасиеті – ой тереңдігі, мұнда автор маңызды мәселені қозғай отырып, алынған нысанға өз көзқарасы бойынша, ең дұрыс бағасын береді; 2)

афоризмнің екінші белгісі – жан-жақтылығы, өйткені афоризм көптеген фактілер мен мәліметтерден жинақталған, содан туған ой қорыту және жасалған тұжырымдар болып табылады. Ол жалпы түйіндеме жасай отырып, ой тереңдігі мен ақиқатына ықпал етеді; 3) афоризмнің үшінші белгісі – ықшамдылық оның ең мәнді ерекшелігі. Ойды қоюлата отырып, барынша қысқа қайыру – оның мағынасын тереңдетіп көңіл аудартады, әрі есте сақтауға да ыңғайлы болып келеді; 4) афоризмнің төртінші белгісі – ой тиянақтылығы, афоризм мағыналық тұрғыдан аяқталған сөйлем түрінде келіп, қосымша түсініктемесіз ұғыныңқы болуы тиіс; 5) афоризмнің бесінші өзіне тән ерекше белгісі – қырналған ой, ол барынша дәл, нақты, мәнерлі, мазмұнда беріледі; 6) афоризмнің алтыншы белгісі – түрлі стильдік, эмоционалдық құралдар көмегімен қол жеткізген көркемдік бояуы. Тапқырлық ақыл-парасатқа қарағанда тек шындық айтумен шектеліп қалмай, әдемілікке ұмтылады, ал көркемдік түрлі көркем құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Даналық пен көркемдіктен басқа өткір ойларды жеткізудегі қысқалық пен нақтылықтың рөліне де баса назар аударады. Сол трактатта афоризмнің тапқырлықтан туатындығы, басты белгісі – даналық, көркемдік және баяндау қысқалығы екендігін теориялық трұрғыдан дәлелденеді. Әсемдік, көркемдік – афоризмнің маңызды белгілерінің бірі.

Афоризм көтеретін тақырыбы "ескі" болса да, "мәңгілік" мәселелерге айналып соғып отырады. Егер жаңа әрі тосын ойлар жаңа кейіпте, өзге реңкте берілсе, оны афоризмнің көркем бояуының әсерінен болған деп ұғу керек. Жоғарыдағы айырым белгілерді жинақтай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады:

Афоризмдер – терең ойға құрылған, жан-жақты байыптау барысында алынған, барынша қысқа да ықшам, көркем келісіммен келген, нақты бір автордың қаламынан туған тиянақты ой жүйесі.

Афоризмдер – шағын сөздің кешені, ақыл мен эсемдік құймасы. Афоризм – қазақ менталитетіне аса жақын жанр. Афоризм – өзінің құнарлы ойларын "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне" "түйіп" үйренген қазақ халқына тән сөз өнері."Қара қылды қақ жарған" әділдігін айтар би-шешендер жүгінетін оңтайлы тәсіл. Өзінің ой өзегінде, негізінде ақыл-насихат сақталғандықтан, өсиет – толғау өлеңдер қазақ сахарасында тәрбие құралы міндетін атқарады.

Абай тіл көркемдігі мен ой тереңдігіне халық ауыз әдебиетінен қанығады, тіл ұстаратын ұсталықты, сөз асылын талғаған зергерлікті, ой қиюластырған шеберлікті, сұлулықты әспеттеген өнерпаздықты меңгеріп шығады, өз үлгісін өнер өрнегіне (сөз өнеріне) салады. Оның терең ойлары, шешендік афоризмдері, нақыл қанатты сөздері, максималары адам санасына ой тереңдігімен әсер етеді. Эстетикалық сезімге сөз әсемдігімен, адам жадына ықшамдылығымен ықпал етеді, әсерге бөлейді.

Қоғам қайраткері, ақын Абай әдебиеттің әртүрлі көркем үлгілерін жасауға мақсатты түрде кірісті. Уақыт талабына лайық келетін әдеби үлгіні қару етіп, оны әлеуметтік қызметке жұмсады, тәрбие құралы функциясында пайдаланды. Ой-сана мен қоғамға қозғау салу мақсатынан туған афоризмдер үлгілеріне талдау жасау барысында мақал, нақыл сөздер, қанатты сөздердің бір-бірімен ортақ тұстары да айырым белгілері де бар екені байқалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер. Публ.мақалалар және әдеби зерттеулер. – Алматы. Жалын, 1994. – 464 б.

2. Әуезов М. Абайтану мәселелері. – 20 т. -Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 6.

3. Жүнісов С. М.Әуезовтің Абайтану туралы лекциясынан. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 80 б.

ӘОЖ 821.512

АБАЙ МҰРАСЫ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Қалмұқан Жансая Қалмұқанқызы
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Менеджмент мамандығы 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Абайдың әлемі – ол қазақ халқының әлемі. Ал, Абай мұрасы – ол біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Мақалада Абай Құнанбайұлы өміріне қысқаша шолу, әрі оның ғажап туындыларының қазақ әдебиетінде алатын орны, ақынның әлемдік мәдениет бөлігіндегі рөлі, сонымен қатар, Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алатындығы қарастырылды. Ал, мақала соңында ұлы тұлғаның қазақ тарихы үшін ерекше орынға ие екендігі толығымен тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: Ибраһим, әдеби мұра, шәкірт, музыка, поэзия.

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим)Құнанбайұлы 1845 жылдың 23 ші жұлдызында Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында (бұрынғы Семей уезі Шыңғыстау облысы) Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келген. Абай атақты Тобықты руының Ырғызбай деген тобынан тараған. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түсіп, кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медреседе білім алған. Абай көпті көрген әжесі Зеренің тәрбиесінде болды.

Шешесі Ұлжан да ақылды ананың бірі болған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы орта жасқа келгенде атқа мініп, ел билеу жұмысына араласып, Ресей патшалығының Қазақстанның батысы мен орталық аймағын отарлап, ел билеу жүйесін өз тәртібіне көндіре бастаған кез. Құнанбай өз заманында ел басқарған адам болды. Ол ел билеу ісіне балаларының ішінде Абайды баулып, араластырды. Абайды оқудан ерте тартып, оқудан шығарып алуы да сол билікке ұлын қалдыру мақсатында еді.

Әке еркімен ел ісіне жастай араласқан Абай тез есейіп, балалықтан да ерте айырылып, жастайынан ел ішіндегі әңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік өнеріне құлақ салып, өзінің ерекше талантымен бойына сіңіре білген. Әке-шешесінің қасында жүрсе де жас Абай оқудан қол үзбеген, бос уақытында қазақтың мәдениетін, араб, парсы, шағатай тілдерін үйренген [1].

Шығыс әдебиетінің алыптары Низами, Хожа Хафиз, Науаи, Физули т. б. ақындарының өлеңін жатта, кейіннен орыс әдебиеті мен тілін өздігінен үйреніп, орыстың ұлы ойшылдары Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Щедрин, Некрасов т. б. шығармаларымен танысқан. Сонымен бірге ағылшын ғалымы Дарвиннің, Шекспирдің шығармаларын да оқиды. Соның арқасында дүниетанымын кеңітіп, білімін шыңдай береді. Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған

Ал ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – "Қансонарда". Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп. "Сегіз аяқ", "Қан сонарда бүркітші шығады аңға", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Желсіз түнде жарық ай", "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?" сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Александр Пушкиннің "Евгений Онегин" шығармасынан "Татьянаның хатын" және "Ленскийдің сөзін", Михаил Лермонтовтың "Ой", "Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Қанжар", "Теректің сыйы" және тағы басқа өлеңдерін казақ тілінде сөйлетті. Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін дәл көрсетіп,

сатиралық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да меңгерген. Оған "Масғұт", "Ескендір", "Әзім" сияқты шығармалар дәлел [1].

Шын мәнінде Абай қазақ үшін, әдебиетіміз бен мәдениетіміз, әдет-ғұрпымыз бен салт-сана, рухани болмысымыз үшін өзегі терең бәйтерек. Абай – қазақ поэзиясының биік шыңы, құдіретті ақыны. Абайдың жүрек шерімен жазған туындыларының тағылымы мәңгілік қымбат қазына. Абай жалғыз қазақ халқының ұлы емес, адамзаттың ұлы десек артық айтқандық болмас. Әлем халқы бас иген дара тұлғамызды қай жағынан да әспеттесек біздің елдік, халықтық парызымыз болып саналады. Абай шығармалары ұлтымыздың тұрмыс тіршілігін, мінезі мен дүниетанымын, ділі мен дінін түгел қамтиды. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Абай өз заманын, қазақ қоғамын, мәдениетін, экономикалық жағдайын тарихшы немесе өнертанушы болып айтпаған, ақын болып сөзден сурет салып, сөз кестесін, өлең өрнегін құрастырады.

Осылардың бірі – өз халқының рухани мәдениетіне қатысты. Абай өз шығармашылығында киім атауларына да өз назарын білдірген «Қазақтың киім-кешегі-айналадағы ортаның іс-қимылымен байланысты».

Абайдың айтуы бойынша, «киім кию салты арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдағы орны, болмысы анықталады». Оның кейіпкері алтын-күміс кигені, қамқа торғын болса да, «махаббат, қызық мол жылдарын» байлыққа айырбастап, ет жүрегін саудаға салмайды. Қазіргі тілмен айтқанда, жоғары эстетикалық талғамы қай заманда да қазақ қыздарының сұлулығы мен әсемдікті серік еткенін танытады. Материалдық мәдениетін – киім арқылы, адамның рухани мәдениетін- мінезі арқылы сипаттайды [2].

Ал, енді ұлы тұлғаның шығармашылық мұрасына келер болсақ, Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан бастау алған. Оған дәлел, Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай-қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрыңғы, соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" — деп Абайды аса жоғары бағалады. Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, "Абай философиясын" діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазды.Ал, 1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, "Ескендір" мен "Масғұт" поэмалары енді.

Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Кәкітай Ысқақұлы бірінші болып ақынның өмірбаянын жазды. Жалпы, Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары онша көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмаған. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен [3].

Ұлы ақын, ағартушы Абай музыкалық саласында да айтарлықтай көп мұра қалдырды. Бірақ, өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыкалық жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген көзеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді, халықтық музыка ауыз дәстүрлік қалыпта еді.

Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі – олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында [3].

Абай әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы көзде тыңдағандардың бәріне бірдей тұсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді.

Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жаңа тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сөйтіп, Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына, ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады.

Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең құрылуы да себеп болды. Жалпы, шын мәнісінде Абай көзі тірісінде өзінің өлеңдерін жинаған емес.

Олардың әрқайсысын бір жапырақ қағазға жазып, жастарға таратып бере берген. Олар Абайдың өлеңдерін жаттап алып отырған. Сөйтіп Абай өлеңдері қазақ даласында ауыздан ауызға таралып кете барды. Оның өлеңдері қолдан қолға көшіріп алынды. Ондай қолжазба көшірмеге ие болу әрбір сауатты қазақ үшін зор ғанибет болатын. Кейінірек Абайдың туындыларын оның ұлы Тұрағұл жинастыра бастады. Абай өлеңдерінің ең алғашқы жинағы 1909 жылы ақын Кәкітайдын арқасында Қазан қаласында басылып шықты [4].

Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы да, шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады.

Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады.

Айта кетелік, Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы да 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен болатын [5]. Ал, осы жыл қазақтың бас ақынының дүние есігін ашқанына 175жыл толып отыр. Абай жалғыз қазақ халқының ұлы емес, адамзаттың ардағы десек артық айтқандық болмас. Әлем халқы мойындаған дара тұлғаны қай жағынан әспеттесек те біздің елдік, ұлттық парызымызды орындағанымыз деп білеміз. Айтулы мерекені біздің мемлекетіміз жыл басынан-ақ, мәдени-ғылыми іс-шаралармен, дәстүрлі Абай оқуларымен, ғылыми конференцияларымен бастаған болатын. Бейбіт еліміздің осындай мән-мағынасы бар игі іс-шараларының одан әрмен, мазмұнды дүниелермен жалғасын табатындығына сенімім мол.

ӘДЕБЕИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы. «Атамұра», 1995 ж.
2. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. –Алматы: ҚМКӘБ, 1961.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы. Санат, 1995.
4. Омаров Д. Абайтану. Білім алу. Алматы, 2002.
5. Абдрахманова А. Абай – дана ақын. Алматы // Ұлағат, № 6, 2007.

ӘОЖ 821.512

АБАЙ ЖӘНЕ ӘУЕЗОВ

Таджимуратова Ж.Б.
Ш.Есенов атындаңы КМТИУ, КЯЛ-19 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы М.

Аңдатпа. Абай мен Әуезовтың өмірбаяны (қысқаша), олардың байланысы, үндестігі. Әуезовтың Абай туралы зерттеулері, ізденісі. Абай жолы эпопеясы, оның қалай жазылуы, халыққа танылуы, жарық көруі жайлы пікірлер талданып, шағын мақала ретінде баяндалады. Абайтанушылық жайында қарастырамыз.

Түйінді сөздер: Абай, Әуезов, Абай жолы.,зерттеулер, Абайтану, ақын.

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы Өскенбайұлы Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей уезі) Абай ауданында (бұрынғы Шыңғыстау облысы) Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келді. Абай атақты Тобықты руының Ырғызбай деген тобынан тарайды. Ол ауыл молдасынан оқып жүрген кішкентай кезінен-ақ зеректігімен көзге түседі. Кейін ол Семей қаласында 3 жылдық медресе тәрбиесін алады.

Мұхтар Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Әкесі Омархан мен атасы Әуез екеуі де хат танитын сауатты адам болған. Өз заманында ұлы Абаймен сырлас, ауылдары іргелес, аралас-құралас тіршілік кешкен. Бала Мұхтардың атасы Әуез – Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғанымның туған інісі.

Әуезовтың Абайды танып-білуге қосқан үлесі. Мұның өзі екі үлкен сала. Бірі Мұхтар Әуезовтың абайтануға, яғни Абайдың өмірі мен шығармашылығын, оларға қатысты мәселелерді баяндайтын ғылыми еңбектерін, зерттеулері мен мақалаларын талдап бағалау. Екіншісі Әзеуовтың көркем шығармаларында Абай бейнесін суреттеуі, оның заманын, өмір жолын, ақындық, ағартушылық, қоғамдық қызметін сипаттап көрсетеді [1].

Әуезовтың 1933 ж. жазған зерттеу еңбегі. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу құралына» енген. Ғылыми мақала Абайдың өмірі және Абайдың ақындығы деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Мұхтар Әуезовтың «Әдебиет тарихы» (1927) деп аталатын зерттеу еңбегінің жалғасы. Осы еңбекте «Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң, Абайға келіп тіреледі [1].

Сол себепті «енді Абайға көшеміз» деп ескерткен Мұхтар Әуезовтың сөзі Абай шығармаларының 2 томдық жинағында (1933), одан соң осы оқу құралында жүзеге асты. 2 томдықтағы ғылыми-зерттеу еңбек «Абайдың туысы мен өмірі» деп аталадыю Абайдың тегін сөз еткен тұста: «...Шыққан руы Тобықты. Ата-тегі сол Тобықты ішінде билік құрып, ықпалын жүргізіп, үстемдік етіп келген тұқым» дегенді Ә. «Абайда» алғаш рет жазады. Абайдың ақындығын сөз еткенде де заман талабына орай таптық нысананы ұстанғаны аңғарылады. Зерттеу еңбекте Абайдың негізінен қоғамдық тақырыптағы, ақынның жеке басының жай-күйлерін білдіретін шығармалары ғана талданған. Ғылым-білім, табиғат, махаббат тақырыбы қарастырылмайды. «Абайдың» тілі жеңіл, оқушы ұғымына лайықты жазылған [2].

Абай мен Әуезовты айтқаннан кейін Абай жолы эпопеясын айтпасқа болмайды. Бұл эпопея Әуезовтың ең көрнекті, ауқымды шығармасы және қазақ әдебиетінде орны ерекше туынды.

Әуезов Абай елінде, Абай жерінде, Абай топырағында дүниеге келді. Көзін ашқаннан естігені – Абай әні, тыңдағаны – Абай сөзі, жаттағаны Абай өлеңдері болды.

Оның атасы Әуез айналасы құрметтеп «Әу қожа» деп атайтын, Құнанбаймен аралас-құраластығы бар дана қария еді. Оқу-білім дегенде ықыласы бөлек әрі шариғат білгірі Әуезге Құнанбай қажылықтан қайтқан сапарында таза асыл тастан таспиық, жайнамаз және Құран кітап әкеліп сыйлаған екен. Кез келген адамға ықылас-пейілі түсе бермейтін Құнанбайдың сонау Меккеден сыйлық әкелгенінің өзі Әу қожаның тегін адам еместігін көрсетсе керек [1].

Оның Құнанбаймен өзара сыйластығы кейін Абаймен жалғасын тапты. 15 жас кішілігі бар Абай оны «Әукеш аға» деп еркелей атайды екен. Әуез қожаның шаңырағында өмірге келген Мұхтар Абай дүниеден өткенде небәрі 7 жаста болатын. Алайда, сол жеті жасқа дейін-ақ ұлы ақынды бірнеше рет көрсе керек. Естеліктер соған меңзейді.

Әуезов Абайды көрген әр адамның жүзінен ақынның өмір жолын іздеді. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға 30 жыл уақыты кетті. Он тоғыз жасынан Абай туралы жазуды ойға алып, 17 жыл толассыз ізденіп, 12 жыл тапжылмай отырып, жазып шығады. Эпопеяға кіріспес бұрын жазған ақынның ғылыми өмірбаянының өзінің төрт нұсқасы бар. Алғашқысы 1927-1933 жылдар аралығында жазылса, екіншісі 1940 жылы, үшіншісі 1944 жылы, соңғысы түгелдей толықтырылып 1950 жылы жазылды. Абайтану – әдебиеттану ғылымының арнаулы салаларының бірі. Абай әлемі – мәңгілік мұра, қымбат қазыналар қатарына жататындықтан, ғасырдан астам уақыт бойы сөз етіліп, әр алуан бағытта зерттеулер жүйесіне айналып келеді. М.Әуезов туған халқының әдебиеті мен ауыз әдебиетінің, Ұлы Абайдың көркемдік әлемінің кәусар бұлағынан сусындап, солардың игі дәстүрін өз бойына сіңіру, оларды байытып, дамыту үстіндегі бүкіл әлемдік көркем ойдың асыл қорына баға жетпес үлес қосты.

Жазушы ұлы Абаймен рухани жақындығы қазақ әдебиетінің биік шыңға көтерілуіне игілікті әсерін тигізді. Абай арқылы қазақ елі тарихының эпопеясын сомдады. Ал Абайдың өмірі мен әдеби мұрасына келсек, М.Әуезов оған ерте кезден-ақ зер салған. 1918 жылы ол «Абай», 1925 жылы «Таң» журналдарына ұлы ақынның шығармаларын «Абайдың Әбдірахман деген баласы өлгенде жоқтап айтқан өлеңдері», «Абайдың кейбір өсиет сөздері» деген атпен бастырған. Арада жылдар өткен сайын Абай мұрасына жазушы тереңірек үңіле бастады [2].

Сол замандағы өмір салтын, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана-сезімді, ұлттық менталитетті түп-тамырымен жойып жіберу мүмкін емес еді.

Абайтану – әдебиеттану ғылымының арнаулы салаларының бірі. Абай әлемі – мәңгілік мұра, қымбат қазыналар қатарына жататындықтан, ғасырдан астам уақыт бойы сөз етіліп, әр алуан бағытта зерттеулер жүйесіне айналып келеді.

Абайтанудың алғашқы негізін де М.Әуезов жазған Абайдың ғылыми өмірбаянында жатқаны мәлім, Абай өмірбаянын ғылыми негізде жаза отырып М.Әуезов абайтану саласындағы бірнеше күрделі мәселелерді тұтастай қарастыруды бірден қолға алды. Себебі Абайдың жаңа типтегі ақын, қоғам қайраткері боп қалыптасқанын көрсету үшін, сол дәуірдің тарихи шындығын яғни жасаған әлеуметтік ортасы мен араласқан адамдарын, руларын, билік атаулары мен жер аттарын, ақын шығармалары нәр алған бұлақтарын, Абай мұрасындағы жаңа бағытты, Абай өлеңдерінің жазылу себептерін т.б. көптеген қосалқы мәселелерді қамту қажет еді. Бұларды тұтас қамту, дұрыс шешімін, бағыт-бағдарын табу – жазушыға зор даярлықты, қуатты шығармашылық ізденісті талап етті [2].

Абайдың ғылыми өмірбаянына ойдағыдай жазып шығуы арқылы М.Әуезов келешекте абайтану саласында зор көлемде жүгізер зерттеу жұмыстары үшін табан тірер ғылыми негіздегі ірге тасын жасап алды.

1924 жылдың өзінде-ақ М.Әуезов Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастырып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын анықтап алуға ұмтылды. «Абай», Шолпан» журналындағы ақын жайлы пікірлері мен орыс

Географиялық қоғамы Семей бөлімінің Абайға арналған салтанатты кешендегі «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны» деген баяндамасы – осы әрекеттің айғағы.

М.Әуезов 30-жылдары Абай мұрасына әрқилы баға беріліп, қым-қиғаш пікірлер айтылып жүргенде, ақынның ұлылығын, қалдырған мұрасының аса құндылығын тани білді [2]. Ұлы Абайдың көзі тірісінде жарық көрмей қалған қымбат қазынасын жинастырып, баспаға әзірлеген, сонан соң оны ғылыми ыждағаттылықпен зерттеген М.Әуезовтің еңбегі оның Абай тақырыбына арналған көркем шығармашылық мұрасымен пара-пар еді.

Бұл бағыттағы М.Әуезовтің ең бірінші еңбегі – ақынның танымдық, мағлұматқа бай ғылыми және шығармашылық өмірбаянын жасап бергендігі. Сонау 1933 жылғы Абай жинағында жариялаған «Абайдың туысы мен өмірі» атты көлемді мақала мен сол томда ақын өлеңдеріне қосымша ретінде берілген түсінік кейін көлемді монографиялық зерттеуге ұласты. Абайдың жалпы шығармашылық мұрасына арналған ғылыми еңбектердің ішіндегі ірісі – М.Әуезовтің осы монографиясы. Он тараудан тұратын бұл жұмыстың бастапқы үш тарауында абайтанудың ең алғашқы қадамдарынан бастап, елуінші жылдарға дейінгі бұл игілікті іске қосылған ірілі-ұсақты зерттеулер, сын мақалалар. Жазушы кейінгі тарауларда Абайдың жастық шағындағы шығармалары бір жүйе, ал қаламгер ретінде қалыптасқан кезеңдегі туындылары жанр-жанр бойынша қарастырылады. Сол тараулардың ішіндегі маңыздысы – «Абай лирикасы» деп аталатын бесінші тарау [2]. Бұл тарауда М.Әуезов ақынның шығармашылық ғұмырының соңғы жиырма жылдан астам кезеңдегі өлеңдерін хронологиялық тәртіппен алып, оларға жан-жақты талдау жасайды. Тарауда өлеңнің шын мәніндегі лирикалық шағын түрлерін алғаш рет енгізген Абайдың жаңашылдық үрдістері сипатталады. Жазушы ақынның әр шығармада әр қырынан көрінген шыншыл реалистігін, суреткерлігін, қоғам өмірі мен адам мінезін бейнелеудегі сыншылдық бағдарын әрдайым ерекше мән бере атап көрсетеді.

Жазушы әуелі екі кітаптан тұратын «Абай», одан кейін мұның жалғасы ретінде тағы 2 кітаптан тұратын «Абай», одан кейін мұнын ретінде тағы 2 кітаптан тұратын «Абай жолы» романын жазды. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО Мемлекеттік сыйлығы беріліп, 4 томдық, «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды. «Абай жолы» эпопеясы уақыт сынынан мүдірмей өтіп, адамзаттың ақыл ойы, көркемдік даналығы туғызған ең үздік, ең таңдаулы шығармалардың қатарынан орын алды. Эпопеядағы Абайдың тұлғасы, қай жағынан алсақ та, халықтың тағдырымен тамырлас, ажырамас бірлікте көрінетін, әлем әдебиетіндегі аса ірі көркем бейне.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шапиян М. Абай жолын қалай жазды? Алматы, 1998.
2. Мұхтар Әуезов. Энциклопедия – Алматы. Атамұра, 2011.

ӘОЖ 821.512

АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ, ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аружан Дүйсен
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Кадастр мамандығы 1- курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бағдатұлы Міржақып

Аңдатпа. Мақалада Ұлы ақын Абайдың шығармашылығының қазіргі студент-жастармен яғни ұрпақ сабақтастығы жөнінде баяндалған. Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт. Абайды тану – қазақтың өзін-өзі

тануының, басы да, соңы да! Абайды тану – Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару. Міне мақаланың осы тұста маңыздылығы көрінеді.

Түйінді сөздер: Абай, ұрпақ, қарасөз, ұрпақ сабақтас тығы, Құнанбай, дана сөз.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, мұны да ойла.
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алстым, кінә қойма, –

десек сірә, қателесетін шығармыз. Өйткені оның өлеңдерін әр оқыған сайын, жаңа әсер мен ойлар қаптайды даеріксіз тебіренесің, толқисың. Ақын жүрегін тербеген сезімдер, араға ғасырлар салып саған оралғандай күй кешесің.

Абай – қазақтың ұлы ақыны, философы. Абайдың философиялық ой-пікірі XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Абай әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын және ислам философтарының көзқарастарын жетік білді, сонымен бірге ежелгі гректің атақты классигі Аристотельдің философиялық шығармаларымен және Сократтың еңбектерімен толық танысты, В.Г. Белинскийдің еңбектерін көп оқыды.

Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты.

Абай өзінің бір алуан шығармаларын қара сөзбен жазған. Оның қара сөздері көркем шығарма түрінде емес, ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық, философлық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған. Оның сөлем құрылымы, сөз саптау өзгешеліктерін де осы мақсатпен туады. Көлемі шағын, мазмұны, мағынасы ауқымды, терең болып келеді. Кейбіреулері сұрау-жауап түрінде, өзімен-өзі сырласу, оқырманмен кеңесу түрінде беріледі [1].

Абай әлемі, оның өлеңдері мен қара сөздері бір халық қана, яғни қазақтың рухани жан дүниесінің сәулесі болған жоқ. Ол әлемдік деңгейде талданып, үлкен сұранысқа ие болған шығармалар жиынтығы. Себебі Абай әлемі кешегі парсы, араб, кейінгі орыс мәдениетімен ұштасып жатыр. Оған дананың өзі алған білімдері мен айтқан сөздері куә.

Аталған жұмыстың тақырыбын Абайдың қара сөздеріне қарата отырып алуымызға бірден-бір себеп, оның қара сөздері қайта-қайта оқуды талап етеді. Себебі философиялық мәнге ие, жанрлық жағынан күрделі, стилдік ерекшелігі қалыптасқан. М.Әуезовтың «Абай жолын» қанша рет оқысаңыз, сонша рет түрлі ойға қаласыз. Себебі шығарманың ерекшелігі сондай деңгейде жазылған [1].

Ал аталған шығарманың бас кейіпкері атанып отырған дана Абайдың өз сөздері, қара сөздері мың ойланып, толғануға жеткізбейді деп айта аласыз ба?!

Абай адамдарды осы дүниеде игілікті еңбек етіп, өнер-ғылым тауып, өз тіршілігін оңалтып, рақат көруге насихаттайды. Халықты өнер-ғылым жолы-на жұмылдырады: “Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба”, “Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғылымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз” дейді. Дүние бір алып құрылыс, оған әрбір адам өз үлесін қосу керек деп тұжырамдайды: “Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң арқалан, Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!” дейді. Абай ақыл- парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы мен алға басарлық мәні, міне, осыда. Ендеше, Абайдың қара сөзіне жүгінелік.

Төртінші сөз: Өмірдің мәні Абай үшін бос өткен уақыт та, арзан күлкімен өтер жылдар да емес. Ойсыз, арсыз, мәнсіз күлкі мас адамның кейпін көз алдыңа әкеледі.

Ғафилдік, яғни ойсыз өмір сүретін адамдардың бұл дүниеде де, ақыретте де жаны жай таппақ емес. Ұқыптылық, әр нәрсені пайымдап, үйлестіріп, мың ойланып, мың толғанып шешетін адамның тірлігі оңды, өмірі мәнді. Демек ол адамның өмірі бақытты, соңы кеніштi. Уайым-қайғысыз өмір бола ма? Әрине, жоқ. «Жатқанға жан жуымас» деген осындай өмір тәжірбиесінен алынса керек. Сондықтан да Абай еңбек етуді, қарекет жасауды жөн деп біледі. Біреуді табалап күлме. Оның қамсыз қаракетіне күйін, ызаланып күл. Жақсылықты танып күл [2].

Одан рахат аласың, ғибрат аласың. Ғибратты адам салиқалы адам. Ол өз кемшілігін өзі түзей алады. бұл бос масаттауды тоқтатады, өтірік, бояма күлкіден сақтан. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі». Абай қысқа ғана ғұмырды босқа, «жарамсыз қылықпен» құр өткізуге қарсы. Міне, осындай тығырықтан шығаратын жол бар ма? Абай ақын бар дейді. Ол үшін… «әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп» еңбек ету қажет.

Сонда қара жер ииді, еңбегіңнің зейнетін көресің. Көз сүзіп, тіленіп өмір сүру ит өмірмен пара-пар. Міне, Абай жай ғана ой айтпайды. Ол өз заманының, болашақ дәуірінің жастарына тығырықтан шығатын жолды нұсқайды. Еңбек ету, өмірден өз орнынды табу – адамдық жол. Сонда берекелі өмір сүресің. Осы принцип кез келген қоғамның алдында тұрған міндеттерді айқындайды. Бүгінгі заманға жүгінелік. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев: «…Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілумен келеді [1].

Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. …Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Абай …ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. …Халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді. …Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырушы… …Өміршілдік – Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді. …Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. …Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар…» Демек, Абай ілімі бүгін де қажет, ертең де қажет бола береді. Ілімі тозбайды, ілім оздырады.

Оныншы сөз: Кез келген адам өзінен соң із қалғанын, ұрпақ қалғанын аңсайды. Сол үшін Құдайдан бала тілейді. Өмірдегі баланың орны, оның тәлім-тәрбиесі Абайды қатты толғандырады. Сонымен, қазаққа бала не үшін керек? Абайша айтқанда, «өлсем орнымды бассын дейді, артымнан Құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді» [2].

Міне, осындай мақсат-мүдде қойған адамның не ойы бар, не ойланары бар? Абай баладан қашпайды. Бірақ өмірге әкелген соң әр ата-ана оның болашағына жауапты. Өзің ит өмір сүрсең, бала да сондай ит өмір сүруі керек пе? Баланы тек өз мүддең үшін ғана пайдалану – арсыздық.

Өмірде жақсылық қылсаң сол адам да құранын оқиды. Өзің кәсіпке үйретпесең балаң қалай кәсіп істейді? Абай айтады: – Ахирет үшін бала тілеме; – Қартайғанда асырасын деп ойлама; – Малың болса, кім асырамайды. Осы Абай айтқан сөздердің артық-кемі бар ма? Жоқ. Өйткені баланы өзің жақсы асырай білуің керек, оған білім беруің қажет. Жол көрсететіндей өзіңнің таза жолың болуы керек. Егер баланы масаттандырып, тентектікке үйретіп, ең арзан молдаға беріп, хат танытуды ғана мақсат етсең, «қу, сұм бол» деп үйретсең, ондай бала кім болып шығады? Ол елінің тұтқасы бола ала ма? «Құдай Тағала саған мал табарлық қуат берді, ғылым берді» [сонда, 17-б]. Осы байлық, білімді қалай, қайда жұмсау керек? Арыңды сатып, абыройыңды сатып, тіленшілік жасау жақсылық жолы емес.

Оны, яғни жиған-терген, тапқан малыңды «ғылым табуға жұмсау керек» деп ой түйеді Абай. Дүниенің кілті де, байлықтың жолы да – ғылымда. «Ғылымсыз ахирет те

жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» [сонда, 17-б]. Малды иттікпен тапқанымен оны адамшылықпен жұмсау керек. Сондай қазақ Абай көзіне түспеген. Сондықтан да бос өмірден сақтандырады. Дүние де, мал да, бала да ғылым үшін, білім үшін жұмсалуы керек. Осыларды қара сөзбен айтып қана қоймай өлеңдеріне де арқау етті. «Ғылым таппай мақтанба», «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан». Міне, Абай философиясы осы. Ол өз ұлтын, өз халқын ерекше сүйгендіктен жаны күйзеле жазады. Бұл өз халқын мұқату үшін емес, өз ұлтын түзету үшін жазылған ой-толғақтар.

Ұрпақтар сабақтастығы, әсіресе, әке мен баланың арақатынасы мәңгілік мәселе, әсте. Мұхтар Омарханұлы Әуезов «Абай жолында» қос дара тұлға – Құнанбай мен Абайдың қарым-қатынасын шырқау биікке, шын мәнінде әлемдік деңгейге көтерді. Төменде аталмыш мәселеге ден қойып, кейбір аспектілерге оқырман назар аударып көрмекпін.

Құнанбай Өскенбайұлы (1804-1885) күллі саналы ғұмырын ел жұмысына сарп етті. Заманы патшалық Ресей қазақ даласын отарлау үшін қабылдаған Ескі (1822 ж.) және Жаңа Ережелер (1868 ж.) аралығына тап келді. Қазақ мінезі, болмысы қалай өзгерді десек те, қазақ елі қандай бағытқа бұрылды десек те, hәмишә өзгерістер мен бұрылыстардың осынау екі Ереже аралығы – Құнанбай заманы сағасына құяры сөзсіз. Демек, кейіпкеріміздің бейнесін толық ашуға сол заманның қыры-сырын, қат-қабат қалтарысын түгендеу керек. Бірақ бұл мақала міндеті басқа. Құнанбайдың «тобықтыны ел қылған» қайраткерлігі, Абай, Шәкәрім тәрбиесіне тигізген ықпалы және мұсылмандық бейнесі деген қырларын демдеп көрсек те жеткілікті.

Құнанбайды Тобықты елі ә баста «мырза» деген, Мекке сапарынан соң «қажы» атаған. Қажының халық қамқоршысы болған қайраткерлік қыры аз айтылып-жазылып жүрген жоқ. Зерттеуші ғалымдардың еңбегі көбіне ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов жинақтаған естеліктерге, поляк саяхатшысы Янушкевичтің күнделігіне және өз ұрпағы Абай, Шәкәрім, Ахат айтқан сөздерге негізделеді.

Мұхтар Әуезов 1933 жылғы Абайдың толық жинағында: «Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын» деп мәлімдеген еді. Десе дегендей, Құнанбай туралы қанша айтсақ та артықтық етпейді. Ол Тобықты руларын орналастыру, дау-жанжалды реттеу, ауыл басы молда ұстау, мұсылмандықты өтеу (намаз оқу, зекет беру), балаларды оқыту т.б. әлеуметтік істерде көп еңбек сіңірді. Өзінің айналасына жақсы жерден қыз алу, араағайын татулығын сақтау, сол үшін бірінің баласын екіншісі бауырына салу салтын екті. Қысқасы, Ырғызбайлардың жалы күдірейген көшелі елге айналуы – Құнекеңнің арқасы [3].

Енді Құнекеңнің тәлім-тәрбиелік ықпалы дегенге ойысар болсақ, оның көпқырлы мәселе екені шүбәсіз. Сөз басында айтылғандай 1868 жылға шекті уақытты Құнанбай заманы десек, осыдан берідегі дәуірді Абай заманы деп анықтау заңды. Өйткені, Абайдың тұстастары «Жаңа низам» аталған жаңа Ереже жағдайында өмір кешті. Сөйтіп, «Абай жолы» роман-эпопеясының әкелі-балалы екі басты кейіпкері екі түрлі дәуірдің өкілдері болып табылады. Былайша айтқанда, бірі – ескінің арты, бірі – жаңа жолдың басшысы еді.

Келіп тұрған соң жаза кетейін, Тобықтының атқамінерлер қосынын екіге бөле қарастырсақ жөн. Біріншісі – Құнанбай құраптас Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп, Бәзіл, Құлыншақ сияқты ақсақалдар. Бұлар – елдіктің киесі, ескіліктің жол-жоралғысына (сыбаға, жол, сауға т.с.с.) қанық әрі хандық (бектік) дәуір заңына жетік басшылар. Игі жақсылар, Абай тәлім алған ұстаздар да осылар. Екіншісі – Абайдың замандас, тұстастары Майбасар, Тәкежан, Оразбай, Жиренше, Күнту, Әбділда, Асылбек, Байғұлақ, Қыздар, Абыралы, Арап, Дүтбай, Көжекбай сияқты атқамінерлердің жаңаша тобы. Бұл топты ел іші «іргелілер» немесе «игі жақсылар» демеген. Өйткені, бұлар – отаршылық жүйенің өнімі, сол себепті «нәрсіз, шірік орта болды» (Әуезов).

Ел жадында сақталғаны – Құнанбайдың жас жігіт Абайға үлкен сенім арта отырып, «ата салтынан адаспа, балам» дегені. Сол сияқты Абайға таққан мына үш түрлі міні мынау: «Ең әуелі – сен жұрттың бәрімен күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды. Екінші, кім көрінгенге жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің қасына ел үйірілмейді. Елді алатын қылық ол емес. Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың», – депті. Оған Абайдың жауабы: «Қолында құралы бар бірен-саранға тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы, жақыбайдың күллісі бірдей мейірін қандыратын жайдақ су артық деп білемін... Орысшылсың дегенге: «Заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білу керек. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі аламын» депті (М.Әуезов. Абайдың туысы мен өмірі).

«Кезінде Құнанбайдың Абайға таққан үш міні, – деп жазады әдебиетші ғалым Серік Қирабаев, – тарихи шындықтан алынған. Соған қарап, Құнанбайды тек ұнамсыз жағынан ғана көру көбірек байқалып жүр. Шындығында, Құнанбай өз заманының ең ақылды, көреген, қайырымды, батыр адамдардың бірі болған».

Құнанбай 1868 жылғы реформадан соң билікті балаларына тапсырып, өз елінің ақылгөй қариясы болғанды жөн көреді. Қажының жолыққан сайын «мен халық аманатымен өмір кештім, сен де солай ет, қарағым» деген ақыл-кеңесі өз өмірінің бет бағытына елеулі түрде ықпал еткенін немересі Шәкерім Құдайбердіұлы ырза сезіммен жазады [3]. Құнекеңнің дін жолындағы істері мен діндарлығы көпке аян. «Тегінде Құнанбай аса діндар кісі болған. Бірақ сол діндарлық көп уақытта ұсақ фанатизмге де жетіп отырған» (Әуезов). 1876 жылы қажылыққа, Мекке сапарына аттанған. Онда басқа да қажылармен бірігіп, қазаққа деп қонақ үй – тәкиә салдыртады. Меккеден келген соң «дүние сөзін сөйлемеймін» деп, ешбір жанмен тіл қатпай қойып, оңаша үйде шымылдықтың ішінде жалғыз отырып, құдайға құлшылық қылған. Бұл жайлы сырт ел «тілі байланған» деп те аңыз қылған екен. Бірақ соңғы жылдарында маңайында болғандар ол сөзді бекерге шығарады.

Сонымен, жазба мағлұматтардан Құнанбай бейнесі бірде - патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлығы аға сұлтан, енді бірде - жолынан жүк қалдырмас қоңыраулы қара нардай күллі Тобықтының көшін бастаған көсем мырза, сонымен қатар, Абай, Шәкерім сынды ұлы тұлғалардың тәрбиеші абызы ретінде алдымыздан шығып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай ілімі: Даналық пен даралық //https://jasqazaq.kz/
2. Абай шағармашылығы туралы //https://massaget.kz
3. Құнанбай мен Абай //https://abai.kz

ӘОЖ 82.091

АБАЙ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Лаззат Көшкінбаева
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, МНКЯЛ-19-1 тобы магистранты,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Ә.Т. Жеткізгенова

Аңдатпа. Мақалада Қ.Жұжалиев пен М.Әуезов еңбектері негізінде Абай аудармаларының ерекшеліктері сараланған. Крылов, Лермонтов, Пушкин шығармаларына аударма жасап, қазақ халқына, қалың оқырманына таныстыруды мақсат еткен Абай Құнанбаевтың аудармашылық шеберлігіне жан-жақты талдау жасалған.

Түйінді сөздер: аударма, орыс әдебиеті, шеберлік, қолданыс, жаңалық.

Абай Құнанбаев шығармасына аудармалық еңбектерінің ала келген аса әсері өте жоғары. Ал Абайдан соңғы қазақ әдебиетін алсақ, ұлы ақын жасаған аударманың мәдениеттік, тәрбиелік, көркемдік әсері ұшан-теңіз. Өзге-өзгесінен бұрын, Абай аудармалық еңбегімен және де өз тұсындағы тыңдарманын көп тәрбиеледі.

Абай "Евгений Онегинді» бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударады. "Онегиннің сипаты", "Татьянаның хаты", «Онегиннің ойы" («Таңғажайып»), "Онегиннің сөзі" ("Хатыңнан жақсы ұғындым") "Онегиннің хаты" («Құп білемін, сізге жақпас») «Татьянаның сөзі" ("Тәңірі қосқан"), "Ленскиидің сөзі" ("Барасың қайда-қайда").

Осындай жеті бөлек жекеше тақырыптармен түгел "Евгении Онегин" романының ұзын бойына созылып, екі жас арасындағы махаббаттың хал-құбылыстары беріледі. Әрине, бұнда Пушкин романының ерекше көп жайлары аударылмай, сырт қалады. Абай ол романның ішінен тек Онегин, Татьяна арасында кезек ауысқан күшті махаббат күйлерін ғана сөз қылады көбінше, Абайдың аударуында хаттарменен баян етілген роман (эпистолярный роман) қалыптанған тәрізді [1].

Аудармасының соңында Абай өз жанынан Онегинге ақырғы сөз береді. Пушкинде жоқ. Еркін өзгерістің, Абайдың өзінше дәлелдеген, ерекше бір түрі.

Қазақ оқушысына көптен мәлім мәселе, Абайдың бұл аудармасында Пушкиннің текстіне үнемі ұқсас келіп отырмайтын еркіндік бар. Жеке алғанда, Онегиннің сипатында, Ленскиидің сөзінде және Татьянаның "Амал жоқ, қайттім білдірмей" деп басталатын хатында, онан соң Онегин айтқан хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін" дейтін бөлімдерде Пушкинге көп жерлерінде Абай жақын келіп отырады. Кейбір жолдар мен Пушкин қолданған теңеулерді де Абай шебер етіп аударып береді. Бірақ сонда да бұл бөлімдердің өзінде Абайдың өзінен қосылған жолдар, шумақтар, ой сезімдер жиі ұшырайды. Ал Онегиннің алғашқы хатты алғанда ойланатын жері Абайда "Таңғажайып" деп басталатын үлкен өлеңмен баян етіледі. Онан соң "Онегиннің кейін жазатын хаты" ("Құп білемін, сізге жақпас") және "Татьянаның сөзі" ("Тәңірі қосқан жар едің сен") бәрі де Пушкин текстісінен алыстап кетіп, мейлінше еркін суреттелген болады. Бұл тұстарында Абай Пушкиндей аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді.

Ең аяғында, жоғарыда айтылғандай, Онегиннің өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп, оған өлім тілетеді. Бұл Абайдың мүлде өз жанынан қосқан халдер мен өзгерістері дедік. Осылайша Пушкиннің үлкен шығармасына қазақ ақыны Абай бірталай еркіндік жасайды. Бұндай шығармалық еңбек етудің екі түрлі айқын себебі бар деп білеміз. Оның біріншісі көне ең үлкен себебі — Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, өмір түйін тағдырынан өзінің жас оқушысына үлгі боларлық тәлім-тәрбие бермекші болады. Екінші себебі, біздің ойымызша, 1889 жылы жалғыз "Бородиноны" аудармасын еске алмағанда, қолға алғаны осы Пушкин романы. Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгерек болған тәрізді. «Ескендір» поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, өзгертіп жырлағаны сияқты. Абай бұрын өзі білген, ақын Шығыс классик поэзиясында қолданып жүрген нәзира" жолын қолдана түскен тәрізді. Аударатын оригиналдың өзінде бар шындық пен сырлардың, халдер мен қасиеттердің көбін арқау етіп ала отыра және де тың арман, мақсаттар қосады. Осылайша аудару өз заманындағы оқушылар үшін ұстаздық, үгіт жағынан қажеттірек деп ұсынады [1].

Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқанда, өз қолынан келген ақындық, шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға шейін Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің "Құп білемін, сізге жақпас" деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерге Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы — шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады. Шалыс ұйқасты Пушкин қолданатын көп ұйқастардың ішіне ең жиі кездесетін үлгісі ретінде жаңа түр етіп алады. Кейін аударып болысымен, Татьяна мен Онегиннің сырлы

сөздеріне арнап, өзінше әсем саздар тудырады. Ішкі сезім толқындарын барынша нәзік, өткір, орамды шеберлікпен келтіруде, Абайдың ақындығы осы еңбек арқылы өзі де биік белге шыққандай болады [1].

Шеберлікке жету үшін Абай неше алуан теңеуді, сирек шешендікті және бұның оқушысы білген неше алуан керекке жararлық түсініктерді, реальностерді түгел қолданады. Кейде қазақтың халықтық, тірлік теңеулерінен де мысал келтіреді. Бұның кейбірі көңілдегідей жарастықпен шықса, кейбірі Татьяна шындығына дәл қабыспай жатса да, ақын оған қысылмайды. Өз халқына, оқушысына өз тұсында ұғымдырақ ету үшін Татьяна мен Онегинді сол өз жұртының тіл-түсініктеріне, кейбір ұғым-нанымдарына жақындатып, жанастыра түседі.

...Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс, —

деген аудармада Абай Пушкиннің өзіне жақын барып, шеберлік тапса, Онегиннің хатында басқа сырды көрсетеді.

...Михрабымсың, бас ұрамын,
Тіл жете алмай ғүзіріме,
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне, —

дейді. Бұнда алған теңеу "михраб" болуы ғажап емес. Татьяна орыс қызы болу себепті христиан дінінде. Ал "михраб" тек мұсылманның ғана мешітінде болады. Онда имамның ғана сәжда қылатын орны. Абай Онегинге осыны айтқызуда, өзі білген асылдың, өз оқушысы түсінген қадір-қасиеттің, асыл-құрметтің қайсысын болса да екі жастың сезімдерін жеткізуден аямағанын көрсетеді. Әрине, мұнда діндік ұғым-сөздікті алмай, осындай күшті жайды білдіретін халықтық ұғым-сөздікті алу әлдеқайда орынды болар еді.

Кейін Татьянаның сөзінде және де мұсылмандық ұғымнан "талақ етіп бұл ғаламды" дейтін бір түсінікті келтіреді. Немесе бурынырақ кезде бір айтатынымыздай, орыстың дворян қызына қаспақ қырғызады.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем, —

дегізеді.

Міне, осындай Пушкинде жоқ және онда болуға мүмкін емес кейбір жайларды да, сирек түрде болса да, теңеу ретінде Абайдың қолданып кететіні бар.

Бұлардың тұсында да, жоғарыда айтылғандай, өз оқушысына ұғымдырақ болғысы келгенінің ізденулері байқалады. Бірақ жалпы алғанда жаңағыдай ерекше, оқшау теңеулер, ұғым түсініктер көп емес. Абай Пушкиннің өзінде бар оригиналдан молайтып, өсіріп, өзгертіп, шығарма тудырып отырса да, көптен-көп жерде орыстың ұлы классигінің өз поэзиясының табиғатына сай міндетті тілмен теңеуді үнемі жақсы тауып отырады. Пушкинге Абайдың алғашқы аудармаға ауысқанда барған барысы сондайлық болса, енді Лермонтовтың шығармаларын аударуда Абай мүлде басқа сапаны көрсетеді. Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны – жиырма жеті өлең, үзінділер. Лермонтовтың жеке өлеңдерін аударумен қатар, Абай орыс ақынының бірнеше поэмаларынан үзінділер де аударады. Бұлары: "Демонның" басынан жасалған "Мұңлы шайтан" деп басталатын өлең, "Боярин Оршадан" "Босқа әуре боп дейтін" Арсенийдің монологы. "Измаил бейдің" кіріспе толғауын да аударады. Лермонтовтың қара сөзбен жазып бітірмеген "Вадим" атты повесінің бас жағын "Батар күнге шымылдық" деп бастайтын бірталай өлеңмен аударады.

Бұл еңбектерінен жекеше бөлініп тұратын лирикалар ретіндегі аудармалары: "Теректің сыйы", "Қарасам қайғырар жұрт", "Тұтқындағы батыр", "Жолға шықтым", "Жалғыз жалау", "Жартас", "Дұға", "Сал демеймін сөзіме ықыласынды" (Лермонтовтың

"Альбомға" деген өлеңі), "Менің сырым, жігіттер", "Бородино" сияқты үлкенді-кішілі көп өлеңдер болады. Және Лермонтов аударуынан Байронның "Еврейская мелодия" деген өлеңін "Көңілім менің қараңғы" деген аудармамен береді. Гетеден атақты "Қараңғы түнде тау қалғыпты" және де Лермонтов аудармасынан алып қазақшаға аударады. Абай Лермонтовтың кейбір қысқа өлеңдерімен аударма сияқты сөз бастап келіп, өз шығармасына еркін ауысып кететін бір топ мысалдар бар. Лермонтовтың "Не верь себе, мечтатель молодой" деп басталатын өлеңінің алғашқы шумағы Абайдың "Өзіңе сенбе, жас ойшыл" деп басталатын өлеңінің алдында келеді [1].

Лермонтовтың "Вечер" деген өлеңінің бірнеше жолдары Абайдың "Көлеңке басын ұзартып" дейтін өлеңіне құлақ күй есепті әсер етеді. Абайдағы "Ауру жүрек ақырын соғады жай" дейтін өлең орысша "Больное сердце бьется ровно" деген өлеңмен сарындас шығады. Орыс тіліндегі нұсқасы:

...Опять явилось вдохновенье
Душе безжизненной моей —
...Көңілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін, —

деген өлеңдердің де бір тектес екенін байқаймыз. Және де Абайдың "Әм жалықтым, әм жабықтым" деп басталатын өлеңі Лермонтовтың "И скучно, и грустно" дейтін өлеңімен тектес екені айқын көрінеді.

Абай Лермонтовша бастайды да, сол сарынды кейін өзінше, көңіл сырын, ой толғауын қосып, өзгертіп жырлап кетеді.

«Абай аудармаларының характеріне жалпы шолу жасасақ, жоғарғы ақындардың кез-келген өлеңдерін аудара бермей, таңдап, талғап аударғанын көреміз. Абайдың аударған өлеңдері не адамгершілік тақырыбына байланысты жаман мінез-құлықты шенеу не жақсылыққа үндеу, не патриоттық үлкен идеяны көксеген өлеңдер, не философиялық терең ой, не үздік көркем өлеңдер болып келеді. Крыловтың мысалдары, «Теректің сыйы», «Тұтқын, «Татьянаның Онегинге», «Онегиннің Татьянаға» жазған хаттары, тағы басқа осылар тәрізді атышулы өлеңдер. Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен» [2,85].

Міне, Абайдың қазақтағы әдебиет тілін байытуын тексергенде, оның осындай аударма, әсіресе қатты шабыттанып аударған еңбек тұсында сан жаңалықтар іздеп тапқанын ескеріп отыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы. «Санат», 1995.

2. Жұмалиев Қ. \ Абай аудармалары және оның тілі \ Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1998

ӘОЖ 821.519.(048)

АБАЙ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕР

Айғаным Дәлубай
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-19-1 тобының студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Ә.Т. Жеткізгенова

Аңдатпа. Мақалада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев туындыларындағы талғам биігі, үйлесім сараланған. Ақынның өзінің төл шығармаларындағы шеберлікпен қоса, аудармаларға да аялай қарап, аса сақтықпен, эстетикалық принциптерді қатаң сақтап отырғандығы дәлелденген.

Түйінді сөздер: эстетика, өлең, поэзия, аударма, сын, мазмұн, талғам, ақын.

Абай Құнанбаев өлеңге қойылатын көркемдіктің шарттарын белгілеген, көркем туындының эстетикалық тартымдылығын айрықша ескерген ақын. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлең –ақын бағдарламасы сияқты.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы [1].

Бұл – жақсы өлеңді даналықтың айғағы деп ұғу. Мұның ар жағында өлеңнің түрі мен мазмұнының бірлігін талап ету («Іші алтын, сырты күміс» болуы), оны «бөтен сөзбен былғамау» талаптары қойылады.

Көркем сөздің асылы – поэзия деп жоғары бағалай отырып, бір кез Абай қазақ ортасында оның қадірін кетіріп жүрген ақындарды сынауға ауысады.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты, жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап [1].

Бұл сын, негізінен, өлең сөзді әлеуметтік шындықты суреттеуге емес, күнкөріс қамына жұмсаушылар мен «көр-жерді өлең» қылушыларға арналады. Сол арқылы ақын қазақ арасында өлең сөздің «қадірсіз» көрінген себебін ашады. Сөйтіп, өз поэзиясында жаңа мақсат барын жариялайды.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап [1], –

дейді ол. Бұл шумақтың соңғы жолдары ақынның өлең сөздің мазмұнын өзгертумен байланысты, тыңдаушыларды да тәрбилеуқажеттігіне назар аударғанын байқатады. Оларды халық тағдырын жырлайтын жаңа үлгідегі поэзияны түсіне білуге, бағалауға шақырады.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап.
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап [1], –

деп, ескі ақындар жырын тыңдауға үйреніп қалған ұғымды сынап алатыны да бар. Қоғам мен адам өміріндегі поэзияның орны және қызметі жайындағы ойын Абай «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» (1888) атты өлеңінде тереңдете түседі.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнынан кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай, елең-селең [1].

Бұл ойын ақын бала туғандағы шілдехана, қыз ұзатқандағы тойбастар өлеңдері, әр адам өлгенде айтылатын жлқтаулармен дәлелдей келіп, өмірде өнермен байланыссыз еш нәрсе жоқ екенін көрсетеді. Абайдың бұл пікірі “алғашқы қоғамнан бері қарай өнер адам баласының күнкөріс қарекетімен қатар жүргізілген рухани құралы болды” деген ғылыми көзқарасқа дәл келеді.

Осы негізде ақын өз әріптестеріне жаңа талап қойып, олардың ел мұңына жақын болуын қалайды. Халық алдында өзінің де күлкі болмауын, сөздің де қадірін кетірмеуін тілейді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйенерлік адамды сүй, қызмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан, –

дейді. Өлеңнің ермек емес, өнер екенін ол ылғи баса айтады. Өз өнерін халық мүддесіне жұмсауды мақсат етеді. Оны мына шумақтанда байқаймыз.

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан – сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ.

Эстетикалық талғамның жоғарылығы Абай аудармаларынан да анық байқалады. Абай анық шебер аудармашының өзі болып еңбек етеді. Жиыны Лермонтовтан Абай жасаған аударманың ұзын саны – жиырма жеті өлең, үзінділер.

Көбінше Лермонтовтың жеке өлеңдерін аударумен қатар, Абай орыс ақынының бірнеше поэмаларынан үзінділер де аударады. Бұлары: "Демонның" басынан жасалған "Мұңлы шайтан" деп басталатын өлең, "Боярин Оршадан" "Босқа әуре боп дейтін" Арсенийдің монологы. "Измаил бейдің" кіріспе толғауын да аударады. Лермонтовтың қара сөзбен жазып бітірмеген "Вадим" атты повесінің бас жағын "Батар күнге шымылдық" деп бастайтын бірталай өлеңмен аударады [2].

Бұл еңбектерінен жекеше бөлініп тұратын лирикалар ретіндегі аудармалары: "Теректің сыйы", "Қарасам қайғырар жұрт", "Тұтқындағы батыр", "Жолға шықтым", "Жалғыз жалау", "Жартас", "Дұға", "Сал демеймін сөзіме ықыласынды" (Лермонтовтың "Альбомға" деген өлеңі), "Менің сырым, жігіттер", "Бородино" сияқты үлкенді-кішілі көп өлеңдер болады. Және Лермонтов аударуынан Байронның "Еврейская мелодия" деген өлеңін "Көңілім менің қараңғы" деген аудармамен береді. Гетеден атақты "Қараңғы түнде тау қалғыпты" және де Лермонтов аудармасынан алып қазақшаға аударады.

Абай Лермонтовтың кейбір қысқа өлеңдерімен аударма сияқты сөз бастап келіп, өз шығармасына еркін ауысып кететін бір топ мысалдар бар. Бұларды, қазақша баспада көбінше өлеңнің дені Абайдың өзінікі болғандықтан және бұрынғы баспаларда анықтап зер салып, сынап қарамағандықтан, Абайдың өз шығармасы деп атап кетіп жүргендер де бар. Сол ретте Лермонтовтың "Не верь себе, мечтатель молодой" деп басталатын өлеңінің алғашқы шумағы Абайдың "Өзіңе сенбе, жас ойшы" деп басталатын өлеңінің алдында келеді [2].

Лермонтовтың "Вечер" деген өлеңінің бірнеше жолдары Абайдың "Көлеңке басын ұзартып" дейтін өлеңіне құлақ куй есепті әсер етеді. Абайдағы "Ауру жүрек ақырын соғады жай" дейтін өлең орысша "Больное сердце бьется ровно" деген өлеңмен сарындас шығады. Орысша:

...Опять явилось вдохновенье
Душе безжизненной моей –
...Көңілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін, –

деген өлеңдердің де бір тектес екенін байқаймыз. Және де Абайдың "Әм жалықтым, әм жабықтым" деп басталатын өлеңі Лермонтовтың "И скучно, и грустно" дейтін өлеңімен тектес екені айқын көрінеді [1].

Абай біраз өлеңдерде оригиналды көбінше дәл өлшеумен, аса көркем, шешен тілмен аударып отырып, Абайдың өзінше сәл (кейде бірер сөзде) басқа мағына беріп аудара-тыны бар. Мысалға "Қанжар" деген өлеңін алайық. Бұл өлең Абай аудармасында қазақ оқушысына аса қанықты және өзгеше күйлілік, шеберлігімен соншалық қызықты болған өлең. Аудармалық шеберліктер Лермонтов жолдарының өзіндегі құрыш қуат, әсем сезім, күйлі толқынға көбінше сай келеді. Бірақ осы өлеңнің соңғы бір шумағын Абай түгелімен аудармайды. Екінші өзгешелік - Лермонтовта

"задумчивый грузин", "черкес свободный" деген жердегі "задумчивый", "свободный" деген сын есімдер Абайда "грузин ашулы ұста", "ер шеркес" деген еркін сөздермен аударылған. Сондай кейбір ұқсамайтындық ұшыраса да, бұл өлеңнің өзге теңеулері, сезімдері турасында Абай қолданған ақындық, көркем келісімдер оригиналдың қасиетіне үнемі барабар келеді. Мысалы, Лермонтовта:

...И черные глаза, остановись на мне,
Исполнены таинственной печали, –

делінсе, Абайда:

...Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған, –

деп аударылғанда, қазақтың өзіне де барынша ыстық жалын атып тұрған сырлы сезім жолдары туады.

Қорыта келгенде, Абай Құнанбаев өзінің төл шығармаларындағы шеберлікпен қоса, аудармаларға да аялай қарап, аса сақтықпен, эстетикалық принциптерді қатаң сақтап отырғандығына көз жеткіземіз. Ақын шығармашылығы ғажайып көркем келіскен үйлесімдерге бай.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.

2. Нұрқатов А. Абайдың ақыңдық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 2014.

ӘОЖ 82.091

АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХТЫҚ, МӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒАСЫНЫҢ АЙРЫҚША ЖОҒАРЫЛЫҒЫ

Ақниет Дауылбай
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КЯЛ-18-1 тобының студенті
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Ә.Т. Жеткізгенова

Аңдатпа. Мақалада Абай еңбектерінің тарихтық, мәдениеттік және ағартушылық бағасының айрықша жоғарылығы, оның аударма саласындағы Ыбырайдан алған үлгісі, Абайдың өз шығармаларына еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік, ұстаздық дәстүр әсері туралы сараланған

Түйінді сөздер: мәдениет, білім, ағартушылық, туынды, шеберлік, оқу, іздені, талаптану, ақын.

Абай Құнанбаев туындыларының шеберлігі, қойылатын талаптар үдесінің биік межеден көрінуі – оның әлем классиктері қатарынан орын алуға лайықты тұлға екендігіне дәлел. Өркениет дамуының даңғыл жолындағы адамзат баласының бойынан табылуға тиісті ғажап қасиеттердің көрінісі – білім, мәдениет, зиялылылық сынды ұғымдар Абай туындыларының басты тақырыбы болып табылады.

“Сегіз аяқ» - Абайдың қысқаша энциклопедиясы – барлық ойлары, бүкіл өмірі осыған сыйған. Қандай тамаша қуат, ұлылық, қазақ тілінің икемділігі, байлығы, қазақ жанының кеңдігі осында көрсетілген. Мұны халқымыздың бұрынғы адамгершілікке бай рухын сақтап қалғандар жақсы түсініп, қадірлей алады. Біздің замандастарымыздың көбі қаланың ұсақшыл өміріне үйреніп, майдаланып кетті, оларға мұны бойына сіңіру үшін үңіле оқу керек болады. Міне, сол «Сегіз аяқтың» бір шумағында Абай ғылымды іздегенін былай жырлайды:

Ғылымды іздеп, Тіліңді алмас,

Дүниені көздеп, Көп наданнан түңілдім.
Екі жаққа үңілдім. Екі кеме құйрығын
Құлағын салмас, Ұста жетсін бұйрығың [1].

Абай көп өлеңдерінде ғылымды білім, өнер іздеумен тығыз байланыста қарап, бұларға аянбай берілуге, барлық мүмкіндіктерді пайдалануға шақырып отырады:

Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе
Ең болмаса еңбекпен мал табалық
(«Бұл дәурен кемді күнге бозбалалық»).

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегіңде болсын көз. [1].

Ғылымның адам өміріндегі орнын іздегенде, оған жалпы баға бергенде Абай оны ең жоғарғы орынға – Тәңірмен қатар қояды: «Ғылым – алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» (38-сөз). Абай ғылымның шын мәнінде құдірет, қуат екенін білген.

Не қымбат дүниеде? Ең жоғарғы сатыда – тақта отыратын кім? Деген сұрақтарды Абай көп ойланып, ғылымды дүниенің басқа байлықтарымен салыстырып отырып, бәрінен де жоғары қояды: байлықтан да, қайраттан да, сенімнен де, жүректен де, діннен де, басқалардан да. Бұл туралы барлық жерде баса айтылып жатады: «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды» (10-сөз).

«Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті... Ғылым – сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім – депті... Үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен (17-сөз). мұны Абай тағы да қайталап отырады, ақыл, қайрат, жүрек үшеуі тағы да ғылымға жүгінеді – бұл диалектика, ғылымның мақсаты – мәселелердің шешімін табу:

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек («Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»).

Адамның ең биік мақсаты ғылым, білім екенін Абай мына жұмбақта да жырлап отыр:

Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің,
Сәулең болса бермен кел, талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен –
Соны білсең әрнені білгендерің
(Шешуі – білмекке құмарлық) [1].

Абай заманында қазаққа ғылым қанша керек болды? Қазақ қоғамы ғылымды қабылдай алатын ба еді? – деген сұраулар туып жатады. Бұған жауапты Абайдың өмірімен қатар Шоқанның істері беріп жатыр. Олар жеке-дара данышпан ғалым болды. Бұның өзі қазақ қоғамының сол кезде жетіскенінің айғағаы емес пе? Бірақ, өкініші – ел басқарушылар, қалың бұқара арасында ғылымның мәнін, болашақтағы орнын түсініп, оны бағалайтындар кемде кем болды. Осыған налыған Абай былай деп ой тербейді:

Ерте ояндым, ойландым, жете алмады,
Етек басты көп көрдім елден бірақ
(«Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», 1898ж.).

Абай бұл фәни дүниенің қызықтарын бір адамдай-ақ көріп білді. Ол дәулеттің де, би, болыс болып, биліктің де дәмін татты. Отбасын құрып, Ділдә, Әйгерім, кеіннен Еркежан сияқты өзіне адал, шын көңілдерімен берілген әйелдері де болды. Олардан туған Әбіш, Ақылбай, Мағауия сияқты өнегелі балаларының қызығын да көрді. Өзінің ақындық өнерімен жұртты аузына қаратып, атақ-даңққа да ие болды.

Бірақ бұл тән құмарлықтары енді көкірек көзі ашылған Абайды жалықтыра бастайды. Бұрынғы жасап жүрген тән құмарлықтарына арналған әрекеттеріне оның көңілі толмайды. Ол рухани тығырыққа жолыққандай болады. Ақынның бұл сипатын «Мен ішпеген у бар ма?», «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей», «Ішім өлген, сыртым сау(, «Қайтты көңілім бұл дүниенің ісіне» деп бұл фәни өмірге өз көңілін білдіретін «Құлақтан кіріп бойды алар», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?», «Бай сейілді» тәрізді өлеңдерінен көруге болады. Басқа өлеңінде ақын надан адамдардың ұнамсыз қылықтарын сипаттай келіп олардан түңілген халын былай деп көрсетеді:

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды...
Ғылымды ідеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағына салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім...
Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жайым жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – дәп шыным! [1].

Абайдың қазақ тарихында ағарту саласында айрықша із қалдырған шығармашыл тұлға Ыбырай Алтынсаринге деген құрметі ерекше болған.

Өзге ұлттар әдебиетінің, соның ішінде орыс әдебиетінен өлең сөз, қара сөздегі әр алуан үлгісін өзі жазған оқу кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин болатын.

Осы ұлы ағартушының біліммен рухтандыру, шәкірт көкірегіне ілім құю жолдарындағы ізденісі өз қаламынан туған туындылармен қоса, мол аударма еңбектермен толыққаны белгілі.

Абай Алтынсаринның еңбегін жақсы білген де, зор бағалаған. Оны Крыловтан өзі жасайтын аудармасында өз еңбегіне белгілі дәрежеде үлгі етіп алғанын байқауға болады. Алтынсаринның тек аудармалық еңбегі емес, оның орыс классик поэзиясынан үлгі-дәстүр алуда іздеп тапқан кейбір жолдарын Абай және де өзінің шығармашылық тәжірибесімен жақсы қостап, құптайды.

Осы жөнде, мысалы, Алтынсарин қазақ сахарасындағы көктем туралы "Сәуірде көтерілер рахмет туы" деген өлең жазып, қазақ поэзиясында ең бірінші рет реалистік пейзаж жасады. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының көктемдегі тірлігін, шаруа салтындағы көркем ерекшеліктерін аса жақсы бейнелеп берді.

Бұнда Алтынсарин Пушкин жазған, орыс тұрмысынан алынған жылдың төрт мезгілі турасындағы өлеңдерден көп үлгі алады. Еліктеу түрінде емес, классик ақынның стиліне ден қойып, соның дәстүрін меңгереді. Ыбырай осы көктем жайындағы жалғыз өлеңнің өзімен қазақтың пейзаж жайындағы болашақ реалистік поэзиясын бастап кетті деуге болады [2].

Абайдың кейін жазатын осы алуандас "Жазғытұры", "Жаз", "Күз", "Қыс" дейтін өлеңдерінің бәрінен біз жаңағы айтылған, Алтынсарин салған тың жолдың түгелімен қабыл алынып, онан да ары көркейіп, дами түскенін білеміз.

Сол сияқты Алтынсаринге Абай орыс классиктерін аудару жөнінен де анық ден қояды. Бұл айтқанның ең үлкен бір белгісін Крыловтың мысалын аударудағы екі ақынның еңбектерінен байқауға болады. Ыбырай мысалдарды аударуда шын шеберлік көрсетіп, қазақ тілінде Крылов шығармаларын жеткізіп берудің арнаулы үлгілерін жасаған. Абай сол үлгілерді көп сынамайды. Өлеңдік түрде Ыбырай салған стильдік тың өзгешеліктерді көп өзгертпей алады. Екі аударушының қолданған өлшеу түрлері, сөздік тақырыптары бір-біріне өзгеше сай келеді.

Абайдың жеке ақындардан жекеше жасаған аудармаларды айрықша талдаудан бұрын, біраз жалпы ойлар айта кету керек.

Бұл жөнде екі түрлі пікірді ерекше бөліп айтамыз. Оның біріншісі – Абайдың осы аудармаларға берген бағасы тұрғысында. Екіншісі – сол аудармалардың Абайдың өз шығармаларына еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік, ұстаздық дәстүр әсері туралы

Абай өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да, әр кезде барынша көркем, шебер өлеңнің үлгісін берген. Бұл жөнде біздің ақынның ізденуі, өзіндегі тіл байлығы мен ірі талантын ерекше ынтамен зер салып жұмсауы өзгеше көрінеді. Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық еңбекке келгенде, барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады [3].Тіпті, кейде Абайдың өзі тудырған тамаша нәзік те терең сырлы ащы сөздер, көрікті ойлар немесе аса өткір жанышпа, мысқыл ажуа, ащы сөздер осы аудармаларда үнемі көрініп отырады.

Абайдың шебер аудармалары Пушкин, Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен ойларын жеткізді. Крыловтың халықтық өткір мысқыл, ұста сатирасының түгел түсінікті болуына жол ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы: 2010.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995.
3. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ ЖӘЖІЛІС

Абай танымындағы табиғат, ғалам, адам концепциясы
А.Пангереев..... 4
Абайдың «Отыз сегізінші» қарасөзіндегі «Имани гүл» концепциясы
М.Бекбосынов..... 8
Абай шығармаларының текстологиясы: «Алла деген сөз жеңіл»
Ә.Әміренов..... 19
Абай мұрасы және жаһандық құбылыстар интеграциясы
Қ.Байтанасова..... 21
Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі
Н.Алдашев..... 26
Абай шығармаларындағы қазақ қауымының әлеуметтік бейнесі
Ж.Қобланов..... 29
Абайдың мұсылманшылдық пен зайырлы қоғам үндестігі туралы ойлары
М.Шохаев..... 32

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІС

Абай шығармашылығы – ұрпақ тәрбиесіндегі темірқазық
А.Түзелбай..... 39
Абай шығармашылығын оқытудың жаңашыл әдістемесі
М.Жаңабергенова..... 42
Қазіргі Маңғыстау әдебиетіндегі Абай өлеңдерінің сарыны
Р.Бәйекеева..... 45
Абай шығармашылығындағы сопылық бағыт
А.Өтегенова..... 49
Актуальность взглядов А.Кунанбаева в современную эпоху
С.Мендигазиева..... 52
Абай и его вклад в развитие педагогической мысли в Казахстане
А.Ибрагимова..... 54
Бүгінгі жастар тәрбиесіндегі Абай шығармаларының маңызы
Ж.Рзабекова..... 57
Абай шығармаларындағы «күлкі» концептісінің лингвокогнитивтік моделі
А.Ескалиева..... 60
«Қансонарда бүркітші шығады аңға» шығармасына фреймдік талдау
М.Сембаева..... 64
Абай қара сөздеріндегі мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі
М.Закарина. 66
Абайдың «Толық адам» концептісі – рухани кемелдену негізі
А.Дәуренова..... 68
Әл-Фараби және Абай шығармаларының сабақтастығы
Л.Абила..... 71
Абай шығармаларындағы толық адам бейнесі
А.Дүйсен..... 75
Абайдың философиялық көзқарасы
Б.Үсен..... 78
Абай шығармаларының қазіргі таңдағы маңызы
Ә.Құбаева..... 82
Абайдың қара сөздерінің мәні мен маңызы
Е.Бимұхан..... 85
Абай мұрасының тәрбиелік мәні
М.Онгайбаева..... 89
«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінің эстетикалық дүниетанымы
М.Мамай..... 91
Абай мұрасымен қоғамдық сананың жаңғыруы

Г.Бердібаева..... 94
Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт-бағдары
А.Айтқалиқызы..... 97
Бастауыш сынып оқушыларының құлықтық тәрбиесін қалыптастырудағы Абай шығармаларының тәрбиелік мәні
А.Шанбай..... 99
Ұлылар үндестігі
А.Бағытжанов..... 102
Сылдырап өңкей келісім
А.Бағытжанов..... 105
Абай және қазіргі қазақ қоғамы
Э.Файзоллақызы. 109
Abay Kunanbayev about problems of moral education
A.Dauenova..... 112
Абай шығармаларындағы тәрбие мәселесі
Э.Артықбаева..... 114
Абайдың табиғат лирикасындағы дәуір сипаты
Б.Әбілхасанова..... 117
Абай шығармашылығындағы шығыс әдебиеті өрнектері
Қ.Бөлекбаева..... 119
Абай өлеңдеріндегі лирикалық кейпкер
И.Тұралы..... 122
Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіндегі бейнелілік
А.Сарбас..... 126
Абай мұрасы қоғамдық сананың жаңғыруы аясында
Н.Сұлтанов..... 129
Абайдың «Ескендір» поэмасындағы шығыстық сарын мен реалистік сипат
Қ.Бөлекбаева..... 131
А.Құнанбаевтың шығармашылығындағы психологиялық көзқарастар
А.Қайнарбай..... 135
Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары
Н.Джумагалиева..... 140
Абай қара сөздерінің жанрлық ерекшелігі, лингвотанымдық мәні
Г.Арыстанбай..... 145
Абай шығармаларындағы араб-парсы сөздері
Ж.Урынбасарова..... 148
Абай қара сөздері және эссе жанры сабақтастығы
Н.Қайырхан..... 151
Абай шығармаларындағы афоризмдер сипаты
А.Абдуллаева..... 154
Абай мұрасы заманымыздың рухани байлығы
Ж.Қалмұқан..... 158
Абай және Әуезов
Ж.Таджимуратова..... 161
Абай даналығы, шығармашылығы, ұрпақ сабақтастығы
А.Дүйсен..... 163
Абай аудармаларының ерекшеліктері
Л.Көшкінбаева..... 167
Абай туындыларындағы эстетикалық принциптер
А.Дәлубай..... 170
Абай еңбектерінің тарихтық, мәдениеттік және ағартушылық бағасының айрықша жоғарылығы
А.Дауылбай..... 173

Пішімі 60х84 1/12

Көлемі 178 бет

Шартты баспа табағы 15

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а